ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

ЭКОНОМИКА және БІЛІМДЕГІ СЕРВИС СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ЭКОНОМИКА И СЕРВИС В ОБРАЗОВАНИИ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БІЛІМДЕГІ СЕРВИС СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор
Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа
Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент м.а.
Баданов А.И. – э.ғ.к., профессор
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцен
Жүнісов Қ. Ғ. – э.ғ.к., доцент
Қалғанбаев Н.А. – э.ғ.к., доцент
Дарменова Р.А.– п.ғ.к., доцент м.а.

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
Б.Д.Жұмақаева
Редактор
Аға оқытушы ҮмбеталиеваА.Д.

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ЭКОНОМИКА И СЕРВИС В ОБРАЗОВАНИИ

№ 3(5) 2010

МАЗМҰНЫ

Қожахметова К.Ж. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ..... 6

КӘСІПТІК БІЛІМ

Абдижаббарова С.Қ. ТІГІН МАШИНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ЖҰМЫС АТҚАРУ ҚИМЫЛЫ..... 13

Абдраманқызы К. КИІЗ БАСУ ӨНЕРІ, ОНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..... 19

Абдурахманова Г. А. СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ…..... 22

Алиев С.С. МҮСІН ӨНЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ.....

Асқарова Ж.А., Мұратқызы Г. ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ҰЗТАЗДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ..... 27

Асқарова Ж.А., Байзакова Г.Р. КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖОЛДАРЫ..... 31

Бағжанова А. ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК МӘНІ..... 34

Бәкірова Л.Ш. ХАЛЫҚ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 37

Бекбергенова А.С. БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 42

Дарменова Р.А., Қонарбаева С.Ж., СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕР МЕН СУРЕТ ӨНЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ..... 46

Иманқұлова Л.Б. КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 48

Қисалиева Л., Дарменова Р.А. ҚОЛӨНЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ..... 53
Қожайбеков Р. ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ..... 57
Маханова Г.М. ОСНОВЫ КОНСТРУИРОВАНИЯ ПРЯМОЙ ЮБКИ …….. 61
ОралбековаТ.Ш. СТРУКТУРА КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЯ ТЕХНОЛОГИИ ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ «МЕТОДА ПРОЕКТОВ»……..…….. 64
Орымхан Ж.О., Беркімбаева Ш.Б. СУРЕТ ӨНЕРІНДЕГІ ӨЗІНДІК БӘСЕКЕЛЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 70
Өтегенова Б.Н. ТАҚЫР КІЛЕМ ТОҚУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 73
Тазабеков Т. СУРЕТШІ - ҰСТАЗ МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ.... 77
Тастанбек Д.М. КОСТЮМ КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖОБАЛАУДА ADOBE PHOTOSHOP БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ 82
Тоққұлиева Ұ.Қ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 85
Төлегенова А.С. ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫ ТАНЫТАТЫН КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ..... 90
Тұрғымбаев М.Е. БӘСЕКЕЛЕСТІК АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ..... 93
Шагирова. К.А., Абдикалыкова А.Н. ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАН ОТЫРЫП ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУ..... 95

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

Абдиева Б.М. БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ ӘЛ-ФАРАБИ..... 99
Ахмадиева Э.М. БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖ-МЕНТТІҢ РОЛІ..... 102
Бихондиев Б.Б., Бихондиева А.Б. АҚША – НЕСИЕЛІК РЕТТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 105
Бегайдарова Р.Н. КАЧЕСТВО ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТА-МЕНЕДЖЕРА В КОНТЕКСТЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА..... 107
Жарықбаева Д.Р. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫ-РУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 111
Жолдыбаева А.Е.ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ КАК НЕОБХОДИМОСТЬ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ВУЗА …….. 113
Ибраев Н.С. ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ В КАЗАХСТАНЕ……... 118
Игисинова А.С. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ЕРКІНДІКТЕРІ..... 122
Кесимова А.Қ. СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ..... 125
Қожабекова А.Д. ОТБАСЫ ҮЛГІСІНДЕГІ БАЛАЛАР ҮЙІ..... 127
Қожамқұлов Т.Қ., Баданов А.И. САУАТТЫ САУДА ХАҚЫНДА..... 130
Кожахметов М., Ермеков А.Н ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА…….. 134
Мукалдиева Ж.Б. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘРТЕБЕСІ..... 140
Нұрланова В.С. ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ 144
Орынханова Ж.А. ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТЛЕРІ..... 147

Сакатова Н.Н. «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» - ҚАЗАҚ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗІ..... 150
Умбеталиева А.Д. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ.... 154
Ыбышова С.Т. ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ..... 157

ЭКОНОМИКА, ЕСЕП ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Авгамбаева Н.Н. ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАНКТІҢ РӨЛІ ……..... 162
Акимбаева Қ.Т., Койшыбаева М.О. ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ АУДИТІ..... 167
Байділдаева С.Б., Альмуханова З.А. ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДЕГІ ҚАРЖЫ САЯСАТЫ МЕН ҚАРЖЫ МЕХАНИЗІМІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ ……..... 171
Баймурзаева М.С., Ботаева А.Т. ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 176
Бакирова Б.А., Жақыбаева О.А. ИНФЛЯЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.. 180
Ботаева А.Т., Баймурзаева М.С. ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ТУРӨНІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 186
Жақсыбекова Д.К. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ ……..... 190
Жунусов К.Г., Жазыкбаева Б.М. ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ И ПОВЫШЕНИЯ ЕЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ В НОВОЙ ДЕСЯТИЛЕТНЕЙ ПЕРСПЕКТИВЕ..... 194
Заманбеков Ш.З., Акимбаева Қ.Т. МАШИНОСТРОИТЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ – КАК ГЛАВНЫЙ ИСТОЧНИК УКРЕПЛЕНИЯ МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ БАЗЫ АПК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... 198
Зиявдинова А.К., Ботаева А.Т., Баймурзаева М.С. КӨЛІК САЯХАТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ..... 203
Зиявдинова А.К., Ботаева А.Т., Баймурзаева М.С. КЛАССИФИКАЦИЯ ВИДОВ ТУРИЗМА..... 208
Каримова М.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФРАНЧАЙЗИНГТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 214
Қалғанбаев Н.А., Бакирова Б.А. КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА: ОЦЕНКА И ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ 219
Модынова Г.К. ЕҢБЕКАҚЫ ЕСЕБІНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ 224
Нәдіров М.Н., Отарбаева А.Б. АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ……..... 229
Сихимбаева Б. Н., Асылханқызы А. БАНКТЕРДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ..... 232
Сихимбаева Б. Н., Жақыбаева О.А. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДА ЕЛДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБЛЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 237
Шотанова Г.Б., Қойшыбаева М.О. ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ КОНСАЛТИНГА КАК ФОРМЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ 243

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ -ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Қожахметова К.Ж. –п.ғ.д. профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ-нің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры)

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмысын басқару және жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мақсатында 2001жылдың 17 қыркүйегінде (№119 бұйрық негізінде) ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы (ҒХББ) құрылған.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы 33 кафедра, Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институты (ӘГҒЗИ), Іргелі ғылыми-зерттеу орталығы және 3 дербес ғылыми-зерттеу («Қазақ ұлттық мектебінің даму мәселелері», «Зерттеудің инновациялық әдістері» және «Өзін-өзі тану») зертханалары арқылы жүргізіледі.

Университетте 2006-2008 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруымен білім саласын жетілдіруге маңызы зор – 17, (оның ішінде 5 іргелі, 9 қолданбалы және халықаралық ЮНИСЕФ, ЮНИФЕМ қорларының демеуімен 3 қолданбалы жоба) жүзеге асырылды.

Аталған ғылыми жобалар аясында орындалып, бүгінгі таңда ұлттық білім жүйесін дамытуға қосар үлесі зор біраз оқу құралдары, оқулықтар жарық көрді, олар:

- «Мәдени мұра бағдарламасы бойынша «Әлемнің әйгілі психологтары» сериясы бойынша 10 том:
- «Қазақ халқының тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томы;
- Жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған «Педагогика тарихы» оқулығы;
- «Гендерлік білім: теориясы мен практикасы» және «Гендерлік саясат» атты оқу құралдары;
- «Тәртібі қиын балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ұйымдастыру тұжырымдамасы».

2009-2011 жылдары аралығында 3 іргелі ғылыми зерттеу-жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Әлемдік педагогикалық ой-сана антологиясының» 8,9,10 томдарын біздің университеттің ғалымдары дайындауда.

Университеттің жаратылыстану факультетінің ғалымдары биотехнологияға байланысты зерттеулерді Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетімен, Қазақ Ұлттық академиясының биология ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ҰҒА Ә.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтымен, ҒӨО «Фитохимия» институтымен бірігіп, ғылыми жоспар бойынша жұмыс атқаруда. Университеттің физика және экология кафедраларының ғалымдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық және Ұлттық аграрлық университетімен бірігіп зерттеулер жүргізуде.

Университеттің «Жалпы педагогика» кафедрасы (кафедра меңгерушісі пед.ғ.д., профессор А.Құсайынов) ауқымды деңгейде Халықаралық салыстырмалы педагогика қауымдастығымен, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен байланыстар орнатып, іргелі және қолданбалы ғылыми жобалар аясында табысты жұмыс істеп келеді. Ал «Теориялық және практикалық психология» (каф.меңгерушісі –

Х.Т.Шерьязданова) кафедрасы үнемі ізденіс үстінде болуының арқасында бірнеше ірі ғылыми жобаларды абыроймен жүзеге асырды. Мысалы, Халықаралық денсаулық сақтау қорының филиалымен бірге «Арал аймағының экологиялық жағдайының балалардың психологиялық денсаулығына әсері», педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің эксперименттік бағдарламасы, ал бүгінгі таңда кафедраның профессорлары мен оқытушылары Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетпен бірігіп қолданбалы жоба аясында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде.

Ғалымдардың тынбай ізденулерінің арқасында университет 8 патентке ие болды. Сонымен қатар университетіміздің біраз ғалымдары (С. Қалиев, К.Қожахметова, А. Құсайынов, С. Жайлау, Р. Дәрменова, Қ. Ашекеева) *республикалық үздік ғылыми еңбек сайысына* қатысып, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский атындағы сыйлықтардың иегерлері атанды.

Университет кадрлар даярлау жүйесінің екі сатылық жүйесіне көшіп, 2002 жылы 8 мамандық бойынша, ал 2009 жылы 19 мамандықтан магистр даярланатын болды. Сонымен қатар, республикада шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі – «Хореография», «Кітапханатану және библиография», «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша ғылыми педагогикалық кадрлардың тапшылығына байланысты магистратура ашылмай келген. Мәселенің маңыздылығына байланысты, 2009 жылдан бастап, аталған 3 мамандық бойынша магистратураны эксперимент жүзінде ашуға мүмкіндік жасалды.

Университетте магистратура арқылы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға ерекше мән беріліп, магистранттарға дәріс оқу, ғылыми жетекшілік жасау негізінен ғылым докторларына жүктеледі. Магистранттардың курстық жұмыстары мен диссертацияларын даярлау үшін ірі ғылыми орталықтар мен зертханаларға, ғылыми-зерттеу институттары мен кітапханаларға, сол ғылым саласының жетекші ғалымынан кеңес алу үшін тәлімнамаға жіберу қарастырылған. Мысалы, тек 2008-2009 оқу жылында біздің магистранттар жақын шетел – Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Новосибирск қалаларының ғылыми ошақтарына және алыс шетел – Қытайдың Пекин Орталық ұлттар университетіне, Сингапурға барып табысты оралды. Өз мемлекетіміз аясында Астана, Қарағанды, Семей қалаларындағы жоғары оқу орындарына тәлімнамаға барып келді. Жалпы, 2008-2009 оқу жылында магистранттардың тәлімнамасына қаржы 3.602.485 теңге көлемінде жұмсалды. Сапасы жоғары маманға сұраныс көп болатыны белгілі. Сондықтан, біздің магистранттарымыз жоғары оқу орындарына, орта арнайы білім мекемелеріне, мектептерге арнайы шақырумен орналасуда.

Университетте аспирантура – 15, докторантура – 8 мамандық бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды дәстүрлі жүйе бойынша жүргізуде.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда университеттің жанынан құрылған диссертациялық кеңестердің маңызы өте зор. 2009 жылға дейін университетте 2 диссертациялық кеңес 8 мамандық бойынша жұмыс істеп келді. Біріккен диссертациялық кеңес ОД 145017 2005 жылдың 29 сәуірінде № 340 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің бұйрығымен қайта ашылған, ол кеңес 2005-2007 жылдар аралығында 10.02.01. – орыс тілі, 10.02.02. – қазақ тілі, 10.02.18. – тіл теориясы, 13.00.02. – оқу мен тәрбиенің теориясы мен әдістемесі (қазақ тілі бастауыш және жоғары білім беру жүйесінде) мамандықтары бойынша 7 ғылым докторы мен 45 ғылым кандидаттарын дайындады, оның басым көпшілігі – осы университет мамандары.

Диссертациялық кеңес Д 14.61.09. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 01.07.2008 жылғы бұйрығымен ашылған, бұған дейін бұл кеңестің тек кандидаттық диссертация қорғатуға мүмкіндігі болған. Бүгінгі таңда Д 14.61.09 диссертациялық кеңесте докторлық, кандидаттық ғылыми дәреже алу үшін 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика және 13.00.02 – оқыту мен тәрбиенің әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі музыка) мамандықтары бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлануда.

Университет ізденушілерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері 2006 жылдан бері «ҚызПУ хабаршысы» арқылы 6 сериямен (жаратылыстану, тарих, экономика және білімдегі сервис, педагогика, психология, филиология) жарық көреді.

Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институтының мақсаты қоғамдағы орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің индикаторлары ретінде гендерлік мәселелерді кешенді түрде зерттеу, гендерлік индикаторларды пайдалана отырып, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын құрастыру, республикамыздың білім беру жүйесіне үздіксіз гендерлік білім беруді енгізу, оқу бағдарламаларына гендер туралы ақпараттар енгізуіне ықпал ету және оны оқу үдерісінде белсенді түрде қолдану.

Институт қоғамдық мәні бар жобалар аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылған әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясымен; БҰҰ «Гендер және даму» бюросы және халықаралық ЮНИСЕФ, Сорос-Қазақстан, ЮСАИД, ЮСИС, Ф.Эберт қорларымен; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанынан құрылған гендерлік зерттеу орталығымен; Қазақстанның іскер әйелдер Қауымдастығымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста бірлесе қызмет атқарады.

Институттың ғылыми жұмыстары нәтижесінде мектепке арналған «Гендер» кешендік білім бағдарламасы даярланып, мектепке дейінгі білім беру жүйесіне - «Мен-қызбын, мен-ұлмын»; бастауыш мектепке - «Гендер әліппесі»; 5-8 сыныптарға - «Гендер грамматикасы»; 9-11 сыныптарға арналған «Гендерлік білім негіздері» оқу-әдістемелік кешені (орыс тілінде) республикалық «Оқулық» атты ғылыми-практикалық Орталықтың сараптамасынан өтіп, басылымға ұсынылды.

Гендерлік ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері университет көлемінде үнемі әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырып тұрады. Мысалы, 2005-2006 оқу жылында «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық портреті» деп аталатын зерттеу өткізілсе, 2008-2009 оқу жылы «Қазіргі студент қазақ қызы: гендерлік бағдары мен мінез-құлық моделі» атты зерттеу жүргізілді.

Университет студенттерінен алынған сауалнама жауаптарына сүйене отырып, университетіміздің ерекшелігіне сәйкес, 2 курс студенттеріне арналған «Қазақ аруы» арнайы курсы ендірілді.

«Қазақ аруы» арнайы курсы гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркениеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел-ана тәрбиелеуге бағытталған.

«Қазақ аруы» арнайы курсының негізгі мақсаты:

Қоғамдық ортада азаматтық ұстанымы бар, жеке өмірінде отбасылық этноәлеуметтік рөлдерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруының бейнесін сомдау

Басты міндеттері:

- Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық образын қалыптастыру;
- Отбасы тәрбиесінде өмірге негіз болатын этноәлеуметтік рөлдерді атқаруға даярлау;
- Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Халықаралық іскерлік әдеп нормалары мен ресми ишара ережелерін игеруге бағыт беру;
- Сұлулық пен денсаулық сақтаудың басты қағидаларын ұстануды және оны жан сұлулығына үйлестірудің құпияларын меңгертуге баулу;
- Үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;
- Ұлттық саз аспабы – домбырада ойнау арқылы өмірге қажетті тұрмыс-салт жырларын үйрету;

Осындай мақсат-міндеттерді сипаттайтын «Қазақ аруы» арнайы курсы кіріктірмелі компоненттер күйінде қарастырылып, кешенді оқу бағдарламасы төмендегіше тақырыптық модульдарды қамтиды:

1.Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар
2.Отбасы тәрбиесінің теориясы мен халықтық тәжірибелері
3.Риторика
4.Іскерлік әдеп және және қарым-қатынас мәдениеті
5.Сұлулық және денсаулық
6.Үй шаруашылығындағы тұрмыстық қызмет
7.Саз өнері

Университеттің Іргелі ғылыми зерттеулер орталығы (жетекшісі тех.ғ.д., профессор Р.Баймахан) Ұлттық ғылым академиясының ғылыми зерттеу институттарымен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен, Жапониядағы Хоккайдо Университетінің аналитикалық зертханасымен және Канаданың Альберто университетімен бірлесіп бірнеше жобаларға қатысып жұмыс істейді. Соның нәтижесінде, университетімізге шетелдік ғалымдар - Альберто университетінің профессоры Дейв Чан, Токио университетінің профессор Кагуэй Танако келіп, докторанттар, аспиранттар мен магистранттарға, профессор-оқытушылар қауымына ғылыми семинарлар өткізіп тұрады. Өз кезегінде біздің университеттің профессоры Р. Баймахан Канаданың Альберто және Жапонияның Хоккайдо университеттері шақыруымен дәріс оқып қайтты. Ресми шақырумен Франциядағы дүниежүзілік ISSMGE, TC28 аталатын ғылыми комитеттің Қазақстандық мүшесі ретінде тех.ғ.д., профессор Р.Б. Баймахан, 2008 жылы Шанхайда өткен мәжілісіне қатынасып, баяндама жасады.

Зерттеулердің нәтижелері шетелдерде өткен 8 халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда баяндалып, 45 ғылыми мақала жарияланды. Сонымен қатар, бірнеше студенттің ғылыми мақалалары Малайзия мен Шанхайда жарық көрді. Ғылыми Орталық конкурс арқылы жеңіп алған Канаданың халықаралық "FSIDA" білім гранты бойынша университетіміздің екі студенті Маханова Айгүл мен Алихан Амангүл Перу, Бразилия, Кения, Австралия, Вьетнам, Жапония студенттерімен бірге ағылшын тілінен емтихан тапсырып, жақсы нәтижелермен түсіп, халықаралық арнайы бағдарлама бойынша Альберто университетінде оқып қайтты. Альберто университетінің профессоры Дэйв Чан мен профессор Р.Баймахан студенттерге арнап математикалық моделдеу пәнінен бірігіп оқулық жазып, қазақ және орыс тілдерінде - Алматыдан, ағылшын тілінде - Канададан шығаруы жоспарланды.

Университеттің құрамындағы «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы 2006 жылы қаңтар айында құрылған. (Зертхана меңгерушісі-Д.Садыкова).

Университеттің ғылыми кеңесі бекіткен «Қазақ ұлттық мектебінің тарихы және даму болашағы» тақырыбы бойынша зертхана 2006 жылдан бастап Алматы, Астрахан, Орынбор, Москва, Ташкент, Қазан, т.б. қалаларындағы орталық және мемлекеттік архивтерімен және облыстық (Астана, Қостанай, Орал, Семей, Шымкент, Тараз, т.б.) мұрағаттарымен байланыс орнатты. Тақырыптарды зерттеу және оған қажетті материалдарды жинау үшін зертхана ҚМҚП университеті кітапханасымен, Қазақ мемлекеттік ұлттық кітапханасымен, Қазақ ұлттық техникалық ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ұлттық педагогикалық кітапханасымен, Абай атындағы қазақ педагогикалық ұлттық университеті кітапханасымен, ҚР Орталық мемлекеттік кітапханасымен, Ресей мемлекеттік тарихи мұрағат қорымен байланыс жасап, ғылыми көздерге зерттеулер жүргізді. Зертхана республикалық және аймақтық қазақ мектептерімен тығыз байланыстар орнатқан.

Зертханаға 6 мектеп тірек-эксперимент мектептері ретінде бекітілген (Мамания орта мектебі, Шарын қазақ орта мектебі, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, Ш.Уалиханов атындағы № 12 көпсалалы гимназия мектебі, Қарғалы №2 гимназия-мектебі, Тасқарасу орта мектебі). Бұл мектептерде педагогикалық менеджмент, білім және тәрбие мазмұны, инновациялық жаңа технология, ұл және қыздар тәрбиесін ұйымдастырудың этнопедагогикалық негіздері, оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырудың жаңа формалары тақырыптарында семинар-кеңестер өткізілді. Зертхананың зерттеу нысанын аралас мектептердің, шағын жинақталған, ауыл, қала қазақ мектептерінің мәселелері құрайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында 2006 жылдың 28-29 наурыз күндері *«XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты: қазақ мектебінің жай-күйін жете зерттеп-зерделей келе, оның даму болашағын айқындау, білім беру сапасын арттыру бағытында кең көлемде пікір алмасу, ой бөлісу. Осы мақсаттарды орындау жолын анықтап, нақты ұсыныстар қабылдау.

Конференцияның: «Қазақ мектебінің даму мәселелері: тарихы мен тәжірибесі», «Қазіргі қазақ мектебіндегі оқытудың инновациялық технологиялары», «Қазіргі қазақ мектебі тәрбие жүйесінің этнопедагогикалық негіздері», «Жаңа формациядағы ұстаз келбеті», «XXI ғасырдағы қазақ мектебінің моделі. Басқару мәселелері» атты 5 секциялары бойынша республиканың барлық орблыстарынан келген 207 баяндама талқыланды. Конференцияға қатысушылар университет ректоры Ш.К.Беркімбаеваның пленарлық мәжілісте жасаған «Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі» атты баяндамасын секциялық отырыстарда қызу талқылап, қазақ мектебіне қатысты өткір пікірлерін ортаға салып, тың ұсыныстар жасады.

Зерттеудің инновациялық әдістері зертханасы – (зертхана меңгерушісі С.С. Мірсеитова).

Зертхананың мақсаты: философиялық тұрғыда адам мүмкіндіктерін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, таным әрекетін қалыптастыру.

Зертхана 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс істейді. Зертхананың жұмысы сын тұрғысынан ойлау мен оқу мәселесіне арналған. Зерттеудің нәтижесі 2008 жылдың 28-29 наурызында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде өткен «Оқушының жеке басының дамуы: әлеуметтегі орны» атты конференцияда өз бағасын алды.

Зертхана жетекшісі Мірсеитова Сапаргүл – Халықаралық Оқу Ассоциациясының Евразиялық комитетінің төрайымы. Зертхана шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Мысалы, АҚШ, Айова университетінің профессоры Дәвид Ландис жыл сайын өз студенттерін ертіп келіп зерттеу жұмыстарын университеттің ғалымдары және студенттерімен бірігіп өткізуде. Бұндай жұмыстардың студент жастарға берері көп, әсіресе тіл үйренуде (американдық студенттер – қазақ тілін үйренуге мүмкіндік алса, ҚызПУ студенттері – ағылшын тілін меңгеруде). Зертхана жыл сайын өтетін халықаралық Оқу Ассоциациясының конференцияларына белсенді қатысып отырады. Зертхананың ұйымдастыруымен «Дауыс&Көрініс» журналы шығып тұрады. Қазіргі кезде зертхана жетекшісі 2009 жылдың айында Португалияның Брага қаласында өтетін 16 Европалық конференцияға дайындық үстінде.

Университеттегі ғылыми жұмысты қажетті деңгейге көтеру ғылыми педагогикалық кадрлар әлеуетіне тікелей байланысты екені белгілі. Бүгінгі таңда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 56-ғылым докторлары; 255-ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Олардың ішінде, тек қана Қазақстан Республикасына емес, алыс-жақын шетелдерге де танымал ғалымдар шоғырланғанын айта кету керек, олар: Тынық мұхит аймағы елдерімен және Жапония ғалымдарымен ынтымақтастықта жұмыс істейтін профессор, Мемлекеттік ғылыми стипендия және «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері – Р.Б.Баймахан; «Дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану» және «Физиканы оқыту әдістемесі» ғылыми жобаларға жетекшілік жасап жүрген, «Құрмет» орденінің иегері тех.ғ.д., профессор А.Ж.Жамалов; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру оқу әдістемелік бағдарламасының жетекшісі, әрі кеңесшісі, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Әлемнің әйгілі психологтары» он томдығының авторларының бірі, «Ерен Еңбегі үшін» медалінің иегері – псих.ғ.д., профессор Х.Т.Шериязданова; Жалпы білім беретін мектептерге (12 жылдық) арналған оқулықтардың авторы, «Құрмет» орденінің иегері, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегері – Қ.А.Аймағамбетова, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың және Ресей Федерациясы тағайындаған К.Д. Ушинский атындағы медальдың иегері, п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайынов, «Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томының құрастырушысы, халықтық педагогиканың даму тарихын түбегейлі зерттеген ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор С.Қ.Қалиев, Этнопедагогика ғылымының әдіснамалық, теориялық негіздерін анықтап, дамуына елеулі үлес қосқан ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор К.Ж.Қожахметова; Педагогика ғылымының әдіснамасын зерттеудегі зор еңбегімен танымал ғалым, п.ғ.д., профессор Ш.Таубаева; Ресей Федерациясының М.Ломоносов атындағы медалінің иегері В.И.Жұмағұлова; «Құрмет» орденінің иегері – профессорӘ.Б.Бірмағамбетов; Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың иегері – ф.м.ғ.д., А.Қ.Ершина; «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегерлері: ф.ғ.д., профессор Б.Хасанұлы, х.ғ.д., профессор Б.М.Бутин, филос.ғ.д., профессор Н.Қ.Сейтахметов, п.ғ.к., доцент Р.Р. Масырова, п.ғ.к., доцент И.А.Әбеуова, ф.ғ.д., профессор Т.Н.Ермекова, п.ғ.д., профессор Ж.Н.Сүлейменова, п.ғ.к.доцент Р.Дәрменова. Бұндай жетістіктер университет ғалымдарының жоғары деңгейі мен өре биіктігін байқатады.

Университеттің халықаралық байланыстары

Университет халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытында біраз жетістіктерге қол жеткізген. Оған дәлел университет Туркия жоғары оқу орындары Ассоциациясының (ЙОК) және Педагогикалық білім беру ғылымдары

Халықаралық академиясының мүшесі (Мәскеу), EWHA Корея қыздар университетімен, Кангнам (Корея, Сеул), Айова штаты(АҚШ) университеттерімен және басқа да Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанның ЖОО –мен ынтымақтастық байланыста.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі - аға ұрпақтың еліміздің ғылымын дамытудағы өнегелі істерін жаңа серпінмен жалғастыра алатын жас ғалымдарды тәрбиелеу.

Осыған орай, университет студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, шығармашылық ізденістерге тарту үшін 2004 жылы Кіші ғылым академиясы құрылды. Кіші ғылым академиясы үйірмелер арқылы студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысын, әр түрлі конференциялар ұйымдастыруға, студенттердің қалалық, республикалық, халықаралық конференцияларға, олимпиадаларға, көрмелерге қатысуына ықпал етіп отырады.

65 жылдық тарихы бар университетімізде студенттердің тұңғыш ғылыми-практикалық конференциясы 1948 жылы өткізілген, ал 2008-2009 оқу жылында 62 - ші ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жан-жақты талқыланады. Ғылымға қызығушылығы бар студенттерді қолдау мақсатында Жас ғалымдар кеңесі мен Кіші ғылым академиясы тарапынан әр секция бойынша эксперттік комиссиялар құрылып, комиссия төрағалығына басқа жоғары оқу орнынан танымал ғалымдар шақырылады. Бұндай әрекеттер студенттердің қызығушылығын дамытумен қатар, университет студенттерінің білім деңгейін басқа жоғары оқу орнының ұстазы бағалауы арқылы сол оқу орындарының студенттерімен білім деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, бұндай шаралар бәсекеге қабілетті маман даярлауға өз септігін тигізетіні ақиқат. Жоғары бағаланған баяндамалар міндетті түрде ғылыми жинаққа енуге мүмкіндік алуымен қатар, студент ақшалай сыйақы мен бағалы сыйлыққа ие болады.

Конференциялармен қатар университетімізде студенттердің пәндік олимпиадаларын жүйелі түрде жыл сайын өткізу өз жемісін беруде. Біздің студенттеріміз 2008-2009 оқу жылының өзінде республикалық студенттердің олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болды: математикадан – жеке студент (Хансеитова Айгерім) – Гран Приге ие болса, ал жалпы команда II (екінші) орынды иеленді; информатикадан – II орын, психологиядан – II орын; мектепке дейінгі білім – I орын; қазақ әдебиеті – I орын; қазақ тілі – I орын;

2007-2008 оқу жылында Жоғары оқу орындарының арасында өткен жаратылыстану-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған республикалық байқауда жүлделі орынға ие болған университеттің 8 студенті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы дипломымен марапатталды. Олардың үшеуі – 1 дәрежелі, екеуі 2 дәрежелі, үшеуі 3 дәрежелі диплом иегерлері болса, Корпоративтік Қазақстан Білім және ғылым қорының тағайындаған атаулы стипендиясына университеттің 4 студенті ие болды.

КӘСІПТІК БІЛІМ

ӘОК 371. 3

ТІГІН МАШИНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ЖҰМЫС АТҚАРУ ҚИМЫЛЫ

Абдижаббарова С.Қ. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Барлық тігін машиналары бөлшектерден, буындардан және механизмдерден құралған.

Бөлшек - құрастырушы операциясыз жасалатын элемент, мысалы: винт, гайка, білік, болт, шпонка.

Буын - дегеніміз бөлшектер тобы. Бір қатты жүйені құрайтын және қозғалмайтын бір-біріне қарағанда салыстырмалы келеді. Буындар қозғалмалы және қозғалмайтын болып келеді. Қозғалмайтын бөлшектер, бір қатты қозғалмайтын денені құрайды (мысалы машинаның корпусы). Әрбір қозғалмайтын бөлшек, топ бөлшектері, бір қатал системаны құрайды оны қозғағыш буын дейді (иін, бұлғақ, жетектеме т.б.). Екі қосылған буын бір-біріне қарағанда қозғалатын кинематикалық жұпты құрайды. Кинематикалық жұптардан құралған буын (звено) кинематикалық тізбекті құрайды. Қол тірегіне (стойка) орналасқан барлық механизмдер кинематикалық тізбектен тұрады.

Машина - бұл механизм немесе механизмдер үйлесімі белгілі бір жұмыс жасау үшін қозғалыстың қайта өзгерілуі немесе жұмыстың аяқталған түрі. Әрбір механизм немесе бөлек түйіндердің өзара қарым-қатынасын анық түсіну үшін арнайы шартты белгілермен белгіленген схемамен сызып көрсетеді (кесте 1).

«Кинематика элементтер схемасы ЕСКД графикалық шартты белгілермен орындалған» 2.770-68 ГОСТ бойынша. Тігін машинасының негізін, орындаушы механизмдер құрайды, яғни тасымалдаушы механизмдер арқылы электроприводтан қозғалыс алады және технологиялық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Кесте1- Тігін машинасының кинематикалық элементтері және буын, бөлшектерінің негізгі шартты белгілері

Кинематикалық элемент, бөлшек, буын	Кинематикалық схеманың белгілері	
	жазықтық	кеңістік
1	2	3
Топсалы ұсталған жері қозғалмайтын бір жазықтықтағы тірек		
Үш жазықтықтағы қозғалыс (шар тәрізді топса)		

Иінді бұлғақ		
Жазық жұдырықша бойлай ауысушылығы		
Дискалық		
Эксцентрикалық		
Таспалы беріліс		
Тісті беріліс		
Цилиндірлі барабан		
Қозғалмайтын бағыттағыш жетектеме		
Тісті беріліс		
Конус тәрізді		
Маховик		

Беріліс (привод) білік - тасымалдаушы механизм болып табылады. Ол тігін машинасының айналмалы қозғалысын әртүрлі элементтердің көмегімен жүзеге асады.

Тігін машинасы мүшелері жұмыс істеуші бөлшектер және орындаушы бөлшектер деп бөлінеді. Тігіске қатысты бөлшектер: ине, қайық (челнок), жіптартқыш, тісті рейка, табан, ілмек және т.б. Тігін машинасының жұмыс мүшесіне қозғалыс беруші және жіпті дұрыс реттеуші бөлшектер: олар білік (вал), бұлғақ, иін, бұлғақты - иін, жұдырықша, саусақ, тісті дөңгелек, эксцентрик т.б. Буындардың жинау және бекіту механизмін қамтамасыз етіуші бөлшектер: гайкалар, болттар, бүркеншіксіз шеге (штифты), винттар. Қозғалмайтын бөлшектерге жататын: тігін машинасының корпусы, қоршаулы механизмдері және т.б.

Ось - дегеніміз әртүрлі өзіне қатысты және қатысты емес бөлшектерді ұстап тұратын машина бөлшегі. Білік - оське қарағанда айналмалы қозғалысқа арналған машина бөлшегі. Ось тік стерженьді болып келеді, ал білік тік және иінді (коленчатый) болып келеді. Иінді білік иінді - бұлғақты берілісте қолданылады, ол қайырма - үдемелі қозғалысының айналуы және керісінше түрлендірілу үшін керек. Бұлғақ деп механизмнің қозғалмалы буындары бар кинематикалық жұпты айтамыз (сурет 1, а).

Өзінің осын толық айналып шыққан буынды иін деп, ал тербелмелі қозғалыс жасайтын буынды коромысло деп атаймыз. Коромысло 6 (сурет 1,б) 5 білікпен бірге немесе 4 винтпен бекітіледі. 1 корамысло 2 саусағына 3 жылжыманы үдемелі және тербелмелі қозғалысын басқа бөлшектерге берілуі үшін кигізіледі.



Сурет 1. Қозғалысты өзгертетін элементтер

Жұдырықша - бұл ауыспалы қыйсық тегістік түрінде орындалған элементке жататын бөлік. Құрамына жұдырықша кіретін механизм жұдырықшалық механизм деп аталады. Жұдырықшалық механизмдер жатық және көлемді болады. Көлемділердің ең көп тараған түрі – ол айналмалы цилиндрлік жұдырықшалар.

Жұдырықшаға әр түрлі бейне (форма) беру мүмкіндігі – оның қозғалысты жанжақты өзгерту мүмкіндігін анықтайды. Жалпақ дөңгелек жұдырықша эксцентрик деп аталады, оның құрамына эксцентриктік қозғалыс беру механизмі жатады (сурет 1, в). Эксцентрик орнатылған біліктен - центірдің ығысу үлкендігі - эксцентритет деп аталады. Эксцентриктік қозғалыс беру - негізінде айналмалы қозғалысты тербелмелі қозғалысқа айналдыру үшін қызымет етеді. 11 білікке бекітілген 10 эксцентриктің орталығы 7 коромысломен қосылған 9 буын мен біліктің орталығына қыйғаш (смещен) қозғалыс беруден тұрады, 10

эксцентриктің қимылының арқасында 9 буынға 7 коромысло мен 8 білікке тербелмелі қозғалыс береді.

Бір бірінен алыста тұрған параллелдік біліктерге айналмалы қозғалыс беру үшін дөңгелек белдікті (ремень), қыйық белдікті және тісті белдікті қозғалыс беру әдістері қолданылады (сурет 2, а). Параллельдік 1 және 5 біліктерінде тісті барабандар бекітілген 2 және 4, соған 3 тісті белдік кигізілген.

Тісті механизмдер – айналмалы қозғалысты бір біліктен екінші білікке, айналмалы қозғалысты ілгері басу қозғалысына айналдыруға және айналымның жылдамдығын өзгерту үшін қолданылады (сурет 2, б, е), олардың негізгі бөлшектері тісті дөңгелектер мен рейкалардан тұрады. Тісті берілістер тігін машина құрылысында ең көп тараған берілістердің (передачи) бірі.



Сурет 2 - Тігін машиналарында қолданылатын айналмалы қозғалыстарының беріліс түрлері

Айналымды беретін білікке бекітілген тісті дөңгелек – жетектеуші айналымды қабылдайтын – жетекші деп аталады. Біріктірілген екі дөңгелектің кішісі шестерна деп аталады. Тіс саны бірдей шестернаның бірі жетектеуші, ал келесі бірі жетектелуші болады. Осьтері параллельді орналасқан біліктерге айналмалы қозғалыс беру үшін тісті цилиндірлік беріліс қолданылады (сурет 2 б, в), ал егер біліктің осьтері қыйылысатын болса, онда конструктық (сурет 2 д), винттік (сурет 2 г) немесе червяктық (сурет 2 е) берілістер қолданылады. Ішкі және сыртқы ілмектілі берілістер кездеседі. Ішкі берілісте – дөңгелектер қарама-қарсы бағытта, ал сыртқыда – бірыңғай бағытта қозғалады. Червяктік беріліс айналым санын үлкейтуге, әрі айналым жылдамдығын өзгерту қажеттілігіне жағдай жасайды. Айналымы қозғалысты ілгері жылжу қозғалысына айналдыру үшін цилиндрлік дөңгелекпен рейкадан тұратын рейкалық берілістер қолданылады. Бір-біріне тиіп тұратын механиздердің үйкелу буыны арқылы қозғалатын болса ол фрикциондық қозғалыс деп аталады. Айналмалы немесе тербелмелі біліктер мен осьтер тігін машинасында тірек ретінде орталықтық (центровые) саусақтар (сурет 3 а) және подшипниктер (сурет 3 б, в) қолданылады. Біліктің 1 ұш шағын конус тәрізді тесік бұрғыланады, соған орталық саусақ 2 кіргізіліп стопорлық винтпен 3 бекітіледі. Төлке (втулка) түрінде жасалған жылжымалы подшипниктер өте кең қолданылады (сурет 3 б), домалақ (сурет 3 в) және ине тәрізді подшипниктерде қолданылады.



Сурет 3 - Айналмалы және тербелмелі біліктің тірегі

Үдемелі қозғалысты және үдемелі қозғалысты айналымға өзгерту үшін иінді- бұлғақ механизмі пайдаланылады. Бұндай механизм (сурет 4) 7 иін, 8 біліктің ұшына орнатылған. 7 иінге 6 саусақ бекітілген (8 біліктің 6 саусақ ортасына дейінгі аралығы иіннің радиусы болып саналады). Бұлғақтың 9 жоғарғы басы 6 саусаққа, ал төменгі басы мойынша (темір сақина) саусағына 3 кигізілінген. Машинаның ине жылжытқыш 4, мойынша 3 винт 2 арқылы бекітілген, тік кеңістікте жылжиды 1 және 5 төлке бағытаушы арқылы. Мойынша 3 саусақтың оң жағында 10 жылжыма (ползун), жылжытушы және бағыттаушы 11 орнатылған. Егер жылжыманың жылжыуы иін білігінің осьіне тік болса жылжыманың жүру көлемі иіннің екі радиусына тең болады.



Сурет 4 - Конструктивті кинематикалық (а) және кинематикалық (б) тігін машиналарының иінді - бұлғақты механизмдерінің сызбасы

Тігін машинасының бөлшектерін біріктіру және олардың бір-біріне қарағандағы жағдайын реттеу үшін әр түрлі конструкциялы бұранда шегелер қолданылады.

Атқаратын міндетіне қарай бұрандалы шегелер орнатушы, стопорлы, бекітуші және арнайы болып бөлінеді. Орнатушы және стопорлы 3 (сурет 5 а) бұрандалы шегелер бөлшектерді бекіту үшін пайдаланылады, бұрандалы шегенің ұшы бөлшектің бетіне тіреледі немесе арнайы жасалған тесікке кіреді. Бұрандалы шеге 3 босатылғанда бөлшек 2 стержень бойымен жылжытуға немесе стерженді айналдыра отырып белгілі бір бұрышқа бұруға болады. Бекітуші бұрандады шегелер 5 (сурет 5 б) бөлшекке бұрап кіргізіледі, ол бір бөлшекті екіншісіне бекіту үшін пайдаланылады, мысалы: пластина 4 пластина 6. Бұндай бекітулер бұрандалы шегені 5 босатқанда пластиналарды жылжытуға мүмкіндік береді.

Бекітуші бұрандалы шеге 9 (сурет 5 в) көбіне кесінді бөлшектерді 8 білікке 7 (саусақ) бекіту үшін қолданылады.

Бұндай біріктіру клеммалық біріктіру деп аталады. Кесінді бөлшек 8-дің оң жағында орналасқан тетікке бұрап кигізіледі, сол жақтағы бұрандалы (резбовое) тесікке бұрап бекітіледі. Бұл шеге бөлшектің 8 білік 7 -ге оң және сол жақтарын бірдей тартып бекітеді. Клеммалық біріктірулер бөлшектердің жағдайын жұмыс барысында тез-тез өзгертіп тұратын кездерде қолданылады.



Сурет 5- Бөлшек және буындарды қосатын әртүрлі винттердің түрлері



Сурет 6- Бөлшектерді қосатын арнайы винттер

Тігін машиналарында арнайы бұрандалы шегелер кең қолданылады (сурет 6). Олар бөлшектердің бір-біріне қарағандағы жағдайларын өзгерту мүмкіндігін береді. Мысалы: бұрандалы шеге 1 бөлшек 2-ге тербелмелі немесе айналмалы қозғалыс жасауға мүмкіндік береді. Бұрандалы шеге 3 (сурет 6 б) 4және 5 бөлшектерге әр түрлі кеңістікте қозғалыс жасауға мүмкіндік береді. Қозғалыстағы бөлшектерді ұстап тұру үшін шарнирлі саусақ 7 (сурет 6 в) пайданалынады. Мысалы: стопорлы шеге 8 - бен бөлшек 6 саусақ 7-ге айналмалы немесе тербелмелі қозғалыс жасай алатын бөлшекке 9 кигізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исаев В .В. Оборудование швейных предприятий М.: « Легпромиздат».1989. - 336с.
2. Франц В.Я., Исаев В.В. Швейные машины Иллюстрированное пособие М., 1986г.
3.Ермаков А.С Оборудование швейных предприятий, 2004г.
4.Франц В.Я. Монтаж, техническая эксплуатация и ремонт швейного оборудования, 2005г
5. Суворова О.В. Швейное оборудование. Ростов на Дону изд. Феникс, 2002г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тігін машинасының негізгі элементтері және механизмдерінің қимыл қозғалысы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные элементы и движение механизмов швейной машины.

ӘОК 687.16

КИІЗ БАСУ ӨНЕРІ, ОНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Абдраман К. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Халық қолөнері – бағзы замандардан бері ұлы даланы мекен етіп келген тайпалардың заттық және рухани көне мәдениетінің дәстүрлі жалғасы, халық тұрмысымен бірге туып біте қайнасқан өміршең өнер.

Ұлттық қолөнер бұйымдарынан қазақ халқының тек өзіне тән төл мәдениеті мен тұрмыс-салты сияқты, ғасырлар бойы өзге халықтарға ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы, өзіндік нақыш бояуы мен әшекей-өрнектерінен, тіпті оның жасалуына қарап аймақтық ерекшеліктерін аңғаруға болады.

Олар көшпелілер тұрмысы мен мәдени болмысынан, халқымыздың дүниетанымы мен наным-сенімдерінен мол мұрағат береді.

Қолөнер дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композициялық шешіммен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, зергерлік бұйымдар, құрал-саймандар жасайды. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген.

Ұлттық өнердің өзіндік ерекшелікпен қалыптасуына үлкен әсерін тигізген жайт – көп ғасырларға созылған көшпелі өмір. Демек, күнделікті тұрмысқа қажет қолөнер бұйымдары көшіп-қонуға ыңғайлы, пайдаланар орнына сәйкес сыртқы формасын тауып, әр шебердің талғамына, ой-өрісіне тән ою-өрнекпен нақышталып беріліп отырған /1/.

Көнеден келе жатқан қазақ қолөнері де өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған. Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстары кезіндегі табылған әр кезеңде жасалған қолөнер бұйымдары соны дәлелдейді.

Қазақ қолөнерінде киіз басуда пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы қой жүн болды. Халық шеберлері материалдың табиғи қасиетіне зер салып, оны өңдеуге техникалық тәсілінің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөле білді.

Мал шаруышылығымен кеңінен айналысқан ата-бабаларымыздың күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келген дәстүрлі қолөнер үлгілерінің бірі – киіз басу.

Киіздің негізгі шикізаты жүннің өзіндік қасиеті де ерекше: қой жүні мен жүннен басылған киіздің емдік қасиетін атам қазақ жақсы білген. Көшпенді өмір сүре жүріп, төрт түлік малдың шикізатын пайдалауды жақсы игерген. «Тоғыз қабат торқадан, боқты ішекті тоқтының терісі артық» деген мақалды тегін айтпаса керек.

Жүн – денсаулыққа пайдалы және ыстық пен суыққа төзімді, жүннен тоқылған, жүн тартылып астарланған, жүнен басылған киімдер адам

денсаулығына өте пайдалы. Оның құрылымы адам терісінің тыныс алуына өз әсерін тигізеді. Швейцариялық дәрігер Арнольд Рикли (XIX ғасырдың салауатты өмір қозғалысының атақты көшбасшысы) «Адам өмірі үздіксіз ауа шомылғысы іспеттес! Ал, жүн адам өмірін қамсыздандырады» – деген болатын.

Боялмаған, химия қосылмаған, тірі малдың жаңадан қырқылған жүні 12 пайыз ланолиннен тұрады. Бұл құнды зат, косметикалық кремдер, майлар дайындау үшін қолданылады. Құрамындағы су, протеинкреатин лаулаған отты сөндіруге әсерін тигізеді. Жүн бұлшық ет, буын, омыртқа ауруларына шипа, адамның қан айналымын жүйеге келтіреді және ауруды басады. Денеге жылу беруімен қатар адам өзін сабырлы сезінеді. Неғұрлым қойдың терісіне тақап қырқылған жүнді пайдаланса, соғұрлым жұмсақ әрі майда жанға жайлы келеді /2/.

Қой жүнінің емдік қасиеттері: Ертерек кезде жетілмей туылған нәрестелерді (аурудан сақтандыру мақсатында) қойдың жүніне ораған.

Жүннің бас, тіс, бел ауруларына емдік қасиеті өте зор. Тобықпен, білектің, буындардағы ісіктерге жүнді тартса, ісігі тез қайтады. «Сарқылмайтын алтын» деп бекер айтылмаған, өйткені ланолин ісікке, аллергияға, жарақаттарға қарсы дәрі-дәрмек ретінде қолданылады.

Кейінгі кезде ғалымдар жүннің адам ағзасына қажетті құнды зат екенін дәлелдеді. Мысалы, жетілмей туған жас нәрестелерді ұстайтын вакумның ішіне жүннен төсеніш жасаған. Сонда нәресте денесі тыныс алады, салмағы қосылады, матаға қарағанда жүн балаға жылуды молырақ береді, асты үнемі құрғақ болса, бала тез жетіледі. Осы тәжірибе нәтижесінде балалар вирустық және бактериялық жұқпаларға шалдықпайтын болады. Балаларға суық тигенде, өкпесі қабынғанда қойдың жүніне орау қажет деп дәрігерлер де кеңес ұсынады. Жас нәресте мазасызданғанда оның кіндігіне жүнді басады, сонда ауырғаны басылады. Бала түнде тыныш, әрі мазасызданбай ұйықтау үшін оның астына қойдың жүнінен жасалған көрпе төселеді.

Ревматизм, артрит, буын аурулары, ісік аурулары пайда болғанда тізені, шынтақты тобықты жүнмен ораса аурудан тез айығады. Жүннен жасалған киімдерді адамдар мыңдаған жылдардан бері қолданып келеді және бүгінгі күнде де сәндігін жоғалтқан жоқ. Жүн 33% ылғылды өзіне сіңіре отырып, құрғақ қалпын сақтайды. Мақта 8% ылғалды өзіне сіңіреді, ал жасанды жүндер мүлдем ылғалды өткізбейді. Жүннің салмағы аз болғанымен жылуды көп бөледі және ыстық күнде де тері қабатын салқын күйде сақтайды. Жүннен жасалған аяқ киім қан айналымын жақсартады, ылғалды өзіне сіңіріп алады, аяқ демалады және жылы жүреді. Артрит, ревмотизммен ауырғандар аяққа пима кию қажет /3/.

Жүннің жоғардағы аталған ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылатын киіз басу дәстүрлі өнері, қазақ халқының өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге асқан тұрмыстық мәдениеттің көрінісі.

Киіз (кигіз) – қойдың күзем жүнінен басылатын үй тұрмысында ерекше орны бар бұйым. Көшпелі тұрмыста киіз үй жабдықтарынан: үзік, туырлық, түндік, текемет, сырмақтар; ат абзелдерінен: тоқым, ішкіліктер; киім кешектен: қалпақ, шекпен, пима, байпақ т.б. жасап пайдалануға киізді кеңінен қолданып келді. Ал бүгінгі күнде тұрмысқа керекті киім-кешектен тартып, түрлі сәндік бұйымдарды жасап алуға болатыны айқын дәлелденді.

Киіз басудың әдіс-тәсілдеріне келер болсақ, қойдың немесе қозының күзем жүнін қырқып алғаннан кейін, ақ-қарасын ажыратып, қоқыстан тазартып, күннің көзі жақсы түсетін жерге жайып кептіреді. Кепкен жүнді тулаққа салып сабап, ірілері майдаланады. Басылатын киіздің көлемін мөлшерлеп, тоқылған шилерді қатарластырып орналастырып көктейміз. Шидің бетіне жүнді салып шабақтап - жаймалап, шидің көлемін жүнмен толтырып тегістейміз. Шабақталып жаймаланған жүннің үстінен, бір шетінен бастап бір қабат жүнді қолмен тартады

(сол қолмен жүді ұстап, оң қолмен жүнді тегістеп басып отырады). Ши бетіне жүн осылай мұқият тартылып болған соң (шым-шымдап, аздан) бір шетінен бастап жылы су себіледі, су сепкен жақты шимен бірге шиыршықтап орап, шидің сыртынан жіппен қиғаштап, мықтылап байлайды. Дөңбек тәрізді байлаған шидің ортасына ұзыны 3,4 метр ұзындықтағы, екі ұшы түйістірілген жіп салып бір адам өзіне қарай тартып домалатады, басқа адамдар аяқтарымен тебеді. Әбден теуіп болған соң орауын шешпестен, шиге оралып басылған киізді астына ағаш не басқа зат қойып, жерге тимейтіндей етіп, үстіне суық су құяды (су сорғығанша тұрады). Суы әбден сорғыған соң шиді жазық жерге ақырындап жазып, ішіндегі киізді бір шетінен ажыратып оңтайлап орап, жіңішке жіппен қиғаштап орай байлайды. Киіздің көлеміне қарай бірнеше адам қатар-қатар отырып белгілі санмен білектейді. Осы әдіс екінші жағынан да қайталанады. Оралған жіп шешіліп оңынан-солынан, аударып-төңкеріліп, білектеліп әбден кіріккенше қарпылады, қарпуы қанған соң сумен әбден жуып, қисық жерін түзетіп, тегіс жерге жайып кептіріледі. Міне, бұл киіз басудың қарапайым да ең тиімді әдіс тәсілі болып табылады.

Киіз бетіне түрлі ою-өрнек салғыңыз келсе, ши бетіне қажетті жүн тегіс тартылып болған соң, қалаған өрнегіңізді реті мен орналастырып, барып су сеуіп барып шиге орайсыз.

Текемет басу әдіс-тәсілдері

1. Қойдың күзем жүнін қарасын реттеп, күнге жайып, сабайды.
2. Текеметтің бетіне түр салу үшін, ақ, ұяң жүннен жұқалап, киіз басу әдісімен талдырма жасайды.
3. Талдырманы, басатын текеметтің көлеміне қарай 3,5 метр шаршыға бөліп байлайды (шаршы дегеніміз – 50х50, 60х60 төрт бұрыш деген сөз).
4. Текеметке таңдалған оюын ойып даярлайды.
5. Басатын текеметтің ені ұзын болу үшін, екі қанат шиді қатар айқастырып салып, ортасын көктейді (сонда өзінің ойындағысын іске асырады).
6. Текеметке арналған жүнді: бетіне, астына деп екіге бөледі. Астына арналған жүнді шидің бетіне бір сабаумен шабақтайды. Қолмен тартады, тарту әдісі жоғарыдағы әдіспен тартылып болған соң, текеметтің ою түсетін жерін белгілеп, оюларды орналастырады.
7. Текеметтің оюы орналасып болған соң, ыстық су сеуіп, бір шетінен орап отырады. Оралып болған соң жіппен байлап тебеді де қайтадан ашып, оюлардың қисайған жерлерін түзетіп, текеметтің шеттерін тегістеп қайырып, су тимеген жерлеріне су сеуіп, қайтадан шимен бірге орап, жіппен байлап, 3-4 метр жіпті салып бір адам домалатады, қалғандары тебеді (теуіп, көршілердің тұсына келгенде «Қойбасты» деп айғайлап өлеңдерін айтады. Сонда көршілері шайға шақырып, шашу шашады. Сол кезде шидің екі жағын көтеріп қойып өздері шай ішуге кетеді. Шай ішіп шыққанша текеметтің суы сорғып тұрады).
8. Суы сорғыған шидің бетін ашып, текеметті оқтаулап орай береді. Жіңішке жіппен қиғаштап орап, байлайды. Белгілі бір санмен білеутейді, екінші жағын да солай білектейді. Бұны да саусақпен шертіп көреді. Пысқан кезінде тоқылдаған дыбыс шығады. Сытық, суық сулармен сабындап жуып, түзу жерге кептіреді (кепкен текеметті бүктемей, шиыршықтап орап, тіктеп қояды).

Қорыта айтқанда: Киіз басу қарапайымда киелі өнер. Шикізат қайнары да мол. Осы тиімділікті толық пайдалана білсек, киізден өзімізге қажетті көрікті де сәнді тұтыну бұйымдарын жасап алудан тыс, игілікті табыс көзін ашуға мүмкүндік тіпті де зор. Ұлттық өнеріміздің қастерлеп, барымызды бағалай білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қ.Мұқанов. «Жүннен жасалатын бұйымдар». А., Қайнар, 1993 .
2.Әбдіғаппарова У. «Қазақтың ұлттық ою - өрнектері» А.,1999
3.Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері» А., 1998

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қой жүнінің пайдасы мен өзіне тән қасиеті айқындалған. Қазақ халқының киіз басу өнері баяндалып, оның әдіс-тәсілдері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы искусства войлока и свойства овчины.

ӘОК 371. 018

СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ

Абдурахманова Г.А. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Жазғы уақытта мал сауылатын кезде жазғы тамақтануда сүт тағамдары басым болып келеді, оның өзіндік мерзімдік ерекшелігі болады. Көшпелілерде аз да болса сауын малы әрбір отбасында болды. Жаз айларында сүтті пісіріп ішу, шұбат, қымыз ашыту, айран ұйытып ішумен қатар, сүттен түрлі жолдармен қысқы азық қорын дайындайды. Төрт түлік түгел сауылып, сүт, сүттен жасалған түрлі тамақтарды «ақ», «ақ тамақ», «ақ баласы», «ағарған» (соңғысы батыс өңірге тән) деп атап, оны «ағы бардың бағы бар» деп ерекше қадірлейді.

Қазақтар қой, ешкі, сиыр, түйе сүтін түрлі тәсілдермен азыққа жаратады. Әр малдың жазғы уақытта сауылуы көк шыққаннан немесе мал түлдегеннен бастап күзде суалғанша, негізінен орта есеппен 6 айға созылады. Қой, ешкі күніне екі рет: түсте және кешке, кей өлкелерде кешке ғана, ал жылқы мен түйе кемінде үш рет, әдетте екі сағат сайын бір рет, яғни, 6-8 рет сауылады /1/.

Қымыз жайлы небір аңыз-әңгімелер, өлең жолдары туған. Солардың бірі – «қараңғы қазақ көгіне» жарқ еткен ақын, жазушы, қайраткер Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) «Қымыз» деп аталатын арнайы өлең жазған:

Алдияр аруағыңа еткем, қымыз,
Сені ішкен мұратына жеткен, қымыз...
Бас иіп айдыңыңа ауыл-аймақ,
Қоясың қоғамыңды жіпсіз байлап.
Құдай иіп құлқынға түсе қалсаң,
Есілдей есіп, шалқып, ақақайлап...
деп келетін ұзақ өлең жолдарын арнаған.

Бие сүтінің қоюлығы мен сұйықтығы сиыр сүтіндей, майлылығы көп болса да бөлінетін майы мен азықтық құнары аз, қанттылығы мол, құрамында су өте көп, әрі шайға қатуға келмейді.

Сондықтан, қазақтар бұрыннан-ақ, басқа халықтар сияқты сүт өнімдерін шикі түрінде консервілеп қаймақ, май, ірімшіктер, сусындар және олардан түрлі (ет-сүт-ұн) сорпалар мен тағамдар дайындауға көшкен. Сүт өнімдерін дайындау әдістері, ашыту арқылы әзірленетін қымыздардың жалпы жасалу үрдістері, республиканың барлық аймағында бірдей. Ғалымдар сүт құрамын зерттей отырып онда дәрумендердің де бар екенін ашты. Ең тоқ тамақ, құрамында белогы көп, майлы, көмірсутегі мен минералды тұздар, жарамас еді, витаминдер болмаса. Бұлар баланың өсіп, дамуына әсері мол. Сүттің құрамында А, В, С, Д және басқа

витаминдер бар, олар сүттің 5-ші құрамына кіреді. Суды да еске түсірейік. Ол сүттің құрамында 87%. Тек мұнда су негізгі. Су сүттің барлық құрамымен байланысты. Бірақ онда ештеме жоқ. Су кез келген нәрсеге керек. Сондықтан сүт кішкентайларға беретін, өйткені ол дәмді және де негізгі тағам болып табылады. Егер сендер сүттің құрамын білсендер, біздің тағам неден құралатының білесіңдер. 1 тамшы сүтте 100 млн. түйіршектер болады. Сүтте майдың құрамы 4%, витаминдердің түрі өте көп. Енді сүт өз құрамын ашты. Ашылған сүтті қайнатқанда ірімшікке айналады. Осы ақ ірімшіктің құрамы қандай. Ірімшік сүт белоктарынан тұрады. Сүттің құрамында 3,5% белок бар. Белок – бұл екінші сүттің құрамы, 1 л. сүт белогы 8 жұмыртқаның белогымен тең, ет пен балыққа қарағанда сүтте белок көп болады. Еттің белогына қарағанда сүт белогы организмде жеңіл қорытылады. Бұл сүттің құрамы әлі аяқталған емес, қаймағын ала отырып, ірімшігін бөліп аламыз, ең соңында сүттен жасыл түстес сұйықтық қалады, ол – көк сүт. Көк сүтті көп қайнатсақ ол қоюланып, түсі ашық қоңыр болады. Осы өнім суыққа қоятын болсақ, бірнеше уақыттан кейін сүттің бетіне ашық сары түсті кристалдар пайда болады. Олар өте дәмді, тәтті қант. Қант – сүттің үшінші құрамы оны көмірсу деп атайды. Осы сүтті қайтадан отқа қоятын болсақ, соңында сұр түсті ұнтаққа айналады. Бұл ұнтақ сондай дәмді емес, тұзданған сияқты болады. Осы ұнтақтан ғалымдар темір, алюминий, магний және де кальций мен фосфорды тапты. Осы сүт құрамынан табылған заттар минералды қоспалар деп аталады.

Сүттен көбіне сары май, қаймақ алынады. Қаймақты алу үшін қайнатылған немесе шикі сүтті арнайы піспекте ұзақ уақыт пісіп алады. Бұл үшін сүтті сәл жылытып, содан кейін салқын ұраға бір апта қойып қояды. Қант қосып қайнатылған сүттен – қайнатқан қаймақ пайда болады. Майды шара немесе тегенеге салып шайқайды. Майды шыны ыдыстарға салып, салқын жерлерде сақтайды. Ауылдық жерлерде майды сиырдың немесе қойдың қарнына салып сақтайды. Қарындағы май дәмділігін бұзбайды. Сүттен, сондай-ақ ірімшік алынады. Ірімшіктің екі түрі (ақ ірімшік және сары ірімшік) болады. Ақ ірімшікті майын алған сүттен жасайды. Оған қаймақ, қант араластырып жейді. Ал қызылсары ірімшікті сүтті ұзақ қайнату арқылы алады. Сары ірімшік кепкеннен кейін, еттартқыштан өткізіп, май қант қосылады. Бұл қоспаға бал, мейіз қосып, салқын жерге қатыру үшін шығарып қояды**.** Ірімшіктен – құрт жасайды. Құртты қазанда ұзақ қайнатып, ұзын қасық-кепкірмен араластырып отырып, қоңыр қою қоймалжың болғанша қайнатады. Сосын ұн, қант (3 шелек сүзбеге 0,5 кг ұн, 1/2 шыны қант) қосылады. Оны жақсылап араластырып, аса үлкен емес етіп, бәрін бірдей қалыпта дөңгелектейді. Сосын кептіру үшін жайып қояды. Шындығында, барлық жерде құртқа ұн мен қант қоспайды, кейбіреулер қант қосылған ірімшік салады. Құрт пен қоспаны шаймен ішеді. Тағамдарды дайындау мәзіріндегі еске салған үрдістер басқа түркі халықтарында ұқсас болып келеді. Олардың атауларында да еш айырмашылық жоқ. Мысалы, “қатық” – қазақ, өзбек, татар, башқұрт, әзірбайжан; “чатык” – түркімен тілінде қолданылады. Аталған өнім жеке ас ретінде және өзге де тағамдарды дайындауда қолданылады. “Айран” – Орта Азия, Капказ елдерінің бәрінде бір атауға ие, ал “сүзбе” – қазақтарда, “сузбма” – татар, өзбектерде, “сүзме” – түркмендерде қолданылады. Ал, “құрт” – қазақ, өзбек тілінде, “корт” – татар, “ақ гурт” – түркмен, “курут” – алтай, тәжік тілдерінде айтылады. Қойдың сүтіне ұн қосып жасалатын “сықпа құрт” ерекше болады /2/.

Жергілікті дәстүрге тән тағы бір тағам – уыз болып саналады. Оны сиыр сүтінің ең алғашқы қоймалжың түрінен дайындайды. Аздап сүт, тұз, қосып, қойдың ұлтабарына не ішегіне толтырып, қайнаған суға салып пісіреді. Уыз сыр сияқты қатты боп піседі. Уыз жеуге үй иесі туыстарын, таныстарын, көршілерін

шақырады. Уыздан дім татқан кісілер батасын беріп кетеді. Уыз – көрші түркі халықтарының бәрінде кең тараған. Қырғыздарда – “уыз”, татарларда – “угыз”, қарақалпақ тілінде – “увыз”, өзбектерде - “огиз”, түркіменше – “овуз” деп атаған.

Айранды қайнатып қойыртылған немесе майы алынған және шикі сүттен де жасау әдістері бар. Айранды сиыр не қой сүтінен әзірлейді. Айранды қайнаған сүтті суытып, шикі болса сәл-пәл жылытып, айран ашытқы қосып, жақсылап орап немесе жауып, бірнеше сағат жылы жерге қойып ұйытады. Ашытқыға қымыз, айран, қаймақ пайдаланылады. Айранды піскен ет сорпасына қышқыл дәм беру үшін қосады. Оңтүстік Алтайда айран аталуы кең тараса, Солтүстік-Шығыс Қазақстанда айранды “қатық” деп атайды. Екеуінің жасалуы мен құрамы бірдей болғандықтан, қазақтарда айран сөзі ертеден қалыптасқан. Айран деп сүт немесе су қосылған қатықты айтады. Қазіргі кезде бұл ағарған түрлерінің дайындалу әдісі өзгермегенімен “қатық” аталуы біртіндеп қолданыстан шығып, орнына айран кеңінен қолданылуда.

Көктем шыға құлындаған биенің сүтінен қымыз дайындайды. Бұл үшін бие жиі сауылады. Бірнеше қабат дәкеден сауылған сүтті сүзгеннен кейін, оны арнайы ыдысқа қойып, ашытқы қосып, піспекпен піседі. Түнімен ашыған қымыз таңертең бабына келіп дайын тұрады. Бірінші ашытқыны айран, қақталған жылқының кесек етін және құйрық қосып дайындап алады. Ашытқының ең жақсысы, қыс бойы салқын жерде сақтаған былтырдан қалған қымыз болып саналады. Оларды кейде саздан жасалған ыдысқа құйып, жерге көміп сақтайды. Қазіргі кезде ашытқыны сиыр мен биенің тең мөлшерде алынған ашыған сүтінен де дайындайды. Сонымен қатар қымызды ашыту үшін ыдыстың ішінде қалған ашытқы қалдықтарын жумай, үстіне жаңа сүт құйып, қосымша ашытқысыз қояды /3/.

Қазірге дейін ағарғанға байланысты көптеген тиымдар мен ырымдар бар: ақты төкпе, ақты баспа деген, ыдыста қалған қаспағын тазалап алу. Олай болмаған жағдайда, саумалы сиыр немесе биеден сүт шықпай қалады деп есептеген. Әйелдерге қымыз құятын ыдыстарды лақтыруға болмайды. Келген адамға айран, қымыз ұсынғанда міндетті түрде ішу керек, әйтпесе жолы болмайды деп те санаған. Қымызды ішіп болғаннан кейін «биенің сүтті бұдан да көп берсін» деп бата берген. Байқап отырғанымыздай «ағарған» түсінігіне сакралды ұғым беріліп, бұл тағам түрінің халық арасында терең тарихы бар екендігін көрсетеді.

Дәстүрлі сүйсініп ішілетін сусындар арасында шұбат алдынғы орын алады. Шұбатты қазіргі кезеңде Оңтүстік Қазақстанның барлық аймақтарында үздіксіз дайындап, қолданады. Қышқыл шұбатты түйенің сүтін ашытып жасайды. Сондықтан оны жасау процесі қымызды ашыту тәсіліне жақын келеді. Дәмді шұбат дайындау үшін, оған ашытқы ретінде дәмі мен иісі бұзылмаған ашыған шұбатты пайдаланады. Жаңа сауылған түйенің сүтін сүзіп, салқындатып, арнайы ыдысқа құяды. Сосын сүттің 3-4 бөлігіне келетіндей ашытқы қосып, жарты сағат бойы қоспаны піспекпен араластырады. Сүтті ашыту үшін 3-4 сағатқа қояды. Осы уақыт ішінде ашытылған түйе сүті бабына келіп, дәмі кіріп пайдалануға толығымен дайын болады. Шұбатты қонаққа ұсыну алдында оны жақсылап араластырып, сапырып құяды. Биеге қарағанда түйе сүтін алу үшін 3-4 (кейде 2 мезгіл) рет ғана сауылады. Әр жаңа сауынды шұбаты бар ыдысқа құйып, жақсылап піседі. Шұбаттың ыдыста тұруына байланысты үш түрге ажыратуға болады: әлсіз – бір күн ашыған, орташа – екі күн ашыған, күшті – үш күн бойы ашыған. Түйе сүті мен одан жасалған өнімдерінің денсаулыққа пайдалы және емдік қасиеттері бар екендігі ежелден халыққа белгілі. Шұбат ауырған адамға күш беріп, асқазан мен ішек ауруларына өте пайдалы. Атап өту қажет, қазіргі кезде Түркістан және Созақ аудандарында шұбат көп шығарылып, жоғары

қолданысқа ие. Тіпті Алматы және Астана қалаларында бірде бір үлкен жаңұя жиындарында (үйлену тойы, қайтыс болған адамды шығару) дастарқан мәзіріне оңтүстік аймақтан шұбат алынады. Шұбатпен бірге қымызды қою өте кең тараған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.И. Ловачев идт. Снижение потерь продуктов при хранении. М., 1980г.
2. Б.Садықов, И.Сарыев, А.Отарбаев. Ақ дастарқан. Алматы “Қайнар”1987ж.
3. Е.М. Каневский, Э.В.Краснянский, М.М.Лысов. Тұрмыс тағылымы. А.1985ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада сүт тағамдарының құрамы, оның дайындалуы мен сүт өнімдерінің денсаулыққа пайдасы, емдік қасиеттері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается приготовление и хранение молочных продуктов.

ӘОК 73.021

МҮСІН ӨНЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Алиев С.С. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бейнелеу өнерінде мүсін, кескіндеме, композиция және сурет сабақтарыбірізділіктісақтай отыра жалғастырылады. Мүсін пәні бағдарламасы студенттердің көру, қабылдау қабілеттерін арттырады, олардың эстетикалық ойлау, сезіну, түсіну сонымен қатар шығармашылық қабілетін шыңдайды, әр түрлі материалдармен жұмыс жасап ептілік қасиетін шыңдауға әсерін тигізеді. Типтік оқу бағдарламасы бойынша мүсіндеу сабағының ерекшілігі студенттердің тұтас көру, қабылдау және форманың барлық көлемін анық көре білу үлгісін қалыптастырумен қатар олардың образды ойлау дәстүріне үйрету болып табылады.

Мүсін өнері сабағының міндеттері және оқып шыққандағы білімі мен тәжірибесі:

-студенттің кеңістікті көз алдына елестету қабілетін және графикалық мәдениетін қалыптастыру;

- жұмыр мүсіндеу жұмысын орындау барысында үш бағытты меңгеретін, кеңдік, биіктік, жуандық, шығармашылық қыбілетін дамыту;

-студенттің рельефті мүсіндеу арқылы денелердің көлемін жартылай мүсіндеп, қолмен сезіп көзбен көру;

-студенттің горельефті мүсіндеу арқылы дененің фоннан, жартысынан көбірек шығып тұруын орындау барысында қолданылатын шарттылықтар мен ықшамдау тәсілдерін үйрену;

-мүсіндеу құралдарын тиімді пайдалануға және ұқыптылыққа дағдыландыру.

Мүсін өнерінің материалдары мен технологиясы. Мүсін өнеріндегі барлық жасалатын жұмыстар саусақтардың күші мен алақан көмегі арқылы жасалады. Саз балшықты немесе ермексазды езіп не уқалап созып жұмсарту арқылы, жалпайта отырып өзімізге керекті қалыпқа келтіреміз. Негізгі қалыпқа келген бұйымның сыртын тегістеу және ұсақ бөлшектерді ойып, сызып жасауға ағаштан жасалған қалақша немесе пышақ тәрізді ағаштан жасалған арнайы құрал керек. Ермексаздан бұйымдарды жасау үшін көлемі 50Х60 кішкене тақтайша керек. Ол

тақтайшаның бетінде бұйымдарды жасауға және тазалық сақтауға ыңғайлы болады. Ермексаздың басқа материалдардан ыңғайлылығы, онымен жұмыс жасау кез келген уақытта дайындығы. Қолмен уқалап сәл жұмсартса болды. Мүсінге қолдана беруге болады және ол қолға жұқпайды /1/.

Мүсін өнері пәні қарастыратын негізгі мәселелер. Мүсіндеудің түрлері:

Жұмыр мүсіндеу оның барлық жағынан қарауға болады. Жұмыр мүсіндеу деп үш бағытты меңгеретін, «кеңдік, биіктік, жуандық» шығармашылықты айтамыз. Жұмыр мүсіндеу кезеңдері 1-суретте көрсетілген. Мүсіншілер өздерінің шығармаларын жасауда адам мен жануардың барлығын жан-жақты қарай отырып, тереңірек әрі толық түрде бейне мазмұнын ашады.



1 сурет.

Рельефті мүсіндеу

Рельеф-мүсіндеудің кең тараған түрі, біз оны теңгелерден, тиын ақшалардан немесе қабырғалардан кездестіре аламыз. Рельеф екі түрге бөлінеді. Денелер фонның жазықтығынан өз көлемінің жартысынан аз шығып тұрса, ол *барельеф* деп аталады. Барельефті мүсіндеудің кезеңдері 2-суретте көрсетілген. Ал, фигуралар жартысынан көбірек шығып тұрса, ол *горельеф* деп аталады /2/. Горельефті мүсіндеудің кезеңдері 3-суретте көрсетілген.

2 сурет.

3 сурет.

Мүсін шығармаларының орындалу тәсілдері. Мүсін шығармалары кескіндемедегі сияқты қондырғылы және монументті-сәндік болып бөлінеді. Монументті-сәндік шығармалар әдетте жеке ансамбльдің, алаңның сәулеттік композициясының компоненті болып табылады /3/. Саз балшықтан, ермексаздан көлемді ұлғайта отырып, болашақ мүсіннің (эскизін) нобайын жасайды. Жұмсақ материалдар әдетте уақытша қызмет етеді. Олар жасау барысында әрі қарай оны ұзақ уақыт гипс пен қолаға құяды. Мүсін шығармаларын тастан, мәрмәр, гранит немесе ағаштан жонады. Қазіргі жаңа заман мүсінге қажетті материалдардың санын көбейтті. Болаттан, бетоннан, пластмассадан, алтындатылған, күмістетілген және тағы басқа материалдардан кіші формалы мүсіндер жасау соңғы көрмелерде жиі көріне бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.Я. Шпикалова. Народное искусство на уроках декоративного рисования.– М.: 1968
2. А.Ф. Шембель Рисование и лепка. Москва, «Высшая школа», 1991
3. С.Газарян «Прекрасное своми руками» Москва, «Детская литература», 1986

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мүсін өнерінің бейнелеуде алатын орны, негізгі мәселелері және кеңістік бетіндегі «кеңдік, биіктік, жуандық» көлемдерін қолданып ермексазбен жұмыс жасауда студенттердің біліктілігін жетілдіру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается место лепки в изобразительном искусстве, как вид жанра. Пути развития квалификации студентов с исползованием пластилина в решении «пространства, формы и объема».

ӘОК 373.60

ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ҰЗТАЗДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

Асқарова Ж.А - п.ғ.к., доцент (Алматы қ,. ҚазмемқызПУ)
Мұратқызы Г. - магистрант (Алматы қ,. ҚазмемқызПУ)

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында Қазақстанның 2010 жылға дейінгі даму стратегиясы, еліміздің алдағы 10 жылдағы экономикалық даму бағыттары мен индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыру міндеттері баса көрсетілді. Сондай-ақ Отандық білімді бәсекегк қабілетті бейімдеуге байланысты және білім мен ғылым саласына аса мән берді /1/.

Ұстаз мәртебесін көтеру, олардың жұмыс істеуіне, шығармашылығына, демалуына жағдай жасау, үздік мұғалімдердің тәжірибелерін жинақтап, оны тарату, оларға қолдау көрсету – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Кәсіби білім беруді жақсарту, оның ішінде қолданбалы қолөнер шеберліктерін қалыптастыру – қоғамның мәдени сана-сезімін және экономикалық байлығының негізгі шарттарының бірі болса, онда білім беру жүйесінде қолданбалы қолөнерді қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңыздылығы туындайды.

Ұлттық қолөнер негізінде ұстаздың кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында мына қағидаларды басшылыққа алуға болады: қазақ халқының

жалпыұлттық игілігін бүкіл өркениет мәдениетімен ұштастыру, ірі ғылыми жаңалықтар деңгейінде білім мазмұнының басты бағытын белгілеу, болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін қолданбалы қолөнерді қолдану арқылы қалыптастыру, заман талабына сай ұстаздың ізденімпаздық іс-әрекеттері мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және инновациялық технологияларды меңгерту арқылы кәсіби бағдар беру /2/.

Технология – «шеберлік туралы ғылым» деген ұғымды білдіретін грек сөзі. Осы анықтамаға сүйене отырып, «технологияның мәні – кәсіби шеберлікке жетудің жолдады» деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан да кәсіби білім беру жүйесін ұйымдастыруда педагогикалық және ұлттық қолөнерді меңгерту негізінде білікті маман даярлау мәселелері еліміздің өркендеуіне ықпал етеді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі парадигмалар жағдайында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру маңызды болып отыр. Жаңа буын оқулықтары, оған байланысты жетілдірген бағдарламалар енгізіліп, жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқушы білімін бағалау талаптары қойылуда. «Оқытудың жаңа технологиясы» тәжірибиесі таратылуда. Жоғарғы оқу орнын бітіруші жастардың мұғалімдік мамандық бойынша кәсіби қалыптасуындағы қоғамдық, психологиялық – педагогикалық және кәсіби мамандық білімдерімен қатар тәжірибелік болашақ мұғалімдік жұмысында педагогтер тәжірибені жоғары денгейде және саналы өткізуі аса маңызды қажетті жұмыс екенін баса айта кеткен жөн.

Қазіргі кезде Егеменді Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының талаптарына сай маман кадрларды даярлаудың мазмұны мен міндеттеріне өзгерістер еніп, заман талабына сай қайта қаралуда. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларына қазақтың ұлттық қолөнер мәдениетіне байланысты тарихи материалдар қосылуда. Қазақстандағы жоғары оқу орындарына педагог кадрларын дайындау барысында алдыңғы қатарлы, болашағы мол жұмыстар атқарылуда. Солардың бірі – болашақ мамандарды дайындау жүйесіне Қазақстанның көркем мәдениет мұраларын оқу-тәрбие жүйесінде қолдану. Қазақстанның көркем мәдениетінің материалдарын оқу-тәрбие ісінде қолданудың мақсаты – болашақ мамандарға қазақ халқының ұлттық қолөнерінің тарихынан, бейнелеу өнерінен, музыкасынан, ауыз әдебиетінен, архитектурасынан деректі мәліметтер білу. Жоғары педагогикалық мамандық беретін оқу орнының студенттеріне халықтың көркем мәдениетінің озық үлгілерімен, ғалымдарымен, өнер шеберлері өмірімен болашақ мамандарды таныстыру үшін, мамандар дайындау жүйесінде лекциялар оқылып, семинар сабақтары өткізіледі. Лекция мен практикалық әдістер мазмұнын құрайтын материалдар болашақ маманның оқушыларға ұлттық тәрбие беру тәжірибесінде қолдану мақсатын көздейді.

Біздің еліміздегі білім беру жүйесінің дамуы қоғамды демократияландырудың жалпы тенденцияларына сәйкес келеді, яғни болашақ мұғалімдер қазіргі экономикалық жағдайында белсенді, шығармашыл, кәсіби және әлеуметтік қызметке даярланған болуы керек. Өйткені, қазіргі кәсіби білім беру саласындағы қолданбалы қолөнерді меңгермейінше, шебер жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Ұлттық қолөнерді меңгеріп қолдану, практикада пайдалану, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы жүзеге асады. Олай болса, кәсіби технологияларды меңгеру негізінде шеберліктерін, іскерліктерін, рухани-адамгершілік қабілеттерді қалыптастыруға, сол сияқты өзін-өзі трбиелеу мен педагогикалық үрдістерді жүйелі түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

Болашақ мамандарды ұлттық қолөнер арқылы кәсіби-педагогикалық шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы сананалады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру

тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнер әлемдік көріністерін қалыптастыру және ой-өрісі мен кәсіби-педагогикалық шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу процесінде мамандарды қалыптастыруда оңтайлы жағдайлар жасауға мақсат қойылып отыр. Бұның бәрі педагог кадрларын жалпы политехникалық, кәсіби-педагогикалық шеберлік және дизайнерлік білім беруде жоғары мазмұнды даярлықты талап етеді. Бұл міндетті шешуде маңызды рөл жоғарғы оқу орындарына тапсырылады, өйткені жоғары педагогикалық оқу орындары қай кезде де қоғамға тірек болған және болады да, сонымен бірге олар республикадағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді асабір сезімталдықпен ілтипатқа алуы керек. Технология мұғалімінің кәсіби даярлығын педагогтардың кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселесінің құрамында қарастырған жөн.

Ертеңгі күнің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш білім десек, болашақтың білімді ұрпағын тәрбиелейтін мұғалім. Қазіргі заман талабына сай жылдам өзгеріп отыратын өмірге бейімделген, өзін өзі көрсете алатын, қоғам өміріне белсене қатысатын, шығармашылықпен ойланатын, ұлттық құндылықтар мен ұлттық қолөнерді меңгерген, ғаламдасуға байланысты, «ғаламтор» жүйесін жетік білетін, мәдениеті жоғары жеке тұлғаны тәрбиелей алатын ұстаз болып табылады. Сондықтан мұғалімдердің бойында кәсіби шеберліктерін қалыптастыру үшін: студенттердің мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілігі; болашақ мамандарды кәсіптік білімділік, шығармашылық, жаңашылдық қасиеттерді қалыптастыру; педагогикалық іс-әрекеттер мазмұнын анықтау, оның нәтижелері, білім сапасын арттыру; әдістемелік шеберліктерін дамыту мен қолданбалы қолөнерді пайдалану, оны тәжірибеде іске асыру қажет. Қазақ қолөнер шеберлерінің шығармашылығының классификациясынан болашақ мамандардың білімі – қолөнердің түрлері мен олардың материалдары, қолданылатын құрал-жабдықтары, орындалу технологиясы туралы білімдер жүйесінен құралады. Қазақ қолөнер шеберлерінің шығармаларын іріктей білуі – қолөнер бұйымдарын тәрбие мақсатына лайық, тұтыну мазмұнына қарай, орындалу технологиясына байланысты, территориялық ерекшеліктеріне орай таңдап алу білімімен сипатталады. Қазақ қолөнері шеберлерінің шығармашылығын оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудағы мамандардың іскерлігі мынадай бағыттарды қамтиды: а) халық шеберлері жасаған бұйымдарды іріктеу – оқушыларға тәрбие беру, көркемдік білім берумүмкіндіктерін ескере отырып лайықты бұйымды таңдап алуы; б) таңдалған бұйымдардың тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау – олардың балаға эстетикалық тәрбие беру, әсемдік сезімдері, әсемдік талғамы, әсемдік көзқарастарын дамыту мүмкіндіктерін ашып көрсетуі; в) студенттердің қолөнер шеберлерінің туындыларын пайдалану негізінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру іс-әрекеті – оқушылардың өнер туындыларын талдауға үйрету, қолөнер үйірмелерін ұйымдастыру, қарапайым қолөнер бұйымдарын жасау жолдарын түсіндіре білуі; г) қолөнер шеберлері шығармаларына арналған тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және талдау даярлығын меңгеруі; д) қолөнер шеберлері мен оқушылардың кездесуін өткізу, қолөнер шеберінің шеберханасына немесе қолөнер көрмесіне экскурсия ұйымдастыруы; халық шеберінің өмірі мен шығармашылығына арналған тәрбие сағатын өткізу сапасы; қолөнер апталығын ұйымдастыру және сонымен қатар сол тәрбие іс-шарасын өткізудің нәтижесін талдауы арқылы айқындалады /3/.

Қазіргі кездегі болашақ мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының бағдарламалары мен оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдарының мазмұнын талдау барысында оларда ұлттық қолөнерді танып-білу мен қолөнер

туындыларын жасау мәселесінің толық қамтылмағаны және қолөнерді қазіргі заманғы киім, тігін бұйымдары мен өзге де бұйымдарда жаңғыртып, өзгертіп пайдалану мүмкіндіктері қарастырылмаған. Зерттеу барысында жоғары оқу орындарының технология пәнінен мұғалім мамандарды даярлайтын бөлімдердегі студенттердің қолөнер туралы түсініктерінің жеткіліксіз екендігі анықталды. Олардың басым көпшілігінің таңдауға ұсынылған қолөнер туындылары ішінде сыртқы көрінісі мен жасалған материалы әсер қалдыратын бұйымдарға немесе өздеріне күнделікті таныс заттарға ғана көңіл аударатыны, сәндік-қолданбалы қолөнерін қазіргі заманғы киім, тігін бұйымдарында қолдану мүмкіндіктері туралы ойланбайтындығы байқалды. Бұл олардың ұлттық қолөнерін қазіргі заман жағдайларында пайдалану туралы білімдері мен біліктіліктерінің шектеулі екендігін, кәсіби және эстетикалық қызығу деңгейлерінің төмендігін көрсетті. Арнайы курс негізінде жүргізілген сабақтарда қолөнер туындыларын мақсатты түрде дайындау, ол туралы өз пікірін пайымдауға шарт түзу, жинақтаған мағлұматтарын өз іс-әрекетінде эстетикалық талғаммен пайдалану жолдарын игеру нәтижесінде студенттердің қолөнер туындыларын таңдау мен олар туралы пайымдауында бұрынғыға қарағанда ынта, жігері мен жаңаны жасауға, ізденуге болған құлшыныстарының арта түскені белгілі болды. Бұдан біз жасаған тәжірибе жұмысымызда қолданған әдіс-тәсілдеріміз бен жалпы ғылыми жұмысымыздың алдына қойған мақсат-міндеттеріміздің дұрыс белгіленгендігі көрінеді.

Болашақ мұғалімнің қазіргі заманға сай кәсібін жетік білуі, өз ісінде жаңа технологияны пайдалануы, жастарға әлемдік стандарттарға сай білім беруі, компьютерлік және мультимедиялық технологияны меңгеруі, электронды оқу құралдары мен Интернет-сайттарды қолдануы кәсіби педагогикалық үрдістерді жаңа ғылыми әдістемелік тұрғыда ұйымдастыру – бүгінігі күннің талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу, Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа жолдауы. Астана, 2010ж.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, Астана, 2004ж.
3. С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» 1969ж. Алматы «Қазақстан»

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының қолөнері арқылы болашақ ұстаздың кәсіби шеберлігін арттыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути повышения профессионального мастерства будущих педагогов с использованием казахского декоративно-прикладного искусства.

ӘОК 371.035.3

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖОЛДАРЫ

Асқарова Ж.А. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Байзакова Г.Р.- магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы жолдауында Қазақстанның 2010 жылға дейінгі Даму стратегиясы, еліміздің алдағы 10 жылдағы экономикалық даму бағыттары мен индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыру міндеттері баса көрсетілді. Сондай-ақ Отандық және білім мен ғылым саласына аса мән берді /1/. Осыған орай, заман талабына сай туындаған мәселелер болашақ мамандарды ұлттың рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен сусуындатуды талап етеді. Қоғам дамуында, өндірісте, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде, әсіресе, болашақ мамандардың ойлау қабілетін дамытуда жоғары кәсіптік білім беру қажет.

Кәсіптік білім берудің міндеті: еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті, білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау, біліктілікті арттыру, сонымен қатар, болашақ мамандардың бойында тұлғалық факторлардың өсуін қамтамасыз етеді. Қазіргі жағдайда айғақтар мен экономикалық және әлеуметтік құбылыстарды бақылап және талдай білетін, сауатты шешім қабылдап және шығармашылық белсенділігі мен кәсіби іскерлігін қалыптастыруға баса назар аударылып, ата-баба дәстүрін жалғастыратын, ел экономикасын өркендетуге үлесін қосатын, қоғам талабына сай келетін болашақ жұмысшы, кәсіпкерлерді даярлауды талап етіп отыр. Бұл мәселеде әсіресе жоғары педагогикалық білім беруді жетілдірудің алатын орны ерекше. Елбасы педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей алатын жаңа формациядағы ұстаз дайындау міндетін қойып отыр. Қазіргі қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер адамнан өнімді еңбек пен шығармашылықты талап етеді. Сондықтан, жоғары оқу орнын бітіруші маман әрдайым қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруы қажет.

Жалпы, әр мемлекеттің ұлттық білім беру жүйесінің өзіне тән үлгісі, сол елдің экономикалық дамуына, халқының тарихи тағылымына, мәдениеттің деңгейіне сәйкес жасалады. Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру, сапалы білім беру арқылы жоғары білікті мамандарды қалыптастыру,оның ішінде қоғамның сұранысына қажетті мамандарды дайындап, білім және ғылымды интеграциялау арқылы білім берудің сапасын арттыру және ақпараттық технологияларды ісіне тиімді қолдану мәселелеріне қол жеткізу, еліміздегі білім беру жүйесін дүние жүзілік озық тәжірибеге сай реформалауды пәрменді жүргізуді талап етеді /2/. Осыған орай, еліміздегі кәсіптік білім беру мекемелері бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру сатыларынан тұрады. Бастауыш кәсіптік білім берудің мақсаты – негізгі жалпы білім беру базасында қоғамдық пайдалы қызметтің барлық негізгі бағыттары бойынша жан-жақты еңбек қызметкерлерін - маман даярлау. Бастауыш кәсіптік білім беру кәсіптік-техникалық және басқа да училищелерде беріледі. Орта кәсіптік білім беру негізгі жалпы, орта жалпы немесе бастауыш кәсіптік білім берудің базасында орта буын мамандарын даярлау, жеке тұлғаның білімін тереңдету және кеңейту қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Ондай білім орта кәсіптік білім беру мекемелерінде (арнаулы оқу орындарында – техникумдарда, училищелерде, колледждерде) немесе жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінің бірінші

сатысында беріледі. Жоғары кәсіптік білім берудің мақсаты – жоғары білімді мамандарды даярлау, жеке тұлғаның білімін орта жалпы, орта кәсіптік білім берудің базасында тереңдету және кеңейту қажеттілігін қамтамасыз етеді. Жоғары білімді жоғары кәсіби білім беру мекемелерінде (жоғары оқу орындарында, университеттерде, академияларда, институттарда, колледждерде) алуға болады. Бастауыш және орта кәсіптік білімі бар жастар мамандықтарына сәйкес жоғары кәсіптік білімді қысқартылған, жеделдетілген бағдарлама бойынша ала алады /3/.

Қазіргі заман талабына сай жылдам өзгеріп отыратын өмірге бейімделген, өзін-өзі көрсете алатын, қоғам өміріне белсене қатысатын, шығармашылықпен ойланатын, ұлттық құндылықтар мен этнопедагогика қағидаларын меңгерген, ғаламдасуға байланысты, «Интернет» жүйесін жетік білетін, ғылым жаңалықтарын әлемдік деңгейге сай зерттейтін, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін мәдениеті жоғары жеке тұлғаны тәрбиелей алатын болашақ мұғалім мамандығы болып табылады. Сондықтан да кәсіби білім беру арқылы болашақ мамандардың бойында кәсіби біліктіліктерінін қалыптастыру үшін: біріншіден, студенттердің мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілігі мен тұрақты қызығушылығын арттыру, өздігінің педагогикалық және арнайы білімдерді пайдалану; екіншіден, болашақ мамандардың кәсіптік біліктілігін, шығармашылық, ізденімпаздық, жаңашылдық, интеллектуалдық, зерттеушілік қасиеттерін қалыптастыру; үшіншіден, педагогикалық іс-әрекеттер мазмұнын анықтау, оның нәтижелері, білім санасын арттыру.

Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудың ең басты міндеті жас ұрпаққа өмірде қажет болатын білім беру. Баланың ел ертеңі үшін нағыз азамат болып, тәрбиеленіп шығуы үшін мектептерде қоғамдық пайдалы еңбектің маңызы зор. Кейбір мектептердегі шағын цехтар өнім шығарумен айналысып, оны көрмелерде, сауда орындарында, т.б. жерлерде сатып пайда табуда. Осыған орай, мектеп жасындағы балалардың еңбекке араласуы жасына қарап анықталып, арнайы бағдарлар жасалып, еңбек сабақтарын көбейтуді қажет етеді. Мектеп тек қана орта білім беру ғана емес, сонымен бірге жасөспірімдерге арнаулы еңбек даярлығын үйретіп, кәсіптік даярлықтан өткізу керек деген идея осы реформалардың негізі болып отыр. Мектеп оқушыларының кәсіби қызығушылықтары негізінен алғанда оқу (танымдық) іс-әрекеті кезінде қалыптасады да, өндірістік еңбекте бекітіліп, кейіннен мамандық таңдауда көмекші әсерін тигізеді. Сонымен қатар жасөспірімнің санасында өзін болашақ кәсіпкер, мамандық иесі ретінде сезінуі, өндірістің әр саласында қызмет жасап жүрген адамдарға еліктеуі мамандық таңдауын жетілдіреді. Ғылыми-техникалық прогрес жағдайында өндірістік күштердің жедел дамуы, өндірістің автоматтандырылуы мен жаңа технологиялардың өмірге енуі және нарық қатынастарына бейімделген қазіргі экономикаға зәру мамандарды даярлау күн тәртібіне қойылып отыр. Сол себепті жастардың кәсіби мамандық таңдау жолына қоғамның мақсатты түрде ықпал етуі қажет болып отыр. Кәсіптік білім беруде жастардың өз бетінше мамандық таңдай алуы, кәсіби бағдардың оқушылар арасындағы қоғамдық рөлінің ұлғайуы осы процесті басқарудың ғылыми жүйесін құруды талап етеді. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды даярлаудағы кәсіптік әрі ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі қазіргі талаптарға сай болуы және болашақ педагогтардың кәсіби іскерлігін білім стандарттарына, мазмұнына сай жетілдіру проблемалары көкейкесті мәселе болып отыр.

Қазіргі жағдайда жоғары білім беруді дамытудың негізгі тенденциясы мамандарды даярлаудың сапасын арттыру, инновациялық білім беруді дамыту, жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеулердің әлеуметтік сала мен

экономикалық қажеттіліктерімен тығыз байланысына, білімдік және ақпараттық технологияны жетілдіруге алып келеді.

Нарықтық экономикаға байланысты адамдардың оқу, еңбек ету, кәсіп таңдау, өзінің қабілеті мен кәсіптік даярлығы бойынша жұмыс түрімен айналысу қажеттігі туындайды. Олай болса, қоғамның өндіргіш күштерінің үздіксіз дамуы, тегін кәсіптік оқу, білікті арттыру, жаңа кәсіптік білім алу, кәсіптік бағдар беру жүйесі, еңбекке орналастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Осындай жағдайларға байланысты жастарға кәсіптік бағдар берудің әлеуметтік-экономикалық маңызы арта түседі.

Кәсіптік білім беру сапасын көтеріп, жоғары білім беру құрылымдарын реформалауда - кәсіби оқытудың жаңа түрлерін енгізу, педагогикалық жаңа технолгогияларды қолдану, интерактивті әдістерді пайдалану, ақпараттық технологияны қолдану, педагогикалық процесті жетілдірумен қатар, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына байланысты өндірісте жаңа технологиялық процестерді іске енгізумен жүзеге асады.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру міндетін – ғылымды көп қажет ететін, технологиялық білімі, басқару дағдылары бар, нарықтық экономикада бағдарлана алатын, жоғары білікті мамандар іс жүзіне асыратын болса ғана шешілетін болады. Өйткені ол идеяның туындауынан, жобалау, оны талдап жасау, экономикалық негіздеу, экологиялық салдарын бағалаудан – дайын өнімді шығарғанға дейін өзіне қандай жолдан өтуге тура келетінін білуі тиіс.

Кәсіптік білім беру арқылы жан-жақты іргелі білім негіздерімен қаруланған, белсенді, еңбек нарқы мен технологияның өзгермелі талаптарына бейімделген болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру қажеттігі – бүгінгі күн талабы. Демек, кәсіби мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуі тиіс деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Астана -2010
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Алматы -2004
3. Қадыржан Сейталиев Педагогиканың жалпы негіздері - Алматы: Өлке, 2009

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіптік білім беру негізінде болашақ мамандардың біліктілігін қалыптастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование навыков у будущих специалистов на основе профессионального обучение.

ӘОК 371.036

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Бакжанова А.Ж. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Елбасымыздың «Қазақстан 2030-стратегиялық бағдарламасында көрсетілгендей, жаңа ұрпақты тәрбиелеудің барысындағы технология пәнінің ата дәстүрді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі рөлі ерекше. Дегенмен ұлттық өнер, ұлттық нақыш тек еңбек сабағында ғана емес, балғын жасқа тәрбие беруде, сонымен қатар оқу барысында кез-келген сабақта халықтық педагогикамен үндестік тауып жатуы тиіс. Ол сөз өскелең ұрпақты үлкен адамгершілікке, патриоттық сезімге, асқан ұстамшылдыққа, асқақтыққа, биіктікке тәрбиелейді. Міне осы негізді басшылыққа ала отырып қолөнер дәрісін әріден теріп, берімен жалғастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

«Бала нені білсе жастан, ұядан өле-өлгенше соны таныр қиядан» дегендей, бала жасынан оқушылар өнердің қыр-сырын меңгеріп, сапалы әрі әдемілігін бағалай білуі тиіс. Өйткені бүгінгі таңда ұлттық қолөнер оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің бірден-бір құралына айналып отыр. Халықтық педагогика оқушыға қажетті қасиеттерді қалыптастыруы үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы. Ол заңды да! Себебі халық педагогикасы ғылым мен мәдениеттің жетілмеген кезінде пайда болғандықтан, тәрбиені еңбек пен өнерге, оның ішінде қолөнерге негіздей жүргізуді уағыздады. Демек халық педагогикасының түйіні еңбек тәрбиесі арқылы қолөнер дағды, шеберліктерді жас ұрпақ бойына дарытып, адамгершілік рухында тәрбие беру дегенді білдіреді /1/.

Атап айтқанда халық жас ұрпақты нақты кәсіпке, шеберлікке қолданбалы өнерге, ұлттық ойындарға баулиды. «Халықтық педагогиканың анықтамасын екі жақты біртұтас үрдіс ретінде бір мезгілде тәрбиеде де, оқытуда да өз көрінісін табуға тиіс»,- дейді Қырғызстан Республикасы Ғылым академиясының академигі А. Измаилов.

Ә. Қанапиннің «Қай ұлт пері болмасын, оның өркендеп өскені халықтық сипаты, шыншылдығы, халық бұхарасының өмірі мен арманын бейнелейтін белгілерін сипаттайды» деген пікіріне сәйкес Қазақстан Республикасының «тәлім тәрбие» тұжырымдамасында да «Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету. Халық мұрасын, мәдениетін жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге жастарды тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі»,- деп атап көрсетілген. Бұрын әрбір отбасында қыздарды киіз басуға, сырмақ сыруға, түскиіз тігуге, өрнек салуға және т.б өнерге баулып отырған. Ендеше «Халықтық өнердің арғы негізінен қол үзбеу», - бізге де парыз. Неге десеңіз, өнердің шын мәнісіндегі халықтығы ғана талғамның, өшпес өміршеңдіктің, әсемдіктің кепілі болып табылады. Сонда ғана нақты ашып айтқанда халықтың ерекшелігі бейнеленген өнер ғана жастарға үлкен эстетикалық тәрбие берудің құралы бола алады /2/.

Қазақ қолөнерінің негізгі мазмұны мынадай эстетикалық мәні бар мәселелерді қамтиды:

-Қазақтың халықтық қолөнерімен танысу;

-Ұлттық қолөнер туындыларына негізделген түрлі бұйымдар жасап үйрету;

-Бұйымды әшекейлеп, безендіруге баулу;

-Табиғи материалдан бұйымдар жасаудың әдістерін үйрету;

-Оқушылар пайдаланатын бұйымдар мен ұлттық стильде орындалатын түрлі заттарды жасату.

Дәріс кезінде оқушылар қазақтың бұрынғы баспанасы, үй-жиһаздары сәнді ұлттық киімдері, ыдыс-аяқтары мен ертұрмандары, түрлі зергерлік өнерлерімен танысып, түсінік алады. Сондай-ақ технология сабақтарында түрлі бұйымдарды жасап үйрену арқылы шеберліктерін арттыруға тырысады. Адам қажетіне керекті затты өңдеу арқылы түрін өзгертуге бағытталған қызметті «еңбек» дейміз /4/. Енбек етуге және оған қажетті заттар өндеуге арналған құрал-жабдықтар, мақсатқа сай қызмет және осы заттарды өндеуге жұмсалатын еңбек керек. Енді еңбекті сәнді қолданбалы өнерге байланыстыра алсақ, бұрын жұмыс істеуге қажет ағаш, тас, сүйек, металл, жүн, былғары секілді заттарды, құрал-саймандарды қолданып түрлі ұлттық бұйымдарды әдемілеп жасаған. Сондай-ақ олар күнделікті жұмысқа қажетті бұйымдарды жасап қана қоймай, оларды әр түрлі ою-өрнектермен әшекейлеп безендірген. Шебер әр түрлі материалдарды өңдеу үшін соған сәйкес құрал-саймандарды қолданған. Өз өнері мен күшін, еңбегін жұмсап сәндік бұйымдар жасаған. Ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық қолөнерімен айналысушылар өз шеберліктерін, өнерлерін үнемі дамытып отырған. Бұл ұсталардың құрал-саймандары көлемінің шағын, сандарының аз болғанына қарамастан олардың жасаған сәнді бұйымдары не олардың үлгілері ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып өшпестей із қалдырған, бүгінгі күнге жеткен. Осындай ұлттық өнерімізді әрі қарай жалғастырып, жетілдіру ендігі жас шеберлердің қасиетті борышы болып саналмақ /5/.

XX ғасырдың алғашқы жартысында-ақ басталған бір қатар жұмыстар негізінде методологиялық жағынан зерттеудегі жіберілген кемшіліктер қазақ қол өнерінің шығармашылық даму мүмкіндігін дұрыс бағаламады. Мәселен, қазақ ою-өрнектерінің құрылысын, заңдылықтарын алғаш рет байқауға ат салысқан С.М.Дудин күнделікті тұрмыс қажетіне керекті заттарының сауда орындарында, фабрикаларда жасалып түсуіне байланысты қазақ өнері жақын уақыттың ішінде мүлде жабылады деп есептеді. Мұндай теріс жорамал мәселені жалпы қоғам мен мәдениеттің даму тарихынан тыс, қазақ мәдениетіне ұлы орыс мәдениетінің даму тарихының ықпалы мен байланыссыз қарағандық салдарынан пайда болған /6/.

Қоғамдық дәуірдің қай сатысында болмасын қоғаммен бірге дамыған қолөнері әр дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік көркемдік жағынан дәуір тынысын қалт жібермей, әсерін тигізіп отырды. Қолөнердің қазіргі дәуірдегі дамуы күрделі де аса бай, онымен бірге күнделікті тұрмысымызда гүлденген өмірімізді жан-жақты бейнелеуде, халықтық эстетикалық жағынан тәрбиелеуде қызмет етеді. Қазақстан топырағындағы қолөнердің көне заманнан келе жатқандығына Павлодар ауданындағы Досыбай жартасындағы суреттер, Киргельді өзенінің аңғарынан табылған керамикалық қазындылар және Есік, Тасмалы қазынасы мен көптеген тағы басқа материалдар дәлел бола алады.

Қазақ халқының өнерін, сұлулық, әсемдік әлемін танып білуге, мәдени байлығын ашып көрсетуге, адамзатқа ортақ өнегелі құндылықтарға бағыттайтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған әдет-ғұрыпты дәріптеу, салт-дәстүрлі ойындарды жас ұрпаққа үйрету арқылы туған халқына деген құрметпен мақтаныш сезімін ұялатып, бойына сіңіру.

Халықтық педагогика жас ұрпақты ерте бастан еңбекке, ұлттық қолөнерге жас ерекшелігіне қарай баулыған. Ұлттық сәндік қолданбалы өнер ерекше көркемдікке негізделген сәнділігі, ырғақтығы, пішімі мен үйлесімділігі эстетикалық ләззәт беретіндей дүниелер. Осы дүниелерді пайдаланып: жас ұрпақты қолөнерге үйрету арқылы олардың бойына еліне, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттыруға, еңбек арқылы тәрбиелеуге күш салуымыз керек. Қай халықтың өнеріне, бейнелеу мәдениетіне зер сала қарасақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз /7/.

Қазақ халқының мәдениетінің өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық рухани негіздерін қалыптастыратын халық дәстүрлерімен тәрбиелеудің маңызы зор. Әрбір адам өз халқының рухани қазынасымен оның ұлттық мәдениетімен әдет-ғұрып дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі туындап отыр. Өйткені өз халқының ұлттық ерекшеліктерімен сезінбей басқа халықтың өзіне тән белгісін толық түсіну мүмкін емес. Қазақстанда эстетикалық тәрбиенің қалыптасуы мен дамуы халықтық сан ғасырлық тарихымен, тұрмыс тіршілігімен және мәдениетімен тығыз байланысты. Адамдардың сырт-тұрпатында, қарым-қатынастарында, киім-кешегімен үй-жайларында, тіл мен өнер туындыларында эстетикалық мәдениеттің, талғам мен ұғымдардың ерекшеліктерімен әдістері көрінетіні даусыз. Қолданбалы өнердің әлеуметтік-тәрбиелік рөлі тек оның туындыларының өзіндік, көркемдік, эстетикалық құндылығымен ғана бағаланбайды, сонымен қатар адамның өз заманына сай талғамын білдіруінен, өткендегі мәдениетпен, ұлттық дәстүрдің сабақтастығынан көрінеді. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі отбасындағы еңбек тәрбиесіне негізделген. Кәсіппен өнердің түрлері олар үшін күн-көріс көзі ғана емес, рухани қажетті тәрбие құралы да болған.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу.

«Адам өнерімен әсем, аң жүнімен әсем» - деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз әсемдік тәрбиеде халық өнерінің алатын орны ерекше болған. Қазақ халқының халықтық педагогикасы кешегі қариялардан, шешен билерден, ақын жыраулардан мирас болып қалған. Өнерді қайта жаңғыртып, жастарды халық педагогикасына және эстетикалық тәрбиеге тәрбиелеу күндегі педагогтар ғана емес бүкіл қоғамымызға ортақ әлеуметтік қозғалыс болып табылады. Жастарды дүниежүзілік деңгейге сай тәрбиелеуге негіз бола алатын, әрі солардың бойындағы ең асыл қасиеттерді қалыптастырып, парасатты іс-әрекеттерге баулыйтын аса пәрменді тәрбие құралы халық шығармашылығынан сусындандырылған эстетикалық тәрбие.

Қолданбалы қолөнерге үйретудегі жетістігіміз –ұлттық мәдениетіміздегі ауқымды қолөнер мұраларының тәрбиелік мүмкіндіктерімен, өнер тынысымен сабақтас болғанбағалы қазана иелерін тәрбиелеу. Қолөнердің пайда көзі үшін емес, оған үңіле қарасақ астарында рухани қажеттіліктер жатыр. Жаңұя еңбек тәрбиесінде баланы еңбекке, әсемдікке тәрбиелеп, халықтық ізгі қасиеттерді дарытып отырған. Қолөнердің салаларында әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар.

Болашақ бүгіннен басталады демекші адамның жарқын болашағы оның өз өмірін «әсемдік заңы» бойынша ұйымдастыруына байланысты болмақ. Кезінде эстетикалық тәрбие мәнін аша келе, А.В.Луначарский эстетика саласынан білім беру балаларға арналған қайсы бір өнерді қарапайым түрде оқыту деп түсінуге болмайтындығын, керісінше олардың сезім мүшелері мен шығармашылық қабілеттеріне жүйелі түрде әсер ететін оқуды, одан оқушылардың ләззат алып, оны өздері жасай білу мүмкіншіліктерін дамыту деп түсіну керектігін айтқан.

Қорыта келгенде қазақ қолданбалы қолөнері жас ұрпақты тоқу мен өруге, жан-жақты өнерлі болуға ғана бейімдеп қоймай, адамгершілікке, өнерсүйгіштікке, шыдамдылыққа, төзімділікке, инабаттылыққа, ұшқыр ой ойлауға, сезімталдыққа, мәдениеттілікке тәрбиелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» А., 1995
2. Ш. Абдуалиева «Халық қолөнері» А., 1992

3. Хрестоматия по истории средних веков. Под.ред. С. Д: Сказкина в 3-х томах Т.2.-М.,1963. с . 136-152
4. Л.М.Левин «Ковры и ковровые изделия» М., 1997
5. А.Н.Прикулиева Ковровые ткачества туркмен долины средней Амударьи М., 1966
6. А. Маргулан «Казахское народное прикладное искусство» А., 1986. 1,2,3 том
7. Х. Арғынбаев «Қазақ халқының қолөнері» Алматы, 1987

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қолданбалы қолөнер арқылы жастарды еңбекке баулу, олардың ұлттық сана-сезімін, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль декоративно-прикладного искусства в технологии, ее значение в формировании эстетического вкуса и трудовых навыков подрастающего поколения.

ӘОК 687.16

ХАЛЫҚ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бәкірова Л.Ш. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Дәстүрлі өнерде бояу түсі өзінің тұрақты мағынасымен қуатты күшке ие. Ол дүниетанымдық көзқараспен байланысты. Бір жағынан, эмоционалды екпінділікті күшейтуге жағдай жасайтын живопистік реңдер өнертану теориясы тұрғысынан тереңірек ашылса, ал біздің жағдайымызда қарастырылатын бояу түсінің тұрақты нақыштарын мәдениет философиясы тұрғысынан талдаған ыңғайлы.

Мысалы, И.Кант өнер мен көркемдік кәсіпшілікті ажыратып таратады: біріншісі - еркін өнер, екіншісі - табыс үшін жасалатын өнер /1/.

“Бұрынғы және қазіргі шеберлердің шығармаларында бір-бірінен түбегейлі айырмашылық болмауы мүмкін (дегенмен сарапшы салыстыра талдау барысында ұпайды соңғысының пайдасына бермеуі мүмкін). Оған таң қалудың қажеті жоқ, халықтық өнер біздің қабылдауымыз сияқты дәстүрлі, өзгеріссіз құндылықтарды, формалар мен бейнелерді бағдар тұтады. Оның міндеті - өнердің бұрынғы келбетін бүгінгі күнге табиғи етіп қайта жаңғырту. Бірыңғай нәтижеге әкелетін секілді жолдар мен шығармашылық айла - шарғылардың қаншалықты әралуан жолы бар!

Қазіргі халық шеберін не жасап жатқандығынан бейхабар аңғал қолөнерші ретінде қабылдауға болмайды. Халық шеберінің өзі бізде суретші болса, оның кәсібі - өнер, ал оның қолынан шыққан зат өнер туындысына айналды”. - деп жазады кеңес дәуіріндегі өнер зерттеушілерінің бірі /2/.

Фабрикалар шығарған бұйымға қарағанда халық шеберлері жасаған бұйымдар жоғары бағаланады. Таза өнер әр уақытта жоғары бағаланатын.

1925 жылы В.С.Воронов: «Суретшінің міндеті халық шеберінің алдында тұрған көркем шығармашылық ерекшеліктерді ұғынуға көмектесу», - деп жазған болатын /3/.

Көркемдік, авторлық ой - сананың қалыптасуында халықтық өнердің көркемдік тілін меңгеру және басқаларға бере білу, жеткізу әдісі де өзгерген.

Оның мәні бұрынғыдай дағдылану, шеберлікті жетілдіру, қолдың машықтығын дамытумен шектелмейді.

Ең бастысы – көркем шығармашылық процесін, өнер принциптерін тану, меңгеру, ұғу. Бүгінгі күндері халықтық өнерді арнайы оқу орындарында оқытады. Онда оқушылар алдына мақсатты міндеттер қойылады. Оның ең бастысы – көркем шығарма жасауға, көркем образды сомдауға үйрену /4/.

Осы мәселеге байланысты төмендегідей ой айтылады: «Текемет, алаша, түскиіз сияқты халықтың ою-өрнек өнерінен туған бұйымдар осы кезде бірсыпыра зиялы адамдардың үйінен сирек көрінетін болып жүр. Бұл заттардың жақсы екенін жұрттың бәрі біледі. Олай болса, осы күнгі қаладағы пәтерлерде осындай бұйымдардың көзге түспеу себебі неде? Жылтыраған әдемі мебельдердің қасында машинамен тоқылған стандарт кілемдердің ғана жататын себебі неде? Әлде бұл кілемдер бұрынғыдан артық па?

Монреальдағы көрмеге қойылған қазақтың бір тәуір текеметін көргенде, американдықтар аузын ашып қалды емес пе?! Бұл капиталистердің ондай-мұндайға әуестігінен емес. Қазақтың халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарға таң қалмайтын адам жоқ. Бұған украин мен москвалық та армян мен латыш та – бәрі үлкен баға берген.

Ескіліктің зиянды қалдықтарына қарсы күресеміз, жаңа тұрмыс жағдайын жасаймыз деп жүргенде, халық шеберлерінің өнерін менсінбеушіліктің де пайда болғаны мәлім. Ал ою-өрнек өнері қазақтың ұлттық игілігінің, халықтық мәдени мұраның маңызды саласы екендігі даусыз. Ойлап қарасақ, халық дегеніміз осындай әдемі текемет пен сырмақ, алаша мен кілем, тұскиіз, аяққап, шымылдық жасаған ата-бабаларымыз бен әжелеріміз ғой. Халық өнері кәсіпкерлік емес, бұл шын мәнінде үлкен өнер деп үзілді-кесілді айтатын мезгіл жеткен сияқты.

Қолмен тоқып не ойып істелген жұмыстың бәрі бірдей өнер емес, іске зер салып, ой жүгіртіп, материалдардың қасиеттерін шеберлікпен пайдаланып, түрлі-түсті бояуды талғаммен енгізген, істің ырғағын түсінген жерде ғана өнер болмақ. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарда осының бәрі бар. Әрине, халық шеберлерінің көпшілігі сауатсыз болған, бірақ мәдениеттілік жалғыз кітапта емес қой. Халық даналығы ғасырлар бойы қалыптасты. Уақыт озған сайын жақсы іріктеліп, шеберлердің талғамы, өнері шыңдала берген. Ал ою-өрнек өнерін өркендету мәселесіне мемлекеттік тұрғыдан қарайтын болсақ, онда әңгімені осы жұмыстың жай-жағдайын жақсылап зерттеуден бастау керек сияқты /5/.

Бейнелеу өнерін философиялық тұрғыдан бағалауға үйренген теоретиктер қолөнер бұйымдарын бұрынғы тұрмыстық ортадан көруді көксейді. Мазмұн мен форма үйлесімділігін аңсайтын олар қарапайым тұрмыстық заттардан, бұйымдардан семантикалық сәйкестік іздейді. Сондықтан да осындай нәрселердің табиғи сипатын олар үшін шеберлердің көрмеге дайындаған әсем бұйымдары, әсіресе сәндендірілген әшекейлер, бұралатын сәнді пластика артық нәрсе болып көрінеді. Себебі, мұндай заттар табиғи өнерге қылау түсіреді. Ал әдейі маманданған, кәсіптік дайындықтан өткен шеберлер өздерінің білімдері мен дағдысын композициялар арқылы сомдап отыруға әуес. Қарапайым көрермендерді де осындай ізденістер, эксперименттер, жаңалықтар қызықтырады. Өнер философтары жекелік ізденіс деңгейінде қалып қойған өнер жөнінде өздерінің өкініштерін жасырмайды. Олардың аңсайтыны әлемнің ұлттық бейнесі жинақталған қоршаған орта мен синкретті бірлікте көрінетін қарапайым халықтық шығармашылық. Халықтық мәдениетті табиғатпен біріктіретін, ешқандай айласыз, бүкпесіз табиғи сипаттың оралмастай болып кетіп бара жатқандығы өнер теоретиктерін аса қынжылтты. Бұл жөнінде де кезінде аз жазылып, аз айтылған жоқ /6/.

Бірақ қазірдің өзінде дәстүрлі өнерді мирас еткен, ежелден келе жатқан аталар өнерінің рухын қазіргі таңда жеткізуге атсалысып отырған жеке шеберлер де республика бойынша баршылық екендігін айта кеткеніміз жөн.

Кезінде кәсіптік білім алған кейбір шеберлер халықтық өнердегі бұрынғы табиғилықты қайта жаңғыртуға ұмтылады. Мұндай жағдайда өзін халық шеберімін деп есептейтін кәсіпкер суретші ұлттық киім киіп, жүріс-тұрысындағы, дүниетанымындағы образды белгілерді жаңғыртып, тіпті табиғатқа жақын орналасуға тырысады. Мысалы, көпшілікке танымал Дәркембай Шоқпаров өзінің туған жері Ақши ауылына көшіп кетті. Ал, Алматы маңында орналасқан жас кәсіпкердің мекені «шеберлер ауылы» деп аталады.

Дәстүрлі өнерге қойылған өркениет заманындағы кәсіпкерлік талап-тілектер мәдени ортаны өзгертпей қоймайды. «Мәдениет - өзінің жетістіктерінде ешқандай пайда көздемейді, өркениеттілік әр уақытта себепсіз, пайдасыз ешнәрсе жасамайды.» - дейді Н.Бердяев /7/.

Бірақ шебердің өзіне ғана тән жекелік ой-өріс халықтық өнердегі көркем тілдің жекелік тілдің жекелік сипатынан озып кетіп отырады. Себебі халық өнерінің көркемдік тілі жекелік болмағандығымен, ұжымдық санамен, дәстүрлік сипатымен құнды. Ол қазіргі болып жатқан сұраныстарды өтемейді, ол өткенге тән, себебі оны бізге дейін көптеген ұрпақтар қалыптастырып келді. Сонымен, осыдан келіп қарама-қарсы жағдай туындайды. Жеке авторлық өзіндік санамен жұмыс істейтін суретшілер индивидуальді авторлық емес шығармалар жасауға қатысады /8/.

Халық өнері шебері атанған суретшінің алдына қойған өзіндік ерекше міндеті бар. Ол халықтық, ұлттық, тарихи-мәдени құндылықтарды иеленуші және оны материалды формаға айналдырушы. Әр уақытта дәстүрлі өнердің көкейкесті жақтарын айқындап, оны жанды құбылысқа айналдырып, мұражай қалпына еніп, құрғақ білімге айналған өлі дүниені тірілтіп, қазіргі өнердің талаптарына сәйкес оны табиғи бірлікте бізге жеткізетін де халық шебері - суретші. Дәстүрлі өнердің қыры мен сырын толық меңгерген халық шеберлері оның тағдырына және таза сақталуына жауапты.

Кеңес үкіметі тұсындағы әр тойларға арналған киіз үйлер іші көбіне фабрикаларда жасалған жиһаздармен, бұйымдармен толтырылатын. Мақалада қолөнерінің дамуына кедергі болып отырған бірнеше жағдай атап көрсетіледі:

1) әлеуметтік жағдайдың өзгеріске ұшырауы;

2) шеберлердің шығармашылық адасушылықтары;

3) ауылда әрбір жұмыс күші қымбат болғандықтан бұйым жасауға мүмкіндік болмады, 1974 жылы: «Халықтық көркем кәсіпорындарын дамыту» жөніндегі қаулы халықтық бұйымдарды шығаратын фабрикалар мен кәсіпорындардың жұмысын жақсартып, жеке қолөнері шеберлерінің бұйымдарын мұражайлардан ғана көретін болдық /9/.

Белгілі философ Н.Бердяев: «Өркениетте мамандануға бағытталған бастау көздері жеңеді, онда біртұтас рухани мәдениет байқалмайды. Мәдениет руханилықтан жұрдай болып өркениетке өтеді, руханилық кеми түседі, сапа санмен алмасады.» - деп көрсетеді./10/

Өркениет тудырған қайшылықтар қолөнері мен бейнелеу өнерінің саралық белгілерін шатастырып пайдаланудан басталады: «Соңғы кездері кілем тоқушы шеберлер «шатыр гүл» стилінде орындалған дәстүрлі кілемдерден гөрі нақты суреті бар композицияларды оң көреді. Олардың айтуынша жаңа , қазіргі заманға сай өтімді ою - өрнектерді іздестірген жөн. Жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыратын өтімді стильді олар балалар кітапшаларындағы қызылды-жасылды суреттерден, Молдавиядан әкелінген үлкен қызыл раушан гүлі бар кілем бұйымдарынан, ұп-ұсақ, шимай-шатпақ өрнектері бар Алматы – жаккард төсек

жабқыштарынан табады, мысалы, бір шебердің жолбарыс, аққу, таутеке суреттелген кілемі алыстан көрінетіндей шүйгін түсті ал-қызыл қалампырлар тізбегімен шұбарланған. Оның ауқымы 10 $м^2$ шамасында. Дегенмен, осындай кілемдер халыққа ұнайтын көрінеді. Оны көруге көршілері келіп «жолбарысың тірі сияқты екен» деп мақтайды екен. Суретті кілемдер қазір көптеген үйлерде кездеседі.» - деп күйіне баяндайды Алматылық өнертанушылар /9/.

Жалпы алғанда бұл жерде халық шеберлерінің қолөнерінің өзіндік функциясын түсінудегі адасушылықтары байқалады. Жалпы қолөнері өзінің табиғаты жағынан екі функция атқарады: біріншісі - көркем эстетикалық қызмет; екіншісі - оның тұтынылатын зат ретіндегі қызметі. Осы жерде біраз шатасушылықтар бар.

Адасушылықта көрінетін екінші бір құбылыс қолөнер мен бейнелеу өнерінің өзіндік табиғи сипатын шатастыру. Қол өнері және ою-өрнекті бейнелеу өнерімен қатар қою.

Бейнелеу өнері жөнінде сөз болғанда біз Еуропалық реалистік өнерді айтамыз. Ал Ресейге осы реалистік өнер Еуропадан енді. Петр І-дің заманында ол шыңдалып қалыптасты. XIX ғасырда оның классикалық, академистік және реалистік келбеті қалыптасты. Міне, нағыз ұлттық орыс өнері деп танылған осы нышандардың негізінде кеңес үкіметінің тұсында *социалистік реализм* стилі пайда болды. Міне осы социалистік реализмнің кеңес үкіметі тұсындағы бүкіл өнерге тигізген әсері зор болды. Ол әсер қолөнерін де айналып өте алмады.

Сондықтан ою-өрнектің өзін көсемдердің портреттері алмастыра бастады. Кейін онымен де қанағаттанбайтын болдық. Түрлі реалистік әдісте орындалған пейзаждар, сюжеттік тақырыптағы жұмыстар пайда болды.

Осы жерде тағы да мынадай нәрселерге көңіл бөлген жөн. Осындай шешімдердің дұрыс емес екендігін біле тұра қазірдің өзінде қолында дипломы бар оқыған маман кәсіпкерлердің өзі осындай тиімді композицияларды аттап өте алмайды. "Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар таза түрінде және қарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс қалыптаспайды... Ұлттық сезім ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол сыртқы әсерлерге тез бой алдырады, тез қызуланып, сағы тез сынады. Сондықтан ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл - парасат тарапынан бақылауды қажет етеді. Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортаның қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі бір құндылықтармен толықтыру арқылы жүзеге асуы тиіс. Ақыл-ойдың бақылауындағы және белгілі бір ортаның ықпалындағы ұлттық сезім ізгі, адамгершілікті болады. Табиғи, биологиялық, тектік нышандармен органикалық түрде араласады. Бірақ ақыл - парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір жерлерде едәуір бөлігінде әртүрлі қоғамға қарсы идеялар мен психологиялық тойымсыздықтан, өзімшілдіктен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануы мүмкін /9/.

Даналық - адамның ойлау қабілеті мен әрекетінің үздік нәтижесі. Ол - ой, еңбек машығы және олардың нәтижесі, ерік-жігер, моральдық- адамгершілік шешім, қарым-қатынас түрінде кездесетін қарама-қайшылықтарды жеңудің биік, үздік, бітімді, оқшау әрі үйлесімді нұсқасы.

Даналық нұсқасы мен даналық дерегі біздің халқымыздың тіршілігі мен тарихында, танымы мен түсінік әрекетінде аз ба? Біздің қазақ бақытын да, нәубетін де биік жерде, зор парасат тұғырында байыптай алған халық. Мақсатына бірде жетіп, бірде жетпесе де, мұрат ізгілігінен, даналық үрдісінен табан тайдырмаған халық /10/.

Мысалы, Т.П.Григорьева шығыстық ақыл-ой үлгілерін сараптай келіп, «Сананың сызықтан тарамауы, параллельдігі, біруақыттылығы, себеп-салдар байланысының болмауы, ішкі мүмкіндіктерге көңіл тоқтату, жүйе ішінде жекеге

салыстырмалы бостандық беретін интровергтілік бүкілінің «бірі бәрінде, бәрі бірінде» үлгісінде байланысқан бейдуальділік, яғни екіге жарылмайтын жалпылықтың бір салдар ретінде абсолюттік, эпикалық, жалқылық деңгейінің біруақыттылығы ақыл-ой түрлерінің көптүрлілігін көрсетеді. Осы тамаша модель дәстүрлі өнер сипатында және индивидуальді сана деңгейінде көрінген сомдаушы көзқарасында түйінделеді»,– деді /10/.

Қолөнері мен ою өрнектің өн бойында образды айқындаудағы форма ретіндегі және әлемнің ұлттық бейнесі ретінде көрінетін оның бейнелік тұрақты нақыштары жөнінде айтқанда, рәміздік белгінің құрылымдық жүйесі мен мағыналық тілін ұғыну барысында оның семиотикалық заңдылықтарын ескеріп, моррис бойынша рәміздік белгі жүйесінің үш деңгейін пайдалануға болады: біріншісі - семантикалық деңгей - қолөнер бұйымдары мен ою-өрнек нақыштарының тұрақты қалыптарындағы (сызықтық, таңбалық, ырғақтық сипаттары мен бояу түсі, материалындағы) берілетін мән-мағына, астарлы ой желісі. Ондағы бейнелік тұрақты қасиеттердің космоспен, о дүние, бұ дүниемен байланысы, кеңістік пен уақытқа қатынасы, кеңістіктегі ариенттер ретіндегі, уақыт аралығындағы статистикалық немесе динамикалы көрінісі және оның философиялық тұрғыдан алғанда өнердің басқа түрлеріне қатынасы қарастырылады; екіншісі - статистикалық деңгей - қолөнері мен ою-өрнектегі бейненің тұрақты нақыштарының сыртқы дүниемен байланыссыз ішкі заңдылықтары қарастырылады. Яғни, біртұтас композицияға енетін жеке элементтердің рәміздік белгісі мен өзара қатынасынан туындайтын белгі-хабарлар; үшіншісі - прагматикалық деңгей, рәміздік белгі жүйелерінің мән мағынасының адамға қызмет етуі. Осыған байланысты тұрмыста пайдаланылатын кез - келген қолөнерінің басқа түрлеріне қарағанда зергерлік өнер сәндік қызмет атқарумен бірге, оның, біріншіден бойтұмар ретінде сақтандырушы киелік қасиеті, екіншіден оның адамдар арасында бір-біріне ниет білдіруде қатынас, жөн-жоралғы, сый-сияпат, ізгілік, сәлемдеме хабар қызметін атқаруы. Егер қолөнерінің басқа түрлеріне пайдаланылуы жөнінде айтатын болсақ, мұражай бөлімдеріне қойылған киіз үй және оның мүліктерінің, текемет, сырмақ секілді заттардың қазіргі дизайнмен көркемделген интерьер ішіне үйлеспейтіндігі олардың қолданылу ретіндегі эстетикалық, үйлесімділік тұрақтылығын көрсетеді. Сол секілді киіз үйге кірген кездегі ою-өрнек ансамблі сыртқы хаос пен ішкі реттілік арасындағы кереғарлықты ғана емес, киіз үйдің әсемділігін, сәнділігін, үйлесімділігін күшейте түседі және ол жанұяға берілген бата іспеттес оқылады.

Өнердің өзі адамдардың материалдық және рухани талап-тілектеріне сай пайда болып, көптеген вариантты қайталауларда дамиды. Жекелік бірлікпен үндеседі. Осы күрделі үрдісте тұрақты құрылымдық жүйе қалыптасады. Бұл құрылымдар материалдың алдын-ала өңделу сипатымен, оның табиғи қасиетімен, құрал-жабдықтар және техникалық әдіс-тәсілдермен, адам қолымен сәйкестілігімен, адамдардың дүние жөніндегі көзқарастарымен анықталады. Осы жүйелердің материалдық негізі мәнерлі құрал-тәсілдер анықтайтын оның мазмұнымен біртұтас бірлікте көрінеді. Ұжымдық түзетулерге енген бұл жүйе келе бара жалпы қабылданған заңдылық қасиеттерге ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зиновьева Т. Авторское самосознание мастера // Декоративное искусство СССР. -1985. -№9
2. Воронов В.С. О крестьянском искусстве. Избранные труды. М.: Советский художник. 1972. -350с. /186/
3. Долгушина Л. Ою-өрнек – халық қазынасы. // Мәдениет және тұрмыс. -1968. -№4
4. Зиновьева Т. Авторское самосознание мастера -С. 40. А.Канцедикас. Теоретические вкладки и практические накладки // Декоративное искусство СССР. -1984. -№10.
5. Бердяев Н. Воля к культуре и воля к жизни. -С.15. 1995
6. Зиновьева Т. Авторское самосознание мастера...-С.40. 1995
7. Ли К. Поэзия быта и проза мастерства; По материалам экспедиции по Казахстану //Декоративное искусство СССР. -1986. №3
8. Бердяев Н. Воля к культуре и воля к жизни...-С15 1995
9. Марданов Қ. Өзгені өзіңдей сыйласаң...(ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар хақында) //Ақиқат. -1999. -№1.
10. Әбдіхалық Ж. Қазақ ойы: Даналық және философия // Ана тілі. -1998. -30 сәуір

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада халық шеберлерінің қолөнері негізінде жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования национальной культуры молодого поколения на основе изделий прикладного искусства.

ӘОК 741.744

БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекбергенова А.С. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Пейзаж бұл дәрежелі эстетикалық функцияны айқындайды. Суретшілерді дарынды жеке дара етіп тәрбиелейтін күштің бірі - туған жердің табиғаты. Сондықтан табиғат көрінінісін бейнелеуге үйрету арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады. Табиғат көрінісін бейнелеуде алғашқы әсерді сақтап, дәл көрсету суретші үшін табылмайтын асыл қазына. Табиғаттың әуенін бейнелеу көптеген суретшілер табиғат аясында жүріп сурет салуды ұнатады. Ол барлық суретшілерге тән. Суретші пейзажистер шынайы пейзажбен қаламынан туындаған суретінде қоршаған айнала адамға түстердің сырын, пластикасын эстетикалық мәдениетті факт ретінде көрсетеді. Табиғат өте ғажап дүние, бірақ соны ойланбастан, кейде варварлық түрде ландшафты жерлерді, әсем жерлерді құртып жатады. Сол себептерден де пейзаж кескіндемесі табиғатты қорғау ретінде қолдананылады. Пейзаж жұмыстары адамға табиғатқа деген адал сенім, әртүрлі эстетикалық әдеп, ақындық сезім бәрі табиғатты қорғауға арналуы керек.

Әлемдік шығармашылық және отандық өнер дәрежелі қалыптасуын қадағалау. Суретті түпкі ойынан шыққан әртүрлі бағыттағы туындылар, жанрлар, стильдерді жандандыру, қызығушылықпен білу. Пейзаж өнері әр алуан, әрбір

пейзаждар өмірде бар нақты өлкелердің көрінісін бейнелесе, енді біреулері суретшінің қиялының туындысы. Ондай шығармалардың қай-қайсында суретшілер табиғаттың мінез – құлқын, айнытпай беруге тырысады. Көрікті туған жерін патриоттық сезіммен көзінің қарашығындай қастерлеп, сүйіп өсуге баулу /1/.

Табиғат тарихпен қолтықтасып жүреді. Біз көргендей немесе керемет патриоттық картиналар және де бейнелеу өнерінде пейзаж өзіндік жанр. Ал енді дәстүрлі пейзаждың дамуы жайында айтсақ, табиғатты қорғау онымен параллель индустриялық жаңа пейзаж проблемасын ұмытпау керек. Лирикалық пейзажды жалғастыру парадокшльді ой болып көрінуі мүмкін, поэтикалық толқанысты уайымдау ал басқа жағынан әлемде индустриялдық жаңа пейзаждың даму жағын көрсету. Біз дәстүрлі пейзаж салғанда, табиғатты қорғау деп табиғат ежелгі қалпында қалып қоймау керек. Егер біз қазіргі заман кәсіпорын объектілеріне қарасақ, керемет архитектураларына қарап адамзатқа мықтап енеміз.

Пейзаж жанрының өнердегі даму тарихы, Пейзаж - табиғатты бейнелеу, пейзаж кескіндеме жанрының бір бөлігі. Кескіндеме жайында айтар болсақ, кескіндеме ең ежелгі өнердің бірі,ол көне дәуір мен Қытай өрлеу дәуірінде де, ежелгі Египет пен Грецияда да өмір сүрген. Бейнелеу өнерін орыс тілінде «живопись» суреттегі нәрсені өмірдегідей тірілте бейнелеу деп аталатыныда осыдан. Кескіндеме – бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі кемел түрі, онда бейнелеудің сан алуан құралдары қолданылады (акварель, майлы бояу, гуашь, темпера, пастель т.б.) суретшілер өнердің ұшы – қиырсыз осы саласына өздері сүйген әуен тақырыбын тандап алады. Біреулер портрет жазғанды ұнатады, екіншілер натюрморт, үшіншілері тарихи соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге құштар болса, және табиғатты бейнелеуде пейзаж жанрының орны ерекше. Пейзаж француз сөзі, бұл ланшафты, табиғатты бейнелеу. Пейзаж дербес жанр ретінде Қытай, Жапония, және басқа шығыс елдерінде сондай – ақ Еуропада дамыған.

Пейзаж қайсыбір жерлерде айнытпай бейнелеу емес, онда суретшілердің сезімі мен ойларынан шыққан үлкен мүмкіндіктері жатыр.

Адам өмірімен салыстырып қарағанда табиғат өмірі мәңгілік сияқты болып көрініді. Пейзаж өнері әр алуан. Кейбір пейзаждар табиғаттың өмірімізде бар нақты көрінісін бейнелесе, енді біреулері табиғаттың мінез – құлқын айнытпай бейнелеуге тырысады. Адам әу бастан – ақ табиғат көрінісін салған. Бірақ көпке дейін белгілі бір оқиға мен адам тұлға – тұрпатын бейнелегенде керек фон ретінде пайдаланылып келген. Тек XVII ғасырда біріңғай табиғат көрінісін бейнелейтін картиналар туа бастады. Мұндай жанрды Голланд суретшілері ойлап тапты. Голландия – Солтүстік теңіз жағасындағы мұхит деңгейінен төмен жазыққа орналасқан ел. Егер тоспалар мен бөгеттер болмаса, оның түп – түгел судың астында жатуы да мүмкін еді. Табиғатпен қатал да қиын күрес голландықтарды өздерінің шығын болғанын көрікті елін көздерінің қарашығындай қастерлеп сүйіп өсуге баулыды. Сондықтан болар өз жерін бейнелейтін картиналарды өте ұнатты. Міне, мал жайылып жатқан ну шалғын, өзен жағасындағы жер дирмендер. Соның бәрін суретшілер өз өлкесінің портреті деп ұғынып, мейлінше тәлпіштеп, мұқият көрсете білген. Голланд суретшілері ондай пейзаждарды шағын кенен шаруашылығы салатын. Сондықтан, кейін жұрт оларды «кішкене голландықтар» деп атап кетті.

Әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында орыс суретшілері пейзаж жанрында шығармалар орындауда зор табысқа жетті. Ф. Васильевтің «Жаңбыр алдында», К. Юонның «Қыс соңы», С. Герашмовтың «Қыс өтті», К.Коровиннің «Көктем», И. Айвозовскийдің «Тоғызыншы вал» , т.б. көркем шығармаларында табиғат көрінісінің алуан ерекшеліктері шынайы бейнеленген.

Қазақстан жері көркем табиғатқа өте бай, өйткені елімізде асқар тау да, кең дала да, шөл де, көл де баршылық.

Қазақ халқының тұңғыш кәсіби суретшісі Әбілхан Қастеев табиғат суреттері арқылы өзінің үздіксіз жаңарып жатқан туған өлкесін асқан шабытпен бейнелеген.

Акварельмен салынған суреттер сериясы қазақтың шексіз жомарт даласы, жанат жайлауы жайлы сыр шертеді.

Қазақстан суретшілері туған елінің бай табиғатын шабытпен жырлай білді. Табиғат көріністерін бейнелеген талай суретшілер жоғары көркемдік талапқа сай шығармалар туғызды. Ә. Ысмайыловтың «Хантәңірі атты» шығармасы сұлу табиғаттың ғажайып көрінісін көз алдымызға жайып салады.

С. Айтбаевтың «Бақыт» атты шығармасы жайлаудағы жайылым, жылқышылар өмірінің тыныс – тіршілігін мензейді.

Суретшілердің шығармаларындағы бояу түстерінің жарасымдылығы өмір шындығын көрсетеді.

Натюрморт дегеніміз не? Бір қарағанда бұл өте оңай сияқты: бірнеше нәрсені ал да суретін сала бер. Жас суретшілердің бәрі бұл кезеңді басынан кешеді, жылдар өте нтюрморт уақытты, тұрмысты, мәдениетті, ауқаттылықты, табиғатты бейнелеп, өнер тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, тарихи тұрғыдан да зерттеу объектісі болатындығын, сондықтан қарапайым оқушының натюрморты да дүние жүзіне атақты суретшілер шығармасы сияқты бағалы екендігін кейіннен түсінеді.

Натюрморт ғажап қажеттердің иесі. Суретші натюрморт арқылы білім алады, бастапқы композициямен, пропорция, перспективамен, реңдік суретпен, живопись және де бейнелеудің басқа да көп түрлерімен танысады және көбінесе суретші үшін натюрморт оның шығармашылығында негізгі тақырып болып қала береді. «Өлі табиғат дүниесінде» фонтастикалық метоморфоза мүмкін екендігі сонымен қатар, «таныс» сезімін сақтайды. Нәрсе әрқашан танымал сонымен бірге құпиялы.

Натюрморт – жанрдың көмекші тәсілі ғана емес. Қойылым тілімен ол өмірді жан – жақты сипаттайды. Натюрморт – өмірдің қуанышын нығайтып, жемістің, көкөністің, гүлдің әсемдігіне, әйнектің, металдың жарқырауына, қарапайым нәрсеге сүйсіне қарауға шақырады.

Натюрморт – сюжеті жағынан таусылмайтын жан – жақты және таңғажайып тақырып. Тұрмыстың кез - келген заты: гүл шоғы, теңіз жағалауында табылған бақалшық, піскен алма суретшіні ғана емес, сонымен қатар көрермендердің бірнеше ұрпағын да толғандыратын өнер шығармасының объектісі бола алады.

Натюрморт шынайы реализм немесе біраз кубизм, кенеп немесе папирус беті, темпера немесе пастель болсын қай стильде салынса да тамаша. Жаңа техникалардың дамуына байланысты натюрморттың өмірді бейнелеу тәсілдері де дамуы мүмкін.

Бұл тақырыпты талдауда әдебиет санының көптігі мүмкіндік беріп, натюрморттың табиғатын көрсетіп, оның пайда болуын, комозиция арқылы көрсетеді. Әдістемелік нұсқаулар беріп және осы әдебиетке сүйене отырып студеттердің қызығушылығын, ерекшелігін және жасын ескере отырып сабақтарға ыңғайлы бағдарлама мен ұлан-байтақ әлемді, оның барлық әдемілігін ашып, жас ұрпаққа сценарий әзірлеуге тырысамын. «Өлі табиғат» атты ұлан барлық әлемді көрсету, оның барлық әдемілігін ашып, жас суретшілер буынына өз білімімді беруге тырысу, оларды қызықтырып бұл таңғажайып әлемге енгізіп, өнер мен техникаға сүйіспеншіліктерін арттыру.

Бүгінгі таңда көркем білім беру жүйесінде екі тенденция анық байқалады.

Бүгінгі тенденцияны жақтаушылар сурет, живопись және композицияны зерттеудің дәстүрлі әдісінің мүмкіндігі әлі зор деген көзқараста. Визуальді технология саласындағы прогресс (теледидар, видио, мультимедия және т.б.) Бейнелеу өнерін көркем бейнелеу тәсілдерінің бүгінгі күнгі ізденістеріне шоғырлануға мүмкіндік береді. Бұл ізденістердің мақсатты суретші сұлулық идеалын адыкватты бейнелеу және оқыту, әр ғасырда бұл мәселе адамның өзін – өзі және қоршаған әлемді тану үрдісінің бастауы болып, қайтадан қойылып және шешіліп тұрады.

Дәстүрлі көзқарастың мағынасы дүниетанымды «Үнемі жаңалық ашу», өткен буынның тәжірибесін зерттеуге, шығармашылық өркендеуге және жаңалық ашуға негіз болады.

Көркем білім алу жүйесінде бейнелеу өнерін игерудегі дәстүрлі көзқарас көргенді, естігенді және ойлағанды бейнелей білуге оларды нақты визуальді формаға келтіру. Оқытудың танымдық, тиімділік маңызы айқын көрсетіледі.

Екінші тенденция үздіксіз принципінен бас тарту оны жақтаушылырдың пікірі бойынша суретшінің бастапқы шығармашылық мүмкіндігі тізгінделеді. Олар бейнелеу шығармашылығында еркін өзінің әлпетін көрсету үстемдірек болуын талап етеді, өзінің әлпетін көрсету еркіндігі бүгінгі күнгі өнердің дәстүрлі де саналы жаңа ерекшелігі. Бүгінгі күнгі бейнелеу өнеріндегі еркіндікті жоғары санау, қалыптасқан қоғамдық қарым – қатынастың нәтижесі, ол бұқаралық коммуникациялық құралдарынан белсенді таратылады. Бұл тенденция шығармашылық үрдісті спонтандық импровизацияға тең деп санайды.

Бұл пікір эклептиканы қағида етеді, жеке жағдайды жалпыдан үстем болуға, оқиғалардың кенет өзгеруін принципке айландырады. Барлық мәдениеттік үрдістің бағытын анықтайтын құндылық бағдар пайда болады.

Бүгінгі күні көп ғасырлық мәдени мұраға сүйеніп білім беру қажет. Білім берудің методологиясының алға басуы барлық салаға өнердің енуімен байланыстырады, атап айтқанда бүгінгі күнгі жалпы білім беру мектебінде жеке тұлғаны дамытуды өнер, көркем пәндері ерекше орын алады, олар сұлулықты сезу, жоғары эстетикалық талғамды қалыптастыруға, өнер туындысын, тарихи ескерткіштерді және сәулеттік өнерді, табиғаттың сұлулығын және байлығын бағалауға үйретеді.

Көркемдік білімнің басты мақсаты жеке тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыру, адамзат құндылықтарын бағалауға үйрету. Бейнелеу өнерінің мазмұнына эстетикалық тұрғыдан өнер мен өмірді қабылдау енеді.

ӘДЕБИТЕТТЕР

1. Н. В. Волков. Композиция в живописи. –М.: 1997г.
2. Б.В. Беда. Основы изобразительной грамоты. –М.: 1970г.
3. Р.Б. Мизанбаев Живопись. – Алматы, 2005г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада пейзаж бен натюрмортты бейнелеуде қоршаған ортамен байланыстылық сақтау және оның құндылығы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмативаются соотношение пейзажа и натюрморта с окружающей средой, и его ценности.

ӘОК 745.5

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕР МЕН СУРЕТ ӨНЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Дарменова Р.А.- п.ғ.к. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Қонарбаева С.Ж.– магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының қолданбалы қол өнерінің өзіне ғана тән даму тарихы бар. Тарих сонау көне заманнан басталады. Қазақ халқының ертеден келе жатқан қолөнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуірінен басталады. Соңғы палеолит дәуірінің ескерткіштерінен-ақ жануарлардың толық бейнесінің қатарында алғаш рет онша айқын емес, бірақ символдық мағынасы біздің заманымызға дейінгі адамның ойлауын көрсете алатын түрлі белгілерден байқауға болады. Бұған дәлел ертеден жүргізіліп келе жатқан археологиялық зерттеулер /1/.

Неолит дәуірінде үңгір тұрғындары керамикалық ыдыстарды қолымен жапсырып жасау әдісін игерді. Олар көбінесе ыдыстардың жоғарғы жартысына тісті қалыппен сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнектерді түсірген.

Қола дәуіріндегі Қазақстан территориясында тұрған тайпалар еңбек құралдарын, қарулар, сәндік, заттар, тұрмыстық бұйымдар жасау, құю, қақтау, қысып өрнектеу, жону, жылтырату технологиясын жақсы меңгерді, заттарға өрнек сала білді /2/.

Міне сол кезеңдегі бұйымдарда бейнеленген белгі – таңбалардың XVII – XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-өрнектерге өте ұқсас келгендігі Ә.Марғұланның, Қ.Ақышевтің, М.Мұқановтың, К.Ибраеваның, С.Х.Шалғынбаеваның дәстүрлі отбасылық рәсімдері қарыстырылу барысында басты назарда тек дәстүрлік пен жаңалықтарға ғана аударып қоймай сонымен бірге қазақ тұрғысының этнологиялық мәдени ерекшеліктерін әлеуметтік мәдени келбетіне де ерекше тоқталып кетеді /2/.

Саңғыру қорымынан қазып алынған қыш ыдыстарда бейнеленген дөңгелектер қазақтардың киіздеріне салынатын өрнектерді еске түсіреді. Қарқаралы алқабының Шортанды бұлақ қонысынан табылған айшық түймелер, жылқының сүйегінен ойып жасалған ромб, үшбұрыш тәрізді өрнектер де қазақ халқының кейінгі дамыған қолөнер туындыларында жиі қолданылады.

Шығармашылық еңбектің ең көнеден келе жатқан түрінің бірі - ертедегі тас дәуірінде жартастарға салынған неше түрлі таңбалар, тас пен сүйектен жасалған қарапайым құралдардағы жүргізілген сызықтар – осылардың бәрі адам қолымен жасалынған туындылар.

Қайта өрлеу дәуірінде сурет өнері күрт дами түсті. Сол кезде дүниеге келген Леонардо да Винчи мен Микеланджелоның, Дюрер мен Гольбейннің туындылары күні бүгінге дейін бізді өзінің асқан көркем шеберлігімен және таңғажайып мүлтіксіздігімен баурап тұр. Қайта өрлеу дәуірінде суретшілер кескіндеме шығармаларын жазар алдында әр түрі суреттер салып қолдарын жаттықтырады. Сурет салуда Рубенс пен Рембрант та алдына жан салған емес. Тіпті әлемнің алып шеберлерінің бірі Микеланджело (1475- 1564) «Бейнелеу өнерінің барлық түрінің қайнар бастауы мен жан - жүрегі сурет деп өте жоғары баға берген». Ал XX ғасырға келетін болсақ, онда біз Матисс, пен Пикассо есімдерін ауызға аламыз.

Бірнеше ғасыр бойы дамып, жетіліп келген сурет өнері бай тәжірбие жинақтаған, бейнелеу құралдарының орасан зор түрлерін тудырған.

Ә.Қастеев мұрасы–республикамыздың зор жетістіктерінің жылнамасы. Оның творчествосын Қазақстан өмірінен бөліп қарауға болмайды, оның әр туындысы туған жерге деген сүйіспеншілік сезімге толы. Белгілі қылқалам шебері академик Орал Таңсықбаев айтқандай. «Елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-

ғұрпын жан-жақты зерттеп білгенде ғана ғажайып өнер туындауы мүмкін» деп айтқан екен.

Әрине, бұдан кәдімгі кәсіби шеберлер де, қолына қыл қаламды жаңадан ұстай бастаған жас талапкерлер де өзіне қажетті дегендерін молынан таңдап, талғап алуларына болады. Байсалды зерттеп, білгірлікпен таңдай білсе және творчестволықпен қолданып отырса өнердің тұңғиығына тереңдей түсетіні сөзсіз.

Өткен заманның ұлылығын жеткізе білген сурет өнері бүгінгі күнде де тұғырықтан таймай, небір ғажайып туындылар дүниеге келді. Күнделікті өмірімізден эстетикалық сұлулықты тап басып көре білсек, жақсылық атаулыға үйір боп, оны тікелей сезініп отырсақ сонда ғана бұл асыл қасиеттер сурет салуға, барлық өнермен айналысуға, жетелеп отыратыны анық. Сурет салудың қыр-сырын терең меңгерген болашақ мамандар сан салалы творчестволық міндеттерді ойдағыдай шешіп отыратын болады. Ондай маман өзінің ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Тек өзінің өмірін бейнелеу өнеріне арнаған адамдар аз болған жоқ. Алдына келген кедергіден тайсалмай, өнердің қыр-сырын түсініп еңбек еткенде ғана көздеген мақсатына жетеді.

Өнер болғанда да өміршең өнер, киелі өнер, жүректен шығып жүректерге жететін өнер, рас өнер шіркін таңдағанның тақымында кететін тоқты торым емес, өнер мифтік аңыздағы бақыт құсы сияқты, жүрегінің нұры барларға, қиялының қанатты барларға санасы сергектерге ғана қонады.

Әсіресе, суреттің мүсін өнері, сәулет өнері, бейнелеу өнері, зергерлік өнері, қолданбалы қол өнер, ер-тоқым жасау, сырмақ тігу, кесте өнері, кілем тоқу, түкті кілем тоқу, киіз басу өнері, ою-өрнек, ши тоқу өнерінің қазіргі кезде алатын орны ерекше. Ши тоқу – қазақ халқының ең көнеден келе жатқан қолөнер кәсібі. Ши тоқу үшін қазақтар далада өсіп тұрған шидің күзде пісіп жетілген сабағын пайдаланған. Белге байлап тартылып әкелінген ши сабақтары өте қарапайым тәсілмен тоқылады /3/.

Қыздар мен жас келіншектер апалары мен әжелеріне көмектесе отырып, олардың жұмысына, өнеріне зейін қойып жүріп, үйреніп алатын болған. Атақты шеберлер қолөнер саласындағы бірнеше өнердің техникасын меңгеріп түс киіздер мен сырмақтар жасап, өрнекті шым ши тоқумен бірге, тігіншілік пен киіз үйдің бау – басқұрларын да жасай алатын болған. Мұндай жұмыстарға ерте замандарда заттай ақы төленген. Қысқасы тоқылған шым шиді қазақтар өте жоғары бағалайды және өте ұқыпты тұтынған. Өйткені, оны жасау үшін көп уақыт және айтарлықтай қаражат жұмсалады.

Ши бұйымының жалпы сырт көрінісіне қарай: ақ ши, шым ши, өре ши деп үш топқа бөлуге болады. Қазақ әйелдері шидің үш түрін тоқиды: өре ши – ең қарапайым тоқылған түрі; шабақ ши – алуан түсті жіптермен орала тоқылған түрі: шым ши – киіз үйдің керегесімен сыртқы туырлығы арасына тартылған өрнекті ши.

Қазақтардың күнделікті тұрмыста қолданылатыны - өре ши. Оның үстіне жүн жайылып, түтіледі. Киіз басу кезінде жүн осы өре шиге оралады. Қарапайым өре шилерге құрт жайылады, сүт өнімдері кептіріледі /4/.

Қазақ халқының қолөнер саласында ши өндеу, оған жүн орап, өрнектеп безендіру, түр салып тоқу ісі де ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады Бұрынғы кезде шиді киіз үй жабдықтарына қолданса, қазіргі кезде композицияларды қолдана отырып, натюрморт, абстракты, тасқа салынған таңбалар арқылы ши тоқудың әр-түрлі әдіс тәсілдерін тоқуға болады. Яғни композиция ол-сонау алыстағы қиырды, көз ұшындағы тауды, жолақ-жолақ сызықтар арқылы да, сондай ашық дақтар қалдыру арқылы ой-қиялдан туған бейнелерді қағаз бетіне түсіре отырып, боялған

жүндер, боялған жіптер, шиді пайдалана отырып, салынған композициялар арқылы көрсету /5/.

Қазіргі кезде шет елдерден келіп жатқан өнер танушылардың өзі қазақ халқының салт – дәстүріне, сәндік қолданбалы қолөнерлеріне қызығушылығын білдіріп жатыр.

Барлық халықтың өзіндік ұлтына байланысты салт – дәстүрі бар. Халықтың бары да, бағы да, құты мен құдіреті де осында жатыр. Халқымыздың ғасырлар бойы өмір өткелдерінен өтіп, қилы-қилы кезеңдерден бір-құлап бір тұрумен келе жатса да өнеге өсиетін, әдет – қасиетін ғұрпын, салт – дәстүрін қолданбалы қол өнерін сақтап дамытып келген. Еліміз егемендігін алғаннан кейін қанымызға сіңген салт – дәстүрімізді қол өнерімізді қазіргі таңда заманға сай етіп жаңғыртуға көп көңіл бөле бастады. Қазақтың сәндік қолданбалы қолөнерінің мәдени ерекшеліктері қазіргі таңда алатын орны өте зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. 38 – 50б. А., 1995.
2. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. 8 – 56б. А., 1977.
3. Шөптібай Б. Қазақтың ою-өрнектері Альбом. 17–87б. А., 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының қолданбалы қолөнерінің тарихын ұрпаққа таныта отырып, сурет салу арқылы ши тоқу әдістерінің технологиясын меңгерту тәсілдері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается связь декоративно-прикладного искусства с изобразительным искусством.

ӘОК 371.035.3

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Иманкулова Л.Б. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміз дамуының барлық саласына, соның ішінде білім беру жүйесіне жаңа инновациялық үдістердің енуі мұғалімнің жаңашылдығын дамытып, кәсіби өсуіне алып келді.

«Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында атап көрсеттіп өтті /1/.

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін мемлекет тарапынан көп шаралар енгізіліп жатыр. Соның ішінде «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ең маңызды орын алады. Бұл тұжырымдамада кәсіби білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларда алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатта алға қойылған міндеттер: студенттердің сапалы білім алуы, мұғалімдердің біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін ұдайы арттыруы /2/.

Жаңа формациядағы ұстаз алдымен өз ісінің білгірі, болмысынан мұғалім, өз жұмысын, адамдарды, соның ішінде балаларды ерекше сүйетін, жаңа технологияларды, қарым-қатынас психологиясын меңгерген, адамгершілік тәрбиесін бойына сіңірген педагог бола білуі керек. Ол кез-келген пәнді үйрету кезінде сабаққа рухани-адамгершілік құндылықтарын енгізіп отыруы қажет. Өз пәнін сүйетін мұғалім сабағының бір де біреуі студентке тартымсыз, керексіз болмайды. Бірақ жаңа формациядағы ұстазға білімділігімен қоса, тәрбиелік-мәдениеті мен шеберлігі, интеллектуалдығы, деонтологиялық мүмкіндіктері ерекше ұстаздық мінез-құлқы, сыртқы бейне мәдениеті, педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, ілтипаттылық, сенім, әділдік, төзім мен сабыр сақтау, сергектік, байқағыштық сезімталдық, байсалдылық, ұстамдылық қасиеттері ұстаздық мәдениет аясына кіретін рухани тәрбие мен моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптармен анықталады.

Жоғары оқу орындарында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, казіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бет бұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субьект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген сөз. Білім беру жүйесін модернизациялау міндетінің шешімін табуы білім беру саласындағы қызметкерлердің жұмысымен анықталады. Қазақстан мектептерінің болашағы мұғалімдерді даярлау жүйесін дамытумен қамтамасыз етілуде. Осы жағдайды дұрыс түсінуге елде педагогикалық институттарды құру туралы мемлекеттік шешімнің қабылдануы, мұғалім мамандықтарына арнайы мемлекеттік білім беру гранттарының бөлінуі негіз болады. Бүгінгі күні мемлекеттік деңгейде мұғалімнің педагогикалық имиджін жетілдіру және оны әлеуметтік қорғау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру жүйесінің іс-әрекетін реттеуші, қазіргі құқықтық және нормативті заң шығарушы база, елімізде білім беруді модернизациялау шарттарының құрылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, жаңа формация мұғалімін даярлауды қамтамасыз ететін ауқымды сұрақтардың, нақты ережелерді нақтылауды, ғылыми негіздеуді талап ететінін де ұмытпаған жөн.

Кәсіби білім беру саласының ең басты мәселесінің бірі – кадр мәселесі. Өйткені кез-келген саланың деңгейін білікті маман ғана көтеретіні анық. Сондықтан да, білім деңгейі мен педагогтік шеберлігі жалпы білім беру мекемелерінің табыстарын айқындайды.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуы мұғалімнің біліктілігін қажет ететіндігі сөзсіз. Біліктілік, жалпы алғанда, маманның жеке мүмкіндіктері,

оның білімі мен тәжірибесі, соның арқасында ол өзінің көздеген мақсаттарына қол жеткізеді. Педагогтың кәсіби біліктілігінің мазмұны мұғалімнің педагогикалық міндеттерді өз бетінше тиімді шешуге жағдай туғызатын жеке мүмкіндіктері. Қандай да бір педагогикалық міндеттерді шешу үшін педагогикалық теорияны, оны практикада қолдана білу қажет болады /3/.

Білім, білік, қабілеттілігінің бірлігі негізінде – шеберлік – кәсібиліктің жоғары дәрежесі пайда болды. Педагогиалық іс-әрекеттің шебері болу – оқу мен тәрбиенің заңдылықтарын терең түсіну, оларды практикада пайдалана алу, тәрбиеленуші тұлғасының дамуындағы нәтижелерді сезіне білу.

Кез-келген субъектінің кәсібилігінің қалыптасу нәтижесі – оның кәсіби шеберлігінде. Шеберлік – қандай да бір саладағы жоғары өнер түрі ретінде айқындалады, ал, шебер – бұл өз ісінде жоғары өнерге жеткен маман.

Кәсіби шеберлік кәсіби іс-әрекеттен көрінеді және ең алдымен, кәсіби мақсаттылық, жеке шығармашылықпен, құралдар таңдаудағы оңтайлықпен сипатталады.

Әрбір мамандықтың өзіне тән сапалық ерекшеліктерін көрсетуде, сол мамандыққа тән белгілерді жүйелеудің, яғни, кәсіптік құрылымын – профессиограммасын жасаудың жетекші орны бар.

Профессиограмма - маңызды құжат. Олардың талаптарында кәсіби дайындық пен қайта дайындаудың барлық кезеңдері ойластырылады.

«Біліктілік» сөзі нормативтік мәнде, айталық, «жұмыс жоғары біліктілікті» талап етеді дейтін мәнде, сондай-ақ «бұл адам – жоғары біліктілік иесі» дегендей, нақты адам сипаттамасы мәнінде де қолданылады. Алғашқы жайтқа байланысты біліктілік қызметкерге қойылатын кәсіби іс-әрекетінің сандық және сапалық талаптарын белгілейді.

Мұғалімнің педагогикалық біліктілігі деп педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігін түсінеміз. Ұстазымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», - деп білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан.

Психологиялық-педагогикалық білімнің мазмұны жоғары педагогикалық білім берудің Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоғары кәсіптік білім стандартымен анықталады да, тиісті оқу бағдарламалары мен олардың оқу жоспарларымен нақтыланады. Психологиялық-педагогикалық және арнайы (белгілі бір пән бойынша) білім – мұғалімнің біліктілігі үшін маңызды, бірақ жеткіліксіз шарт, өйткені көптеген теориялық-практикалық және әдістемелік білім мен дағдының тек алғышарты ғана болады.

Кәсіби біліктіліктің құрылымы қабылданған педагогикалық білік арқылы түсіндіріледі, ал ол білік теориялық білімге негізделген және педагогикалық міндетті шешуге бағытталған бірнеше іс-қимыл жиынтығы арқылы ашылады. Ғалымдар кәсіби тұлғаны «біліктілік» және «шеберлік» ұғымдары тұрғысынан сипаттауды ұсынады. Олар педагогтың кәсіби біліктілігінің мынандай компоненттерін көрсетеді: тұлғалық-адамгершілік бағдар, педагогикалық шындықты жүйелі түрде қабылдай білу және онда жүйелі іс-әрекет жасау, қазіргі заманғы технологияны меңгеру.

Қазіргі заман білім беру жағдайында кәсіби біліктіліктің бұл төрт құрылымдық компоненті тағы үш компоненттен толықтырылады:

- тәжірибемен ұштастыру білігі, яғни өз іс-әрекетін әлемдік педагогиканың деңгейіне сәйкестендіру қабілеті, әріптестерінің тәжірибесімен алмасу, өзінің тәжірибесін қорытып, басқаларға бере білу білігі;

- оқыту мен тәрбиенің үнемі өзгеріп отыруы жағдайында педагогтың қажетті нормативтік сапасы ретінде оның кәсібіндегі болмыс тәсілі, әр түрлі білім процесі

мен жүйелерінің мазмұны, түрі және әдістері деңгейінде жаңа педагогикалық шындықты туғызу білігі;

- кәсіби білікті мұғалім рефлексияға, яғни ойлаудың ерекше тәсіліне қабілетті.

Сонымен, педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен біліктілігінің (шеберлік деңгейі) ерекшеліктеріне сәйкес олардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру керек болады. Педагогика мен психологияда «білік» ұғымының әр түрлі түсініктемелері бар. Олардың бірінде білік меңгерілген іс-қимыл ретінде, енді біреулерінде бар білімді пайдалану тәсілі ретінде, дағды жиынтығы ретінде немесе әбден қалыптаспаған дағды немесе дағдыны қалыптастырудың маңызды кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылады. Білік – іс-әрекетті саналы түрде меңгеру, сол меңгеру нәтижесінде іс-әрекетті тиімді орындау мүмкіндігі туады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі деңгейінде оны педагогикалық іс-әрекетке даярлау оның педагогикалық білігімен айқындалады. «Білік» ұғымы оқу іс-әрекетінің тұжырымдамасында қазіргі заман талабына сай және болашағы бар аса маңызды ұғым түрінде берілген. Оқу іс-әрекетінің құрамына мынадай компоненттер кіреді: оқу-танымдық есеп; оқу-танымдық есепті шығаруға қажетті амалдар; рефлексия және талдау; оқу-таным іс-әрекетін бағалау және өзін-өзі бағалау амалдары.

В.А.Сластенин барлық педагогикалық білікті төрт топқа біріктіреді:

- объективті педагогикалық шындықтың, тәрбиенің объективті нақты педагогикалық мақсатқа «көшіру» білігі, яғни жеке тұлға мен ұжымды олардың жаңа білімді меңгеруге дайындық деңгейін анықтау үшін зерттеу (диагностика) және соның негізінде олардың дамуын бейнелеу, алғашқы білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарды анықтау;

- логикалық тұрғыдан аяқталған педагогикалық жүйені жүзеге асыру білігі (білім, тәрбие жұмыстарын жоспарлаудан, білім беру процесінің мазмұнын таңдап алғаннан бастап, оның ұйымдастыру түрлерін, әдістерін және құралдарын анықтағанға дейін);

- тәрбиенің әртүрлі компоненттері мен факторларының арасында байланыс орнату, оларды іске қосу білігі; қажетті материалдық, психологиялық, ұйымдастырушылық, валеологиялық және басқа жағдайларды жасау білігі, мектепті ортамен байланыстыруды қамтамассыз ету білігі; оқушы тұлғасын белсенділендіру білігі; оның іс-әрекетін тәрбиенің объектісінен субъектісіне айналдыратындай етіп дамыту; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру білігі және т.б.;

- педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін есепке алу және бағалау білігі, яғни, оқу процесін және басқа мұғалімнің іс-әрекетін талдау және өзін-өзі талдауды жүзеге асыру білігі, сол сияқты педагогикалық мақсаттың алғашқы және келесі кешенін анықтау білігі.

Мұғалімнің теориялық даярлығының мазмұны аналитикалық, прогностикалық, жобалау және рефлексивті білігінен тұрады. Аналистикалық білік мынадай жеке біліктерден тұрады:

- педагогикалық құбылыстарды талдау, яғни оларды құраушы бөліктерге бөлу (шарты, себептері, уәжі, құралдары, түрлері және т.б.);

- педагогикалық құбылыстың әрбір элементінің басқа элементтермен байланысын түсіну;

- педагогикалық теориядағы қарастырылып отырған құбылысқа сәйкес келетін жағдайларды, қорытындыларды, заңдылықтарды табу;

- педагогикалық құбылысқа дұрыс диагноз қою;

- педагогикалық мәселелерді шешудің ұтымды тәсілдерін табу.

Прогностикалық білік мұғалімнен модельдеу, болжам қоя білу, ой эксперименті және т.б. әдістерді меңгеруді талап етеді.

Жобалау білігі білім беру процесін жобалау барысында жүзеге асырылады. Рефлексивті білік мұғалімнің бақылау-бағалау іс-әрекетімен байланысты.

Дамытушылық білік: студенттердің еркі мен сезімін, таным процесін дамыту үшін арнайы жағдайлар мен проблемалық жағдаяттар туғызу; студенттердің бұрынғы алған білімін қолдануды талап ететін сұрақтар қою; студенттермен жеке қарым-қатынас орнату /4/.

Бағдарлық білік оқушылардың бейімі мен мүмкіндіктеріне сәйкес олардың іс-әрекетіне ынтасын тұрақты түрде қалыптастырумен, тұлғаның әлеуметтік маңызды сапасын дамыту мақсатында бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырумен байланысты.

Мұғалімнің қатысымдық білігі – ол перцептивті, педагогикалық (вербальды) қарым-қатынас пен педагогикалық, техникалық білігі мен дағдысының өзара байланысты тобы. Мұғалімнің перцептивті білігі – қарым-қатынастың алғашқы кезеңінде көрінеді, басқа адамды (студентті, мұғалімді, т.с.с.) түсіне білу білігі. Бұл білікті жүзеге асыру үшін басқа адамның талғамын, ынтасын, бейімін, өмірге көзқарасын түсіне білуі /5/.

Мұғалімнің практикалық даярлығының мазмұнын біліктің екі тобы – ұйымдастырушылық және қатысымдық білік арқылы көруге болады. Мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті оқушыларды әртүрлі іс-әрекетке қатыстыра білуіне және ұжымның іс-әрекетін ұйымдастыруына, оны білім объектісінен білім субъектісіне айналдыра білуіне байланысты. Ұйымдастырушылық білігі тобына жұмылдырушылық, ақпататты дидактикалық, дамытушылық және бағдарлық білігі жатады.

Жұмылдырушылық білік: студенттердің зейінін аударып, олардың оқуға деген тұрақты ынтасын дамыту; оқуға қызығушылығын қалыптастыру және оқу іс-әрекетін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру тәсіліне үйрету; студенттердің өзін қоршаған ортадағы проблемалық жағдаяттарды шешуге белсенді, шығармашылық көзқарасын қалыптастыру. Ақпаратты- дидактикалық біліктің ерекшелігі студенттердің дайындық деңгейін, өмір тәжірибесін, жас ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын түсінікті етіп баяндау; оқытудың әр түрлі тәсілдерін пайдалану (баяндау, түсіндіру, әңгіме, проблемалық оқыту, т.с.с.) және оларды үйлестіре білу; оқу прцесі мен оқу ақпаратын меңгеру процесін логикалық тұрғыдан дұрыс құру; сұрақтарды түсінікті, жинақты түрде қоя білу; оқытудың техникалық құралдарын, көрнекі құралдарды тиімді пайдалану; оқу материалын студенттердің меңгеруінің диогностикалық сипаты мен деңгейін алдын-ала болжай білуі; мүмкін болған жағдайда студенттердің логикасы мен тәсілдерін дер кезінде өзгерте білу /6/.

Мұғалімнің кәсіптік даярлығы оның педагогикалық жоғары оқу орнын бітіруімен аяқталмайды, ол мұғалімнің кәсіптік қызметінің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен бірге, мұғалімнің кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы, оның шығармашылық қабілетін дамытуды және дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытудың шарты болып табылады. Егер мұғалім қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп, педагогикалық ұжымның қолдануға ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісі көтермеленіп отырса, мұғалімнің кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениетінің артуы барынша жемісті болады.

Әрбір мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі ой еңбегінің техникасын білу, ақыл-ой әркетінің дербес ерекшеліктерін ескеру негізінде құрылады. Мұғалімнің өздігінен білімін көтеруі оның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, дербес жұмыс жоспар түзіп, оны іске асрыа алуына тікелей байланысты.

Кәсіби қызметінің барысында барша мамандар өз педагогикалық шеберлігін арнайы курстарда, семинарларда, біліктілік көтеру мекемелерде жетілдіріп

отыруы қажет. Кәсіби білім беру негізінде мұғалімнің білігі оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады. Жоғарыда баяндалған білікті меңгеру студенттерді жоғары оқу орнында мұғалімдік мамандыққа даярлауда басты міндеттердің бірі болып саналады. Мұғалімнің кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан ол оның жалпы педагогикалық, әдістемелік білігімен, дағдысымен тығыз байланысты қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Жаңа онжылдық. Жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері.
2. Комментарии по основным положениям Послания Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстан «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» по вопросам образования и науки. Астана, март, 2005 г.
3. Педагогикалық кеңес № 4, 2009 ж
4. Менеджмент в образовании № 3, 2002 ж
5.Поташкин М.М. Управление качеством образования: Практикоориентированная монография и методическое пособие – М.: Педагогическое общество Росии, 2006.
6. Пошаев Д. Мамандыққа кіріспе. Шымкент, 2005 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кәсіби білім беру негізінде болашақ мұғалімдердің біліктілігін қалыптастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается пути повышение квалификаций будущих педагогов на основе профессионального образование.

ӘОК 373.60

ҚОЛӨНЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ

Қисалиева Л. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Дарменова Р.А. - п.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Біздің еліміздегі білім берудің ұлттық жүйесінің дамуы қоғамды демократияландырудың жалпы тенденцияларына сәйкес келетіндіктен, болашақ мұғалімдер қазіргі экономикалық қатынас жағдайына белсенді болу керек. Кәсіби және әлеуметтік қызметке даярланған болуы қажет, себебі қазіргі білім беру саласындағы модульдік, сыни тұрғыдан ойлау, деңгейлі және дамыта оқыту сияқты озық технологияларын меңгермейінше жаңаша ойлай білетін сауатты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны қолдану, оқып-үйрену, меңгеру, өмірге ендіру дамыту кезеңдері арқылы жүзеге асады.

Қазіргі кезде мақсат жан-жақты білімді, ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті, қарыштап алға басқан өмір ағымына ілесіп, өз мүддесімен халық мүддесін қатар алып жүретін ойлы, ұғымтал, көреген, ынтымақшыл, жауапты, іскер жеке тұлғаны қалыптастыру.

Алпысбай Қазығұлов шет мемлекеттерде көптеген көрмелер өткізіп, алты мыңнан астам шығармалар жазған. «Балалық шақтың ауылы», «Дала моншасы», «Қыз ұзату», «Шыңғыс Айтматов» т.б. Талай шет мемлекеттерінің мұражайларында болып, мұражайларына қарап-ақ халқының мәдениетін, тұрмыс деңгейін бағалауға болатынын айтады. Шетелге барсаңыз, мәдениет орындарының бәрін көру үшін, бір күніңізді алдын ала жоспарлап қоюыңыз керек көрінеді. Және де таң атқанша көрмелерін аралауға болатынын айтады. Ал бізде Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы мұражайдың қайда екенін білмейтіндер жетіп артылады. Біле тұра баратындары да саусақпен санарлық. Алпысбай Нығыметұлы: «Лондон мұражайларында еденде отырып, мұражайдағы суреттерді көшіріп салып отырған оқушылар мен студенттерді көресіз. Ал Қастеев мұражайынан кіріп-шығып жатқан ешкімдіде көрмейсіз»,-дейді. Расында да сөзінің жаны бар. Бүгінгі таңда жас студенттер мен оқушылар, ұлттық мұражайларымызға сирек келеді деуге болады. Себебі олар бір көрген картиналарын қайталап көргілері келмейтіндері де сөзсіз. Яғни осы заманның көрермендеріне үлкен ой тастайтын жаңа картиналар жетіспейді. Біздерде оқиғалық картиналар жоқ емес бар, бірақ ескірген. Әр заманның өз картинасы, өз таланты болу керек деп есептейміз. Қазақта лайықты таланттар жетерлік. Тек қолдау, еңбегін бағалау, халықаралық деңгейге көтеру бізде әліде әлсіздеу.

Ұлттық өнеріміз бен сурет өнерінің дамуы үшін, біздерге ең алдымен студент жастар мен оқушылар арасында бәсекелестік жетіспей тұр. Алға қарай жетіліп, бәсекеге түсуіміз үшін біздер әлемдік интеграцияға кіруіміз керек. Сондай-ақ суретшілерді іріктеп, өзге шетелдерге тәжірбие алмасуға жіберіп тұрса деген ұсыныс білдіреміз. Жалпы жоғары деңгейлі суретшілермен кездесудің өзі адамға үлкен ой тастайтыны да сөзсіз.

Сурет салуды сүю - өмірді, табиғатты, қоршаған ортаны сүюмен тең. Ол студенттер мен оқушылардың эстетикалық талғамдарын қалыптасытырып қана қоймай, ақылын, ойын, парасатын өсіреді, және де танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемділікке үйретеді. Сондай-ақ өмірдегі келеңсіз құбылыстар мен күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне, табиғатқа деген махаббатын оятады /2/. Табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, ал сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Қазақ бейнелеу өнеріндегі суретшілер әр уақытта табиғатымыздың байлығы мен ерекшеліктерін бере білген. Қылқалам құдыреті мен өмір шындығын өрнектей білу, әрбір қасшебердің қасиеті. Сондықтан да суретшілердің өнерге деген көзқарастары да шынайы. Мысалға Қ.Тельжанов әр қилы бояулармен халқымыздың тұрмысы мен өмірі жайында, тарихи тақырыптарда шығармалар жазған. «Домбыра үні» (1958), «Көкпар» (1960), «Алғашқы рет», «Бозарал адамдары» атты поэтикалық көріністері мен

монументті еңбектері кең танымды жұмыстар болып саналады. Дарынды суретшінің шығармашылық еңбектері бүкіл қоғамдық және де халықаралық деңгейде мойындалған. Оның әр бір шығармалары адамзатты отан сүйгіштікке, ұлттық сана сезімнің дамуына баулыйды.

Қорыта келгенде бәрімізге тарихтан белгілі Әбілхан Қастеев атамызды бүгінгі ұрпақ ұмыта қойған жоқ . Әрине қазақтың маңдай алды қас шебері Әбілхан Қастеев ұлы суретші. Әйтседе әр заманның өз таланты болу керек. Ұлы атамыздай суретшілер санының артуы үшін, бүгінгі жас студенттер мен оқушылар арсында шынайы бәсекелестік пен адал еңбек керектігін жөн санаймыз. Себебі Әбілхан Қастеев жүйелі білімінің жоқтығына қарамастан, табиғи дарынымен еңбекқорлығының арқасында қазақ халқының мақтаныш етер ұлдарына айналған. Кескіндемелік портрет жанрында тер төгіп тақырыпты мазмұнды шығармаларында қыруар еңбек етіп пейзаж жанрында шабыттана жырлаған кісі. Әбілхан Қастеевтің тарихи шығармаларын атап айтсақ «Түрксіб», «Жас Абайдың портреті», «Таулы жол», «Медеудегі сырғанақ», «Көл» осылай тізе берсек санап тауысу қиын.

Дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін, біліктіде білімді болып қана қоймай жан-жақты дамуымыз міндетті.Тек қана экономика жағына көп көңіл бөліп қана қоймай, ұлттық мәдениетімізбен де шет мемлекеттерді тамсандыра білуіміз керек. Адам жанын емдеп, ляззат шапағатын ұялататын, отанды сүюге, еліне, жеріне, ата- анасына, туған халқына, жалпы адамзатты сүйіспеншілікке тәрбиелейтін ол сурет өнері. Сол себепті ұлттық мәдинетімізді дамытуымыз үшін, сурет өнерінің дамуы үшін біздерге ең алдымен таңдаған кәсібімізге үлкен сүйіспеншілік пен айқын мақсат керек. Ал мақсатсыз адамның адасатыны белгілі. Қазақ сурет өнерін дамыта, бәсекеге сай тылсым жаңалықтар ашып, сезімді селт ететін құнды дүниелерді әкелу әр бір суретшінің міндеті деп есептеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. // Егемен Қазақстан, №115, 27 мамыр, 2006ж.
2. Б.Байжігітов, М.Ибраева. Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері. – // Қазақстан мектебі. 1993 ж №6.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада суретшілердің бәсеке жайында айтылған ойлары, қазақ сурет өнерінің бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселелер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены отмеченый взгляды художников о конкуретноспособности, вопросы о конкуретноспособности казахского искусства.

ӘОК 3746.1

ТАҚЫР КІЛЕМ ТОҚУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Өтегенова Б.Н. – кәсіптік білім магистрі, оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі жас ұрпақтың білімі, бүгінгі күннің объективті қажеттіліктерімен және қазіргі көкейкесті жағдайларға байланысты осы мәселенің ұтымды шешу жолдарын іздестіру мақсатында Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің алдына қойған қоғам дамуының қажетті шарты болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыруда қазақ халқының мәдени мұраларының тәрбиелік мүмкіндіктерін оқу және тәрбиесіне лайықты қолдана білу қажеттігі туралы Қазақстан Республикасының құқықтық және нормативтік құжаттарында атап көрсетілген. Бұл жағдай білім беру бағытындағы халықтық қол өнердің бағалы тәжірбиесін қазіргі практикада қолдану мүмкіндіктерін терең зерттеуді қажет етеді. Өзіндік ерекшеліктері бар халықтың қолөнер мәдениеті ғасырлар бойы жинақталып, мазмұны мен әдістері, формалары мен тәсілдері қалыптасып, дамып отырғандығы белгілі. Соның негізінде адамзаттың адамдық қасиет құндылықтарын қамтитын өскелең ұрпаққа білім беретін тұтас жүйе түзілген /1/.

Ұлттық қолөнер кәсібінің мүмкіндіктерін қарастыра отырып біз, қолөнер кәсібі өзінің терең мәні, халықтың көркем образы, ойы, оның дүниетану танымы мен көзқарастарының жиынтығын білдіретін бірден-бір көрсеткіш екендігін танимыз. Қолөнер кәсібі бір жағынан алғанда адамды еңбекке үйретсе, екінші жағынан ою өрнектер арқылы ондағы көркем образдармен терең мәнді ойлар айтуға мүмкіндік беретінін көреміз.

Кілем тоқу өнері – көркем шығармалы құрал жиынтығы және оған қоғамдағы көзқарастың біртұтастығы, дидактикалық ағымдағы жаңа ескінің орнын басушы.

Ал тақыр кілемінің тоқылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Оның жай кілемдерге қарағанда жіп түстері сан алуан болып, өрмек теруде бір кілемнің өзінде түкті және түксіз өрнектер араласып келе береді /2/.

Бәрінен бұрын үлкен емес жақтау ағашын жасап аламыз. Керекті өлшемдер бойынша төрт ағаш қабырғаларын таңдап аламыз. Ағаштарды тегістеп дүзеп шығу қажет. Ағаштарды теріс қаратып шегемен шегелейміз. Дайын болған өрмек ағашының үстінгі және астынғы ағашына екі қатарлап шеге қағамыз, олардың арасы 10мм болады. Үстінгі және төменгі ағашқа шегелерді қиғаштатып қарама-қарсы қаққанда олардың ортасынан 5мм қашықтық орнайды (сурет-1).

Біз қолмен жұмыс істейміз, соған орай бізге бірнеше құралдар қажет. Олар көптеген ғасырлар бойы өзгермеген.

Ең негізгі құрал- кілем тоқпағы. Ол кілемнің арқау жібін нығыздап ұру үшін қажет.

Ілмек-пышақ-түк басын шығару үшін, соған байланысты уақыт үнемделеді.

Инелік-оған арқау жібін не болмаса теру жібін орап, ою-өрнек әуенін тергенге қолайлығы үшін.

Қайшы-жіпті қырқып отыру үшін.

Желі тақыр кілемнің негізгі жібі, ал арқау жіптері негіз жіптерін көлденең басып өтеді. Дәл солар тақыр кілемнің суретін жасайды. Сондықтан негізгі жіп мықты болу керек, ал арқау жібі жұмсақ, икемді, негіз жіптеріне қарсылықсыз домаланса болғаны (сурет-2). Ең алдымен кілем қалыбына желі жібі тартылады. Түкті кілем желі жібіне қарағанда тақыр кілемнің желі жібінің ара – қашықтығы алшақтау болады, шамамен 0,5см. Тақыр кілемнің желі жібі қатты тартылады, ал

тығыздығы тақыр кілемге түсетін ою-өрнегіне байланысты болады. Тоқылған суреттің анықтылығы желі жібінің тығыздығына байланысты /3/.



сурет-1



сурет-2



сурет-3

Желі жібінің бір ұшын алып өрмек ағашының басына байлап, астынғы бел ағашқа тақай ұстап, желі жібінің бір ұшын бет жағымен ала отырып, астынғы бел ағашқа өрмек ағашқа әр қатар сайын бір рет орап отырамыз. Осылай кілем желісінің керекті еніне дейін қайталап отырамыз. Желі жібі тартылып болғаннан кейін төменгі жағына биіктігі 5-10см қылыш қоямыз, кезекпе - кезек, алға артқа теру арқылы желі жібі қылыштың екі жағында қалуы керек (сурет-3).

Тоқылатын кілемнің жібі сетінеп кетпес үшін алақұрт жүргізіледі. Алақұрт ақ пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бұнақталып келетін ұзынша желі. Алақұртты ерсі қарсы желі жібін тере отырып жүргізеді. Сонымен қатар алақұрттың орнына шынжыр өрнегін қолданса да болады. Алақұрт тоқылатын кілемнің ортасынан бастап екі жағына қарай тоқылса, шынжыр тоқылу әдісі оңнан солға қарай тоқылады. Сол қолмен жіпті ақырын тартып, оң қолдың сұқ саусағы мен және басбармақпен желі жіптің оң жағынан келген жіпті, желі жібінің бірінші және екінші жібінің арасынан өткізе отырып тоқылады /4/. Сонда желі жіптері тоқылған шынжырдың астында көрінбей қалады. Әрбір желі жіпті айналдыра тартып, оң және сол қолдың саусақтарымен біркелкі етіп тартылуын қадағалап отыруы керек (сурет-4).



сурет-4



сурет-5

Тақыр кілемнің өрнек жібі жүгізілместен бұрын арқау жүргізіледі. Арқау - бұл ерсі және қарсы жіптердің арасынан көлденең түсіп отыратын жіп. Арқау тоқылатын тақыр кілемнің қалың және жұқалығына қарай биіктікте тоқылады (сурет-5). Тақыр кілем тоқуда ең көп қолданатын әдістің бірі- теріп тоқу әдісі /5/. Бұл әдіс кілемнің желі жіптерінен ерсі қарсы тере отырып арасынан өрнек жібін өткізгенде шахмат тәртібін құрай өрнек жібі қатталады (сурет-6).



Сурет-6

Түстермен тоқу әдісі – деп екі өрнек жібі кездескен кезде бір бірімен айқаспай ортасында кішкентай кеңістік қалдыра қайтадан сол жолмен кері

қайтатын әдісті айтады. Әр түрлі түстер бір- бірімен бірігіп кетпейді, керісінше әрқайсысы өз ою - өрнегінің суретін тоқылады (сурет-7).



сурет-7

Тақыр кілем тоқығанда міндетті оңнан солға, солдан оңға жылжу емес, бөліктерімен тоқуға болады. Суреттің бір бөлігін бітіріп алғаннан соң екінші бөлігі тоқылады. Бұл әдіс түстермен тоқу әдісін қолдана отырып ұсақ баспалдақпен жоғары көтерілу (сурет-8).



сурет-8

Түстерді біріктірудің екі әдісі бар: топтау және жиектеу.

Топтау – ортақ желі жібіне өрнек жібін бір – бірімен өзара айқасады да кері қайтады.



сурет-9

Жиектеу- негізгі жіпті кезек-кезек ерсілі қарсылы жіптерді теру арқылы жүргізіледі. Жиектеу кез–келген бағытта айналып шығуы мүмкін, тігінен, көлденеңінен, қиғашынан орналасады (сурет-10).



сурет-10

Ерікті штрихтау әдісі.

Бұл әдісте оңнан солға әкелген жіп, солдан оңға қарай жүргізілген жіппен айқасады да, келесі қатарда оңнан солға өткізілген жіп екінші жіптің шекарасынан

асып барып, жіппен айқасып кері қайтады, ал келесі қатарда екінші жіп оңнан солға қарай жүгізілген жіптің шекарасынан өтіп барып, жіппен айқасып кері қайтады. Әр қатарда осы процесс қайталанып отырады, олардың арсында дұрыс қаттама сақталуы тиіс.



сурет-11

Ерікті штрихтау әдісі - әр түрлі ұзындықта, келбетте, қалыңдықта, кілемнің нобайына байланысты бағытын өзгерте береді. Ерікті штрихтау әдісі көп қолданылады. Олар мықты динамика, әр түрлі ырғақтар және бағыттар береді (сурет-11).

Сонымен қатар тақыр кілемде кейбір жерлерін жиектеу керек болады. Мұндай жағдайда өрнекті жіпті орай тоқу әдісі қолданады. Әдістің негізі - өрнекті жіпті желі жібіне орай тоқу. Орауды кез – келген бағытта, кез –келген жаққа жасауға болады, әсіресе тура тік кеткен жиекті жүргізу өте ыңғайлы (сурет-12).



сурет-12

Сонымен қатар жіптерді қатты тартып тастаудан және тарақпен жіпті қатты ұрып тығыздаған кезде кілемнің екі шеті жиырылып қалуы мүмкін. Бұндай жағдайда кілемнің ең шеткі 4-5 жібінен кейін жіп байлап кілемнің өрнек ағашына тартып байлап тастау керек (сурет-13).



сурет-13

Егер тақыр кілем тоқылып біткен жағдайда қайтадан арқау жүгізіледі, одан кейін алақұрт жүргізіліп кілем қалыбынан қырқылып алынады. Қырқылған желі жіптеріне күрмеп байлау әдісі қолданылады. Дайын болған кілемді тазалап, безендіреді (сурет-14).



сурет-14

Кілем бүгінгі интерьерді (бөлме іші) безендіруде дүние бұйым ретінде қалыптасқан орны мен ролі бар яғни, адамды қоршаған көркемдік-эстетикалық өнер туындысы.Сондықтан, өнімнің замана сұрауларына сәйкес келуі,

пайдаланушылардың талғамына жауап беретін, көркемдік-эстетикалық жақтан қанағаттанарлық, жоғары сұранысқа ие болатын зат, бұйымды жасап шығару керек.

Оқу үрдісіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір студенттің дербес ерекшелігін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау негізгі шартқа айналуда. Оқытудың дәстүрлі жүйесінде студентке берілетін білім мен тәрбие, біліктілік пен іскерлік меңгеру көзделсе, қазіргі оқытудың жаңа технологиясында бұған қоса әрбір студенттің өзін-өзі дамытуы мен ұлттық тұлғасын, танымын қалыптастыру көзделіп отыр.

Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері арқылы студенттерді кәсіби дайындаудың жолдары заман талабына сай алға қарай дами беретін күрделі үдеріс. Қоғамның дамуы адамдардың ой-санасының, мінез-құлқының өзгеруімен қоса сыртқы сымбат, келбетінің де жаңаруына ықпал етуде. Қазіргі заман бұйымдарын шығармашылықпен қолдану заман талаптарынан туындап отырған мәселелердің бірі деуге болады. Жаңа талап, жаңаша ойлайтын, шығармашылық қабілеті дамыған, күнде жаңғырып, күнде өзгеріп отыратын бәсекелерге сәйкес туындылар жасай алатын маман даярлау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.2. Алма-Ата, 1987.
2. Ақышев Қ. Ежелгі ескерткіштер елесі. Алматы, 1975 ж
3. Жанибеков У. Казахские домашние художественно ремесло. Алма-Ата, Кайнар, 1990
4. Касиманов С. Қазақ халкының қолөнері. Алматы, 1995
5. Муканов М. С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата, 1979

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада тақыр кілем тоқу әдіс-тәсілдері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются виды технологии переплетение.

ӘОК 75

СУРЕТШІ - ҰСТАЗ МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Тазабеков Т. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі уақыттағы қым-қиғаш, толассыз шығып жатқан басылымдар мен телкөрімдерде өнер жайлы, өнер адамдары жайлы аз насихатталып жатқан жоқ. Бірақ өнердің (бейнелеу өнері) мәні мен маңызын дәл сезініп, көріп, оқып, тыңдайтындар сол өнердің басы қасындағылар мен азшылық қауым десек аса қателеспеспіз. Ал көпшіліктің басым бөлігі одан рахаттана алады деп айта аламыз ба?

Кейбір адамдардың өнерді қабылдауға талаптанып түсінгісі-ақ келер, кейбіреулері үшін оның қажеті шамалы. Ал, кейбір адамдар үшін өнер өлшемін басқалардың айтуымен таразылау жеткілікті.

Көп адамдар суретші деп нұсқаның сыртқы түрін «ұқсатып» жасағандарды айтады. Нұсқадан аудырмай жасау шеберлікті қажет еткенімен, оны суретші деуге ертерек. Суретші үшін бейненің (заттың) сыртқы түрін жалаң жылтыратып көрсету мұрат емес. Нұсқалық бейнені «нақты түрінен» ауытқытып жасалуы не аудырмай жасалуы суретшінің ойлаған образының ашылуының қажеттілігіне байланысты өзіндік әдісі.

Барлық өнер түрлері ерекшеліктеріне байланысты үш топқа бөлінеді. Олардың біреуі кеңістіктік-уақытты өнер, әрекеті белгілі бір уақыт ішінде көзкөрім кеңістікте өтетін- драмалық және музыкалық спектакльдер, кинофильм, әр түрлі театрландырылған қойылымдар мен кинетикалық өнер.

Екінші топ – уақыттылық өнер әрекеті уақытында ғана іске асатын: музыкалық орындаулар, поэзия, көркем әдебиет түрлері кіреді. Бұл екі топтың да шығармаларын түсініп қабылдау белгілі бір уақытты талап етеді.

Үшінші топтағы шығармалар үшін уақыт өрісі жоқ (олар үшін жанама белгілері бойынша болжалынған). Олар, картиналар, мүсіндер, суреттер, көркем бұйымдар (кілем, ваза, бағалы асыл заттар және т.б.)

Бұлардың барлығы бейнелеу өнері тобына жатады.

Бейнелеу өнерінің негізгі түрлері сұңғат (живопись), графика, мүсін Әр қайсысы әр түрлі қолданыс материалдары арқылы; сұңғат – түстік бар байлығымен; графика – сызықтық реңдік, жарықкөлеңкелік бейнеленуімен; мүсін – үшкөлемдік байқалу пішінімен (жан-жақты) ерекшеленеді.

Бұлар өздерінің қолданылу аясымен және арнайы өзгешеліктерімен монументтік және станоктік болып бөлінеді. Станоктік шығармалардың ерекшелік сипаты: ешқандай да нақты бір орынға тұру үшін арналып жасалмағандығында. Станокті шығармаларды ішкі мазмұнымен танысып, дұрыстап көру үшін, жарық жақсы түсетін қолайлы орын болса жеткілікті. Оны бұл сыртқы айырмасынан басқа, байқала бермейтін ерекше қасиеті мен өзгешелігі бар Ол айырма станоктік шығарманың әр көрерменнің талқысына жекелей бағытталуында жатыр. Станоктік суретші өз ойын әр көрерменнің ой-танымына, сезім-тереңіне жетуіне әдейілеп бағыттайды.

Станокті сұңғат, графика, мүсінмен қатар *монументтік сұңғат* және *монументтік мүсін* өнері бар.

Суретші сурет пен сұңғатты (живопись) өмірден қалыптасқан терең білімі мен шығармашылық шеберлігін астастырып, синтездей білсе, өзінің түпкі ойын, идеясын ашып көрсете алса ғана өнер шығармасына айналдыра алады.

Өнер шығармасын ойдағыдай жасап шығару үшін, жоғарыда айтылғандай, тек сурет өнерін (орындаушылық мағынасында) меңгеріп қою жеткіліксіз, шығармашылық шеберлікті атап айтқанда құрастыру шеберлігі – композицияны жетік білуі қажет. Композиция барлық шығармашылық өнер түрлерінің негізгі ең маңызды, мәнді белгісі болып саналады. Композиция, суретші-педагог мамандығын дайындау барысында сурет және сұңғатпен қатар жүргізілетін ең күрделі, қажетті пән.

Композицияны талмай оқып, үйреніп (теориялық), үзбей жұмыс істеудің (тәжірибелік) нәтижесінде меңгеруге болады.

Әрине, ең бірінші бұл өнерге келгендердің туабіткен қабілеті болуы шарт. Алайда, бұл қабілет білім мен біліксіз, еңбексіз еш нәтиже бермейді.

Мектепке сурет пәнінен ұстаз болатын, бүгінгі студент шеберлік тәжірибесін, әсіресе, теориялық білімін шыңдауы қажет. Өйткені, мектептегі оқушылар арасынан сурет мамандығын таңдайтын көптеген оқушылардың табылуы анық қой. Олардың біреулері аниматор, біреуі – дизайнер, біреуі зергер болғысы келсе, біреулері архитектор не мүсінші мамандықтарын таңдайды, кейбіреулері әуестік қызығушылықпен сұраса, енді біреулері ол туралы егжей-тегжейлі білгісі келеді. Бейнелеу өнеріне қатысты мамандықтар өте көп. Бір графика саласының көптеген түрлері бар. Мұндай сұрақтарға тұщымды жауап беру біршама білімді қажет етеді. Бұл пәннің ұстаздық жұмысының оңай емес екендігін көрсетеді. Студент институт қабырғасында, сурет пәнінен негізгі бағыттағы білімді игергенімен, ары қарай ізденіп, білімін, білігін көтеріп

отырмаса тоқырап қалары анық. Жоғарыда аталған мамандықтардың бәрін оқып үйрену, әрине, қиын, мүмкін, қажеті де жоқ шығар.

Міне, осылардың барлығына композициялық тұрғыдан қарастырып жауап айтуға болады. Өйткені барлық өнер шығармаларының ішкі құрылымының толып жатқан әртүрлі бөлшектерін үйлесімділікпен құрастырып бір идеяға бағындырып, тұтас бүтіндікке жеткізетін композициялық әдіс.

Ендеше жаңағы сұраған мамандықтығының атын білгеннен кейін, қалғанын ой қисындылығымен (логика) тауып алуға болады.

Композицияның негізі (бүтіндік, симметрия, ырғақ) табиғат әлеміне тән /1/.

Жеке бөліктер үйлесімі, элементтердің белгілі бір тәртіппен орналасуы, оның гармониялық үйлесіммен бүтіндікке ауысуына қарапайым мысал ретінде не бір өсімдікті, не бір ағашты алып қарастырудың өзі жеткілікті. Бастапқы бір жапырақтың үйлесіммен бір шоғыр жапыраққа айналуы, одан бұтақ, бұтақтардан ағаштың тұтасқан бүтіндіктегі көрінісі шығады.

Табиғат, күллі ғалам таңғажайыптарымен, адам ақылы ешқашан шегіне жете алмастай, сан алуандығымен асқан жарасымдылықтағы, заңдылықпен жаратылған.

Барлық жанды, жансыз заттар осы заңдылыққа, тәртіпке бейімделген. Сондықтан ғана барлықта болып есептелінеді. Басқа таңдау болмақ емес.

Сондай-ақ, өнер шығармаларының негізгі діңі – композицияның да табиғат заңдылығына икемделген өз заңдылықтары, қағида, ережелері бар /2/.

Композиция қалыптасу үстіндегі жас ғылым. Уақыт «тезіне» шыдап, сұрыпталғандары композицияның негізгі заңдылықтары болып аталады. Олар :

- бүтіндік заңдылығы;
- қарама-қарсылықтар заңдылығы (қайшылық);
- жаңашылдық заңдылығы;
- композицияның бар құрамының барлық құралымен негізгі ойға бағыныңқылық заңдылығы;
- өміршеңдік заңдылығы.

Қалыптасу кезеңіндегі композициялық қағидалар:

- ырғақ (ритм);
- сюжеттік (желілік) – композициялық орталық;
- симметрия
- ассиметрия;
- композицияның параллельдігі;
- басты кейіпкердің екінші планда орналасуы;
- бас нұсқасы немесе тұлғаның портреттік бейнеленуі;

Композициялық әдістер:

- монументтік әсермен берілуі;
- кеңістіктің (көрініс) берілуі;
- көлденең немесе тігінен;
- диагонал (қиғаш) бағытпен көріністің берілуі.

Бұлар:

- сызық (линия);
- штрихтеу (штрих);
- жағылым (дақ, пятно) (реңдік және түстік);
- сызықтық перспектива, жарыққөлеңке;
- ауа және түрлі-түстік перспективалар.

Композиция өнер шығармасының басты көркем түрі, суретшінің белгілі бір материалда өзінің ойын жеткізудегі шығармашылық кезеңінде, сол сияқты көркем шығармадағы ой шешімін де атайды. «Композиция» ұғымы бейнелеу өнерінің – көркем шығармашылығы, картинаға, мүсін топтамаларына да қолданыла береді.

Тар кәсіптік мағынада (узкопрофиссиональный) тіпті нұсқадан қарап жасалынатын этюдке де жиі қолданылады. Кей дәрежеде бұл анықтамалық дұрыс та.

Нұсқалық этюдтің бүтіндігі мен айқындығы суретшінің білігіне, әуенді (мотив) және көру нүктесін таңдай білуіне, барлық элементтерді, алдындағы парақтың (формат) өлшеміне, әуеннің композициясын ұғыну, оны көркем түстермен шешу, бастыны айқындап, этюдті аяқтай білуіне байланысты.

Егер жұмысты бастар алдындағы суретшінің алғашқы қабылдау әсерінің нәтижесіне сәйкес, этюд барлық жағынан ойлау шешімі орындалуымен дәл келіп, сәтті шығып жатса, онда, мұндай этюд толыққанды шығарма болып қабылданады.

Композиция деп суретшінің белгілі бір материалда өзінің ойын жеткізудегі шығармашылық кезеңін десол сияқты көркем шығармадағы қорытынды ой шешімін де айтамыз.

Сөйтіп, «композиция» ұғымы екі мағынаны:

1) негізінен – композиция өнер шығармасының көркем түрі;
2) композиция өнер шығармасының (өзі) жалқы есімі.

Композицияны тағы екі мағынада: (композиция теориясы) өнертану теориялық бөлімі ретінде – ғылымда және композицияны оқу пәні ретінде қарастыруға болады.

Бұл қарастырылғандар - бейнелеу өнерінің сұңғат, графика және мүсін өнері салаларына тікелей қатысты дүниелер. Бейнелеу өнерінің тағы бір ерекше саласы - сәндік-қолданбалы өнер.

«Сәндік» сөзі латынның (dekorete) әшекейлеу, әдемілеу, безендіру сөзінен шыққан.

Сәндік өнер адамдарға өмірде қалыптасқан нақты сұлулық әлемін көрсетіп, олардың эстетикалық және өнегелік сенімін қалыптастырып мінез құлқына әсер етеді.

Сәндік өнер адамдарға күнделікті айналасындағы өмірге тікелей қатысы, оның тұрмысы мен өмір сүру ортасын безендіріп эстетикалық қалыптасуына икемднлген.

Сәндік өнер адамдардың көркемдік қызметке байланысты барлық түрлерін қамтиды. Ол барлығына – көшеге, жұмыс басына, үй-жайға әдемілік кіргізеді. Сәндік өнер қолданбалы сәндік өнер және сән өнері немесе сәндік безендіру болып бөлінеді.

Сәндік безендіру өнері

Сәндік безендіру өнерінің шығармалары бейнелеу өнерінің: сұңғат графика мүсін түрлерінен өзіндік айырым ерекшеліктері бар.

Мысал үшін айтар болсақ, сәндік панно (архитектуралық құрылыстың қабырғасына ілінген түстік шешімдегі шығарма) өзінің композициялық шешімінде тұғырлық сұңғат (станковая живопись) сияқты кеңістік тереңдігін дәл беруді мақсат етпейді.

Сәндік паннода кейіпкерлер бейнелері жұмырлықта (объем) емес, жазық етіп жасалына береді. Түстік шешімдері де солай шартты түрде алынады. Сәндік безендіру және сәндік қолданбалы өнер де, монументтік сұңғат, монументтік мүсін сияқты архитектурамен тығыз байланыс орнату арқылы орындалады. Монументтік сұңғат өнеріне фреска (қабырғалық нақыш), мозаика, витраж, т.б. жатады.

Станокті шығармада оның ішкі мазмұнының ашылуы жекелеген адамдардың көруіне арналса, монументтік шығарма нақты бір орынға не, нақты бір мезгілде топ адамдар көріп қабылдай алатындай жасалады. Монументтік сұңғат шығармалары негізінен көлемі үлкен, көбінесе, көп адамдар жиналып, маңызды оқиғалар өтетін қоғамдық үйлердің қабырғасына жасалады.

Монументтік мүсіндер қала алаңдарына тарихи оқиғалар болып өткен т.б. орындарға орнатылады. Монументтік өнер архитектурамен не әлдебір ортамен немесе кеңістікпен тікелей байланысып, бірлікте орындалатын өнер. Бейнелеу өнерінің түріне сұңғат, графика, мүсін элементтерін қамтитын сәндік-қолданбалы өнер де қосылады.

Сәндік қолданбалы өнер

Сәндік қолданбалы өнер өзі аты айтып тұрғандай (өмірде) тұрмыста қолданылуға арналған өнер шығармасы деңгейіне көтерілген тұрмыс заттарының жиынтығы. Мұның жарқын мысалы: Киіз үй мен оның сүйектері (басқұр, кілем, т.б.) Киіз үй - архитектуралық шедевр (төрт аяғын тең басқан шығарма). Қазіргі заманғы қолданбалы сәндік өнер түрлері: мебель, кілемдер, маталар, киімдер, вазалар, ыдыстар, зергерлік заттар, металдан, керамикадан, ағаштан, қыш, шыны, асыл тастар, сүйек, былғары т.б. заттар.

Сәндік-қолданбалы өнердің ұғымы кең және көпқырлы. Бұл заттардың сан-алуан түрлерінің адамзат дамуының санғасырлық тарихындағы ерекше көркем туындылар әлемі. Қазіргі сәндік қолданбалы өнер осылардың жарқын көрінісінің жалғасы. Сәндік қолданбалы өнермен, халық тұтынатын өндірістік тауарларды көркем конструкциялау – дизайн өнері қабысып кетеді.

Адам сұлулық заңымен туынды жасайтын болғандықтан, ол заттарды да әдемі, тартымды етіп жасауға (утилитарное) тырысады.

Сол сияқты адам өзінің жасампаздық қызметіндегі жекелік затын эстетикалық үйлесімде жасалуына тырысады. Сондықтан, бір жағы табиғатқа еліктей отырып, органикалық және органикалық емес табиғаттық құрылым қағидаларын жалаң ұстана бермей, оларды өз «ой қазанында» шығармашылықпен қорытып жасамақшы затына не құбылысқа солардың ең ерекше (айрықша) белгілерін екшеп енгізеді. Осылай іріктеулермен (таңдалынып алынған) адамдардың қолдарымен жасалынған дүниелердің негізіндегі, композицияның көмегімен адамдардың сезіміне әсер етіп, белгілі бір ой (идея) не таным-түсінікті бойларына сіңіреді.

Қазір ғылыми технологиялық заман. Кез-келген адамның қолындағы мобильдік байланыс аппараттарына дейін ақпараттық құрал көзіне айналып кетті.

Бүткіл әлеммен үйден шықпай беттесетін болдық. Бұл бүткіл әлем мәдениеттерінің тоғысуы. Жақсысы жақсы. Жаманын қайтпекпіз? Ұлттық болмысымыз қалай болмақ? Ертеңін ойлаған ел, бүгінгі ұрпақты жан-жақты тұлға болатындай тәрбиелеуі керек. Сондай тәрбие құралдарының бірегейі өнердің бір саласы - бейнелеу өнері. Сол құралды ұстанатын ертеңгі ұстаз – бүгінгі білім алып жатқан студенттер болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.В. Костин, В.Юматов. Язык изобразительного искусства. Москва: «Знание», 1978

2.Е.В.Шорохов. Композиция. Москва: «Просвещение», 1986

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бейнелеу өнеріндегі композицияның алар орны мен маңызы және бейнелеу өнерінің салалық түрлерінің өзгешеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены важность и роль композиции в изобразительном искусстве и особенности разновидности изобразительного искусства.

ӘОК 391.7

КОСТЮМ КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖОБАЛАУДА ADOBE PHOTOSHOP БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ

Тастанбек Д.М. – кәсіптік білім магистрі, оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Білім беру ісі өндірістің жаңа қарқында қарыштап өсуіне ілесе алмай кейін қала бастады. Білім берудің жаңа талабы қоғамдық сұранысты қамтамассыз ете алмайтын болды. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында жаңаша әдістерді қолдану мақсатқа қойылды.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Кәсіптік білім беруді дамытуға жұмыс берушілердің белсенді қатысуынсыз экономика қазіргі заман өндірісіне сәйкес келетін біліктілігі жоғары мамандарды ала алмайды» деген сөзін басшылыққа алып 12 жылдық білім беру жүйесіне педагогтарды даярлау - басты міндетіміз /1/.

Кәсіптік-техникалық білім жүйесін жоғары талап деңгейінде дамыту көптеген мәселелерді шешеді. Жалпы білім беру және кәсіптік-техникалық мектептерге болашақ педагог мамандарды даярлауда компьютерлік технологияға оқыту студенттердің кәсіби біліктілігін арттырады.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны – ұстаздың білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – жаңа техника-технологияны жақсы меңгерген жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктер мен жаңа идеяларды және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет, мұның бірі – компьютерді қолдану.

Педагог кадрларды дайындауда жаңа ақпараттық технологияларды, интерактивті тақтаны, компьютерлік технологияны, арнайы компьютерлік бағдарламаларды, интернет желісін, жаңа техникалық құралдарды игеру талап етіледі.

Кәсіптік білім, бейнелеу өнері және сызу мамандықтарын даярлауда «Костюм композициясы», «Компьютерлік графика», «Киімді конструкциялау және модельдеу» пәндерін оқытуда Corel DRAW, Adobe Photoshop, Auto CAD бағдарламаларын қолдану студенттердің жаңа технологиялар мен техниканы қолдана білу машықтарын жетілдіреді.

Костюм композициясын жобалау – костюмнің көркемдік үлгісін алдын-ала ойластыру. Бұл костюмді дайындаудың ең алғашқы кезеңі, яғни конструкциялық және технологиялық өңдеулер костюмнің үлгісіне байланысты орындалады.

Костюм композициясын жобалауда мыналар анықталынады:

- жобаланатын костюм кімдерге арналған екендігі (ерлерге немесе әйелдерге, қай жастағы адамға);
- қандай мақсаттарда киілетіндігі (сән-салтанатқа немесе күнделікті, жұмысқа, үйге, көшеге);
- қызметке байланысты жобаланатын арнайы костюмдерге қойылатын талаптарды білу (түрлі өндіріс қызметкеріне, жол қызметкеріне, әскери қызметкерге, заң қызметкеріне, медицина қызметкеріне, мектеп оқушысы мен мұғалімге және спорт түрлеріне байланысты спортшыларға арналған киім үлгілерін жобалауда);
- қолданылу мақсатына байланысты костюм қай стильде болуы керектігі (спорттық, классикалық, фольклорлық, фантазиялық немесе аралас стильде).

Әрине, үлгінің композициялық шешімін табу алдымен көп білімділік пен біліктілікті қажет етеді. Композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелерін басшылыққа ала отырып костюмді жобалау студенттердің шығармашылық ойлау қабілеттерін сауатты түрде жетілдіреді. Сонымен қатар, студенттерді костюмді

жобалауға үйретуде ұлттық бағытты басым ұстануымыз керек, себебі біз болашақ жас ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдерді даярлаймыз.

Костюмді жобалау – бұл тек қана костюмді дайындау емес, ол үш есепті кеңістік ортаны жасап және олардың атқаратын міндеттері мен эстетикалық қасиеттерін анықтай отырып, суретші-модельер осы костюмді қолданатын адамды «жобалайды», оның бойында осы костюмдерге және солар арқылы адамдарға, қоғамға, еңбекке деген белгілі бір көзқарасты тәрбиелейді. Осының бәрі көркемдеп жобалаушының шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде маңызы зор екендігін, қоғам өмірінде әлеуметтік мәдени және әлеуметтік іс-тәрбиелік рөлінің жоғары екендігін дәлелдейді.

Суретші қаншалықты дәрежеде өзі жоспарлайтын киімнің тиімділігін, оған қойылатын талаптарды есеріп, қолдану мақсатына, ақпараттық қызметіне байланысты жоспарлайды. Себебі, суретші модельер ол киімнің тек тамаша көркемдік шешімділігін табуды көздемей, оның образды шешімділігін, адамға қолайлығын, тиімділігін ескеру қажет. Мұндай киім үлгілерін жобалауда киім матасын түрлендіре отырып, бірнеше киім ассортименттерін шығаруға болады. Жобалау процесінде киімді қабылдауда психологиялық әдістерді қолдану арқылы киімнің әсерлік саласын жетілдіруге болады. Әсер алу жеке ғылыми парадигма болып саналады, оны меңгеру және ескеру барысында киімді жобалауда пайда болады. Обьект жөнінде әсер алу түрлі салаларды қабылдау процесінде қалыптасады, мысалы көзбен көру арқылы әсер алу және обьект пен информация хабар жөніндегі мәліметтерді қабылдауда іске асады. Сонымен қатар киімнің формасы, контуры, құрылымы, элементтері, түсі, материалы, өрнектермен әшекейлеп-безендірілуі жөнінде әсер алады /2/.

Жобалау жұмыстарын жақсарту үшін автоматтандырылған жүйедегі компьютерлік технологияларды қолдану заман талабы. Қазіргі кездегі графикалық дизайн саласындағы Corel DRAW, Adobe Photoshop, Auto CAD бағдарламаларын костюмі жобалауда қолдану студенттердің компьютерлік графикаға сауаттылықтарын жетілдіріп, сурет салу машықтарын арттырады және кәсіби біліктіліктерін қалыптастырады.

Білім берудің қазіргі көздеп отырған негізгі мақсаты - білім алып, білік пен машыққа қол жеткізу ғана емес, сол қалыптасқан білім негіздері арқылы қоғамның өзгергіштік қасиетіне қарай жеке адамдардың дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке (ақпаратты өзі іздеп табу, оны талдау және ұтымды пайдалану) дайындау. «Ертеңгі күннің мектебі тек ақпарат беріп қоймай, онымен жұмыс істеу әдістерін де үйретуі тиіс» дейді Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты А. Құсайынов /3/.

Кәсіптік білім беруде компьютерлік технологияны қолдану мамандарға арналған әртүрлі бағдарламалық құралдардың пайда болуына байланысты туындап отыр. Бұның бүгінде ақпараттық технологияның динамикалық тұрғыда дамып келе жатқан саласының бірі – компьютерлік графикаға да тікелей қатысы бар.

Компьютерлік графика өзінің арнайы аспаптарымен болашақ маман иелерінің шығармашылық әрекеттеріне, сондай-ақ жалпы және арнайы білім беру саласында ерекше графикалық ақпараттық ортаны қалыптастыруда көмектеседі. Оның маңыздылығы, әсіресе көркемдік іс-әрекет саласы бойынша суретші-дизайнер, суретші-график, конструктор-модельер, көркемдеп-жобалаушы және тағы басқа мамандарды даярлау процесінде арта түседі, себебі ол көркемдік-шығармашылық іс-әрекет процесіне қажетті тұлға қасиеттерін дамытудың жетекші құралы болып табылады /4/.

Компьютердің технологиялық мүмкіндіктері олардың құнды графикалық мүмкіндіктерімен, бейнелі реңктерімен, кеңістік формаларын екі немесе үш

өлшемдегі көрнекілікпен бейнелеудегі қабілетімен белгіленеді. Жасалған өнімдердің кәсіби тұрғыда да жалпы білім беру тұрғысында да маңызы зор, өйткені ол студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту міндеттерімен өзара тығыз байланыста жүзеге асады.

Шығармашылық үрдісте компьютерлік графиканы қолдануда студент өзінің іс-әрекетін жаңа технологияны пайдалану арқылы толықтырып, шығармашылық ойлау қабілетін, түрлі күрделі операцияларды орындауын, жаңаша ойлау сияқты қабілеттерін жетілдіре түседі /5/.

Компьютерлік графиканы оқытуда студенттердің компьютерлік білімі мен компьютерде жұмыс істеу біліктілігінің қалыптастырылуы, ақпараттық көркем-графикалық мәдениетінің дамуы, шығармашылық жолмен кәсіби іс-әрекетте компьютерлік графиканы қолдана білуі негізделеді.

Adobe Photoshop бағдарламасында костюмді жобалау реттілігі:

1. Сканерден өткізілген немесе электронды нұсқадағы фотоны Adobe Photoshop бағдарламасымен ашу;
2. «Қиып алу» құралымен нысана жиегін қию;
3. Мәзір жолағындағы «Өңдеу» әмірлер жиынтығынан «көшіру» сілтемесін шерту;
4. «Файл» әмірлер жиынтығынан «Жаңа» сілтемесін шерту;
5. «Өңдеу» әмірлер жиынтығынан «жапсыру» сілтемесін шерту;
6. «Орын ауыстыру» құралын шертіп, «басқару элементін көрсету» ұяшығына белгі қою;
7. Нысананың шеткі нүктелерін қолданып суретті көлденең, тік, көлбеу нүктелері бойынша қысу, ұзарту және айналдыру.
8. «Басқару элементін көрсету» ұяшығындағы белгіні алу;
9. Саймандар тақтасын қолданып суретті пішімдеу: «өшіргіш», «ағарту», «қал қалам», «пішу» және т.б құралдарды қолдану;
10. «Қабат» әмірлер жиынтығынан қажет қабатты шерту; Суретті қабаттар бойынша реттеп қою;
11. Бағдарламада жұмыс жасауда ең негізгісі - «тарих», «навигатор», «қабат», «түс» әмірлер жиынтығы қолданылады.

Сабақ барысында студенттер компьютердің көмегімен тігін бұйымдарын жобалауға, фото өңдеу жасауға үйренеді, көркем графикалық талғамын, іскерлігін қалыптастырады, алған білімдерін тұрмыста қолдана білуге машықтанады. Компьютерлік технология түрлерін және оларды қолдану аясын, даму тарихын; графикалық ақпараттарды сақтау тәсілдерін; әр түрлі графикалық пакеттердің мүмкіндіктері мен оларды қолданылу бағытын компьютерлік технологияда қолданылатын ақпараттық бағдарламалық ерекшеліктерді; графикалық пакеттердің негізгі мүмкіндігін меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев: Бәсекеге қабілетті кадр даярлаудағы бизнестің жауапкершілігі арта түсуі тиіс. // «Егемен Қазақстан» газеті, 2008 жылғы тамыздың 23-і
2. Берник Т.О., Неклюдова Т.П. Дизайн костюма.–Ростов-на-Дону, 2000
3. Құсайынов А. Сапалы білім – заман талабы «Егемен Қазақстан» газеті №2-3 (25849) 6 қаңтар 2010
4. Исабек Н.Е. Компьютерлік графика. Әдістемелік құрал. – Алматы. ҚазҰӨА. 2001. -26 б.
5. Ковтанюк Ю.С. Corel DRAW 12. – Киев.: «МК-Пресс», 2006

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада костюм композициясын жобалауда компьютерлік графиканы қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проектирование композиции костюма с исполвованием возможности компьютерный графики.

ӘОК 687. 1

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тоққұлиева У.Қ.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Жалпы адам баласында рухани және материалды байлық деген бар. Соның ішінде адамды адам етіп, ұлттық ететін – рухани байлық. Рухани байлықтың қайнар көзі - өнерде. Соның шінде тоқталып өтетініміз бұл – бейнелеу өнері. Бейнелеу өнерінің адамға сыйлар рухани байлығы ұланғайыр.

Ерте кезден бастап ата – аналарымыз осы бейнелеу өнеріне өте жақын, сонымен бірге біте қайнасып келе жатыр десек артық айтпаспыз. Әжелеріміз кезінде киім-кешек, үйдің іші-сыртын безендіруге керемет-керемет оюлар ойлап тауып, аталарымыз сонау ерте заманды айтпағанда киіз үй мен ертұрман, зергерлік бұйымдардың неше түрін ойлап тауып, соларды әшекейлеуі тіптен керемет. Осы ата-бабаларымыздың ер-тұрманына, сырмағы мен текеметіне, сандығы мен кебежесіне қарап өнердің нағыз өресі болғанын білеміз. Алғашқы дизайнерлік шешімдердің үй тұрмысында қолдануы біздің ұлы шеберлерімізден бастау алғанын мақтанышпен айтуымызға болады. Қазақтың кез келген оюын алып қарасаңыз қайталанбас керемет туынды. Бір оюы біріне ұқсамайтын қазақ халқының төл туындылары. Кезінде қазақтың тума талант суретшісі Әбілхан Қастеев атамыздан сурет салуды қайдан үйрендіңіз дегенде – «ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен, таудың жотасынан үйрендім» /1/ деген екен.

Міне, осыдан қарап-ақ қазақтың, қазақ даласының өнерге тұнып тұрғанын көреміз, қазақтың әрбір тасында сурет, тауында құдірет бар екенін байқайсың. Қазіргі кезде де осы ата-баба жолын жалғастырып, дамытып, өнердің өресіне шықсам екен деп ұмтылып жүрген жастар баршылық. Әлі де сондай қас таланттардың ұрпақтан-ұрпаққа өнерден жалғастырарына сөз жоқ сенеміз. Бейнелеу өнерінің құдіреті туралы айтар болсақ адам ойының қанаты, жігер мен қайрат берер оты, адам жанының тазалығы осында. Сонымен қатар бейнелеу, сызу өнері қай салада болсын жаңалық ашып, соны жетілдіруге көмектеседі. Өйткені адам ойлаған ойын, қиялынан туған бейнені немесе көрген затын бірінші қағаз бетіне түсіріп содан кейін жүзеге асырады емес пе? Мұны тарихтан жақсы білеміз. Мысалы, Леонардо Да Винчи ұшатын құралды ойлап тапқанда бірінші соны қағаз бетіне түсіріп содан кейін жасаған. Медицинада қазірдің өзінде де сурет салу арқылы елестету тәсілі қолданылады. Келтіре берсек осындай мысалдар жетіп артылады.

Бейнелеу өнерінің тағы бір сыры, құдіретті салынған картина, ондағы бояулардың түсі, картинадағы композиция адам жанына тікелей әсер етеді. Мысалы, кейбір картинаны көргенде адамды өзінен өзі қуаныш билеп, жаны жадырап сала береді. Кейбірі тұңғиық ойларға жетелейді, тіпті кейбір картина ауырған адамның айығуына, көңілінің әрдайым көтеріңкі болуына көмектеседі.

Бейнелеу өнері сонымен қатар өсіп келе жатқан жастардың ұлттық рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанға, елге, жерге деген махаббатын оятуына үлкен үлесі бар. Бейнелеу өнері арқылы жеріміздің қандай көркем, екенін қарасақ көз тоймастай сұлу, бай екендігін көреміз. Ұлтты ұлт етіп тұрған, ең алдымен, оның менталитеті. Сол менталитет жоғалса ұлт бейнесі, ұлт болудан қалады. Біздің жастар қазір тым еліктегіш болып барады. Қай салада болмасын батысқа қарап бас шұлғып, табынып жүргендер аз емес. Бұған себеп, ұлттық рухымыз бен болмысымыздың соншалықты жалаңаштануы. Қазір Елбасымыз болашақ жастардың еліне деген отан сүйгіштік сезімін оятуды басты кезек күттірмейтін мәселе ретінде қарауды талап етіп отыр.

1-сурет. Көкем көрінісі

2-сурет. Қыс



3-сурет. Тау шақпалы

4-сурет. Күзгі бақ

Өнер ең алдымен ұлттық болуы қажет. Әр суретші өзінің Отанын, салт-дәстүрін, жерінің сұлулығы мен әдет-ғұрпын бейнелеуге тырысу керек деп ойлаймын. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, салт-санамыз бен әдет-ғұрпымызды келешекке біз жеткізбесек кім жеткізбек?! Қанша жерден шет елге қарай еліктегенімізбен, қанша жерден шет елдің әр ісін көшіріп, абстракция десе, абстракция, бәлен десе бәленді салғанымызбен екінші Леонардо, екінші Мекеланджело бола алмаймыз, одан да өзіміздің ұлттық менталитетімізге тән, жастарға тәрбие беретін, салт-дәстүрімізді әлемге танытып, қазақ деген елдің мықты екенін мойындатып, ата бабамыздан қалған қазақтың қол өнерін шекпен жауап өзіне жаңа оймен сыйлай білсек болғаны деп білемін. Өзгелерге еліктейміз деп жүріп – ұлттық дәстүріміздің қадір-қасиетін жоғалтып алмау жағын ойластырғанымыз жөн. Жақсыны білу керек, тыңдау керек, бірақ ақылмен сараптап іске асырған абзал. Өзіміздің ұлттық рухани байлығымызды жоғалтып алмай, өнерімізді ел игілігіне жұмсауымыз біздің парызымыз. Өнердің адам тәрбиесіндегі рөлі басты мақсатта болуы керек. Өнер арқылы, терең біліммен өскелең ұрпақты тәрбиелеп, еліміздің болашаққа деген сенімін нығайта түсуіміз керек. Туған еліміздің әлемдегі өркениетті елдерімен терезесі тең болуын, ол үшін терең әрі жан-жақты білім иесі болуымыз міндет. Сол жаңа талаптарға сай білім алу үшін, кезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы ашқан Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университетінде жастарға жақсы білім алуға жасалған жағдайлар ұлттық университетінде еліме жеріме, ұлтыма деген мақтаныш деген сезімімді айқын оятты.

Еліміздің президенті Нұқсұлтан Әбішұлының былтыр 26 мамырда Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университетіне келіп жастарға арнап оқыған лекциясында айтқандай «кез-келген адам, кез келген маман иесі тіпті еден жуушы болсын өз ісінің нағыз шебері, маманы болуларың тиіс және әркім қолынан келген істі жақсы атқаратын болсаңдар алдағы мақсаттарыңа жетесіңдер» /2/ деген еді. Осындай бізге үміт артып отырған Елбасымыз бен еліміздің үмітін ақтау біздің міндетіміз. Өнерлі де өнегелі ұстаздардан үлгі алып, соны жалғастыру, одан әрі дамыту, биік рухты болып, ел мен жерді, тәуелсіздікті қадірлей біліп, әркім қолынан келгенше үлесін қосатын болса дамыған елу елдің қатарына енеріміз қақ!

Ұрпақты туған жерін, өскен елін жанындай сүйетін, өлкенің келешегі үшін аянбай тер төгіп қызмет атқаратын азамат етіп тәрбиелеуде халық арасында кең тараған табиғат қорғау дәстүрінің маңызы зор.

Ендігі мақсат- халық арасында тараған, кейбір жағдайда ұмытыла бастаған, табиғат қорғауға байланысты дәстүрлерді толық жинақтап, жүйеге келтіріп, олардың тәрбиелік мәнін ашып, ұрпаққа асыл қазына ретінде ұсыну.

Табиғат қорғау дәстүрлері- сан ғасырлар бойы халқымыздың еңбектелуінің арқасында өмірге келген асыл қазына. Бұл дәстүрлер – халықтың ақыл – ойының жемісі.

Халқымыздың дана өкілдерінің өмірге алып келген асыл туындыларының бірі - табиғат қорғау дәстүрлері жастарымызды білімді, іскер, парасатты, арлы, ұятты, табиғатқа шын мәнінде жанашыр азамат етіп тәрбиелеуге көмектеседі /3/.

Заманымыздың озық ойлы педагогтарының бірі В.А.Сухомлинский «Ақылды-ақыл, арды-ар тәрбиелейді», - деген екен. Расында, ақылсыз ақыл, арсыз ар тәрбиеленуі мүмкін емес. Ары жоқтың-бәрі жоқ, ары бардың- бәрі бар екенін өмірде кездестіріп жүр….

Педагогика ғылымының күрделі бір саласы-халық педагогикасын қай жағынан алып қарасақ та, оның мақсат-мүддесі Адам баласын, жақсылыққа жеткізу.

Халық педагогикасының алдына қойған мақсатының бірі-ел арасына кеңінен тараған табиғат қорғауға байланысты халық дәстүрлерін педагогикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, жүйеге келтіріп, жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану.

Ұрпақты туған жерін, өскен елін жанындай сүйетін, өлкенің келешегі үшін аянбай тер төгіп қызмет атқаратын азамат етіп тәрбиелеуде халық арасында кең тараған табиғат қорғау дәстүрінің маңызы зор /4/.

Табиғат қорғау дәстүрлерін жинақтап, жүйеге келтіріп, оқу-тәрбие жұмысында қолдану дәрежесіне жеткізсек, біздің мақсатымыздың орындалғаны. Ал осы еңбекті ұстаздар күнделікті оқу-тәрбие жұмысында тиімді пайдалана білсе, олардың маңызды іс атқарғаны. Себебі, табиғат қорғау дәстүрлері жайында жинақталған еңбекті келешек ұрпақ пайдасына қолданса, нәтижелі болғаны. Халық арасында кеңінен тараған табиғат қорғау дәстүрлері ұстаздардың бойына сіңіру арқылы табиғат қамқоршысын қалыптастырамыз. Заманымыздың заңғар ақыны Қайсын Қалиевтің бір өлеңінде:

«…Жанымды жаралы тас сескендірді,
Көрмедім тас үстінде өскен күнді.
Кесілген көркем кезде ағашты мен
жүргендей болдым бейне жер астымен» - деп қапаланып қайғырған жолдары бар еді… («Социалистік Қазақстан» газеті, 4 наурыз, 1975 жыл).

Мемлекеттің негізгі мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті сақтау дейміз. Ұлттық қауіпсіздікті сақтау – қорғаныс күштерін нығайтып, ел ішіне енген арам пиғылды адамдарды аңду ғана емес, ел азаматтарының бірлігін сақтау, рухы биік, өз ұлтының барлық асыл қазынасы мен асыл қасиеттерін бойына сіңіре білген, өз дәстүрі мен салт-санасын өзгеге айырбастамайтын саналы азаматтарды тәрбиелеп, қалыптастыру. Оның бірден-бір төте де сенімді жолы біреу-ақ, ол – жас ұрпақты мәдениет арқылы тәрбиелеу. Мәдениет – көптеген тоғышарлардың түсінігіндей клубтар мен дискотекалар ғана емес, мәдениет – тіл, тарих, музыка, әдебиет, экран, телеэкран, т.б. Біз көп айта беретін ұлттық идеология дегеніміздің өзі негізінен мәдениетке сүйенеді. Сондықтан біз шекараны қалай қорғасақ, мәдениетті де солай қорғауға тиіспіз. Қоғам мүшелерінің парасат деңгейі мен рухани биіктігі жоғары болған сайын мемлекет негізінің іргетасы да соғұрлым берік болмақ /5/.

Осы қағиданы анық түсінгеннен кейін мемлекеттің алдынан мәдени дамудың бағытын таңдау, оны таңдағаннан соң сол дамудың стратегиялық концепциясын жасамай тұрып, мемлекеттік идеология туралы ойлаудың өзі жалаң идея, сөз жүзіндегі игі қана боп қалары даусыз. Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты осы концепцияны жүзеге асыру үшін арнайы бөлім ашып, іске кірісіп кетті.

Қазақстан – территориялық, экономикалық және геосаяси жағынан өзге мемлекеттерге ұқсамайтын бірден-бір ерекше мемлекет. Оны қоршаған мемлекеттердің конфессиялық, экономикалық, саяси құрылымдары мүлдем әр басқа. Бұған келіп, республиканың өз ішіндегі әр түрлі ұлттыр мен ұлыстардың тілдік және ментальдық әр алуандығын қоссақ, мәдени дамудың жалпы мемлекеттік стратегиясын жасап шығу оңайға соқпасы белгілі. Ол үшін әр түрлі тілдік, діндік және тарихи-мәдени ерекшеліктерді мен заң ғылымының өкілдері де белсене араласуы қажет /6/.

Қазақстан мәдениеті деген үлкен ұғымға негізгі ұйықты болатын Қазақ мәдениеті ертең қай бағытта дамуы керек? Азиялық па, еуразиялық па, түркілік пе, әлде мұсылмандық негізде ме? Мемлекетаралық, ұлттық интеграцияға ұмтылып отырған Қазақстанның қазіргідей саяси жағдайында бір ғана ұлттық шеңберде дамуды мақсат етіп қоюдың өзі дүние-әлемде қалыптасып отырған бүгінгі таңдағы реалды жағдайды ескермегендік боп табылар еді /7/. Ұлттық мәдени дамудың перспективаларын негізге ала отырып, біз өзімізді қоршаған басқа да озық үлгідегі мәдени дәстүрлер мен ағымдарды есепке алуға тиіспіз.

Мәдениет ұлтты қорғайды, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Демек, мемлекет те өз мәдениетін қорғауы керек, оның жаңарып, түрленіп, гүлденіп отыруына баса көңіл бөлуі қажет. Мәдениетті күнделікті болып жататын көңіл көтерер факт ретінде қабылдамай, ұлттың негізі, мемлекеттің тірегі деп қарайтын кез жетті. Олай болмаған жағдайда ұлт мәдениетінің босаған орнын басқа елдің жат өнері жайлап алады. Ол – жаңғар шапқыншылығынан әлдеқайда қауіпті.

XXI ғасырда бейнелеу өнері сияқты адам жайында айтудың осындай көне тәсілі қажет бола ма? Жердегі жаңа адамдардың суретшінің алдында ол бейнелеудің ұтымды формасын тапқанға дейін тапжылмай отырып күтуге уақыттары мен шыдамдары жете ме? Өмір сүре келе, көрерміз. Дегенмен, жақсы нәрсе текке кетпейді дегенге сенгің келеді және екі адам өмір мен өнер туралы достық рәуіштегі әңгімеде бір-біріне өздеріне сын көзбен қарауға мүмкіндік беретін де күндер туады: суретші ерекше түс белгісін табуды қажет ететін модель болса, модель суретші үшін шығармашылық пен өнердің мәнін түсіндірудің құралы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. Иновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. // Егемен Қазақстан, №115, 27 мамыр, 2006 ж.
2. Г.Шалабаева. «Ғасырлар тоғытындағы Қазақстанның көркем өнері». «ОЮ» көркем галереясы. Каталог. Алматы. 2000, 18-бет.
3. Искакова Гүлсым Келимбетова. «Литература и искусства Казахтана». Москва. «Наука». 1996, 206-бет.
4. П.Я.Зальцман әңгімелер каталогынан. Алматы. 1998, 19-бет.
5. Г.К.Шалабаева, А.Н.Рипинский. Грани реализма. Каталог. Алматы. Художественная галерея «ОЮ»; (на рус, каз, англ. яз.) 2004, 23-бет.
6. .

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бейнелеу өнері арқылы жастардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирования патриотических чуств молодежи посредством изобразительного искусства.

ӘОК 758.1

ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫ ТАНЫТАТЫН КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Тулегенова А.С. – бейнелеу өнері және сызу магистрі, оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат қазынасына баса назар аудару. Халқымыздың ұлттық дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарының толымды түлеу, өнерге, халқымыздың рухани байлығына қайта оралу, мәдениеттің барлық саласында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттық мәдениеттің қазыналары мен дербестігін мойындау» деп көрсетілген.

Халқымыздың өнегелі мәдениет үлгілерінің бірі – бейнелеу өнері қаншама дәуірден бері қанатын кеңге жайы дамып келеді. Қазақ халқының өмір тұрмысына тереңдей үңілсек, мәдениет дәстүрінің тізбегі үзілмей, бүгінгі заманға дейін жалғасын тауып келе жатқанын көруге болады.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі ерекшеліктердің негізін құрайтын белгі, ол, ұлттық көзқарас пен ұлттық дәстүр. Қазақстан өнерінің рухани ерекшелігі мен кәсіби көркемдік өзгешеліктің қалыптасуы халықтың санасы мен ішкі сырының әрдайым қатынаста болуына байланысты. Осының нәтижесінде, өзінің ерекшелгі, өзіндік ұлттық тілі, идеясы және ұлттық санасы қалыптасқан өнер мектептері құрылды.

Халықтық өнер мен реалистік бейнелеу өнерін өз шығармашылығында ешқандай жасандылықсыз ұштастыра білген тұңғыш кәсіби суретші Ә.Қастеевтің кез-келген көркем туындыларында халықтық рух пен ұлттық психология бірден көрініп тұрады. Ішкі мәдени сезімнің негізінде серпіліп шығатын рухани бастау қылқалам шеберін өзге әріптестерінен өзгешелендіріп тұрады.

Бейнелеу өнерін бедерлеуде ұлттық үн қосқан талантты суретші Ә.Қастеев халқының өмір тұрмысын қаз қалпында бейнелейді. Халық өміріндегі салт-дәстүрлер, наным-сенімдері мен түрлі ырымдарын бала жасынан бойына сіңірген суретші тұжырымы мен жинақтаған тәжірибесі ұлттық намысын жандандыра түсті. Ұлттық өрісі биік қылқалам шеберінің көрер көзді сүйсіндірген, көркемдікке толы жұмыстары әрбір адамда ұлттық сезім туғызады.

Ә.Қастеев туындылары өзінің аяқталғандығымен, ұқыптылығымен, қарапайым және түсініктілігімен құнды. Қылқалам шеберінің жұмыстарынан қазақтың дәстүрлі өнеріне жақын әуен байқалады. «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Кешкі мектеп», «Ескі және жаңа тұрмыс» т.б. еңбектері адамдар мен өнерге деген сезімталдық пен шынайы сүйіспеншіліктің нышанын білдіреді.

Суретші Ә.Қастеев - этонграф әрі зерттеуші, зергер суретші. Себебі оның ұлы тұлғаларды көркем шығармада кереметтей бейнелеп көрсетуі бізді бабаларымызбен тікелей жүздестіргендей болады. Амангелді Иманов, Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов сынды біртуар дарынды тұлғалардың портреттерін шеберлікпен сомдау нағыз ерлікпен пара-пар.

Кескіндеме өнерінің көптеген жанрларында белсенді еңбек еткен, қазақ қыздарының арасынан шыққан суретші А.Ғалымбаева өз шығармашылығында халқының ұлттық құндылықтары шабытпен жырлай білген. «Дастархан», «Ақ құмыра», «Көне керамика», «Қазақтың ұлттық бас киімдері» сынды бірнеше туындылары шын мәнінде сәнді, әдемі, айшықты дүниелер. Суретшінің қолтаңбасынан мәдениет пен тарихқа қанық екендігімен қатар, ұлттық құндылықтарды жоғары бағалай білетіндігін көруге болады. Мысалы қоңыр түсті

оюлы текемет пен шығыс үлгісінде жасалған бірнеше қыш ыдыстар бейнеленген «Көне керамика» атты туындысында ою-өрнектер аса бір мұқияттылықпен салынған.

Қазақстан өнерінің қалыптасу кезеңінде белсенді жұмыс істеп, еңбегін сіңірген қылқалам шебері Г.Исмайлова да пейзаж, натюрморт, портрет жанрларында жұмыс жаза жүріп, ұлттық тақырыптарды бірінші орынға қоя білді. Оның нақты дәлелі ретінде 1967 жылы «Бас киімдер» атты туындысын айтуға болады. Себебі, суретші осы жұмысында қазақ халқының ұлттық бұйымдары арқылы ата-бабаларымыздан қалған құнды дүниелеріміздің сұлулығын, көркемділігін әлемге танытты. Өзінің әсем әшекейлерімен, ұлттық оюларымен ерекшеленіп тұрған сәукеле, қолға тағатын білезіктер мен мойынға тағатын тұмарша, белге тағатын белдіктерді де бейнелей отырып, халқымыздың ұлттық құндылықтарын қаншалықты жоғары бағалайтынын осы жұмысы арқылы дәлелдеді.

«Қыз жібек рөліндегі Күләш Байсеитованың портреті» туындысы көлеміне қарай өте ауқымды, оның композициясы тікелей сахна көрінісімен байланысты. Суретшінің шеберлігінен Күләш образы сымбатты, әсем қазақ қызын бейнелейді. Мазмұны жағынан шығарма халқымызға тараған «Қыз Жібек» оқиғасымен сипаттала отырып, ұлттық құндылықтарымызды кеңінен көрсете білген.

Ұлттық сана – бұл мәдениет өзегі, бұл арқылы дүниетанымның негізі ұрпақтан-ұрпаққа қалып, ғасырдан-ғасырға дамып отырды. Ерте заманда тәңіршілдік сияқты сенім болған. Киелі дүниелерді құрметтеп, әспеттеу біздің ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымызға негіз бола отырып, бейнелеу өнеріне «таңба белгісі» атты бағытты өмірге әкелді. Бұл жаңа бағыт алғашында қазақ бейнелеу өнеріне соны тыныс әкеліп, өміршеңдігін көрсетіп, қалыптасып, тұрақтанып қолөнер бұйымдарын әшекейлеуге қолданыла бастағы белгілі. Уақыт өте келе бұл бағыт Қазақстандық суретшілердің үлкен қызығушылығын тудырып, кескіндеме өнерінде де пайдаланылып, бейнелі өнерге тың тақырыптар әкеліп, салиқалы өнер бағытының бастау алуына себеп болды. Бұрын суретшілер өз шығармашылығында ойын сезім арқылы бейнелеп көрсетсе, «таңба-белгісі» бағыты арқылы Тәңірлік дүниетанымдық түсініктер мен жаңа заманның көзқарастарын қосарлай біріктіре отырып, озық дүниетанымдық түсінік қалыптастырып, жаңашылдығымен ерекшеленді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдардағы суретшілердің бірі, ұлттық өзін-өзі тануды іздестірушілердің бірінші кезеңінен өткен Ә.Сыдыхановтың таңбамен салынған суреттері Қазақстанның кескіндемелік өнерін, бір мезгілде ұлттық және әмбебап сана-сезімнің ең таңдаулы теңбе-тең үлгісі ретінде, символизм мен концептуализм жаққа қарай қозғап жіберді /1/.

Суретші қазақтың рулық таңбаларының зерттей келе, айрықша көркемөнерлік айқындылыққа мәнерлілік пен тарихи ақпарат қуаттарына ие деген қорытындыға келді. Келесі кезекті қорытынды, кез келген затта немесе материалдық, рухани әлеуметтік құбылыстарда таңбалық (жасырын) мағынаның барлығы болды. Міне, осыдан келіп Ә.Сыдыханов ұлттық көне «Таңба» дәстүрін негізге ала отырып, жалпы қазақ өнерінің барлық бағыттарында пайда болған «Таңба белгісі» атты ұғымның ішінен «Шартты таңба» бағытын өмірге әкелді. «Кескіндемелік таңба» атты көрме ұйымдастыруы оның өнерге деген ерекше ықыласын білдіреді. Көркем шығармаларында қазақтың рулық таңбаларының графикалық символдарының семантикасы мен эстетикасын зерделеуімен ерекшеленген суретшінің ашқан жаңалығы - ұлттық сана сезім негізінде таңба арқылы дүние тану.

Қазақстан суретшілері бейнелеу өнері тарапынан, аз уақыт ішінде қазақ өнер қазынасына көптеген туындылар мен халқымыздың ұлттық мәдениетіне сәйкес

қайталанбас қолтаңба қалдыруда. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық менталитет бүгінгі таңда да суретшілердің шығармаларында көрініс тауып, форма мен ондағы мазмұн қазақи нақышта болуда.

Кескіндешілермен қатар гобелен өнері арқылы да қазақ халқының дамыған мәдениеті, өнері, тарихы болғанын әлемге паш ете білген өнер иесінің бірі Бәтима Зәуірбекова болды. Ұлттық мәнерді таныту ұстанымын басшылыққа алған гобелен шебері Бәтима Зәуірбекова да жоғары деңгейде өзіндік жеке идеялық ізденісімен танылды деп айта аламыз. Қандай да тақырыптық мазмұн болмасын, қазақ халқының мәдени өнер тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық менталитетті, психологияны, философияны, дүниетанымды терең танытатын композициялық шешімдерімен және көркемдік рәсімдерімен баяндай білді.

Көркемдеп тоқылған композициясында көктемнің сазды әуені, жаздың жадыраңқы жазирасын, күздің сыңғырлаған үнін, күй шерте әуендеткен қазақ даласының жырын жүрек түбіне сіңіре бейнелей отырып, айтайын деген ойын «Дала аруы», «Дала әуені», «Күй», «Дала маддонасы» тағы да басқа туындыларында әйел бейнесі арқылы жеткізе білген /2/.

Гобеленші Б.Зәуірбекова шығармаларында келбеттеген образдарын ұлттық сипатта беріп, ұлтымыздың өнер-мәдениетінің мәңгі өшпейтінін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу құндылығын жоғалтпайтынын дәріптейді. «Береке» атты сондай туындыларының бірінде өрнекті киіз үйдегі ақ кимешектегі келіншек арқылы тіршілік тынысын сездіреді. Ою-өрнекпен айқындай келіп, жас әйелдің ақ дастархан жайып, қонақ күтіп отырған мерекелік сәттегі қуаныштың нышанын тамаша өрнектейді. Кеседегі сүт, тағамдар мен торсық көріністері ұлттық салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыпты байыптап тұр.

Көркем тоқыма шығармашылығында Б.Зәуірбекова ұлттық сипатты танытуда композициялық шешімін біріншіден – ұлттық ою-өрнектермен үйлестіре келіп, олардың мән мағынасын түсіндірсе; екіншіден – ұлттық киімдегі әйел адамдардың образдарынан; үшіншіден – тақырыбына байланысты мағынасын ашатын бояу түстерімен айқындаған.

Ұлттық мектептің шырайын ою-өрнекпен танытқан гобеленшінің еңбектерінің мазмұны аса бай. Әрине, өрнектерді қолдану және оның мағыналық нышанына келістіре көркемдеу оңай емес. «Әйгерім», «Жіп иіруші қыз», «Менің Қазақстаным», «Киіз үй» сияқты бірқатар жұмыстарында бейнеленген ұлттық өрнектердің өзіндік ерекшеліктерін, мағыналық шырайын аша түскен. Аталған шығармашылық туындылардың көркемдік әсері бояулардың қанықтылығымен ерекше айқындалады. «Мүйіз», «Су», «Түйетабан», «Шеңбер», «Ирек» тағы басқа да ою-өрнектер ұлттық нақышпен үйлесіп, қазақ халқының менталитетін, танымдық жүйесін көрсетеді.

Суретші – гобеленші Б. Зәуірбекованың тамаша туындыларынан ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүрлер үрдісін танып, халқымыздың көне мәдениетін көріп, ғасырлар жаңғырығын естуге болады.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмір талабы болып отыр.

Халықтың болашағын ойлайтын, туған елінің мәдениетін дамытуға өз үлесін қосатын азамат тәрбиелеуде сан алуан өнер түрлерінің тәлім тәрбиелік ықпалы зор. Осы мұраны жеке тұлғаның дамуына пайдалана отырып, олардың әсемдікке деген эстетикалық қатынасын қалыптастыру әрбір тәрбие берушінің міндеті. Тұлғаны рухани дамуына зор әсер ететін өнердің барлық тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оларға өнер туындылары арқылы туған

халқының эстетикалық дүниетанымын, жарасымды дәстүрін меңгерту маңызды мәселе /3/.

Осы айтылған мәселелерді ой елегінен өткізе отырып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарсақ, бейнелеу өнерінде ұлттық сипатты танытатын көркем туындыларды қай жағынан алып қарасақ та тәрбиелік мәнінің зор, патриоттық сезімдерге жетелейтіндігі анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есмаханов А.А. Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері. – Алматы.: Атамұра, 1998. 520б
2. Есенәлі Ералы. Қазақы мінез. // Жас қазақ - Алматы., 2005. №3. 24-бет.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Өнер», 1987. – 128-бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұлттық сипатты танытатын көркем туындылардың тәрбиелік мәні қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается характерное национальное воспитание.

ӘОК 7.092

БӘСЕКЕЛЕСТІК АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ

Тұрғымбай М.Е. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Елбасының жолдауындағы 2020 жылдарға бағдарламасында білім беру саясатының ең өзекті мәселелері – кәсіби дайындықтың сапасын көтеріп, білім беруде жаңа, белсенді әдістер енгізіп, инновациялық тәсілдерді қолданып, білікті де, білімді жас мамандар дайындау болып табылады. Ұлттық білім беру жүйесі халықаралық стандартқа, қазіргі заманғы талаптарға сай келуі тиіс.

Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл-күйлеріне байланысты /1/.

Біздің университеттің студенттері нарықтық заманда болашақ маман болып, тек республика ішінде ғана емес, басқа мемлекет мамандарымен бәсекелесте болуы керек.

Дегенмен, соңғы жылдары университет студенттері, оның ішінде «Кәсіптік білім» кафедрасындағы студент қыздарымыз университет қабырғасында, қалалық, республикалық дәрежедегі конкурс, олимпиадаларға қатысып, яғни басқа жоғары оқу орындарының студенттерімен бәсекеге түсіп, жүлделі орындарға ие болып, диплом, грамоталармен марапатталып, әрқашан биіктен көрініп келеді.

Жақында ғана, 2010 жылдың 25-27 ақпан күндері аралығында Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясында «Кескіндеме» және «Сәндік – қолданбалы өнер» мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарында білім алатын студенттерге арналған Республикалық олимпиада өтті. Бұл олимпиадаға Алматы қаласынан Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің, Алматы технологиялық Университетінің, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің және Астана, Орал, Қызылорда, Шымкент қалаларындағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған бұл Республикалық олимпиаданы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі және Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы өткізді. Республикалық олимпиада Өнер саласы бойынша мамандарды дайындауда олардың біліктілігін арттыруға, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға, кәсіби жан-жақтылығын қамтамасыз етуге негізделген және студенттердің шеберліктерін шыңдау, алған білімдерін көрсету, теориялық және тәжірибелік білім беру үрдісіндегі маман дайындау саласын, дағдысы мен икемділігін, шығармашылық тұрғыдан өсуіне мүмкіндігін туғызып, кәсіби мамандықтардың дәрежесін көтере отырып, дарынды да, талапты студенттерді анықтау барысында жүргізілді. Олимпиадаға қатысушы студенттер «Кескіндеме» мамандығы бойынша «Композиция» пәнінен ұсынылған үш, яғни:

1. Тарихи тақырып (Ұлы Отан Соғысындағы Қазақстандықтар);
2. Менің Астанам;
3. Қазақстан – менің Отаным – тақырыптарының біреуінен жұмыс орындап шығуы керек болды.

Ал «Сәндік-қолданбалы өнер» мамандығы бойынша «Қазіргі Қазақстан» атты тақырыпқа гобелен, батик, ши техникасымен орындалатын панноның эскизін (жобасын) жасау керек болды.

Біздің университеттен, яғни «Кәсіптік білім» кафедрасы Республикалық Олимпиадаға Университет ішілік олимпиада жеңімпаздарын жіберді.

Олимпиадаға қатысушыларға қойылатын талаптар өте жоғары болды, сонымен қатар Т.Жүргенов атындағы Ұлттық өнер Академиясы немесе Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық университеті сияқты жоғарғы оқу орындарының майталман студенттерімен біздің қыздардың олармен сайысуы оңайға түспеді.

Әділ қазы алқалары да Республикаға, Одаққа белгілі өнер қайраткерлері, Д.Әлиев, А.Бапанов, К.Оспанов, Р.Садығұлов, Қ.Көшенов, Ж.Қайрамбаев сияқты белгілі суретшілерден құралды.

«Кескіндеме» мамандығы бойынша 050107 – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы 2-курс студенті Нұрмаханова Маржан «Ұлы Отан соғысындағы Қазақстандықтар» тақырыпта бүкіл шығыстағы батыр қыздар атанған Әлия мен Мәншүк образын алып, таңдаған тақырыбының негізгі мағынасын барынша ашып көрсетті.

Ал 3-курс студенті Умбетова Балжан «Менің Астанам» тақырыбында орындаған жұмысы да қызықты және ерекше композициялық шешімі табылған, ойлаған идеясының толық ашылған шығарма болып шықты.

«Сәндік қолданбалы өнер» және «Сценография» мамандығы бойынша қатысқан 050120 – «Кәсіптік білім» студенттері Айдарова Гүлмира, Бакелекова Динара, Толықбаева Баян, Портаева Ұлдана, Құдайбергенова Нигара да бар өнерлерін, кәсіби шеберліктерін көрсетіп, білгірліктерін танытты.

Әрине, комиссия мүшелеріне ең үздік шығармаларды анықтау оңайға түспеді, дегенмен де олар өте әділеттілікпен студенттердің еңбектерін бағалап, олимпиаданың жеңімпаздарын атады.

Біздің студенттеріміз Айдарова Гүлмира, Толықбаева Баян II орын, Нұрмаханова Маржан мен Бакелекова Динара III орын – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің II, III дәрежедегі дипломдарымен және Умбетова Балжан мен Портаева Ұлдана мақтау грамоталарымен марапатталды.

Олимпиада жеңімпаздарын әділ қазылар төрағасы Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, Д.Әлиев құттықтап, келешекте олимпиада қатысушыларына шығармашылық табыстар тіледі.

Әрине, біздің студенттердің бұл олимпиададағы жеңістері – оларға білім, тәлім-тәрбие кәсіби шеберліктерін үйретіп, сабақ берген «Кәсіптік білім» кафедрасының меңгерушісі доцент Р.А.Дәрменова, доцент Ж.А.Асқарова, Ж.Орымхан, аға оқытушы Т.Тазабеков, Ұ.Тоққұлиева, оқытушылар Р.Қожайбеков, А.Бекбергенова, Д.Тастанбектердің еңбектерінің жемісі, табыстары деп ойлаймыз.

Осындай Олимпида сияқты түрлі жарыстарға қатысу – студенттерге үлкен стимул, серпіліс береді. Олардың жоғарғы оқу орны қабырғасында практикалық шыңдаған білімдерін, шеберліктерін, қабілеттіліктерін және икемділік дәрежелерін нығайтып, шығармашылық жұмыстарын көрсетудің бірден бір жолы болатыны сөзсіз.

Сондықтан, студенттер арасында университет ішілік олимпиадалар, шығармашылық көрмелер ұйымдастырылып, олимпиада жеңімпаздарын, үздік шығармалардың иегерлерін университет әкімшілігі де ескеріп, марапаттап қолдау көрсетсе студенттеріміз болашақта әлі де биіктен көріне береді деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу –Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында ҚР Президентінің Жолдауы // Алматы ақшамы. 30 ақпан 2010ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің арасындағы бәсекелестік арқылы кәсіби мамандар дайындауда олардың біліктілігін арттыру, жеке шығармашылық қабілетін дамыту, шеберліктерін шыңдау мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль олимпиады как формирующий фактор творческих навыков умении и мастерства студентов.

ӘОК 391.9

ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУ

Шагирова К.А. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Абдикалыкова А.Н. – 3 курс студенті (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі уақыт талабына сәйкес мемлекетіміздегі 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына байланысты болып жатқан жаңа өзгерістер қоғам мен мемлекетіміздің құндылықтарын ескере отырып, білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту мәселесін қояды. Нақтылы аса маңызды тұжырымдар мен құндылықтар ғана білім беру сапасын жаңа деңгейге алып шығатын қадамдар жасауға ықпал етеді.

Оқушыларды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен халқының тарихы, дәстүрлері мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып білім меңгертуге, еңбек етуге үйрету қажет.

Қазақтың ұлттық қолданбалы қолөнеріндегі мәдени мұралардың тәрбиелік көзі, көркемдік дамуы мен дәстүр сабақтастығының негіздері, оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеудің қажеттігін қалыптастырады. Білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан,

ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле-жара қарауға болмайды. Жас ұрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандық біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың бойына жаңа сапалы дағдылар мен икемділіктерді дамытуда жаңа буын технология пәні үлкен рөл атқарады.

Сонымен қатар, ою-өрнектің ұлттық қолөнердің танымдық–тәрбиелік маңызы ата-бабамыздың сезімдік талғампаздық дүниесі қоршаған табиғи аясы, өскен ұясы, туған жерінің қасиетті топырағы мен тоғай тауларының құлпырған рең түрлері де қатты ықпал етті.

Жас ұрпаққа берілетін гуманитарлық білім мен тәрбие мәселесі ерекше. Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындата түсу, ұлттық тәрбие мен жалпы білімдік деңгейде ұштастыру керек.

Халықтың қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды халқымыздың матариалдық рухани мұраларын жете түсініп, оны бағалай білуге тәрбиелейді.

Технология пәнінде ұлттық тәрбие берудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі ұлттық қолданбалы қолөнерді технология пәнінде қолдана білу болып табылады /1/.

Ұлттық өнерге оқушыларды баулу үшін, қазығушылықтарын арттыру үшін технологиия пәнінде интерактивті тақтаны қолдану өте тиімді. Интерактивті тақтамен оқытудың әдеттегі оқыту әдісінен айырмасы көп. Ең алдымен кез келген сабақтың белгілі бір мақсатқа және нәтижеге жететін нақты жоспары, құрылымы болуы керек. Мұның бәрі оқушыға қолөнерді жақсы игеруіне көмектеседі және өз білетіндерімен сәйкестендіруіне септігін тигізеді. Қалыпты мектеп сабағын, қазіргі педагогикалық және оқытудың ақпараттық технологияларын ескере отырып, интерактивті оқыту әдістерінің төмендегідей жетілдіру мүмкіндіктері бар:

1) Модельдерді жасау және көрсету, презентациялау.

Қажетті бағдарламаны қамтамасыз етіп, интерактивті тақтаға үйлестіріп қолдану жаңа идеяларды түсінуді анағұрлым жақсартуы мүмкін.

Интерактивті тақта – сыныптағы оқушылардың барлығын қолөнерге баулу үшін құнды құрал. Бұл мұғалімге жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін ресурс.

Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Оқытушылыр мен оқушылар материалды барынша жетік түсініп оқи алады. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндік зор. Тақтада жаңа объектілерді оп-оңай өзгертуге, жылжытуға да тиімді /2/.

2) Оқушыларды сабаққа белсенді түрде қатыстыру.

Сабаққа қатыстырып, қызықтыру интерактивті тақта қолдану есебінен ұлғаюы мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды.

Талдау жүргізуді басқара отырып, оқытушы оқушылардың шағын топтарада жұмыс жасауына жол сілтейді.

3) Сабақтың барысы мен қарқынын жақсарту.

Интерактивті тақтаны қолдану сабақтың жоспарын, қарқыны мен барысын жақсартуы мүмкін.

Интерактивті тақтада жұмыс жасау материалды қарапайым, бірақ шығармашылық түспен қолдануды қарастырады. Файлдар мен беттерді алдын ала дайындап, қолданылатын басқа ресурстарға бекітуге болады. Интерактивті тақта көмегімен оқыту, тек компьютермен және проектормен оқытуға қарағанда әсерлілеу, өйткені оның бірнеше артық тұстары бар:

-веб-сайттар мен басқа да ресурстар қолдану есебінен материалды түсінікті, әсерлі етіп жеткізуді қамтамасыз етеді, сурет салу мүмкіндіктері бар және кез-келген қосымшалардың, әрі веб ресурстардың үстінен жазуға, көп уақыт шығындамай-ақ бейне көріністерді, сабақ барысында жасалған кез- келген жазуларды сақтауға немесе басып шығаруға болады;

-түрлі тартымды ресурстарды қолданудың арқасында оқушылардың қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыруға болады;

-ұжымдық жұмысқа араласу үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады, жеке және әлеуметтік дағдыларды жетілдіреді;

-оқытудың түрлі стильдерін қолдануды (белгілі бір қажеттілікке икемделе отырып, мұғалім барлық мүмкіндігі бар ресурстарға иек артуына болады);

-сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді;

-өтілген материалды қайталау үшін мектеп желісінде пайдаланатын файлдарды сақтауға мүмкіндік береді.

Білім беруде компьютерлік технологияның барлық мүмкіндіктерін интеграциялау оқушылардың өзіне және өз біліміне қатысты танымдық қызметін, шығармашылық талабын, белсенді бағыттарын ынталандыруға, баулуға көмектеседі /3/.

Мұны орындау үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс:

1. Оқушыларға технология пәнінде ұлттық тәрбие беруде шығармашылық іс- әрекеттерді меңгеру талап етіледі. Өйткені көркем шығармашылық іс-әрекеттердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы оқыту технолгиясы деп отырғанымыз – халық мұрасындағы қолданбалы қолөнер арқылы ұлттық тәрбие беру ұстанымын өзара тығыз байланыстылығы. Демек мұнда ұлттық тәрбие беруде бірінші орында оқушы тұрады. Және оның білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады;

2. Технология пәнінде ұлттық тәрбие берудің негізгі түрлері- тәрбие берудің дербес және топтау түрлері. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат оқушыға деген сенім, ұлттық өнерге қызығу мүмкіндіктеріне сүйеніп, ұлттық-қадір қасиет сезімін дамыту. Ал, оқытудың фронтальді түрлері, көбінесе бағыт беру, талқылау және түзету енгізуге ғана пайдаланылады;

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша технологиялық білімін жетілдіру үшін пайдаланатын әдістемелік құралдар оқушылардың танымдық іс- әрекеттерін жүзеге асыратындай болуы керек. Бұрыңғы дәстүрлік оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың технологиялық білімін жетілдіру үшін жаңа типтегі оқулықтар қажет- ақ.

Қазақтың ұлттық өнері тәрбие көзі. Ұлттық тәрбие үнемі білім берушілік негізде жүріп отыруы тиіс. Сондықтан мектептегі технология бағдарламасының мазмұны мынадай міндеттерді шешуі керек:

- халақтық қолданбалы қолөнер туралы түсінікті қалыптастыру;
- халықтық қолданбалы қолөнеріне, ұлттың мәдениетіне оқушылардың сүйіспеншілігін ояту;
- ұлттық қолданбалы қолөнер шеберлерінің еңбегімен таныстыру;
- күнделікті тұрмыста қолданатын қарапайым ұлттық нақышта орындалған бұйымдарды жасауды үйрету.

Жүргізілген тәжірибе жұмыстары барысында төмендегідей әдіс, тәсілдер қолданылады:

- арнайы жабдықталған көрмелерге, мұражайларға саяхат жасау;
- дәстүрлі халықтық қолданбалы қолөнер туындылары жайында әңгіме өткізу;
- оқушылардың көркемдік шығармашылық жұмыстарын талдау, қорытындылау, бағалау;
- жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. Мысалы, интерактивті тақта, компьютер т.б.

Қазақтың қолданбалы өнерімен айналысу халықтық өнер туындыларымен таныстырып, оқушылардың ұлттық талғамын қалыптастырып қана қоймай оларға қажетті техникалық білім беріп, еңбек, білік дағдыларын жетілдіреді, яғни еңбекке, мамандық таңдауға психологиялық және практикалық дайындық жасайды.

Жаңа технология үрдісінде оқытудың негізгі мәселелерінің бірі оқушылардың оқуға ынталандыру, ұжымға, қоршаған ортаға, қызығушылығын арттыру төмендегі бағыттарда жүзеге асады:

1. Қол өнерге үйрету сабақтарын да оқушыларға мазмұнды әсер қалдыратындай етіп, өтілетін сабақтың жоспарын халық педагогикасының негіздеріне сүйене жасап, оны ұжымдық дәстүрлер бойынша өткізген дұрыс. Себебі, ұжым мен жеке адамның мақсат-мүддесі үйлесіп отырады.

2. Теориялық өтілген сабақтарда, оқушылардың териялық білімін дамытуда, ойлау жүйесін арттырып, ізденіп, талаптану үшін үнемі рефераттық тақырыптар, баяндамалар, зерттеу жұмыстар тапсырып отыру керек.

3. Қолөнер оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға арналған құрал болғандықтар, қызығушылық аясын кеңейтіп, шығармашылығын қалыптастыруда, өзін-өзі танып жауапкершілікті сезіну үшін, жоспар бойынша белгіленген шығармашылық жобалар ұсынылып отыруы керек.

4. Қолөнерді игерту барысында өзінің теориялық білімі мен шеберлік қабілеттерімен танылған оқушылармен мұғалім басшылықты өз қолына алып, ғылыми жұмыс ұсынып, оның ғылыми негізде жазылуын қадағалап қорғау процесіне бағыт- бағдар беруі керек.

5. Осы бағытта мектепшілік оқушылардың ғылыми қоғамын құру. Қоғам мүшелері: шебер де, жас ерекшеліетері әр сыныптан құралған, білімі жан-жақты ғылыми көзқараста жетілген қыз балалардың құрамынан тұрады.

6. Қолөнер сабақтарында әсіресе төрт түлік мал туралы, егіншілік жайыдағы халықтық педагогиканың асыл нұсқаларын тиімді пайдаланған мұғалім көп мақсаттарға жетеді.

7. Келесі элемент ұлттық мазмұндағы дидактикалық ойындарды жүргізу. Бұл сабақ компьютер арқылы жүзеге асады.

«Технология» білім саласын меңгерту оқушылардың жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді. Ұлттық, тұлғалық, әдеп және эстетикалық дамуына, кәсіп таңдауына, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуіне жол ашады. Технология пәнінде көркем өнер ұрпақ үшін бүгін де, ертең де керек. Халық мәдениетіне табиғи түрде бейімдейтін бұрынғы әлеуметтік орта қазір жоқ. Сондықтан технология пәнінде көбірек көңіл бөлетініміз-дәстүрлі халықтық қолданбалы қолөнер бұйымдарының, әшекейлерінің мән-мағынасын ашу.

Ұлттық қолданбалы қолөнерді интерактивті тақтада тәрбие құралы ретінде пайдалана білу барысында, халқымыздың ұлттық-өнегесі, салт-дәстүрін ұрпақ санасына сіңіруде үлгі боларлықтай педагогикалық шеберлік, шығармашылықпен еңбек ету керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.Р. Төребаева. Халақтың қолөнер бұйымдарын дайындау барысындағы дәстүрлі мәдениетті пайдалану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы // Мектептегі технология. Технология в школе. №6, 2006 ж
2. Б.Қ. Тажахметова. Сәндік қолданбалы өнер арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру // Мектептегі технология. Технология в школе. №5, 2008ж
3. Г. Жаримбетова. Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері. // Мектептегі технология. Технология в школе. №9, 2008. 3-4бет
4. Л.Ш. Бәкірова, Қ.Д. Құралбай. Қолөнер арқылы технология сабағында оқушылардың іскерлігін қалыптастыру // Мектептегі технология. Технология в школе. № 6, 2006ж

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада интерактивті тақтаның технология пәнін оқытудағы мүмкіндіктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается особенности интерактивной доски в предмете технологии.

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ

ӘОК 340.46 Б.36.

БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ ӘЛ – ФАРАБИ

Абдиева Б.М. – ізденуші (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Өміріміздің даму барысында дұрыс түсініп, ғылымның бүгіні мен ертеңін танып, бағдарлап отырудағы ғылым тарихы маңызды орын алады. Расында адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі баршаға бірдей ортақ қазына. Сол мәдени мұраны талдап, іріктей білу, оны қастерлеп бағалай білу, халыққа жеткізу кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті.

Ғұламалық, ойшылдық деңгейге жеткен тұлғалар рухани құндылықтардың маңыздылығын өз замандастарына қарағанда әлде қайда терең түсінеді және өнер, ғылым, еңбек туындысы ретінде іс-қимылымен әлемге паш етеді. Тарихи процесте маңыздылықтарға назар аударып, олардың өз заманына ғана емес, келер ұрпаққа да өзектілігі зор екенін атап көрсеткен ұлы тұлғалар болады.

Осы кездегі өркені өскен сан саналы ғылым мен мәдениетті жасауға талай елдің, талай ұрпақтың таңдаулы өнімдері қатысты, орта ғасырларда адамзат білімінің малайы, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаларының бірі түркі әлемінің ұлы ойшылы, көрнекті философ, атақты музыка маманы, математик, атақты физик, асқан астроном және географ,

медицина өнерінің білгірі, қазақ топырағынан шыққан данышпан перзент Әбу Насыр Фараби (870-950) болды.

Фараби және оның шәкірттерінің ғылым мен мәдениетті дамытудағы орнын анықтау ғылыми мұраларын мұқият зерттеу өте үлкен маңызды жұмыс. Бұл жағдайды білімпаздар өте ерте-ақ аңғарған сияқты. Сондықтанда болу керек, дүние жүзінің әртүрлі халықтарынан шыққан оқымыстылар Фараби мұраларын мың жыл бойы зерттеп келеді.

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедицст ғалым. Ол ғылым мен білімдегі, адам мен әлемдегі ең терең байланыстарды, қасиеттерді, сипаттарды құндылық ретінде өрнектей білген.

Оның мұсылманша толық аты-жөні Мұхамед ибн Узлағ Тархани. Туған жері – Сырдария бойындағы ерте заманда түркі халықтарының орталығы болған Отырар қаласы. Отырар арабтар "фараб" деп атаған. Қай жерден шыққанын білдіру үшін аты-жөніне өзінің туған мекенінің атауын тіркейтін сол заманның дәстүрімен ұлы ұстаз Фараби аталған. Махмұд Қашғари "Диуани лұғат ат-түрк" атты еңбегінде Фараб қаласының түрікше аты – "Қарашоқы" деп көрсетеді.

Әл-Фараби заманында бүкіл Орта Азия мен Түркстан Араб халифатының ықпалында болған. Соған байланысты қала халқы сауда-саттық мәселесінде ислам қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. оның ішінде рухани, ғылыми тіл араб тілі болған.

Сондықтан осы қалада сауат ашып, осы қалада оянған Әл-Фарабидің осы үш тілді жетік білуі заңдылық еді. Ол кейін білім ғылым дүниесінің орталығы болған Бағдатқа келіп, сонда тұрақтап қалады. Сол кездегі әйгілі ғалымдарымен кездесіп, олармен сырлас болады. Грек, латын, санскрит және басқа тілдерді үйренеді.

Ол өз заманындағы дамыған ғылым салаларының бәріне, өнеріне өзіндік үлес қосып, елеулі із қалдырады. Одан қалған ғылыми еңбектердің өзінің саны жүзден астам, сол еңбектерді ғылым салаларына қарай бөлетін болсақ, олар мынанда: астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғат ғылымдары, социология, ленгвистика, поэзия-риторика, философия болып келеді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай Қазақстан ғалымдарыда ұлы ұстаздың бай мұрасын жинап, зерттеп тануға өз үлестерін қоса бастады. Қазір Қазақстан Ғылым академиясының кітапханасында Әл-Фарабидің елу шақты еңбегі бар. Олардың ішінде басқа тілге аударылмаған, ғалымдар арасында осы күнге дейін белгісіз болып келген: - "Алмагеске түсініктеме", "Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері". "Астрономия", "Китаб әл-Мусики әл-Кабир" секілді. Әрқайсысы бір-бір ғылымның шыңын көрсететін аса ірі туындылары бар. Мұның сыртында соңғы жылдары Қазақстанның Иранда алғашқы Төтенше және Өкілетті елшісі болған ғалым Мырзатай Жолдасбеков тауып әкеліп, Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеттің кітапханасына тапсырған Әл-Фарабидің қолжазбалары өз алдына бір пара қазына. Олардың көшірмесі (он үш қолжазба) бүгінде Еуразия ұлттық университетінің Отырар кітапханасында сақтаулы.

Ежелгі деректерге сүйенсек, әл-Фараби 70-ке жуық тіл біліпті. Оны "әлемді ғылым мен білім арқылы билеуші" деп атауға болады. Фарабитануда өлшеусіз еңбек сіңірген көрнекті ғалым Акжан Машанұлы әл-Фараби мен Абайды тығыз байланыстырады. Себебі екі алыпта құран кәрімнің қайнар бұлағынан қанын ішкен.

Ғылым, білім тазалығы үшін ғұламаның ғұмырын сарп еткенін жас ұрпақ ұғынып өссе, қазақ ғалымы әріден өрбіп, өрісі кеңейеді. Қазақ ғылымының іргетасын қалауда, қалыптастырудағы әл-Фарабиді басшылыққа алсақ, қателеспейміз.

Әл-Фарабидің туған жылы 870 жылы өлген жылы 950 жыл деген мәлімет ресми түрде халықтар арасында баспа жүзінде тараған. Шын мағынасында бірер жылдық артық кемі болуы мүмкін. Ұлы ғалымның туған жері Отырар (Фараб), ал өлген жері Дамаск (Сирия) қаласы.

Оны қазір ешкім қолдамайды. Ал әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлелдеп жазып картаға түсірген атақты ғалым географ Ибн-Хаукал. Ол өзінің "Китаб Масалик уа Машамик" аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын берген, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды картаға жазғанда картаға түсіргенде әдейі арнайы тоқтап: "Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ Әл-Фарабидің туған жері" – деп жазған. Ибн Хаукал Әл-Фарабидің шамалы кіші замандасы болған Екуі бірін-бірі жақсы білген.

Әл-Фараби заманында Түркістан елі исламды қабылдап, ғылыми мәдени салада араб тілін меңгере бастаған. Сондықтан әл-Фарабидің араб елдерінде болып, ғылымды осы тілде жазуы түсінікті. Ол кезде араб тілі дүние жүзінде ең жоғары ғылыми дәрежеге көтерілген тіл болатын. Әл-Фарабидің араб ғалымдары қатарында саналуы да осыдан. Оны араб тілді ғалым деу дұрыс Әл-Фарабидің өзінің туған елінде мәдениет дәрежесі қандай болған. Оның балалық шағы қалай өткен. Ислам діні тарамай тұрған кезде отырар елдерінің жалпы алғанда Туранның, Сарматтың көне мәдениеті едәуір жоғары дәрежеде болған. Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті қала, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болып табылады. Осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орын болды.

Әл-Фарабидің шет ел кітапханаларында сақталған, аударылмаған, сөйтіп, бізге жетпеген ғылыми еңбектері қаншама. Оларды аудару, саралау, жаңа қырынан талдап, түсіндіру алдағы уақыттың еншісі.

Осы мәселелерді іске асыруда Әл-Фараби еңбектерін зерттеуші ғалымдар біршама табыстарға жетті деп мақтанып айта аламыз.

Әр ұлттың ұлт болып қалыптасуы, оның тарихын оқып білумен тікелей байланысты. Халықты мақтандыратын да, ұялтатында, оның тарихы. Қазақ халқының ұлан ғайыр жері, бай тілі және ұялмай мақтан тұтатын бай тарихы бар. Тек сол дүниелерімізді қазіргі жас ұрпаққа насихаттап, санасына сіңіру – ұлт алдындағы борышымыз. Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан бізге жеткен ұлағатты ойларын ұлт санасына зерделеп тоқу, баға жетпес рухани құндылықтарын жас ұрпаққа өнеге ретінде насихаттау ең көкейтесті мәселелердің бірі.

Қорыта айтқанда, Фарабидің кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен барлық жұмыстарынан, философиялық трактаттарына өте ізгілікті жанның шабыты, шығармашылығы, ынта-ықыласын сеземіз. Бұл Әл-Фарабидің даналығының белгісі, әлемді, адамдарды, табиғатты сүйгендігінің көрінісі. Бұл ғұламаның келесі ұрпақты руханилыққа шақырған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Машанов А.Ж. "Әл-Фараби және Абай", Алматы 1994.
2. Көбесов А. "Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі", Алматы 2002.
3. Аманжолов Қ.Р."Түркі халықтарының тарихы" Алматы 2002.
4. Нұрмұратов С.Е. "Әл-Фараби философиясындағы рухани құндылықтар жүйесі", "Әл-Фараби" 2003.
5. Көбесов А. "Әбу Насыр Әл-Фараби", Алматы 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұлы ғалым, философ әл-Фарабидің ғылымның әр саласындағы еңбектері қарастырылған және әл-Фарабидің ғылым мен мәдениетті дамытудағы ролі көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются научные труды великого ученого философа Аль-Фараби и раскрыта его роль в развитии науки и культуры.

ӘОК 370 А 94

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ РОЛІ

Ахмадиева Э.М. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ),

Педагогикалық менеджмент – бұл оқу үрдісін ұйымдастыруға және оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруға бағытталған мұғалімнің сыныптағы басқарушылық әрекетінің спецификалық түрі.

Білім беру мекемелері сияқты күрделі әлеуметтік-педагогикалық жүйені басқару оқу үрдісінің жеке-нысаналық бағытына, нәтижелілігіне , сапасына тікелей тәуелді.

Өкінішке орай, мұғалімнің, жоғары оқу орны педагогының педагогикалық және басқарушылық әрекетін бағалаудың бірыңғай критерийлері әлі қалыптаспаған.

Оқу үрдісін басқару практикада қолданыла бастағалы оқытушының басқарушылық әрекетін бағалау критерийлерін анықтауға деген құлшыныс пайда болды. Критерийлерді өңдеу педагогикалық қызметтің сапасын көтеруге деген, сабақты ақпаратты және жылдам басқаруға деген қажеттіліктер негізінде туындайды.

Білім беру үрдісін басқарудың критерийлерін анықтауды әдістемелік тұрғыдан негіздеу педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді талдаудың жүйелік тұрғысы негізінде жүзеге асырылады. Жүйелік тұрғыдан қарастыру біріншіден, оқу үрдісін әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды басқару ретінде қарастыруды және оқу үрдісінде педагогикалық менеджменттің жеке бір үрдіс ретінде сипатталуын білдіреді. Екіншіден, критерийлерді анықтау барысында оқу процесінде оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне ғана емес, сондай-ақ, басқару процесінің нәтижелілігінің бағасына да мән беріледі. Оқушылардың оқу-танымдық әрекетін және сабақты басқару нәтижелілігінің бағасына осы тұрғыдан қарау критерийлерді анықтауда зор әсерін тигізеді /3/.

Мұғалім-менеджердің жұмысының нәтижелілігінің критерийі болып оқушылар еңбегінің жемісі болып табылады. Оқушылар еңбегінің нәтижесі дегеніміз тек қана білімін жоғарлату емес, сонымен қатар оқу-танымдық әрекеттің әдістерін меңгеру, оларды өмірде және өндірісте қолдана білуі.

Оқушылардың оқу-танымдық әрекетінің менеджері ретінде мұғалімнің жұмысының нәтижелілігін келесі психологиялық критерийлер бойынша бағалауға болады:

1) Сабақ уақытында оқушылардың оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыруға қанағаттануы;
2) ЫНталылық (оқушылардың білімге деген құштарлығы);
3) Мұғалімнің мектептегі және сыныптағы беделі;

4) Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Бағалау критерийлерін анықтауды осы заманғы тұрғыдан алып қарасақ, ол келесі үш сапаға ие болуы керек:

1) Олар оқу бағдарламасына, мемлекеттік стандартқа сәйкес болуы керек

2) Объективті және тұрақты болуы керек

3) Оларды өңдеуге жұмсалатын қаражаттар мен ғылыми күштер мемлекет пен білім беру мекемесінің қаражаттарына сәйкес болуы керек.

Бұл критерийлер оқу үрдісі барысында оқушылардың білім деңгейін бақылау нәтижелерін оптимизациялау үшін беріледі.

Кейбір ғалымдардың пікірінше төмендегі бағалау критерийлері негізгі критерийлер болып табылады:

1) Педагогикалық қызметтегі жаңалықтар;

2) Жоғары нәтижелілік;

3) Педагогика мен әдістеме жетістіктерінің сәйкес болуы;

4) Тұрақтылық.

Осы критерийлерді қолдану педагогикалық өтілді кешенді бағалауды қамтамасыз етеді және оның біліктілігін алдыңғы қатарлы деп санауға негіз береді.

Оқушылардың білімді меңгеру нәтижесі мен олардың оқу-танымдық жұмыс нәтижелерін зерттей келе, білімді бағалау оқу үрдісінің негізгі бөлімі болып табылады деген тұжырымға келуге болады. Формалары мен әдістері оқыту мақсатына, тақырыпқа, пәнге және оқушының ерекшеліктеріне тәуелді /1/.

Білім беру мекемелерін басқару теориясы мен практикасын қарастыра отырып, құралдар, ресурстар, адам күшінің рационалды шығыны жағдайындағы нәтижелік негізінде критерийлерді өзара байланысты жүйеге жинақтаймыз.

Оқушылардың оқу-танымдық жұмысын басқарудың оптималды критерийлері, жұмыс нәтижелілігін жоғарылату және уақыт үнемдеу заңы еңбек үрдісінің жалпы заңы болғандықтан кез-келген қызметті басқарудың оптималды критерийлерінен алынған.

Әлеуметтік басқару және менеджмент теорияларына сәйкес кез-келген қызметті басқарудың оптималды көрсеткішін ең төменгі шығын көлеміне ең жоғарғы қызмет нәтижелілігі көлемі сәйкес келетін өзара байланысты жүйеге жинақтауға болады. Бұл басқару теориялары ғылымда негізделіп, дәлелденген. Сондықтан, оларды практикада ғылыми зерттеу пәні ретінде алуға болады.

Оқушылардың оқу-танымдық әрекетін басқару оптималдылығының бірінші критерийі – бұл жеке-нысаналық білім беру және педагогикалық менеджментті қолданған жағдайда оқушылардың оқу-танымдық жұмысты меңгеруде максималды нәтижеге жету /3/.

Білім беру мекемелерінің қызметін қарастыра отырып, білім беру үрдісінің сапасының келесі көрсеткіштерін бөліп көрсетуге болады:

1) Балалардың білімге деген қызығушылығын анықтау және есепке алу;

2) Мемлекеттік стандарт ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;

3) Педагогикалық қызметтің келесі кері схема бойынша тұрақты рефлексиясын жүзеге асыру: нәтиже – процесс – шарт;

4) Білімдарлықтың обьективті зерттеу құралдарын қолдану;

5) Балалардың мүмкіндіктері, үлгерімдері мен денсаулықтарын есепке ала отырып, тең дәрежелі білім беруді жүзеге асыру.

Өзара әрекет (оқытушы-оқушы) нәтижесі болып білім беру стандарттарының талаптарын орындау; оқушылардың оқудағы жетістіктерінің деңгейі; оқушыларды аттестациялаудың нәтижелері; тәрбиелілік деңгейі; оқушының даму деңгейі және т.б. табылады.

Оқушылардың оқу-танымдық жұмысының оптималдылығының екінші критерийі – бұл оқу жоспарымен берілген уақыт ішінде, оқушыларды оқу-танымдық жұмыс әдістерімен оқытуда алдыға қойған мақсаттарға жету.

Оқушылардың оқу-танымдық жұмысын басқарудың оптималдылығының жоғарыда айтылған екі критерийлері де өзара тығыз байланысты және екеуі де бір уақытта қолданылады. Яғни оларды бір-бірінен бөліп қолданса, бірінші жүйе тек қана экстенсивті даму бағытына нұсқайды, ал екіншісі тек интенсивті даму бағытына нұсқайды.

Оқушылардың оқу-танымдық жұмысының оптималдылығының үшінші критерийі – алдыға қойылған мақсаттардың жүзеге асырылу деңгейін сипаттайды. Мақсаттардың жүзеге асырылу деңгейі оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық ұжымның жұмысына талдау жасау барысында анықталады.

Көптеген ғалымдардың ғылыми жұмыстарының барысында мұғалімдер, көбінесе, оқыту еңбегіне машықтану барысында, оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін өз бетімен ұйымдастыру барысында және сабақ уақытында оқу процесін ұйымдастыру кезінде қиындықтарға кездеседі. Бұл әрекеттерді жүзеге асыру үшін ең алдымен баланың жеке тұлғасын меңгеру қажет, сондай-ақ, оның қызығушылығын, ыңғайын және мүмкіндіктерін анықтау керек.

Жеке-нысаналық оқытуды ұйымдастырудағы және оқушыларды оқу-танымдық әрекет әдісімен оқыту барысында, педагогикалық менеджментті қолдануда, мұғалімдерге кездесетін қиындықтарды анықтау сабақ уақытындағы оқу процесін басқару модульдерінің конструкциясын құруға мүмкіндік тудырды. Оқу-танымдық әрекетті бақарудағы мұғалім әрекетінің бірізділігін анықтау мақсатында қиыншылықтарды төмендегідей бағыттауға болады:

1) негізгі дидактикалық мақсаттарға жету барысында: оқу еңбегіне машықтану; оқушыларды оқу-танымдық әдіспен оқыту;

2) ұйымдастыру-коммуникациялық әрекетте: оқу процесіне жеке-нысаналық тұрғыдан қарау; оқу процессі барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара байланыстың қалыптасуы;

3) жұмыс бағдарламаларын, пән бойынша оқу жоспарларын тәрбие жұмыстарының жоспарларын дайындауға байланысты конструкциялық әрекеттер барысында.

Сабақ уақытында оқу үрдісін басқарудың негізгі мәселесі - әрбір сынып бойынша қиындықтарды анықтау, ал екінші мәселесі – осы қиыншылықтардың себептерін, факторларын анықтау болып табылады.

Мұғалімнің өзіне кедергі келтіретін қиындықтарды білуі, бірінші кезекте, оның өзінің әрекетін дұрыс бағалауға, екіншіден, өзін реттеу процессі кезінде осы қиындықтарды жоюға мүмкіндік туғызады. Мұғалімдерге кедергі туғызатын қиыншылықтардың себептерін анықтау әдістемесі заңды диалектикалық тенденцияларға, себеп-салдарлық байланыстарға сүйенуі керек. Қиындықтар себептерінің ғылыми талдауы мұғалім әрекетінде кездесететін көптеген қиындықтардың ішінен негізгісін тауып, оның пайда болу табиғатын түсініп, мәнін ашуға негізделеді. /5/

Сондықтан, мұғалімдерге кездесетін қиындықтардың себептерін талдау әдістемесінің негізгі позициялары болып объективтілік, жүйелі-құрылымдылық және жеке-нысаналық тұрғылар жатады. Мұғалім әрекетінің нәтижесін мектеп ішінде бақылау, рейтинг, жалпы мектептік құжаттандыруды талдау жүйесі арқылы зерттеу барысында қиындықтардың объективті және субъективті себептерін есепке ала отырып, оларды төмендегідей жіктеуге болады: 1) оқу үрдісін басқару жүйесінде және оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру мәселелері бойынша мұғалімдердің белгілі бір бөлігінің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғысынан дайын еместігі; 2) оқу үрдісін басқару

және жеке-нысаналы оқыту мәселелері бойынша дайындық немесе біліктілігін көтерудегі кемшіліктердің болуы.

Мұғалімнің әрекетіне кедергі келтіретін қиыншылықтарды жоюдың ең нәтижелі формасы педагогикалық менеджмент пен жеке-нысаналы оқыту мәселелері бойынша білімін өздігінен көтеру және біліктілігін көтеру жүйесін басқарудың практикасын жақсарту болып табылатындығы практикада дәлелденген.

Сонымен, қорыта келе сабақ уақытында оқушылардың оқу-танымдық жұмысын оптималды басқарылады деп, егер ол оқу-тәрбиелік үрдістің үш критерийінде бір уақытта қолданған жағдайда айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексеев Н.А. Понятие “Личностно – ориентированного обучения” // Завуч. – 1993. №3.
2. Аминтаев С.А. Формирование профессиональных качеств менеджера образования // Ростов на Дону 1999.
3. Ангеловский К. Учителя и инновации // Книга для учителя // М.1991
4. Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения // М – 1977.
5. Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно – оринтированного образования // Ростов на Дону 2002.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мұғалімнің басқарушылық іс-әрекеті, мұғалім-менеджердің іс-әрекетін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері қарастырылған. Сонымен қатар, мұғалімнің іс-әрекетіне кедергі келтіретін қиыншылықтар анықталып, көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются виды управленческой деятельности учителя. Оптимальные показатели и критерии оценки деятельности учителя-менеджера. Взаимосвязь критериев оценки деятельности педагогического менеджмента.

ӘОК 336.4. Б.59

АҚША – НЕСИЕЛІК РЕТТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бихондиев Б.Б. – э.ғ.к., доцент (Алтамы қ., ҚазмемқызПУ)
Бихондиева А.Б. – аға оқытушы (Шымкент қ., М.Әуезов атындағы ОҚМУ)

Әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған нарықты экономикалы елдердің бәріне сын сағатын орнатқан жаһандық қаржылық дағдарыс, ақша – несиелік реттеудің ролін, маңызын және қажеттігін тағы да бір дәлелдеді.

Ақша – несиелік реттеу деп ақша айналымының динамикасын басқаруға байланысты қысқа және ұзақ мерзімді шараларды жүзеге асыруды айтады.

Мемлекет өз тарапынан ақша айналымының динамикасына ықпал жасау үшін, ең алдымен тәуелсіз орталық банк арқылы белгіленген шараларды іске асырады. Кез келген мемлекеттің орталық банкі – ақша айналымын тікелей емес, жанама – оны ақша – несие жүйесі арқылы реттейді.

Ақша – несиелік реттеудің макро деңгейлік негізгі алты мақсаты бар:

1. Бағалар тұрақтылығын қолдау;
2. Жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне жету;

3. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету;

4. Ішкі ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлеменің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

5. Ұлттық қаржы нарығының жекелеген сегменттеріндегі тепе-теңдікті қолдау;

6. Ішкі валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының ақша – несиелік реттеу жүйесі ақша айналымын басқару саласындағы мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді өзара үйлестіріп, олардың шешімдерін табатын мемлекеттің ақша жүйесінің құрамдас бөлігі және ол елдің ақша айналымы жүйесінің қалыпты қызмет етуі мен оны қолдаудың ұйымдастырушы блогын және мыналар:

♦ Ақша айналымына қатысушылар қызметтерінің тиімділігін арттыру мен олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы;

♦ Ақша айналымына қатысушылар мүдделерін өзара үйлестіру мен қорғауды;

♦ Ақша айналымы қатысушылар шығындарын кемітуді, оларға көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуды;

♦ Ақша айналымындағы жағымсыз құбылыстарды бәсеңдететін механизмді құруды;

♦ Қажетті ақша ресурстарын құру мен инвестицияларды тартуды;

♦ Ақша нарығында бәсекелі орташа дамыту және бәсекелі қатынастарды қалыптастыруды;

♦ Банктік қызмет көрсету нарығын ұлғайту мен олардың сапасын жақсартуды;

♦ Қолма – қолсыз есеп айырысулар жүйелерін жетілдіруді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекет әрдайым банктерге ықпал жасайды және олардың жемісті жұмыс істеулеріне қажетті жағдайлар мен мүмкіншіліктерді орнатады. Орталық банктің құқығы көптеген мемлекеттерде және біздің еліміз де ұлттық заңнамалармен бекітіледі. Ол ақша – несиелік реттеудің әртүрлі стратегиялары мен тактикасын нақты және өз ретімен белгіленген мерзімдерде іске асырады. Осылардың барлығын қазақстан Республикасындағы іс-тәжірибе көрсетті.

ҚР-ның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың даналығы мен көрегендігінің арқасында біздің мемлекетіміз әлемдік озық үлгідегі теориялық және практикалық маңызы зор бағдарламаны жасап, оны іскерлікпен іске асыру, арқылы халқымыз еліміз жаһандық қаржылық дағдарыстан көптеген қиыншылықтарды білмей өтті.

Мемлекеттің ролі – ақша айналымына қатысушылардың өзара қатынастарын реттеу мен құқықтарын қорғау және олардың негізгі қағидаттарын белгілеумен шектеледі.

Құқықтық реттеу – ақша айналымына қатысушылардың құқықтарын және бостандығын өзгертуге немесе тұншықтыруға соқтырмауы тиіс, ал белгіленген шектеулер – Конституциялық құрылыстың негіздерін қорғау қажеттігіне сәйкес келіп, заңнамалық ережелермен, яғни қатысушылар құқықтарының мазмұны және оны іске асырудың негізгі кепілдіктерін белгілеу арқылы іске асырылуы қажет. Бұлар ықтимал қателіктерге жол бермейді немесе оларды дәл уақытында түзетуді және бұзылған құқықтарды нақты өз қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы қаржы саласында мемлекеттік ақша – несиелік реттеудің нормативті базасы мына бағыттар бойынша жасалған:

Игисинова А.С. - оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Құқықтық мемлекет – бұл билік бөлісу парықтары мен заң үстемдігін қадағалайтын халықаралық үлгілерге сай өмір сүретін мемлекет. Сондай-ақ, қоғамдық қатынаста жеке тұлғалар мен басқада субьектілердің лауазымын жетілдіріп, ереже түрінде бекітуіне қамқорлық білдіретін мемлекет. Құқықтық мемлекеттің басты мақсаты – жеке тұлғаның барлық еркіндігін қамтамасыз етіп, оның заң жүзінде бекітілген еркіндік кеңістігіне ешқандай кесел келтірмеу және

оларға қатысты заңсыз шараларды қолдануға жол бермеу. Адам құқықтарын қорғау – құқықтық мемлекеттің қызметіндегі басты бағыт болып табылады. Құқықтық мемлекетте билік пен саясат тек қана құқыққа бағынуға тиіс. Қандай саяси күштердің билік басында болуына қарамастан, адам құқықтары мен негізгі еркіндіктеріне тек Конституция және заң ережелері ғана кепілдік бола алады. Елдер Конституциясы кез келген демократиялық қоғамның негізі болып табылады, сол себепті де оны көп ретте Негізгі Заң деп те атайды. Өркениетті қоғамда барлығы Конституция талаптарына бағынуға тиіс. Конституция әр кезде де елдің нақтылы кезеңіне сай келіп, адам құқықтары мен негізгі еркіндіктеріне, қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізбеуі қажет. Осындай өркениетті қоғам, ғасырлар бойы қазақ халқының арманы, ұлт мүддесі болған тәуелсіздік идеясымен бірге, XX ғасырдың аяғында жүзеге асып, егемен ел болып, конституциялық даму сатысына шықты. 1993 жылғы Конституция мемлекеттің алғашқы құрылым жүйесін, басқару мәселесін, азаматтық құқықтардың құндылығын паш етіп, халқымыздың құқықтық сана-сезімін қалыптастыруда, ұлттық рухты дамытуға өз үлесін қосқаны белгілі. Бірақ та ескіден қалған қалдықтардан құтылып, жаңаны меңгеру нәтижесінде пайда болған өтпелі кезеңнің қиыншылықтары мемлекетке өз уақытында осы міндеттемелерді толық орындауға мүмкіндік бермеуде. Әлбетте, қандай қиыншылықтар болмасын, өзіне демократиялы бағытта дамуға міндеттеме алған Қазақстан адамзат дамуындағы халықаралық өлшемге сай болуға тырысуы қажет. Осы жолда Қазақстан үкіметі жағынан адам құқықтарына байланысты Негізгі заңға елеулі өзгерістер кіргізіле бастады. Осы орайда жаңа даму сатысында адам құқықтарын қорғауға қатысты, Қазақстан Республикасының 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституциясының 2-ші бабы ерекше маңызды сияқты, өйткені бұл бапта: «Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруды шектеуге басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, конституциялық құрылысты қорғау мақсатында ғана жол беріледі» - деп көрсетілген.

Бұл ережелер өз ретінде Қазақстан үшін тіптен-бір жаңа және олар көп мәселелерді шешері анық. Біріншіден, қандай да болмасын қызметкер жағынан немесе мекеме жағынан Республика азаматының әрқайсысының негізгі құқықтарын шектеуге қарсы іс-қимылына нақтылы тосқауыл қояды. Бұл бапқа сай келмейтін және осы құқықтарды бұзатын қандай да болмасын шешім Конституция тарапынан заңсыз деп табылады.

1993 жылы баспасөз бетінде Қазақстанның демократия бағытында жасалған алғашқы қадамдарына былай сипаттама береді: «Қазақстан Конституциясы мәтінінің үштен бірі, яғни 131 баптың 44-бабы адам құқықтарына және осы құқықтардың кепілдігіне арналған, сонымен бірге құрылысы тұрғысынан бұл бөлім: «Азамат, оның құқығы, бостандығы және міндеттері» деп аталып, бірінші орында тұр». Мұның өзінен-ақ адам құқықтарының маңыздылығын айқын көруге болады.

Қазақстандағы адам құқықтарын қорғауға қандай құқықтық негіз қаланған десек, бұл мәселеде Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан бергі, 1995 жылғы 3-тамызда өткізілген Республикалық референдумда қабылданған Конституциясына көз жіберсек, ол құжатта азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктерін халықаралық үлгі деңгейінде бекіткен. Кейінгі екі Конституцияның ортақ ұқсастығы – бұлар тұңғыш рет мемлекеттік тәуелсіздікті, егемендікті, Қазақстан халқының өз еліне толық билігін бекітіп, орнықтырды. Қазақстан демократиялық, құқықтық және зайырлы қоғам құруға ұмтылып отырған мемлекет ретінде жарияланды.

Біздің соңғы Конституциямыздың 1-бабында мемлекеттің аса қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітілген. Сайып келгенде, 1995 жылғы Конституциясында Қазақстан демократиялық, құқықтық мемлекет деп жарияланғанына сай, ендігі жерде Қазақстан өзінің қосылған халықаралық адам құқықтары мен ережелерінен тыс басқа да адам құқықтарына қатысты халықаралық келісімдерді қабылдауы қажет. Яғни, бұл оң қозғалыс тұрақсыз тек алға ілгерілеуі керек, осы бағыттағы жүзеге асып жатқан әрбір нәтиже қуантады. Шын мәнінде әр адамның жеке тұлғалығын қамтамасыз етпей, оған беріледі деген құқық бос сөз болып қана қалады. Адам құқықтары – бұл жүйелі түрде әрбір майда – шүйдесіне дейін қорғауды қажет ететін бағасы жоқ құндылық. Бұл мәселе өзінің өзектілігін сонау ежелгі кезеңнен бері әлі жоғалтқан жоқ. 1696 жылдың өзінде-ақ ағылшын саяси фәлсәфәсі Джон Локк: «Адам құқы біткен тұста, зорлық-зомбылық басталады» - деп айтқан еді. Сол мақсатта өркениетті елдер қатарына ұмтылу барысында, Қазақстан Республикасы өзінің Негізгі заңында адам құқықтары саласындағы мәселеге жан-жақты көңіл бөлген.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының үшінші бабында «мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық», - делінсе, оныншы бабында «республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығын, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлерге қууға болмайды», - деп атап көрсетілген. Қазақстан өзінің жаңа даму сатысында халықаралық қатынастардағы демократиялы мемлекеттер парықтарына сай болу ниетінде Конституцияның 12-бабын Халықаралық адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» - деп жазылған. Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктердің шығуын, ешқандай себепке қарамай, одан ажыратуға болмайтындығын мемлекет мойындай отырып, өзінің барлық қолындағы құралдарымен осы құқықтарды қорғайтындығына кепілдік береді. Заң алдында барлық адам тең, сондықтан да олар өзінің шыққан тегіне, әлеуметтік жағдайына, қызметі мен мүліктік иелігіне, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, наным-сеніміне, мекен жайына немесе басқа да себептерге байланысты ешқандай жікшілдікке тартылмауға тиіс. Адамдардың құқықтары мен негізгі еркіндіктері мемлекет жағынан әрқилы құқықтық құралдар арқылы қорғалады. Қоғамда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі биік болған сайын, адам құқы мен еркіндігінің кепілдігі де жоғары. Конституцияға сәйкес, Республика Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен еркіндіктерінің нышаны әрі кепілі. Кепілдік қызметін Президент, азаматтардың құқықтық жағдайларын қорғауға арналған шаралар нәтижесінде, осыған бағытталған заңдар мен қаулы қабылдау арқылы іске асырады. Заң ережелері бойынша әрбір жеке тұлға өз құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғауда заңға қайшы келмейтін барлық әдіс тәсілдерді, яғни заң және атқару орындарына шенеуліктердің іс-қимылына қарсы арызлануына құқық қорғау ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегін пайдалануы белгіленген.

Азаматтардың ажыратылмайтын құқықтарының бірі – сөз еркіндігі. Конституцияда сөз еркіндігіне кепілдік беріліп, цензураға тыйым салынған. Әрбір жеке тұлға еркін түрде заңмен тиым салынбаған ақпарат алуға оны таратуға құқылы. Бұл мәселеге біздің елде де өте ерекше көңіл бөлінеді. Бұған дәлел ретінде, 1991 жылғы 28 маусымда қабылданған «Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары» заңы осы мәселеде құқықтық реттеу құралы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан,1995.
2. Развитие национальных учреждений по правам человека в Казахстане. На основе материалов международного семинара 2-4 сентября 1999г, - Астана, 1999.
3. Николайко И.В. Права человека и система ООН. – Киев: «Наука думка», 1991.
4. Права человека. Сборник международных договоров и законодательных актов Республики Казахстан в области прав человека. Региональные договоры. – Алматы, 1997.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада адамдардың құқықтары мен негізгі еркіндіктері мемлекет тарапынан әрқилы құқықтық құралдар арқылы қорғалатындығы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы защита прав и свобод человека со стороны государства посредством различных правовых инструментов.

ӘОК 371.1 К 64

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ

Кесимова А.Қ. – аға оқытушы (Алматы қ, ҚазмемқызПУ)

Жоғары кәсіптік білім беру – түрлі шеберлік пен дағдының қалыптасуының жоғары деңгейін көрсететін, сонымен қатар оларды үздіксіз жетілдіруді ұйғаратын, белгілі аумақтағы іс-әрекеттегі кәсіптік міндеттерді шешуге жас буындарды дайындау қызметін орындайтын маңызды әлеуметтік – мемлекеттік институт.

Қазіргі уақытта елімізде мемлекеттің, қоғамның экономикалық сауатты мамандарға қажеттілігінің арту мен көптеген қазіргі заманғы мамандардың бәсекелестік ортаның талаптарында экономикалық іс-әрекеттерін тиімді жүзеге асыру қабілеттілігінің жоқтығы арасында қайшылықтар кенет шиеленісуде.

Қоғамның барлық салаларында адам факторының маңыздылығы белгіленген. Бүгінде болып жатқан әлеуметтік мәдени үрдістердің талаптарында адамның рөлі мен орнының өзгеру қажеттілігі өсуде. Кәсіби білім берудің тек операциялық-техникалық жаққа бағытталуы маманның өте таяз азаматтық және кәсіби санасын қалыптастырады, ол рецепторлықпен, технократтықпен, догматикалықпен және агрессивтікпен ерекшеленеді. Нарықтық экономика талаптарында мұндай маман әлеуметтік жағынан қорғансыз: кез-келген жұмысты ауыстыруды, қайтадан білім алуды талап етеді, көбінесе, ол жәй сауатсыз болып қала береді. Білім берудің дәстүрлі мақсаты «ойсананың» орнына, бірінші орынға қалыпсыз ойлаушы «жаратушы»-адам шығарылды. Осыған байланысты білім беру ақпарат алуды кеңейтуге бағытталмауы керек, тани алу мен қабілеттілікті қалыптастыруға, оны жақсы жаққа өзгертуге бағытталуы тиіс. Жеке бастың негізгі қасиеті сынды өзін әлеуметтік мәдени анықтау қабілеттілігін қалыптастырудың маңызды мақсаты ең алғаш рет қойылуда. Кәсіби білім беру сапасына біркелкі әмбебап талап қойылады – бұл маманның кәсіби ұқыптылығы, ол оның нарық талаптарына бейімділігі мен бақталастыққа икемділігін ерекшелеп көрсетеді (Ф.Н. Клюев, А.Я. Найн, М.П. Сибирская, В.А. Сластелин).

Дүниежүзілік қоғамдық сананың *демократиялық бейімділігі* дамуда, соның нәтижесінде білімнің бүкіл жүйесінің жалғыз негізі ретінде жалпы кісілік рухани құндылықтар пайда болады, мұнда демократия, адам құқығы, толеранттік

олардың маңызды жиынтығы болып саналады. Демократиялық өзгерудің ұйытқысы ретінде адамның өзін-өзі бағалауды түсінуі, әрбіреуінің бірегейлігін мойындау, өзін-өзі дамытуды қамтамасыз етуші ішкі жай-жапсарлы күштің маңызын мойындау (Ш.А. Амонашвили, К.Я. Вазина, Б.Т. Лихачев, П.И. Пидкасистый, В.И. Слуцкий).

Демократиялық өзгерудің негізгі бір көрінісі ретінде білімдегі, аксиология жағында да, мазмұнды қырларында да гуманизация, гуманитаризация байқалады. Осыған сәйкес білім беру үрдісі адамның барлық құқықтарына сыйластықпен қарауға кепілдік беретін, мұндай қабілеттіктердің келісті дамуында мұқтаждықтарды қанағаттандыруды қамтамасыз етуші орта қарастырылуы керек, олар әлеуметтік талаптарда өзін-өзі кәсіби және жеке анықтай алады.

Үздіксіз кәсіби-экономикалық білім адамның бүкіл ғұмырындағы өзін-өзі көрсету мүмкіндігінің өсуіне жағдай жасауы қажет.

Кәсіби-экономикалық білім беру – кәсіби-экономикалық мәдениетті иелену, жеке-кәсіби қасиеттерді қалыптастырудың жүйелі тәсілдерін, шараларын, мақсаттарын қамтитын үздіксіз, тура бағытталған үрдіс.

Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді кәсіби-экономикалық оқытумен: оқытудың мазмұнын бір жүйеге келтіру, оқу жүйесін технологиялау, қазіргі заманғы мамандардың жеке-кәсіби қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етуші шаралар жүйесін өңдеуге байланысты зерттеу жұмыстарының қажеттілігі арта бастады.

Білімнің әр түрлі салаларында ақпарат ағымының ұдайы өсуі мен ынтымақтасу үрдісіне беталысы оқыту мазмұнын жүйелі ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

Оқу үрдісін ұйымдастырудың іс-әрекеттері мен олардың үздіксіз дамуы адамның жеке-кәсіби дамуын қамтамасыз етуші педагогикалық технологияларды өңдеу мақсатын қояды.

Қазіргі заманғы білімнің отандық және шет елдік теориясы мен тәжірибе жұмыстарының талдауы кәсіби-экономикалық білім дамуының негізгі бағыттарын: педагогтар мен оқушылардың өзара қатынастары демократияшылдық, өзара түсіністік, өзара сыйластық негіздерге өзгеруі; білім беру үрдісін ұйымдастырудың өзгеруі, іс-әрекеттік жүйеге ауысу, оның ішінде маңызды болып табылатын, оқушылардың танымдық іс-әрекеттердегі қажеттілігін қанағаттандырушы және дамытушы сыртқы және ішкі мақсаттардың сәйкестігі болып табылатын кезеңге ауысуды ерекшелеп көрсетуге рұқсат береді. Бұдан оқушылардың кәсіби-экономикалық мақсаттарын, іс-әрекеттерінің себебін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оқу-тәрбие үрдісін тиісті жолмен ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр. мақсаттардың біртұтас жүйесі мен жүйелік мазмұнның жоқтығына байланысты, оқу пәндерінің бағдарламаларын педагогтар негізінен студенттердің кәсіби-экономикалық дамуы үшін емес, білім беру мен шеберлікті қалыптастыруға қолданады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби-экономикалық оқыту мәселелерін зерттеу кезінде педагогикалық іс-әрекет пен педагогикалық шеберлікті талдау жұмыстары үлкен қызығушылықтар туғызады (С.Я. Батышев, Ю.Н. Галагузова, М.К. Гмучин, В.В. Давыдов, М.Е. Дуранов, К.М. Левитан, А.С. Маслов, В.П. Симонов, Е.В. Ткаченко және т.б.).

Сонымен бірге қазіргі уақытта білім теориясында да, тәжірибесінде де болашақ мұғалімдердің кәсіби-экономикалық дамуының білім үрдісін жүйелік-іс-әрекеттік ұйымдастыру, оқушылардың кәсіби-экономикалық дамуын технологиялық тұрғыдан ұйымдастыру мәселелері тиісті ғылыми негіздемеге ие болмады. Іс-тәжірибе жұмыстары, оқытудың дәстүрлі жүйесі оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттіліктерінің тиісті дамуын қамтамасыз етуге жарамсыз

екендігін көрсетеді, ол адамның дамушы санасының, рефлексия секілді маңызды құраушы іс-әрекетті қолданбайды.Сонымен, қазіргі уақытта кәсіби-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті қазіргі заманғы білікті мамандарды дайындаудың аса қажеттілігі туындап отыр.

Осы орайда студенттердің кәсіби-экономикалық үлгілерін қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз етуші келесі педагогикалық талаптар қойылады:

-студенттердің бүкіл өміріндегі жеке-кәсіби дамуындағы студенттердің жаңа орнын үздіксіз қалыптастыру;

-студенттердің кәсіби-экономикалық шығыс ұстанымдарын өзгерту: жеке бағытталған субъект-субъектік оқыту, өзін-өзі дамыту;

-студенттердің кәсіби-экономикалық дамуын технологиялық ұйымдастыру, оны әдістемелік жолмен қамтамасыз ету және мониторингтік жолмен жетілдіру;

-педагог пен студенттердің қарым-қатынасын мейірімділік, түсіністік, сыйластық негізде қалыптастыру.

Елбасы жыл сайынғы жолдауда жо,ары оқу орындардағы білім беру сапасына ерекше көңіл бөледі. Осы жылғы «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты кезектрі жолдауында «Жоғары білім сапачсы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі жоғары оқу орындағылар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылуы керек» деп міндет артып отыр. Сондықтан да жоғары оқу орын студенттерінің кәсіби-экономикалық білімін қалыптастыру болашақ мамандардың еңбек рыногында бәсекеге қабілеттілігін арттырады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы (29 қаңтар 2010 жыл)
2. Алексеев Н.А. Личностно орентирование обучение: вопросы теории и практики.-Тюмень: ТГУ, 1997.-216 с.
3. Бабочкин П.И. Основные направления системы воспитания студентов вузов.-М.: Зание, 2001.-185 с.
4. Беляева А.П. Развитие системы профессионального образования // Педагогика.-2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің кәсіби-экономикалық білімін қалыптастыру тиімділігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы обеспечения эффективности формирования профессионально-экономических знаний студентов.

ӘОК 343.224.1.58

ОТБАСЫ ҮЛГІСІНДЕГІ БАЛАЛАР ҮЙІ

Қожабекова А.Д. - т.ғ.к., доцент міндетін атқарушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің негізгі міндеттері болып – ата-ана қамқорынсыз қалған балалар мен жетім балалардың тәрбиеленулеріне, білім алуларына, денсаулықтарын түзету мен өз бетінше өмір сүруге дайындауына отбасы жағдайында қолайлы шарттар туғызу.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйі негізін жұбайлылардың келісімі бойынша тәрбиеге ең кем дегенде бес баладан және он балаға дейін алып және отбасында

бірге өмір сүріп жатқан отбасы мүшелерінің соның ішінде туған және асырап алған балаларының (он жастан бастап тек солардың келісімімен ғана) пікірлерін есепке ала отырып құрылады.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйіндегі балалардың жалпы саны жұбайлардың некеде тіркелген балалары мен асырап алған балаларын қосқанда он екі адамнан аспауы керек.

Отбасы үлгісіндегі балалар ұйымдастырушысы бола алмайтын адамдарға: тәрбиеге алынған баламен қандас туыстықта болса; баланы тәрбиеге алу рұқсат етілмейтін ауру түрімен сырқат болса; ата-ана құқықтарынан айырылғандар немесе сотпен ата-ана құқықтары шектелгендер; әрекет қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылғандар; өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылық (қамқоршылық) міндеттерінен шеттетілген адамдар; егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойған болса бұрын бала асырап алушылар.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйі құқықтық-ұйымдық тәрбие мекемесінің түрі ретінде құрылуы мен қайта құрылуы, жойылуы Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының субъектілерімен немесе жергілікті атқарушы органдардың шішімімен жүзеге асырылады.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйі мен ұйымдастырушының арасындағы қарым-қатынас заңға сәйкес екеуінің арасында құрылған келісім-шартпен анықталады.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйін – ұйымдастырушы баланы өз отбастарында тәрбиелеуге тілек білдіруші жұбайлардың арызы мен қорғаншы және қамқоршы органдарының жұбайларды тәрбиеші болуға құқылы және бала алуға рұқсат еткен қорытындысын негізге ала отырып құрады.

Жұбайлар тәрбиеші болуға және баланы отбастарында тәрбиеге алуға рұқсат ететін қорытынды алу үшін қорғаншы және қамқоршы органдарына өздерінің тұрғылықты жері бойынша сәйкес арыз береді және келесі құжаттарды тапсырады:

а) орта білім туралы және неке куәлігінің орнатылған тәртіпте куәландырылған көшірмесі;

б) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігінің орнатқан тәртібі бойынша хатталған түрдегі денсаулығы туралы профилактикалық емдеу мекемесінің медициналық қорытындысы;

в) еңбек кітапшасының көшірмесі;

г) төлқұжат Қазақстан Республикасының Заңдарымен қарастырылған кей жағдайларда оны ауыстырушы құжат.

Денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік балалар мекемелеріндегі жұмыстарда асырап алушы немесе қорғаншы (қамқоршы) болушының бала тәрбиелеуде тәжірибесі бар жұбайлар жоғары бағаланады.

Қорыта айтқанда қорғаншы және қамқоршы органдарының берілген арызбен бірге ұсынылған құжаттардың негізінде, сонымен қатар жұбайлардың арыз берген уақытынан бастап бір ай ішінде олардың өмір сүру жағдайларына жүргізілген тексеру актісімен құрылады.

Жарамсыз қорытынды арыз берушілерге шешім шыққан уақыттан бастап он күн ішінде берілуі керек. Бір уақыттың ішінде арызданушыларға барлық құжаттары қайтарылады. Арыз Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған түрде қайта қаралуы мүмкін.

Қорғаншы және қамқоршы орган отбасы үлгісіндегі балалар үйінің орналасу жері бойынша балалардың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиеленулеріне, құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына бақылау жасайды және сонымен қатар бала тәрбиелеп алуға тілек білдіруші адамдарды оқытумен (үйретумен) қамтамасыз етеді.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйіне тәрбиеленуге туғанынан бастап он сегіз жасқа дейінгі балалар беріледі. Балалардың отбасы үлгісіндегі балалар үйінде болу мерзімдері қорғаншы және қамқоршы органдарымен отбасы үлгісіндегі балалар үйінің орналасу жері бойынша екеуінің арасында тұжырымдалған келісім-шарт бойынша анықталады.

Баланы отбасы үлгісіндегі балалар үйіне беру оның пікірін есепке ала отырып (он жасқа толған бала болса тек соның келісімімен ғана) және ол тұрып жатқан әкімшілік білім немесе алдын-ала емдеу мекемелердің келісімімен халықты әлеуметтік қорғау мекемесі немесе бұдан басқа осыған ұқсас мекемелердің келісімімен, сонымен бірге отбасы үлгісіндегі балалар үйінің тәрбиешісінің келісімімен беріледі, бұл баланың психикалық сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында жасалады.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйіне берілетін балаларға қорғаншы және қамқоршы органдар немесе әкімшілік білім немесе алдын-ала емдеу мекемелері, халықты әлеуметтік қорғау мекемесі немесе осыған ұқсас басқа да мекемелер келесі құжаттарды тапсырады:

а) баланы отбасы үлгісіндегі балалар үйіне бағыттау туралы Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдарының субъектілерінің немесе жергілікті атқарушы органдарының сәйкес шешімдері;

б) отбасы үлгісіндегі балалар үйіне жіберу туралы қорғаншы және қамқоршы органдардың берген жолдамасы;

в) баланың туу туралы куәлігі, егер ол болмаған жағдайда баланың жасын куәландыратын медициналық экспертизаның қорытындысы;

г) баланың даму тарихының көшірмесі;

д) сақтандыру полисі, міндетті түрде медициналық сақтандыруы;

е) білім туралы құжаты (мектеп жасындағы балаларға);

ж) баланың өмір сүру деңгейін зерттеген акт;

з) ата-анасы жайлы мәліметтер (қайтыс болуы туралы куәлігінің көшірмесі; соттың үкімі немесе шешімі; ауруы туралы анықтама; ата-аналары іздеуде және тағы басқы өз балаларын тәрбиелеуге мүмкіндігі жоқтығын дәлелдейтін құжаттар);

и) ағаларының-әпкелерінің және тағы басқа туысқандарының бар екендігі және олардың тұрып жатқан жері туралы анықтамалар;

к) балаға тиесілі мүліктің тізімі мен оны қорғауға міндетті адамдар туралы мәліметтер;

л) соттың алиментті өндіріп алу жайлы шешімі, зейнетақыға құқылы екендігін дәлелдейтін құжаттары, зейнетақы куәлігі, баланың атындағы банктік мекемеде шоттың бар екендігін дәлелдейтін құжаттар және бағалы қағаздар (бар болса);

н) психолог-педагогтың және медико-педагогикалық комиссияның қорытындысы (дамуында ауытқушылықтары бар балаларға).

Отбасы үлгісіндегі балалар үйіне берілген бала өзіне тиесілі Қазақстан Республикасының заңнамасымен жетім балалар мен ата-ана қамқорынсыз қалған балаларға орнатылған алиментке, зейнетақыға (асыраушысының қайтыс болуына, мүгедектігіне байланысты), басқа да әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктерге құқығын сақтайды.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйінен шығуда немесе жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім мекемесіне ауысуда, сонымен қатар отбасы үлгісіндегі балалар үйінде болғандығы туралы құжат беріледі.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің орналасу жері бойынша балаға медициналық көмекті аумақтық алдын-ала емдеу мекемелерінің қызметкерлері қамтамасыз етеді. Балалар жалпы негіздегі білім мекемелерінде оқытылады.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің қаржы ресурстары мен мүліктерінің құрылуының қайнар көздері болып:

а) ұйымдастырушының қаражаттары;

б) отбасы үлгісіндегі балалар үйінің басқарушыларына бекітілген мүлкі;

в) азаматтар мен заңды тұлғалардың өз еркімен көмектерін;

г) басқа да бюджеттен тыс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаражаттар.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің тәрбиешілері балаларды асырауға бөлінетін ақшалай қаражаттардың шығысы мен кірісіне есеп жүргізеді. Бір жыл ішіндегі үнемделген қаражаттар қайта алынуға жатқызылмайды. Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің тәрбиешілерінің еңбек ақыларын төлеу түрі кеңейтілген; жыл сайынғы демалыстар, сонымен бірге жеңілдіктер, кепілдіктер ата-ана қамқорынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған білім мекемелерінің қызметтеріне орнатылған.

Отбасы үлгісіндегі балалар үйінің тәрбиешілері балаларға жолдама алуда артық құқықтарға ие, соның ішінде тегін санаторилерге балалармен бірге демалуға, емделуге құқылы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995.
2.Қазақстан Республикасының Неке және Отбасы туралы заңы, 2007.
3.БҰҰ-ң Бала құқығы туралы Конвенсиясы.
4.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңы, 2007
5.Баярд Р., Баярд Д. Ваш беспокойный подросток – М., 1991 .
6.Ершова Н.М. Опека и попечительство. – М., 1971 .
7.Лиханов А.А. Дети без родителей. – М., 1987 г
8.Воспитание детей в неполной семье – М., 1980 .
9.Ағыбаев А. Қылмыстық құқық – А., 1998 .
10. Байжанов Н. Неке және Отбасы – А., 1997 .

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада отбасы үлгісіндегі балалар үйі мен ұйымдастырушының арасындағы қарым-қатынастың заңға сәйкестігі анықтала отырып, жұбайларды тәрбиеші болуға құқылы ететін және бала алуға рұқсат беретін заңды жағдайлар қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются взаимоотношения между детскими домами и организаторами на основе семьи и определяется их соответствие правовому закону, которые дают право и законное разрешение семейным парам на усыновление и удочерение.

ӘОК 380.104.1 Б 14

САУАТТЫ САУДА ХАҚЫНДА

Қожамқұлов Т.Қ.- э.ғ.к., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Баданов А.И.- э.ғ.к., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Өндірілген материалдық және рухани игіліктер, сондай-ақ қызмет көрсету салаларының өнімдері меншік иелерінің қажетін өтегеннен кейін сауда аясына түсу шартты жағдай. Адам қоғамының тауар-ақша қатынастарына негізделгенінен бастап сауда үрдісі орын алып, барынша дамып келеді, тек қана түрлері ғана емес мазмұны мен мәніде. Сауда ықылым заманнан бергі ұзақ тарихи мерзімді

қамтиды. Бұл қазақ халқының өңір қойнауына қонақтаған үрдіс. Қазақ қай елге нені, қаншаға, қанша көлемде сатуды жіті біліп, шеберлікпен меңгерген. Сөйтіп сауданы өнер деп түсінген. Саудаланып сатылған игіліктер мен қызмет көрсету нәтижелерін қайтарып алу мүлдем мүмкін емес. Сатып алған торап өзіне қажет болғаннан кейін алады, оның иелігіне өткен меншігі. Саудаға аса абай болып, сақтықпен іске асырған жөн. Тез жүзеге асатын құбылыс. Сондықтан қазақтың "Сауда сақал сыйпағанша" деуі тегін айтылмаған, сауданың тегін, дәстүрін жете білген.

Қазақстан ДСҰ (Дүниежүзілік сауда ұйымына) кіруге ниетті. Бұл көп жағдайлар мен факторларды екшеп сараптан өткізуді қажетсінеді, кешенді күрделі құбылыс. Сауданың тарихына қанық болған да жөн. Осыған қысқаша шолу ретінде оқырмандардың назарын аудармақшымыз.

Сауданы бірінші болып ғылыми зерттеуді қолға алу капитал қоғамының әдепті кезеңіне тұспа-тұс келеді. Зерттеумен айналысқандар меркенталистер, олардың экономикалық ілімдері меркантализм деп аталады.

XV-XVI ғасырлардағы ашылған ұлы жағрапиялық жаңалықтар, орталықтанған ұлттық мемлекет – абсолютті монархияның пайда болуы, шаруаларды рыноктық қатынастарға тарту, жалдамалы жұмысшылар, батыс елдеріндегі саяси ыдырауға тосқауыл қою, тауар сатушылар көбейуі мен олардың арасындағы бақталастық, тауар капиталының шапшан өсуі, әдепкі капиталдың қорға айналуына байланысты өндірушілердің құрал-жабдықтардан оқшауландыру, шаруалардың жерін күштеп зорлықпен тартып алу, отарлау саясаты (ол кезде отар иелері Португалия мен Испания одан соң Голландия, Англия, Франция болған) т.б. жағдайлар әлемдік рыноктың бой көтеруіне және дамуына қажетті жағдайларды жасады.

Осы мезгілде капиталдың басылымдылық аясы сауда-саттық болды. Маркенте деген италия сөзінен меркантализм термині дүниеге келіп, айналысқа енді. Қазақша ұғымы көпес.

Меркантализм дамуында екі кезеңнен өтті - әдепкі ерте және кейінгі (дамыған). Біріншісінде – ақша баланс, кейінгісінде – сауда баланс саясаты жүргізілді. Сөйтіп сауда да активті қалдық балансына қол жетті. Нәтижесінде біртіндеп протекционализм жүйесі енгізіліп барлық батыс мемлекеттерінде орын алды. Нақтылы тарихи жағдайларға байланысты әр елде әртүрлі нәтиже берді. Осы кезде пайдаға кенелген Англия еді. Өйткені капитал өндіріс әдісін дамуына барынша ең жақсы жағдайлар жасалды. Маркентализмді негіздеушілердің қатарында Уильям Стаффорд (1554-1612), Томас Ман (1571-1641), Людовик XIV корольдің министрі Ж.Б.Кольбер (1619-1693), экономикалық әдебиетке "Саяси экономия" терминін кіргізген Антуан Монкретьен (1571-1621), ақшаның табиғаты жөніндегі теорияны енгізген англия философтары мен экономистері Дж. Локк (1632-1704), Н.Барбон (1640-1698), Дж Беркли (1684-1753), Д.Юм (1711-1776) есімдерін атаған жөн.

Сауда жөніндегі экономикалық ілім үнемі даму үрдісін иемденіп толықтырылуда. Халықаралық сауданың қазіргі кездегі сипаты мен даму тенденциялары қандай деген сауалға қысқаша тоқталамыз.

Сыртқы сауда – сыртқы экономикалық қатынастардың алып тастауға болмайтын құрамдас бөлігі. Бұнда екі факторға көңіл бөлу керек. Біріншісі – тауар айналымының өсуі. Екіншісі – жалпы тауар айналымының құрамында тауар ресурстарының құрылымы өзгерді. Халықаралық сауда циклды сипаты болады. Осы сауда түрінің жақсы дамуы өткен ғасырдың 60-70жылдарында орын алды. Сатып алушылар мен сатушылар арасындағы қарым-қатынас формасы мәңгілік емес, өзгермелі болады.

Еліміздегі бұрын болған сауда жөнінде С.Н.Нысанбаев және Ж.Т.Қожамқұлованың "Коммерциялық кәсіпкерлік негіздері" деген оқу құралында жақсы жазылған. Біз қажетті дегендерін ықшамдап алдық.

Қазақстандағы кәсіпкерлік пен коммерция жағдайына келсек, мұнда бұл салалар тарихи ерте заманда пайда болған. Ежелгі түрік дәуірінде Жетісу қаласы тек аялдау орны ғана емес, сонымен қатар, мұнда сауда және қолөнер орталықтары болған.

XIII ғасыр мен XV ғасырдың алғашқы ширегінде Оңтүстік Қазақстан территориясы арқылы сауда қызметінің дамуында маңызды рөл атқарған Батыс-Шығыс халықаралық сауда жолы өткен.

XVIII ғ. қазақтар Орта Азия, Ресей, Қытай, Иран патшалықтарымен - мал, жылқы, тері, жүн және аң аулау бұйымдарымен сауда жасаған. Қазақ жерлері арқылы Орта Азиядан Ресейге керуендер жөнелтілген. Орынбор, Тобыл, Семей арқылы сауда жасау өте маңызды болған.

XIX ғ. алғашқы жартысында тұз табумен айналысу, тау-кен ісі дами бастады. Сонымен қатар, мыс, қалайы, күміс, тас көмір қазу басталып, балқыту және тері илеу зауыттары ашыла бастады. Малдың тауарлық маңызы барынша өсті.

Осы кезеңдегі қазақ даласындағы сауда-тауар-ақша қатынастарының дамуы көшпелі–айырбасты, жәрмеңкелік және стационарлық болды. Сауда орталықтары – Семей, Ақмола, Атбасар, Орал, Гурьевте орналасты. Қазақтар мал және мал өнімдерін Ресей тауарларына, атап айтсақ мақта-мата, шыт, жүн маталарына, қант, шойын, темекі, жалпақ мыс, мылтық, нашатыр, сынап және т.б. ұйымдарға айырбастады.

XIX ғ. екінші жартысында натуралды шаруашылықтың бөлінуі Қазақстанның Ресей, Орта Азия, Қытаймен сауда қатынастарының жалғасуымен ұласты. Мал және мал өнімдеріне капиталистік фабрикалардың өнімдері өте көптеп айырбастала түсті: шыт, шұға, мауыт, жібек, иленген тері, металл бұйымдары. Солтүстік, солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс аймақтарынан Ресейге қарай астық және ұн тасымалданды. Қазақстандағы тауар өндірісі жер шаруашылығы, ұн өндірісінің пайда болуымен ұласты. Қазақ даласының көпестері Нижний Новгород, Ирбиттегі атақты жәрмеңкелерге қатысты. Қазақстан ішінде – Тайыншықұл (Петропавл маңы), Константиновка (Ақмолада), Атбасардағы Петровка, Қарқаралы уезіндегі Ботов немесе Қоянды жәрмеңкелері айта кетерліктей маңызға ие болды. Семейдегі Шар, Жетісудағы Қарқара, Сырдариядағы Әулие Ата, Оралдағы – Ойыл, Темір сияқты жәрмеңкелері аса үлкен тауар айналысы болғанын атап айту қажет. Сауданың әр түрлі формалары даланың ең шетте қалған өңірлерінде қазақтың натуралды шаруашылығы, өсімді капитал, ал қалаларда несиенің капиталистік формалары- банктер кең жайыла түсті. Мал және мал өнімдерін алып-сатумен айналысушылар «алып-сатарлар» деген атаққа ие болды. Тау-кен, алтын, таскөмір өнеркәсіптері де дами бастады. Мұндай байлық көздерінің иелері орыс кәсіпкерлері – Попов, Рязанов, Кузнецов, Ушаков, Петров отбасылары еді.

Қазақстанның экономикалық өміріне сауда және коммерциялық қызметі үшін – Транссібір магистралі мен Орынбор – Ташкент темір жолдары елеулі қызмет атқарды. Осы және бірнеше осындай жергілікті темір жол нүктелері тек Қазақстан ішінде ғана емес, сонымен қатар шетке шығатын саудада саңызды орын алды.

Сол кездердегі кәсіпкерлер династиясының өкілі ретінде – Мусин отбасын атап өтіге болады. Бұл көпестік династияны орыс банкирлері мен өнеркәсіпшілері де өте жақсы таныған. Мұндай сый-сияпатқа ие болған Мусин отбасы өте мол көлемді капиталдың қожасына айналды. Олар – қымбат жүн, теріден жасалған

бұйымдармен сауда жасады. Риддер, Шығыс Қазақстандағы Змеиногорск алтын рудниктерінде тең құқықты акционер болды. 1852 жылы әкесі қайтыс болғанан кейін Садық Мусин әкесінен қалған миллионлаған мұрасын пайдалана отырып, Семейдегі әдепкі тері илеу цехын ашты. Зайсан, Аякөз, Өскемендегі оның ашқан дүкендері тауарға толып тұратын. Осыған байланысты оны «Семейлік Елисеев» деп атады.

Мусиндер жергілікті өнеркәсіпті алғашқы дамытушылар еді. Семейдегі алғашқы механикалық диірменді де салды. Қажетті құралдарды Германиядан арнайы тапсырыс арқылы алып отырған

Сонымен қатар Мусиндер Ертіс өзен флотының бастауында да тұрған. Ертістің барлық ағысы Зайсан өзенінен Ембіге дейін солардың қарамағында болған. Солтүстікке ұн жіберіп, қайтарында ағаш – құрылыс материалдарын алып қайтқан. Омбы, Павлодар, Өскемендегі алғашқы – капитан, жүргізуші, машинистер курстарын да алғаш ашқан солар. Алғаш болып Ертістегі адамдарды тасымалдаушылар да солар еді.

ХХғ. басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуына ресейлік және шетелдік капиталдың келуі де үлкен пайдасын тигізді. Өте кең дамығаны – банк капиталы болды. Сауданың стацоинарлық және жәрмеңкелік түрлері өте жақсы дамыды. Жәрмеңкелік сауда бүкіл ресейлік сипат ала бастады. Осы кезеңде шет ел капиталынының әсері өте маңызды болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы сауатты сауда жасаудың астары мен құпиясын, кеңістігі мен саясатын өте жақсы дәйекті ой-санадан өткізіп кеменгерлікпен һам меңгерген, қазіргі әлемдік жаһандану заманында бек пайдалануға болатын маңызы мен мәні зор қағидат. Сауатты сауданы игерейік ағайын.

Мақала жолдаудағы "Сауатты сауда саясаты – экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне қолдау" бөлімшесін түсіндіріп іс-әрекетке пайдалануға арналған. Онда сауданың мазмұны мен мәні және түрлері мен бағыттары көрсетілген. Ертеректегі қазақстан өңірлеріндегі сауда орындары және көпестердің саудасы жөнінде сенімді және тартымды жақсы деректер бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақтан халқына жолдауы – «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». // «Егеменді Қазақстан», 30 қаңтар 2010.
2. С.Н.Нысанбаев, Қожамқұлова Ж.Т. Коммерциялық кәсіпкерлік негіздері. «Қазақ университеті» баспасы, Алматы, 2004 .

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Жолдаудағы «Сауатты сауда саясаты – экономиканың бәсекеге қабілеттігіне қолдау» бөлімшесін түсіндіріп, іс-әрекетке пайдалануға арналған. Онда сауданың мазмұны мен мәні және түрлері мен бағыттары көрсетілген. Ертеректегі Қазақстан өңірлеріндегі сауда орындары және көпестердің саудасы жөнінде сенімді және тартымды жақсы деректер бар.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена объяснению и использованию в деятельности раздела Послания «Грамотная торговая политика – поддержка конкурентоспособности экономики». Показана содержание и сущность, виды и направления торговли. Даны достоверные сведения о торговле купцов и торговых местах в Казахстанских регионах раннего периода.

УДК 331 К56

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА

Кожахметов М. – к.э.н., ст.преподаватель,
Ермеков А.Н. – преподаватель (г.Алматы, КазгосженПУ)

Прежде чем затрагивать вопросы об обеспечении гендерного равенства в Казахстане, необходимо рассмотреть опыт стран, которым удалось добиться положительных результатов на пути к полному равноправию. Лидерами в достижении гендерного равенства можно считать Норвегию Швецию, Финляндию и Данию. В докладе ООН это объясняется тем, «Что в этих странах равенство полов и полноправие женщин являются сознательной национальной политикой».

Так, в Скандинавских странах отличительным признаком государственного устройства стал так называемый «государственный феминизм», которое обозначает существование специальных правительственных структур, официально ответственных за улучшение статуса женщин и соблюдение их прав. В этих странах удалось создать государственные механизмы, гарантирующие соблюдение политики всеобщего благосостояния, как для мужчин, так и для женщин.

Не только граждане, но и лица, законно проживающие в одной из северных стран, имеют основные права на доступ к широкому спектру мер социальной защиты, а законодательство в Области социальной политики основывается на принципах солидарности и универсальности. Скандинавские страны формируют особый тип благосостояния, социально-демократический режим, отличающийся от либерального режима, примеры которого можно обнаружить в США, Канаде или Австралии, и от консервативного или корпоратистского режима, как, например, в Австрии или Германии. Идея равенства в Северных странах поддерживается сильными демократическими партиями, игравшими на протяжении последнего столетия ведущую политическую роль. Во всех странах данного региона существуют многопартийные демократии, а выборы проходят на основе пропорционального представительства, что способствует повышению представительства женщин в политике. Такая политика доказала, что существует позитивная корреляция между выборами, основанными на пропорциональном представительстве, и числом женщин, избранных в законодательные органы.

Для северных стран характерен высокий уровень гендерного равенства – идет ли речь о политике благосостояния или интеграции женщин в политическую и общественную сферы. Причем эта ситуация является следствием не столько активных действий женского движения (которое не сильно там развито), сколько государственной политике. Принятие государством идей равноправия женщин, обеспечение универсальных и индивидуальных прав позволило включить мужчин и женщин в занятость и политический процесс на более равных, по сравнению со многими другими обществами, уровнях. Принцип равенства претворяется в жизнь с помощью законодательства по гендерному равенству, организации советов и союзов, назначении должностных лиц, рассматривающих претензии граждан к правительственным служащим по вопросам гендерного равенства и т.д.

В последние десятилетия произошли глубокие изменения в социальном и политическом гражданстве женщин из Северных стран. Произошло выравнивание гендерного состава на руководящих постах демократических институтов; женщины активно включились в процесс принятия политических решений. Поэтому с середины 90-х годов XX века Северные страны лидируют по численности женщин (30%) в составе парламентов, в то время как средний

показатель для всех парламентов мира составляет 11%, а показатель для европейских парламентов достигает 13% /1/.

Некоторые страны сформировали институции по контролю за соблюдением соответствующего законодательства. В других были учреждены автономные единицы внутри министерств, независимые от других структур, занимавшихся вопросами гендерного равенства. В некоторых странах были назначены министры, отвечающие за политику гендерного равенства. Представленная таблица по разделению функций в национальных аппаратах пяти стран, занимающихся вопросами равенства, показывает, что больше всего институций по вопросам равного статуса находится в Швеции и Норвегии. В этих странах отмечается также самое четкое распределение политических, юридических и административных функций и задач.

Таблица 1

Модели организации национальных действий по продвижению гендерного равенства

	Дания	Финляндия	Норвегия (после реструктурировани)		Швеция	Исландия
Консультативная функция по политике	Секретариат	Совет по равноправию мужчин и женщин	Центр гендерного равенства		Совет по вопросам равенства	Совет по обеспечению равного статуса
	Совет по обеспечению равного статуса	Бюро по обеспечению равенства	Совет	Секретариат		Секретариат по вопросам равенства
Функция контроля за соблюдением закона		Уполномоченный по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равенства	Уполномоченный по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равенства		Уполномоченный по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равных возможностей	Комитет по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равного статуса
			Апелляционная коллегия по вопросам равного статуса		Комиссия по обеспечению равных возможностей	
Административная функция в рамках министерской иерархии			Отдел гендерного равенства		Отдел по делам равенства	
			Комитет по осуществлению связи при Министерстве гендерного равенства			
Министр по гендерному равенству	-	+	-		+	-
Местоположение министерства	Секретариат премьер-министра	В разных местах	Министерство по делам детей и семьи		В разных местах	Министер-ство социальных дел

Как показано на табл.1, все пять стран по-разному подходят к вопросам гендерного равенства и имеют различные модели организационных структур для его обеспечения. Если датское правительство не имеет никакой программы продвижения гендерного равенства, то в Норвегии и Швеции правительства разработали такие программы. С 1976г. в Швеции, с 1980 в Финляндии, с 1999 в Дании назначаются министры по вопросам гендерного равенства. Возложение ответственности за продвижение гендерного равенства на министра подчеркивает, что эта область социальной политики имеет определенный приоритет на правительственном уровне. Более того, в Швеции и Норвегии назначается заместитель министра, ответственный за гендерное равенство. В Швеции и Норвегии в обязанности министров входит координирование соответствующей правительственной политики гендерного равенства. В Финляндии функции министра в этом отношении определены менее четко, но с конца 80-хгг. министр по вопросам гендерного равенства отвечал за проведение реформ в данной области на национальном уровне. Ситуация в Исландии и Дании похожа: обе они не имеют независимого административного отдела. Исландия также не имеет министра, на которого возлагается обязанность по продвижению гендерного равенства, но с начала 1990-х годов на Министра социальных дел была возложена обязанность по контролю за соблюдением законодательства по гендерному равенству /2/.

Однако следует отметить, что очень часто исполнение обязанностей по политике гендерного равенства является дополнительной нагрузкой к основному министерскому профилю. Так, например, в Норвегии гендерное равенство часто отождествляется с политикой, касающееся детей и семьи – это происходит потому, что ответственность за нее возлагается на Министерство по делам семьи и детей. В Финляндии на каждодневную политику гендерного равенства немалое влияние оказывает ее подчиненность Министерству социальных дел и здравоохранения. В Исландии гендерная политика находится под контролем Министерства социальных дел и здравоохранение, но это не оказывает не нее такого ограничительного воздействия, поскольку министерство несет ответственность за политику, осуществляемую на рынке труда, а также политику местных властей, политику жилищного строительства и семейную политику.

В качестве инструмента продвижения гендерного равенства правительства всех Северных стран в 70-80-е гг. стали принимать Национальные планы действий по обеспечению равного статуса. В планах обычно определяется ориентация правительства на повышение представленности женщин в государственных структурах и описывается, как продвижение гендерного равенства будет учитываться при проведении социальной политики в области образования и культуры. Различия между планами действий зависят от того, является ли их первостепенной целью политика по подбору персонала в государственных учреждениях, как в Дании, или же содержание самой политики, как в Исландии. В планах Норвегии, Швеции и Исландии отразились соответствующие правительственные программы по гендерному равенству; они послужили почвой для новых инициатив в этой области.

Центральным элементом деятельности по продвижению равного статуса в Скандинавских странах является законодательство. Оно нацелено прежде всего, на регулирование этой проблемы на рынке труда и включает положения по найму, увольнению, продвижению по службе, равной оплаты труда и т.д. Принятие законодательства отнюдь не было синхронным, значительно различается и его объем: шведское и датское законодательства касаются только рынка труда, а законы Норвегии, Исландии и Финляндии касаются жизнедеятельности всего общества в целом.

В законодательстве Северных стран по-разному используется гендерно нейтральные формулировки или специфические ссылки на женщин. В основе законодательства по обеспечению равного статуса во всех странах лежит запрет на дискриминацию на основании пола.

Законодательство по гендерному равенству в Северных странах разрешает позитивные меры – или предпочтительное обращение – в отношении женщин или недостаточно представленного пола. Как и в других странах, этот принцип оценивается как весьма противоречивый инструмент политики и вызывает бурные дискуссии. Противники позитивной дискриминации или предпочтительного обращения считают, что это нарушает права личности и биологический пол не следует превращать в критерий при распределении рабочих или учебных мест. Часто звучит аргумент, что гендерные квоты противоречат принципу отбора самых квалифицированных кандидатов. Сторонники позитивной дискриминации считают ее хорошим инструментом продвижения равенства полов de facto, так как с помощью дифференцированного обращения можно корректировать структурные гендерные противоречия. Наиболее распространенным механизмом проведения позитивной дискриминации являются гендерные квоты.

Между Северными странами существуют значительные различия в пределах допустимости позитивной дискриминации. Самые лояльные в этом отношении законы в Швеции и Норвегии, менее лояльные законы в Финляндии и Исландии, а в Дании действует самое ограничительное законодательство. В соответствии с законодательством Швеции, дифференцированное обращение разрешено, если оно уже осуществляется с учетом продвижения гендерного равенства. Работодатели должны обеспечивать равный баланс полов при обучении, повышении квалификации сотрудников и т.д.. Финский Закон о равенстве мужчин и женщин (1986) косвенно допускает практику дифференцированного обращения, в частности, в целях улучшения положения женщин на рабочих местах. Как шведское, так и финское законодательство определяет, что необходимым требованием применения дифференцированного обращения является «запланированная деятельность по продвижению гендерного равенства». В Испании изменения начались в 1985г., когда было решено, что меры временного действия, направленные на улучшения статуса женщин, не противоречат сути закона.

В Дании Закон о равных возможностях 1988г разрешает государственным властям «применять особые меры для того, чтобы обеспечивать равные возможности как для мужчин, так и для женщин», однако эта формулировка не повлияла на практику дифференцированного обращения. Большое значение имеет то, что по закону не допускается внедрять практику позитивной дискриминации, если только она на разрешается в особых случаях.

После формирования органов с консультативными функциями, занимающихся вопросами равенства, во всех Северных странах (кроме Дании появились уполномоченные по вопросам соблюдения равенства, в чью задачу входил контроль за соблюдением законов, обеспечивающих равный статус. В Норвегии главными обязанностями Уполномоченного по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равного статуса, были: контроль за соблюдением законодательства по гендерному равенству, особенно при рассмотрении жалоб, и информирование общественности о соответствующих правовых требованиях.

В Швеции обязанностью Уполномоченного по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равных возможностей, является контроль за соблюдением положений законодательства по обеспечению равных возможностей – в

честности, законодательства, касающегося запрещения дискриминации на основании пола и отказа от действий по обеспечению равного статуса.

В Финляндии Уполномоченный по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равенства мужчин и женщин, также следит за соблюдением закона. Его обязанностью является продвижение гендерного равенства в обществе в целом, а также консультирование, распространение информации и разбор жалоб.

Согласно законодательству Исландии, за обеспечение гендерного равенства отвечает министр правительства. Решения, принятые Комитетом по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равного статуса, предлагаются в форме рекомендаций и не имеют правовой силы.

Таким образом, власть уполномоченных достаточно ограничена, однако в Норвегии, Швеции и Финляндии их действия имеют немалое значение для создания правовых прецедентов. Формирование органов, контролирующих соблюдение закона, изменили задачи консультативных органов. В Норвегии существование Совета по равной оплате труда определило приоритет соответствующих вопросов в новом Совете по обеспечению равного статуса. После учреждения офиса Уполномоченного по рассмотрению жалоб, касающихся нарушения равного статуса, он был дополнен отделом по равной оплате труда. Согласно уставным положениям, Совету по обеспечению равного статуса предписывалось функционировать как связующему и координирующему органу между государственными властями, организациями и общественностью в целом; ему отводилась также консультативная роль в деятельности, осуществляемой на местном уровне. В Швеции функции Совета по вопросам равенства были ограничены. Он собирается всего лишь четыре раза в год и через него осуществляется связь с министром по обеспечению равного статуса. В Дании, Финляндии и Исландии задачи советов состоят в консультировании, продвижении равного статуса и контроля над действиями, предпринимаемыми в этом направлении. Существует требование к обнародованию информации по вопросам продвижения равного статуса, а также по контролю за выполнением соответствующих положений законодательства в регионе. В Дании Совет по обеспечению равного статуса также осуществляет консультативное обслуживание частных и государственных предприятий.

Одну из важнейших ролей в продвижении гендерного равенства играют политические лидеры, особенно парламентарии, поскольку они формируют то или иное законодательство. Не менее значительна и функция государственных служащих, работающих в административных структурах по гендерному равенству. Их число значительно возросло с начала осуществления политики гендерного равенства. На протяжении первых десятилетий в этой сфере работали, в основном, женщины, однако во всех странах наблюдается тенденция к привлечению все большего числа мужчин.

Помимо политиков и госслужащих, социальными партнерами выступают организации работодателей, наемных работников, профсоюзы и др. Вначале организации работодателей и наемных работников скептически отнеслись к законодательству по гендерному равенству, и прежде всего, к положениям по равной оплате труда. Однако рабочие организации по всему региону постепенно заняли более благожелательную позицию по отношению к гендерному равенству не в последнюю очередь благодаря активизации женщин, находившихся в их рядах. Многие профсоюзы также приняли программы гендерного равенства и меры по обеспечению соответствующей политики включены в их основные соглашения или в соглашения о сотрудничестве между администрацией и служащими. Тем не менее, работодатели по-прежнему проявляют сдержанность в отношении гендерных инициатив.

Женские организации получили постоянное представительство в государственных институтах, но по сравнению с организациями служащих и работодателей их полномочия более ограничены. Представительство женщин менялось с течением времени и различается по характеру в разных странах. В некоторых из них существуют женские секции политических партий, в других – женские организации находятся вне партий. В Швеции женское движение не было ни сильным, ни сколько-нибудь заметным. В Исландии символом женского движения стал Альянс женщин, который с 1990г активно работает с Советом по вопросам политики гендерного равенства. В Дании, где женское движение было антиавторитарным и весьма критически настроенным к государственным институтам, требований внесения изменений в законодательство не последовало. В Норвегии женское движение было довольно активным.

В течение первых лет развития политики гендерного равенства не существовало никаких мужских организаций, которые могли бы дополнять работу женских организаций. Постепенно мужчины стали проявлять большую активность как в области гендерного равенства, так и в претворении ряда правительственных инициатив.

В Швеции, Норвегии, Финляндии и Исландии комитеты по мужским ролям разрабатывали рекомендации в отношении мужчин и гендерного равенства и активизировали усилия мужчин в данной области. В этих комитетах, например, рассматривалось положение мужчины в семье и роль отца; обсуждалось предоставление отпусков отцам; проблема злоупотребления алкоголем и актов агрессивного поведения. Кроме того, в нескольких странах к органам гендерного равенства были прикреплены ученые, работающие над исследованием мужских проблем.

Опыт в области обеспечения гендерного равенства, накопленный международными организациями, а также рядом европейских государств еще не получил широкого распространения в Казахстане.

Однако, следует заметить, что в Казахстане установлен принцип прямого действия международных норм и приоритетного их применения по сравнению с нормами федеральных и региональных законов, иных нормативных правовых актов. Если международным договором Республики Казахстан установлены иные правила, чем предусмотренные законом, то применяются правила международного договора.

Таким образом, в Конституции Казахстана в перечне экономических прав не содержится различий по признаку пола, что доказывает наличие гендерносбалансированного подхода к закреплению экономических прав. Однако, если право на труд как основополагающее в ряду экономических прав, закрепленных в Конституции РК, гендерно симметрично, то на уровне реализации этого права происходит слом универсального стандарта – равенства, поскольку экономические интересы и государства, и работодателя далеко не всегда соответствуют требованиям равного доступа к труду для мужчин и женщин /3/.

ЛИТЕРАТУРА

1. Equal Democracies, 1999:7
2. Воронина О.А. Феминизм и гендерное неравенство. – М.: Едиториал УРССС.2004.с.165
3. Конституция Республики Казахстан.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается опыт зарубежных стран в обеспечении гендерного равенства, а также проблема применения данного опыта в отечественной практике.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада гендерлік теңдікті қамтамасыз етудегі шет елдердің тәжірибесі, сонымен бірге аталған тәжірибені отандық практикада қолдану мәселесі қарастырылған.

ӘОК 340141 М78

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘРТЕБЕСІ

Мұқалдиева Ж.Б. – оқытушы (Алматы қ, ҚазмемқызПУ)

Бұл құқықтың негізі қоғам тарихында Қазақ мемлекетінің қалыптасу кезеңінде өмірге келген. Әдет-ғұрып құқығы адамдардың қарым-қатынасында көп жылдар пайдаланылып, өмірде жан-жақты тексеру, тәжірбие арқылы қалыптасты. Қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы билікке, оның ішінде мемлекеттік билікке көзқарас өзінің дүниетанымдық мөлдірлігімен және пәктігімен ерекшеліниіп отырады. Құқықтың өмірінің рухани түп қазығы, әдет-ғұрып құқықтық таным. «Малым-жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы » – деген, дүниетанымдық мәні бар ұлағатты сөз халқымыздың құқықтық өмір саласының басты принципі, айнымас асыл өзегі болып табылады. Кез-келген әдет-ғұрып құқығы құбылыс пен оқиғаға, талас - тартыс пен дау-дамайды шешуде, мақсат-мұраттарды айқындауда шешуші рөл ойнайды. Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде билердің мазмұны мен мәртебесіне қатысты, халықтың құқықтық санасына мықтап енген, дәстүрлі менталиеттің мазмұнын құрған бірқатар қағдиғалар мен нормалардан тұрды. Мысалы: қысқа да нақыл сөздерден көрініс тапқан: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны - биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ» деген нақыл сөздер әділдік пен ақиқатқа, оларға жетуге тырысу Қазақ құқығы нормаларына негізделінген сот ісін жүргізуге және билердің соттық шешімдерінің іргелі негізі болған. Қазақ билері көшпелі және жартылай қоғамдағы соттық - құқықтық басқару саласындағы аталар даналығы мен білімін меңгерген топ ретінде қалыптасты. Әдет құқығының нормативтік байлығын меңгеру және оны өмірде қолдана білу, шешендік пен әділдікті қатар ұстай білуі - билердің басты шарты болды. Сонымен бірге, Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормалары кіші кодексі Ереже құрастырудан басталды. Бұл Ереже Шар Күшік Ережесі болды. 1896 жылдары Омбы қаласында «Дала уалаяты» газетінің бетіне қазақтардың әдет-ғұрып дәстүрлері жайлы танымдық мақалалар, қызықты материалдар мен 10 баптан тұратын Ережеде, негізінен, отбасы - неке қатынастары мәселелері көрсетілініп отырған./1 Мысалы: Бірінші бапта, біреуден-біреу қыз айттырып, құда болып, қалыңмал алып, қалыңдық ойнап жүрген қызды басқа біреуге беріп жіберсе, ол беріп жіберген кісі қазақ ғұрпы бойынша тәмәм қалыңмалын қайтарып, бір ат-шапаннан үш тоғызға шейін жазалы болсын, деп көрсетілген. Яғни, Қазақ қоғамының сот тәжірбиесінде тоғызды айыптың түрі ретінде қолданғанда, билер оның құрамын өз тараптарынан белгілеп, әр түрлі малды енгізіп отырған. Қазақ әдет-ғұрып заңдарын танып білуде бұл Ереженің маңызы зор, құнды құжат болып табылады.

Қазақтардың отбасылық қарым-қатынастарында мұрагерлік құқы ерекше орын алады. Әдет-ғұрып құқы бойынша мұрагерлерге қайтыс болған адамның балалары, әйелі, ағалары жақын туыстары мұраға мал, мүлік, ақша, үй, жайлым, жесірді жатқызған. Баласы болмаған ата-ананың дүние мүлкі, мұрагерлік құқық бойынша, өлген әкенің жақын туыстарына бөлініп берілетін болған. Қара шаңырақты қадірлеу ата-баба аруағын ардақтаумен бірдей, бәрі үшін қасиетті саналған. Қаншама уақыт өтсе де, бұл дәстүрді бүгінгі күнде әлі қолданудамыз. Мәселе, қара шаңырақты сол қалпында кие тұту мақсатында, үйдің кенже баласы қара шаңыраққа ие болып отырған. Одан енші алып кеткен барлық отау, ұзатылған қыздар, құда-жегжаттарға әр түрлі сыйлық беру мен соғым сойғанда сыбаға әкеліп тұру дәстүрі әлі бар. Міне, көріп отырғанымыздай, бұл дәстүр, отбасы - неке қатынастарының мәселелерін о бастан, қазақ халқы отбасының тыныштығына үзбей көңіл бөліп отырғандығын көрсетеді. Әрине, әдет - ғұрып нормаларының белгілі бір бөлігі мемлекет тарапынан қолдау тапты. Мемлекет оларға баса көңіл бөліп, өз мақсат –мүддесі тұрғысынан әсер етуге, өз қызметіне жартуға әрекет жасады. Бірақ әдет-ғұрып нормалары оның ішінде ереже жарғылары да, одан мемлекет заңына айналған жоқ, өзіндік өмір сүру мәнерін жоғалтқан да жоқ. Ал, бұл мәнер Қазақ қоғамының ішкі табиғатының, ондағы әлеуметтік қатынастардың ерекшелігіне, қоғам мүшелерінің тәртібін реттеу, басқару ісінің өзгешелігіне туындап жататын, солар арқылы түсіндірілетін.

Қоғамдағы құқықтық мәдениет, оның қомақты бөлігі әдет-ғұрып нормалары - ерекше бір құбылыс болып саналады. Қазақ әдет-ғұрып құқығы жазылмаған құқық болды, бірақ та, сол кездегі құқықтық дәстүрлер жиынтығы болып табылды. Сондықтан да, әдет-ғұрып құқығы нормаларын дұрыс ұғынып, түсіну үшін олардың ішкі мәніне сай көзқарас, зерттеу әдістері керекті. Қазақтардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымы тереңде жатыр. Мысалы: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», т.б Әдет-ғұрып нормалары арқылы қазіргі кезеңде де, біраз қарым-қатынастар реттеліп, басқарылып, қолданылып жатады. Әдет - ғұрып нормаларын қолдану жөнінде басым түрде бір пікір жоқ. Бірақта, кейбір әлем елдердің көпшілігі бұл нормаларды пайдаланып келеді. Әдет-ғұрып нормаларын қолдануға мемлекеттік органның нұсқауы немесе рұқсаты болса, ол нормалар құқықтық әдет-ғұрыпқа айналады. Әдет-ғұрып құқықтық қатынас нормаларының бірнеше түрлері бар. Ол әдет, әдептілік, адамгершілік, т.б. Әдет жағымды, жағымсыз болып екіге бөлінеді. Ешбір адам өмірге жақсы немес жаман әдетпен келмейді, әдет өмір жемісі, тәрбие нәтижесі. Осыдан әдеттілік, дегеніміз моральдық нормалады жақсы орындау деген сөз. Яғни, ата-ананы құрыметтеу, үлкенді сыйлау, әділетті болу сияқты жалпы халықтық нормаларды дұрыс атқара білуді керек етеді. Әдет-ғұрып нормалары ресми заңдармен қатар қолданылады. Бұл нормаларды бұзғандар жауапқа тартылып отырады. Бүгінде Есім хан заңдарының мәні мен негізгі бағыттары белгілі. «Есім ханның ескі жолы»- деп, аталатын заң жинағының түпнұсқасы бізге жетпегенмен, алайда көне заманның бізге жеткен аты аталған осы құқықтық ескерткіш ауыздан-ауызға көшіп бізге жеткен, мәтел-қағдиғаға айналып кеткен азын-аулақ ереже болды. Бірақ бұл ережелер ғасырлар бойыда қазақ көшпелі қоғамында қалыптасқан көшпенділер өмірінің қатаң жағдайларына бейімделген дәстүрлі әдет-ғұрып пен құқықтық тәртіпті жандандырып, нығайтудағы күшті «әділ тәртіп» идеясы болды. Ал Қасым ханның қасқа жолына тоқталсақ, Қазақ хандығының саяси, әскери істер, мәдени, заң қатарлы жақтарында, заң сипатының жолдары көрсетілінген. Атап айтатын болсақ, «Қасым ханның қасқа жолы»-деп, аталатын қазақ әдет-ғұрып ережелерінің түпнұсқасы толық күйінде бізге жетпеген, дегенмен де, көптеген зерттеуші-ғалымдардың пікірінше ол бес бөлімнен құралғанын атап өтеді:/1

1.Мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су дауларына байланысты бөлім)
2.Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал тонау, ұрлық қылмыстарына жаза)
3.Әскери заң (қосын құру, ердің құны,тұлпар ат)
4.Елшілік заң (ел басқаруда майталмандық, шешендік)
5.Жұртшылық заңы (ас, той мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, тұтқаулардың міндеті т.б.).

Осы бес түзілімнен тұрған Қасымханның жарғыны арқылы қоғам тәртібін қорғап, үстемдік орнын нығайту арқылы мемлекеттің тұтастығы қорғалып, білімдарларды құрметтеу ұлттың санасын, мәдениет әдет-ғұрып өрісін жоғарлатудың аса маңызды шараларын орнатуда, білімі мол қарияларды қатыстыра отырып арыз-шағым істерді шешіп отырған. Азаматтық дау-шараларды шешуде, жыраулардың, қазақтың мақал-мәтел, нақыл сөздерін, аңыз-ертегілерін, тарихи әңгімелерінің алуан түрлі тақырыптарының тарихи деректерін жинай отырып, мемлекет мәселелері шешіліп отырған.

Ата-бабамыз жазып кеткен Тәуке ханның «Жеті Жарығы» заңы бойынша - ант алып, ант беру көпшілік жағдайларда : ер құны, жесір дауы, ұрлық , жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдара қолданылатын дәстүрлі заң болды. Мұнда ескі әдет-ғұрып, заң нормалары жинақталынып, Жеті-Жарығы түзелді. Бұл «Жеті Жарғы» әдет - ғұрыптық құқықтық нормалар жүйесінің ресми өмір сүру нысандарының ең жетілген түрі болды. «Жеті Жарғы» мемлекеттік құрылымға, ел басқару жүйесінде де елеулі жаңалықтар енгізді. Тәуке ханның Жеті жарығының әр бір бабы сол заманның талаптарына сай келді. Сонымен бірге, қоғамдық топтар, жеке адамдар арасындағы қатынасты, мінез - құлық ережелерін негіздеген бірден - бір нұсқа, ұлттық сананың, мемлекеттік сананың көрнісі болды. Әрине, қазақ әдет-ғұрып құқығын статистикалық тұрғыдан, мызғымас, үнемі қолданылатын құқықтық нормалар жүйесі ретінде қарастыруға болмайды. Себебі құқықтық қатынастар әрқашан қоғам өмірінің материалдық жағдайларына негізделінеді. Қазақ әдет-ғұрып құқығы қазақстандағы экономикалық қатынастардың дамуына байланысты өзгерістерге ұшырап отырған. Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының өзгеріске ұшырауының басты себептерінің бірі Қазақстанның Ресейге қосылуы. VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың мұсылман діні әсіресе кең тараған көрші халықтармен байланыстарының дамуына орай қазақ әдет-ғұрып құқығына шариаттың әсері күшейе түсті. Қазақ қоғамының ішкі дамуын да, көрші мемлекеттердің әсеріне де, байланысты болған әдет - ғұрып құқығы нормаларындағы бұл өзгерістердің барлығы XIX ғасыр бойы жекелеген орыс зерттеушілері мен патшалық әкімшілік чиновниктердің қазақ әдет-ғұрып құқығының әр түрлі жазбаларынан көрніс тапты. Бұл қазақ әдет-ғұрып құқығының ортақ негізгі ережелерінің сақталып қалуына ықпал етті. Сонымен бірге, әдет-ғұрып нормаларындағы өзгерістер билер съездерінде қабылданған ережелерден және бидің биліктерінен көріне білді. Сол, өз заманына сай қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар қағдиғалар мен нормалар болған. Олар халық санасынан берік орын алып, көбісі оның дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құрды. Атап айтсақ, қазақ даласын басқаруда әділділігімен ерекшелінген көптеген билердің бірі - Төле би, Қазыбек би , Әйтеке билердің атымен байланыстыратын болсақ, ірі тұлғалар қазақ әдет-ғұрып құығына зор үлесін қосып, құқықтық дәстүрлерді дамыта білген, өзінің болмыс –бітім әділ тәртіп ережелерімен байланыстырған. Мәселен, Әйтеке би өз өмірі туралы Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» десе, Төле, Қазыбек билер «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғаныңа бұрғаны- биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биеде бауыр жоқ» т с.сияқты аталы сөздерді атап өтуге болады./1

Қазақ даласында халықтың құқықтық санасының дамығаны және дәстүрдің күштілігі соншалық билер сотының демократиялық жолмен жүрген туралы деректер бар. Ол Қазақ ғылымына зор үлес қосқан этнограф-ғалым Шоқан Уалихановтың мақалалары мен очеріктерінде кездеседі. Атап айтсақ, Ш.Уалихановтың «Сот реформасы жайында жазба» еңбегінде қазақ жерінде қалыптасқан әдет-ғұрып құқықтарын, құқықтық жүйемен жаңа реформаларды салыстыру арқылы жүргізген. Онда құқықтық дәстүрді реттеуші ретіндегі рөлінің жоғары болғандығын, сот билігінің орындалуы қоғамның өз ішінде-ақ, мемлекеттің араласуынсыз-ақ өтіп отырғандығын атап көрсетеді. Бұдан, біздер өз еліміздің дәстүрлі Қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы нормаларының мазмұнының моральдық құндылықтары мен еркін аймақта қалыптасып дамығандығын көреміз. Ондағы қазақ елінің өркениетті бейбіт, жақсы қағдиғалары шоғырланған заңдар ерекшіліктерін салыстыра зерттеп білу және одан ғылыми - практикалық түйін жасау бүгінгі күннің басты міндеті. Себебі сол замандағы өмірлік жағдайлар мен дау-дамайлардың құқықтық көрнісі, әлеуметтік және әдет-ғұрып құқықтық нормалары қызметінен көрінді.

Қорыта айтатын болсақ, дәстүрлі Қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығы нормаларының мазмұны мен мәртебесі- қазақ халқының өркениеті мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихы мен ерекшілігі және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттармен ерекшеленеді. Қазақтың әдет-ғұрып нормалырының мазмұны мен мәртебесі Қазақтың кең даласында жаңа дәуірге дейін сақталды, халықтың тыныс тіршілігінің өзегімен қисындас болатын, халықтың өзіне жақын, тәндес, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болысының талабына сай болды. Көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар мәңгі құндылықты сақтап қалды. Қазақ халқының тарихы алға жылжып, өзгеріп отырғандықтан, халықтың түсінігі мен көзқарастары да, дәстүрлері мен әдет-ғұрып құқығы да өзгеріп отырды. Қалай дегенмен де, ел басқарудағы мемлекеттік жүйенің қалыптасуының кезеңдік сатыларына сай, Қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып нормаларының қай-қайсысы болсын кезінде өз дәрежесіне қарай, уақыт талабына сай таптық қоғамдағы экономикалық, саяси және өзге де тәртіпті бекіту үшін мемлекет бекітетін немесе мақұлдайтын жүріс-тұрыс ережелерінің (нормаларының) жиынтығы мен адамдардың іс-қимылын реттеудің өзіндік нысаны болып табылып, өзіндік мазмұнымен ерекшеліпп отырады. Сонымен қатар әдет-ғұрып нормалары қоғамның қарыштап ілгері дамып, түбегейлі жаңаруында маңызды орын алады. Себебі, өмірдің шындығы және оған деген сенім адамдардың іс-әрекеттерімен ғана нығайтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Адамбаев БР. Шешендік өнер.-Алматы:Ғылым,1995

2.Мыңжан Н. Қазақ хандығының заңдары //Қазақтың ата-заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер /Бағд. жетекшісі- С.З.Зиманов.- 4-том.-Алматы,2004.-342 б.

3.Әбділбаев М. Шар Күшік ережесі //Қазақтың ата-заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер /Бағд. жетекшісі- С.З.Зиманов.- 5-том.-Алматы,2004.-95-99 б. б.

4.Өсерұлы Н. Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі.-Алматы:Жеті жарғы,1995.- 5-7 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақтың әдет-ғұрып құқығы, нормалары, оның қоғамға тигізген әсері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается обычное право, нормы казахского народа и их влияние в обществе.

ӘОК 371.331. 864.

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ

Нұрланова В.С. – аға оқытушы (Алтамы қ., ҚазмемқызПУ)

Республикадағы білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуі, еліміздің алдыңғы қатар 50 мемлекет қатарына кіруі жастардың дүниетанымдық көзқарасына үлкен ықпал етеді. Көптеген елдердегі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасау барысында түйгеніміз, қоғамдық ұйымдар оқушы-жастардың жеке тұлға ретінде дамуына, өз ойын еркін айта білуіне, қоғамдық қатынаста әртүрлі жағдайлардан шыға білуге баулитынын байқадық.

Тұлғаның өздігінен дамуына ықпал ететін оқушылардың өз күшімен негізін құрған қоғамдық ұйымдар болып табылады.

Бүгінгі қоғамдағы болып жатқан қайшылықтар, тәрбие жұмысының әлсіреуіде, мектептегі тәрбиенің негізгі ұйтқысы – қоғамдық ұйымдардың таратылып, жүйелі жұмыс істемеуінде болып отыр. Оқушы – жастарға қосымшы білім беретін мекемелердің күрт төмендеуі де тәрбие жұмысын жүргізуге кері әсерін тигізіп отырғаны сөзсіз. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында жайлаған еріктен тыс насихат, зорлық-зомбылық жастар тіршілігіне үлкен әсер етіп отыр. Қазіргі таңда мектеп алдында болашақ ұрпақты қоғамда болып жатқан әртүрлі келеңсіз істерге қарсы тұра алатындай жігерлі, батыл, интеллектуалды қасиеті жоғары азамат тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Бұған бүкіл қауым – ата-ана, қоғам, зиялы қауым өкілдері болып ат салысқан жағдайда өз шешімін табуы сөзсіз. Сондықтан да қазіргі таңда оқушының шығармашылық іс-әрекетін, жеке басылық қасиетін, саяси көзқарастарын қалыптастыруда қоғамдық негізгі орын алады. Әрбір жас қоғамдық қатынастарға түсу барысында аға ұрпақ салған ізгі мұраларды бойына сіңіреді.

Н.Назарбаевтың халыққа жолдаған "Қазақстан - 2030" стратегиялық бағдарламасында барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы жөніндегі Қазақстан халқына жолдауында негізгі стратегиялық бағыт "Халықтың көптеген топтарының бірлігі, жекешіл және қоғамдық негіздері саликалы үйлестіру, мұның өзі қоғамымыздың жарасымды сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі" деуінің өзі қоғамдық ұйым, бірлестіктердің құрылып, дамуына мүмкіндік ашып отыр. Сонымен қатар, Президенттің астана қаласындағы Л.умилев атындағы Евразия ұлттық университетінің "Инновация мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына" тақырыпта жастармен кездесуі кезіндегі сөйлеген сөзінде және Қазақстан Республикасы студенттері мен Жастар ұйымдары өкілдерінің съезіне жолдауында жас ұрпақ тәрбиесіне зор жауапкершілікпен қарай отырып, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жандандыруға аса мән береді. Олай болса жастардың білім, білік, дағдыларын қоғамдық іске бейімдейтін, саясаттан тысқары ерікті қоғамын құрудың мектептердегі оқу тәрбие ісін бір жүйеге келтіруде белгілі ықпал ететіні сөзсіз. Қоғамдық ұйымдар қосымша білім беру жүйесінің негізін құрайды. Қосымша білім беру – оқушылардың алған білім, білік, дағдыларын дамыта отырып, оқушының жекелей қызығушылығын қанағаттандыру үшін және тұлғалық қасиетін дамыту үшін ұйымдастырылатын жүйе. Жалпы, қосымша білім беру сыныптан тыс, мектеп ішіндегі (үйірмелер, мектеп музейі, қоғамдық ұйымдар, оқушылардың өзін-өзі басқаруы, музыка, компьютерге байланысты қосымша білім беру т.б.), мектептен тыс оқушылар сарайы, балалар шығармашылығына байланысты орталықтар мен үйлер, туристік базалар,

балалардың музыкалық, көркемдік, эстетикалық секциялары, музейлер, кітапханалар, театрлар т.б.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ұсынып отырған оқушылар ұйымының үлгі Ережесі және оқушы-жастардың белсене өз көзқарастары негізінде құрылып жатқан ерікті қоғамдық ұйымдар оқушының тұлғалық қасиетін айқындауға ықпал етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда "Болашақ", "Жұлдызша", "Атамекен", "Скаутинг", "Пионер", Алматы облыстық "Мың бала", Алматы қалалық "Кәусар бұлақ" және көптеген облыстарда облыстық қоғамдық ұйымдар мен балалар қозғалыстары, бағдарламалар бар. Аталған бағдарламалардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар және бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне қандай ықпалы бар дегенге келетін болсақ, олардың кез-келгені болашақ ұрпақтың мәдени құндылықтарын қалыптастыруға игі ықпал ететініне сенім мол.

Мәселен, Зейнеп Ахметованың "Кәусар Бұлақ" бағдарламасына келетін болсақ мектеп оқушыларына ұлттық салт-дәстүрлерден жалпылама мағлұмат береді. Бағдарламада оқушының жас ерекшелігі ескерілмейді. Ал, "Мың бала" балалар қозғалысы кезіндегі XYIIIғасырдағы сартай батырдың мың сарбазына негіздей құрылған. "Мың бала" қозғалысы Англияда негізі құрылған Скаутинг қозғалысымен мазмұндас. Жас ұрпақтың шығармашылығына, өз бетінше шешім шығаруға бейімділігіне, дербестігіне негізделеді. А.Кузнецов басқарып отырған пионерлер ұйымында қазір 3400-ге жуық пионерлер бар. Сонымен қатар, Қазақстанда скаутинг қозғалысы да бар. Скаутинг қозғалысына 11 жастан бастап балалар қабылданады. Соңғы есеп бойынша шер шарындағы 150 мемлекетте 16 миллион скаут бар. Скауттардың өздерінің анттары, заңдары, бағдарламалары бар. Скаутинг қозғалысының негізін салушы ағылшын Лорд баден Пауэл 1907 жылы Броунси аралында 20 ер баладан тұратын скаутинг қозғалысын құрды. Осы қозғалыс қазіргі таңда жер әлемге тарап отыр. Скаутинг қозғалысының негізгі әрекеті - әр баланың ұқыптылығы, қырағылығы, шыдамдылығы, бір-біріне деген жолдастық көмегі барысында айқындалады. Жоғарыда көрсетілген қасиеттер бала бойынан табылғанда ғана скаутинг қозғалысына тән көк галстук құрметті түрде баланың мойнына тағылады.

Аталмыш бағдарламалардың ішінде үлкен сұранысқа ие, халық жүрегінен шыққан "Болашақ" және "атамекен" оқушылар және жастар ұйымының бағдарламасы. "Атамекен" – ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен салт-дәстүрімізді қамтитын мазмұны 41 бағыттан тұратын бағдарлама. Үстіміздегіжылдың 14 мамырында "Атамекеннің" 10 жылдығына орай Алматы қалалық II құрылтайы өтті. Он жыл үлкен уақыт. Қатысушы делегаттар "Атамекен" бағдарламасының өз дәрежесінде дамымай, бір орынды тұрып қалу себебіне тоқталды. Біздің ойымызша: Біріншіден, "Атамекен" бағдарламасының тек ұлттық негізде болуы; екіншіден, бағыттарының шексіз көптігі; үшіншіден, осы уақытқа дейінгі іс-тәжірибелер жинақталған, ғылыми негізделген әдістеменің жоқтығы.

Басқа мемлекеттердің іс-тәжірибесінен аңғарғанымыз, әр түрлі бағыттағы ұйымдар мен қозғалыстар бір орталыққа біріктірілуі олардың жұмыстарының жандануына үлкен ықпал еткенін байқаймыз. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тарапынан да үлкен жұмыстар атқарылып жатқаны көпке аян. Министрліктің жанынан республикалық қоғамдық ұйымдардың іс-тәжірибесін жинақтап, оны бүгінгі жас ұрпақтың мәдени құндылықтарын қалыптастыруға байланысты іс-шаралар жүргізетін "Балалар палатасының" құрылуы дәлел бола алады. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми – зерттеу жұмыстарының бағыттарының бірі – балалар және жастар ұйымдары мен қозғалыстары қоғамдық

бірлестіктерін ұйымдастырудың ғылыми-практикалық негізін айқындау болып табылады.

Осы мақсатты көздеп "Болашақ" атты оқушылар ұйымының жарғысы мен Ережесін дайындады. Республика мектептерін ұсынылып отырған "Болашақ" атты оқушылар ұйымның басты міндеті – оқушыларды мемлекетіміздің мүддесін қорғай алатын, адал да әділетті, іскер де белсенді тұлғанықалыптастыру болып табылады. Ұйым оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі басқаруға, жеке тұлға ретінде дамуына да ерекше көңіл бөледі. Сол мақсатта тәрбиенің мазмұнын қамтитын "Асыл мұра", "Ізденіс","Достық", "Ұшқын", "Домбыра – дастан", "Ерлік", "Бизнес", "Сымбат", "Өсиет", "Ізгілік" он шығармашылық бағыты бар. Қай бағытты таңдап алу ұйым мүшелерінің өз қолында. Ұйым үш сатыдан тұрады.

1-4 сынып оқушылары "Балдырған" тобына,

5-9 сынып оқушылары "Ұлан" тобы,

10-11 сынып оқушылары "Мұрагер" тобына мүше бола алады.

Әр топтың өзінің әнұраны, төс белгісі, ұраны және анты бар. Ұйымға мүше болу рәсімі кезінде "Болашақтың" көк туының астында қабылданады, мойындарына көк галстук тағады.

Қазіргі таңда мектептерде оқушылардың қоғамдық ұйымы, оқушылар қозғалысы, оқушылар бірлестігі, оқушылар клубтары құрылып, жұмыс істеуде.

Қосымша білім беру, оның ішінде қоғамдық ұйымдардың дамып, қалыптасуынан байланысты алыс, жақын шет елдерде З.Каргина, В.А.Безерин, М.Н.Поволяева, С.К.Никулин, Ю.Колчеев, С.Рыбаков, С.Каблукова, И.Ветров, К.Латифуллинна т.б. еңбектерінде негізгі орын алады.

Қазақстанда қоғамдық ұйымдар мәселесі Қазақстан Республикасы "Білім" заңында (3) және қазақстан Республикасы білім жүйесіндегі тәрбиенің кешенді бағдарламасында (4) жан-жақты қамтылады. Қоғамдық Ұйымдардың құрылымы және ондағы тәрбие мәселесі С.Калиев, С.Иманбаева, Б.Каиров, Б. Нуртелеуов, С.Хасенов, М.Курсабаев т.б. еңбектерінде негізгі орын алады.

Оқушы – жастарды әлеуметтендіру мәселесі қазіргі таңда өзекті, екі жақты мәселе болып отыр. Себебі, оқушы әлеуметтік ортаға еркін араласу оның осы уақытқа дейін қабылдаған әлеуметтік іс-тәжірибесінің негізінде іске асады және де әлеуметтік байланыс жүйесі арқылы ортаға белсене араласу мүмкіндігі туады. Әлеуметтендіру жүйесінде оқушы тек өзін-өзі жетілдіріп қоймайды, сонымен қатар тұлға ретінде қалыптасуына да игі ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. – Астана: 2006. – 44 бет.

2.Ученическая организация "Болашақ" учитель Казахстана, 14 ноября, 1998.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы мектептеріндегі оқушылар ұйымдарын дамыту және қалыптастыру қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются развитие и формирование ученической организации в школах Республики Казахстан.

ОӘК 33 О-65

ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТЛЕРІ

Орынханова Ж.А. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Біріккен Ұлттар Ұйымы адам дамуының маңызды міндеті ретінде әйелдер мен ер адамдардың теңдігін қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасы да тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері гендерлік теңдік қағидасын ұстанатын көрсетіп отыр. Гендерлік теңдік жөнінде мәселе мемлекеттік саясаттың міндеті ретінде алғаш рет 1995 жылы Пекин конференциясына дайындық барысында көтеріліп, ҚР Президентінің жанында отбасы, әйелдер мәселесі және демографиялық саясат бойынша Кеңес құрылды. 1998 жылы ҚР Президентінің жанында отбасы мен әйелдер ісі жөнінде Ұлттық комиссия құрылды. Сол кезеңнен бері Ұлттық комиссияның және бейүкіметтік әйелдер ұйымдарының ұсыныстары бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың талдауына және болжамына гендерлік аспектлер енгізіліп отырады. 2003 жылы БҰҰ Мыңжылдықтың Даму Мақсаттарына қол жеткізу үшін «ҚР гендерлік саясаттың Концепциясы» құрастырылды.

Қазіргі кезде 2006-2016 жж. Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік Стратегиясы қабылданып, оны орындау бойынша іс-шаралардың орта мерзімдік Жоспары бекітіліп отыр. Бұдан басқа, «Әйелдер мен ер адамдардың тең құқықтары мен мүмкіндіктері туралы» Заң жобасы дайындалып, Парламент Мәжілісімен қарастыруға алынып отыр. Бұл құжат жыныстық белгі бойынша дискриминацияның кез-келген формасын болдырмауға және мемлекеттік пен қоғамдық өмірдің барлық салаларында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған.

Қазақстан ғылымында гендерлік мәселелер негізінен саясаттану, әлеуметтану, психология салаларында қарастырылған, ал экономика мен құқық саласында гендерлік зерттеулер жаңадан бой алып келеді. Көптеген дамыған елдерде кез-келген деңгейдегі саяси және экономикалық шешімдерді қабылдауда гендерлік аспект ескеріледі. Гендерлік талдау қоғамдағы жүргізіліп жатқан экономикалық іс-шаралардың, үй шаруашылықтарындағы экономикалық шешімдердің әйелдерге және ерлерге тигізетін әсерін есепке алуға мүмкіндік береді.

Гендерлік экономика – бұл әйелдер мен ер адамдардың экономикалық жағдайындағы ерекшеліктерді зерттейтін экономикалық ғылымның жас бағыттарының бірі болып табылады /1/. Әлеуметтік-экономикалық және саяси тұжырымдамалардың «гендер» ұғымына көңіл бөлмеуінің салдарынан бүгінгі күні өмірдің көптеген салаларында гендерлік теңсіздік байқалып отыр.

Гендерлік рольдер мен гендерлік теңсіздіктің орын алуының салдарынан қоғамдағы экономикалық өзгерістер әйелдер мен ерлерге түрлі әсерін тигізеді. Экономикалық саладағы гендерлік теңсіздік капитал мен меншікке қол жеткізуде, еңбек нарығындағы жағдайда, отбасы табысы мен уақыт ресурстарының бөлінуінде көрініс алады. Бұл көрсеткіштер бойынша әйелдердің үлкен бөлігінің жағдайы ер адамдарға қарағанда нашар болып келеді. Гендерлік мәселені тек әлеуметтік тұрғыдан қарастыру дұрыс емес, мұнда экономикалық аспекттің маңыздылығы жоғары болып табылады. Экономикалық теорияда гендерлік мәселелердің қарастырылмауының нәтижесінде микродеңгейде әйелдер, балалар, отбасылар зардап шегеді, экономикалық көрсеткіштер бұрмаланады. Ресурстардың шектеулігі жағдайында адам капиталын максималды тиімді пайдалану маңызды болып табылады. Сондықтан, жалпы экономикалық

жағдайды зерттеумен бірге, нақты микроортаны қарастырған жөн, яғни жалпы экономикалық жағдай мен ондағы адамның өзара байланысын талдау қажет.

Гендерлік теңдікке қол жеткізуде Қазақстанның потенциалы жоғары. Өйткені, білім, медициналық көмек алуға гендерлік айырмашылықтың болмауы, еңбекке жарамды халықтың үлкен бөлігінің жұмыспен қамтылуы сияқты Кеңес үкіметінен қалған жетістіктеріміз бар. Дегенмен, әйелдер арасындағы жоғары білім деңгейі оларға сәйкес басшылық лауазымдарда қызмет етуге мүмкіндік бермеді, яғни дискриминацияның бір түрі – кәсіби сегрегация орын алуда. Әйелдер мен ерлер жөнінде әлеуметтік-экономикалық мәліметтердің негізінде жасалған гендерлік талдау экономикалық өзгерістер ер адамдарға қарағанда әйелдерге көбірек жағымсыз әсерін тигізетінін айқындады. Дегенмен, біздің қоғамымызда гендерлік дискриминация айқын көрініс алмайды. Қоғамдағы үрдістерді терең зерттей келе, әйелдер мен ер адамдардың экономикалық жағдайындағы ерекшеліктерді байқай аламыз. Сондықтан, жұмыс күшінің құрамындағы, үй шаруашылықтарының құрамындағы әйелдердің жағдайын жаңаша қарастырған жөн. Ал экономикалық саладағы әйелдердің дискриминациясын жою үшін әйел құқықтарын қамтамасыз ету қажет.

Қоғамдық және өндірістік қатынастардың негізі меншік қатынастары болып табылады, яғни әйелдер мен ерлердің экономикалық еркіндігін анықтайды. Осыған байланысты, капитал мен меншікке қол жеткізу, еңбек нарығындағы жағдай, отбасы табысы мен уақыт ресурстарының бөлінуі жөнінде экономикалық салада қалыптасатын гендерлік қатынастарды зерттеу қажеттілігі туындады.

Мұндай зерттеулердің мақсаты – экономикалық саладағы гендерлік теңсіздіктің объективті себептерін айқындап, әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін талдау болып табылады. Алға қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысының міндеттері туындайды:

- «гендерлік қатынастар», «гендерлік теңдік», «гендерлік теңсіздік» ұғымдарының мазмұнын анықтау;
- экономикалық ілімдер тарихындағы гендерлік зерттеулерді қарастыру;
- әлеуметтік-экономикалық саладағы гендерлік теңсіздіктің негізгі формаларын анықтау;
- гендерлік теңсіздікті күшейтетін әлеуметтік-экономикалық факторларды айқындау;
- гендерлік теңсіздіктің демографиялық жағдайға әсерін зерттеу;
- әлеуметтік қорғаудың гендерлік аспектісін қарастыру;
- әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша шетел тәжірибесін қарастыру;
- әлеуметтік-экономикалық саладағы гендерлік теңсіздікті қысқартуды қамтамасыз ететін экономикалық және құқықтық механизмдерді анықтау;
- әлеуметтік-экономикалық салада гендерлік теңдікті қамтамасыз етудегі ұжымдық келісім-шарттардың ролін ашып көрсету;
- әлеуметтік-экономикалық салада гендерлік теңсіздікті қысқарту бойынша мемлекеттің ролін айқындау.

Дерек көздері ретінде гендерлік талдау, еңбек нарығы мен жұмыс бастылық бойынша отандық және шетел ғалымларының еңбектері, Қазақстан Республикасының, Халықаралық Еңбек Ұйымының заңнамалық-құқықтық актлері, Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламалары алынды.

ҚР еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің, Отбасы мен әйелдердің ісі жөніндегі Ұлттық комиссияның, Адам дамуы туралы БҰҰ қазақстандық есептері, ҚР статистика бойынша Агенттігінің мәліметтері, Әлемдік Банк материалдары, БҰҰ статистикалық материалдары зерттеудің ақпараттық базасын құрайды.

Әйелдердің жағдайына арналған көптеген экономистердің еңбектерінде гендерлік теңдік мәселелеріне көңіл бөлінген. Гендерлік мәселе бойынша марксистік көзқарас Ф.Энгельстің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегінде кеңінен көрсетілген, мұнда қоғамдағы қанаудың қайнар көзі ретінде жеке меншік қарастырылады, ал әйелдің экономикалық теңдігі тек қана оның қоғамдық өндіріске қатысқан жағдайда ғана мүмкін болады делінген. Дегенмен қоғамдағы гендерлік теңсіздікті жою мәселесін шешудегі марксистік теория шектелген, өйткені ол үй шаруашылықтарындағы ақысыз еңбекті және биологиялық ұдайы өндірісті қарастырмайды.

Кәсіпкерліктегі әйелдердің мәселесі Р.Сарсенбаеваның және А.Демеуованың жұмыстарында талданған. Н.Шишкан және З.Юк зерттеулері әйел еңбегінің әлеуметтік мәнін ашуға септігін тигізді. Ш.Нұрманбековна өтпелі кезеңдегі әйелдердің жұмыс бастылығына терең талдау жасайды.Әйел еңбегінің әлеуметтік аспектлерін қарастыру барысында Н.Шеденова ақы төленбейтін үй жұмыстарының мәселесіне тоқталады. Бұл мәселені С.Шакирова феминизмді әлеуметтік құбылыс ретінде философиялық талдау жүргізу кезінде қарастырған. Әйел уақытының альтернативті шығындарын есептеу мәселесін американ экономистері Д.Элсон, А.Уайтхэд, К.Мозэр көтерді. И.Багрова, Н.Кунгурова, Н.Римашевская, Н.Татаринова, қазақстандық ғалымдардың ішінде А.Ажибаева, Л.Байзакова, К.Ибрагимова, Л.Квон, М.Мельдаханова әйел жұмыс бастылығы теориясының дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Шетел зерттеушілері Г.Бэккер, Л.Корнэр, М.Фербер, Р.Уолкер, Г.Стэндинг, Ресей ғалымдары Н.Римашевская, Е.Мезенцева, З.Хоткина, М.Е.Баскакова, Л.С.Ржаницина, А.Здравомыслова, М.Малышева гендерлік зерттеулердің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Қазақстанда экономикалық өзгерістерді гендерлік тұрғыдан зерттеуді Л.Квон, М.Мельдаханова, Р.Сарсенбаева, М.Нугманова жүзеге асырады.

Дегенмен, жоғарыда аталған фундаменталды және арнайы гендерлік зерттеулердің болуына қарамастан, гендерлік теңдіктің барлық мәселелері терең және жан-жақты қарастырылған деп санауға болмайды. Соңғы уақытта әлеуметтік-экономикалық саладағы гендерлік теңсіздік күшейіп келе жатыр. Өкінішке орай, қазіргі экономикалық ғылымда әлеуметтік-экономикалық салада гендерлік теңсіздікті қысқартуды қамтамасыз ететін экономикалық және құқықтық механизмдерді анықтауға мүмкіндік беретін кешендік зерттеулер жоқ

Қоғамдағы гендерлік қатынастардың экономикалық және құқықтық аспектлерін кешендік зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- экономикалық және құқықтық категориялар мазмұнының гендерлік тұрғыдан қайта қарастырылуы;
- балаларды тәрбиелеу бойынша әйелдер еңбегінің елдің ұлттық байлығына қосылатын үлес ретінде қарастырылуы;
- гендерлік саясаттың демографиялық мәселелерді шешудегі ролін кеңейту бойынша ұсыныстардың жасалуы;
- шетел тәжірибесінің негізінде елімізде әйел құқықтарын қорғау және олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту бойынша нақты ұсыныстардың жасалуы;
- гендерлік теңсіздіктің аймақтық ерекшеліктерінің қарастырылуы;
- гендерлік теңсіздікті қысқартуды қамтамасыз ететін экономикалық және құқықтық механизмдердің анықталуы.

Зерттеудің нәтижелерін билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекетінде; тең құқықтарды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік және қоғамдық саясатты жетілдіру бойынша үкіметтік органдар мен

бейүкіметтік ұйымдарға берілетін ғылыми-практикалық ұсыныстар ретінде; сайлау кезінде бағдарламалық құжаттарды дайындау үшін қолдануға болады. Зерттеу кезінде айқындалған гендерлік теңсіздіктің терең себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдары әйел құқығын қорғау бойынша іс-шараларды өткізуде бағыт беруші ретінде қолданыла алады.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Экономикалық теория», «Экономиканы мемлекеттік реттеу», «Құқық негіздері» және басқа да арнайы курстардың бағдарламаларын дайындау және жетілдіру үшін ұсынуға болады.

Зерттеу жұмысы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын, БҰҰ Мыңжылдық Мақсаттарын және 2006-2016 жж. Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік Стратегиясын іске асыруға бағытталады. Бұл зерттеуді елдегі гендерлік теңдікке қол жеткізудегі жалпы жұмыстың бір бөлігі ретінде қарастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мезенцева Е.Б. Гендерная экономика: теоретические подходы. //Вопросы экономики. – 2000. - №3. – С.55

2. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин / Организация Объединенных Наций, департамент общественной информации. – 1991. – С. 250-254.

3. Гендерные исследования. Выпуск 3. Харьков: Изд-во Харьковского университета. 1999

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы гендерлік мәселелердің экономикалық және құқықтық аспектлері, сонымен бірге қоғамның барлық салаларын кешендік гендерлік тұрғыдан қарастыру қажеттілігі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются экономические и правовые аспекты гендерных проблем в Казахстане, а также необходимость внедрения комплексного гендерного подхода (КГП) во все сферы жизнедеятельности общества.

ӘОК 340.134 С12

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» - ҚАЗАҚ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗІ

Сакатова Н.Н. – оқытушысы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тәуке ханның «жеті жарғысы» қазақ ата заңдары тарихында маңызы зор ірі ескерткіш болып табылады**.** XVII ғасырдың аяқ шенінде қазақардың әдеттегі құқық нормалары бір жүйеге келтіріліп, толықтырылды. Бұл Тәуке хан билік құрған кездері «Жеті Жарғы» деген атпен мәлім болды. Ғылыми әдебиеттерде Тәуке ханның ережесі деп те аталып келді. Алайда, көшпелі қазақ даласында байырғы өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелері Жеті Жарғының негізгі көзі болды. Заңдарға негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне жауап беретін ережелер жиынтығы енді. Жеті жарығының жасалуы, қолданылып келген әдеттегі құқықтың нормалары негізінде қазақты феодалдық қоғамның жаңа қажеттеріне бейімдеу болды. Бұл орайда, ол нормалар федолдық ақсүйектердің мүдделеріне сай, солардың мүддесін көздейтін заңнама жиыны болды. Алайда, «Жеті Жарғы»

қазақ қоғамының сол заманындағы әлеуметтік және құқықтық нормаларының заң жүзінде баянды етілуі, сол замандағы қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы мен мыңжылдық тарихы ерекшелігі бар, адам еркіндігін жақтаған сипаттармен әлем назарына ілінді. Ұлы далада, көшпелі өркениеттің негізін құрған, қыпшақтар даңқының үстемдігінің ерте құлдырауы, тисінше Қазақтың құқықтық мәдениетінің беделі мен рөлінің құлдырауына соқтырмай, керсінше таңғаларлық жағдай туғызды. Бұл Қазақ ата заңының аумағы кең даланың еркіндік қабілетінің сақталуымен, оқшау орналасуымен көріне білуі. Сол кездері қазақ көшпелі қоғам аясында, құқықтық дүниетанымы мен өзіндік ерекшіліктерге ие болды. Жеті жарғада адамгершілік құндылықтарға негізделген әділ сот пен шешендік ділмаралықтың ролі өте жоғары қойылып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезілді. Ру ішіндегі және рулық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді. Жеті жарғы қазақ құқығының біргейлі оның көшпелі өркениет шеңберінде туындап, сол дәуірдің арман-мақсаты мен көптеген құндылықтық белгілерін қамти отырып, әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары мен салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілініп, сол дәуірдегі қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылды. Сондай-ақ, Тәуке ханның жалпы қазақтың ханы ретінде тақта ұзақ та біршама сәтті отыруы, әдетте басқа хандарда жиі ұшыратын әскери қуатының күшті болғандығы емес, ең алдымен, оның ой- өрісінің ерекше жоғарлығы, басқару ісін халықтың дәстүрлі әдет заңдары мен сот ісін жүргізу саласындағы тәжирбесімен ұштастыра білуімен көрінді. Сонымен бірге рулар арасындағы дауларды шешудегі жеке басының сыннан өткен тапқырлығы мен барынша жетілген шешендік шеберлігі арқасында қамтамасыз етілуі. Қарапайым қазақтар арасында барынша жоғары бағаланатын көсемнің жеке басының бұл артықшылықтары Тәуке ханның барлық үш жүзде де беделінің тез өсуіне жақсы жағдай жасады. Жеті Жарғыда көрніс тапқан сол кездегі тұрмыс жағдайлары мен көшпелі қоғам қайшылықтарының, олар пайдаланған құқықтық әдеттер мен нормалардың жиынтығы ел ауызындағы аңыздарда Тәуке хан мен оның жақын адамдарының заңдық бастамасы ретінде баяндалады.

Қазақ заңдарының жинағы ұрпақтан ұрпаққа тек ауыз-екі түрде ғана беріліп, бізге жазбаша жетпеген. Алайда, Жеті жарғы қазақ дала өміріне қатысты заңдар жиынының атауы ғана емес, ол адам өміріндегі әрбір жалпы және жеке құқықтық жағдайларды қамтитын жүздеген баптардан тұрды. Атап айтар болсақ, әкімшілік – құқықтық нормалар мен қылмыстық іс құқығы бойынша жеті жарғыда жоғарғы өкімет билігі ханның қолында шоғырлануға тиіс болды. Заңдардың жекеленген баптарында көрсетілген дей хан жоғарғы судья болған. Ол қылмысы және теріс қылықтары үшін соттап, жазаға тартқан, салық салу тәртібін белгілеген. Ал, тармақтары бойынша сұлтандар мен ру-тайпа старшындары арқылы хандықты басқару тәртібі нақтылана түседі, онда былай делінген «Халық істері туралы пікірлесу үшін ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері күзде қазақ даласының ортасындағы бір жерге жиналатын болсын» /1. Бұл талаптың қатаң болғаны соншалық, құрылтай жиналысына қарусыз келген адамның дауыс беруге хақысы болмаған және барлық әдет-ғұрыпқа қарамай, жасы кішілерге оған орын бермей отыра берген. Яғни «халық жиналысына» қару-жарағымен келуге тиіс болған. Сонымен бірге заңдардың бір ережесінде «Сұлтандардан басқа қару аясына алынатын әрбір адам ханға және халық билеушілеріне жыл сайын өзінің мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерде салық төлеп отыратын болсын» –делінген /2.

Жеті жарғыда адамның жеке басына қарсы, мал-мүлік қатынастарына қарсы жауапкершілік, отбасы-неке қатынастары мен қылмыс жасағандығы үшін жауапкершілікте көзделіген. Бұл сол заманда ер құны, жесір дауы, ұрлық жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдарда қолдалатын дәстүрлі заң болды. Әсіресе жазалаудың ең көп тараған түрі құн төлеу болды. Талапкердің келісуі бойынша тіпті кісі өлтірген адамдар да құн төлеу арқылы өмірін сақтап қала алаған. Қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік тегіне байланысты құн мөлшері төленіп отырған. Мәселен, өлтірілген қатардағы еркек үшін кісі өлтіруші оның туыстарына 1000 қой, әйел үшін 500 қой төлеген, ал сұлтан мен қожаны өлтіргені үшін жеті адамның құны алынған. Дегенмен, Жеті жарғыда өлім жазасы мен құн төлеуден басқа өзге де жазалар; мал-мүлкін тәркілеу, елден қуу және жұрт көзінше масқаралау шаралары да көзделінген. Бірақ қазақ қоғамы мүшелерінің негізгі бұқарасының еркіндігі әрдайым заң алдындағы тең құқығы бола бермеген, бірқатар реттерде ерікті адамдардың да, ең алдымен әйелдердің құқықтарына нұсқан келтіріліп отырған. Мысалы, әйелдер, «күтушілер мен құлдар» сотта куә ретінде сөз сөйлей алмаған. Заң алдындағы толық құқықты адам «қару асынып жүре алатын» ересек еркек үйдің иесі, отбасының басшысы ғана бола алатын еді. Әрбір еркектің пайдаланатын құқықтары немесе ол құқықтардан айыру оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты белгіленген. Алайда, XVII ғасырдың аяғында қабылданған Тәуке ханның «Жеті жарғы»атты заңы, шындығын да, қазақ елінің бірігуіне жағдай жасады.Тәуке ханның бастауымен топтар арасындағы жер мен су байланысты тынымсыз таластар мен қырқысуларды жою үшін билер мен ақсақалдар кеңесі әртүрлі тайпалар мен рулардың көш-қоныс орындарын айқындап, ру тармақтары ішінде тамғаларды пайдалану тәртіпке келтірілді.Қазақ қоғамында тарихи қалыптасқан әдеттік құқық нормаларына жекеленген өзгерістер енгізіліп, оларды қолдану тәртібі белгіленді. Ру арасындағы келіспеушілік, бір жүз бен екінші жүз арасындағы қырғи-қабақ салқындықты әлсіретті. Ел бірлігін сақтауда хандық биліктің заң негізінде күшеюіне негіз болды. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» деп аталатын байырғы қазақ хандарының мемлекетті басқару мен халықты билеудің «қалыптасқан қанға қан, жанға жан» дейтін тоқтам-байламды барынша жеңілдетіп, ерді құн төлеу сияқты жаза, түрлерін далалық құқықтармен өзгерте отырып, жаңа заң жүйесін жасуға тырысты. Оларды жекелеп айтар болсақ;

1. Көтерліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.
2. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасын бұйырылсын.
3. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.
4. Өзге біреудің әйелімен зиянқорлық жасап, ақ некесін бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын..
5. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.
6. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін.

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалың малын береді;

б)төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді;

7. Ұрланған жылқы , өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.т.б /3

Тәуке ханның билік еткен тұста «Жеті Жарғы» қазақ билерінің ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселерді тиімді шешуде бірден - бір заңдар жиыны болды. Олай дейтініміз, Феодалдық жоғарғы тобының артықшылық жағдайларын, оның саяси үстемдігі мен феодалдық меншіктің үстемдік тәртіптерін қорғау негізінде әрбір адам қатаң жазаланып отырған.

Мәселен, Егер айыпталған адам соттың үкімін орындамайтын болса, немесе ауылдың бастығы істі қараудан әдейі жалтаратын болса, қылмысты адамды қорғайтын болса, онда талапкер өз ақсақалдарының рұқсаты бойынша барымта алуға, яғни өзінің туыстарымен немесе ең жақын көршілерімен бірге жауапкердің ауылына барып, оның малын жасырын түрде айдап әкетуге құқысы болған; бірақ үйіне қайтып келгеннен кейін ол бұл істі қадағалап отырған өз бастығына айтуға тиісті болды, сөйтіп барымталанған малдың саны талапқа мөлшерлес болуға тиістігі анықталып отырды. Сот үкімін орындауға күштеп көндірудің кең тараған әдістерінің бірі болған мұндай тәсіл іс жүзінде Жеті жарғыда барымтаны бас бұзарлық әрекет деп қарамай, керісінше сол замандағы қазақ қоғамының жөн-жобалы құбылысы ретінде қарастыруымыз керекті. Бұдан жергілікті жерлердегі сот және әкімшілік биліктің бір-бірінен бөлінбегенін көрсетеді. Осыдан бидің бір басында ең кем дегенде үш функциясы болғанын;ол ру басы да, судья да, жергілікті жердегі әкімшілік биліктің өкілі де болғандығын айқындайды. Мұндағы жеті жарғыдағы тұжырымдалған құқықтық нормалар жиынтығын бүкіл Қазақ хандығы шеңберінде қолданылған деген қорытынды жасалады. Дегенмен де, Қазақ даласындағы жер дауы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдет-ғұрып заңдары жоғарыда атап өткендей, осы Жеті жарғында көрніс тапты. Бұл да дала өмірінің заңдары бір жүйеге түсіріліп, тәртіпке келтіріліп, қатаң орындалды деген сөз. Тәуке ханның бастау-басшылығымен қабылданып, жүзеге асырылған сол кезең үшін мейліше ірі реформаланған қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының жиынағы «Жеті Жарғы» деген атпен белгілі болды. Сондықтан Жеті жарғының ғылыми тұрғыдан қарстырсақ, тек ғана тарихшы заңгерлер үшін ғана емес, тұтастай алғанда Қазақстан тарихы саласындағы зерттеулер үшін маңызды болып табылады. Тәуке хан билік құрған уақытта қазақ елінде ең тыныш жылдар болды, өзара алауыздық қырқысулар, жер даулары әрі әділ шешімін тапты. Рулар арасындағы әртүрлі қақтығыстарды шешу, қазақтардың сыртқы жауларға қарсы бірікен қимылдарын белгілеу мәселелері талқыланды. Халықтың әл-ауқаты жақсарды, «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман деп аталуы тегін есем еді. Бұл елдің ең бай да бейбіт өмір кешен уақыты болды. Тәуке хан саяси оқиғаларға толы ұзақ өмір сүрді, көшпелі халық жадында ол билеген кезең «алтын ғасыр» ретінде сақталды. Қырғынға бөккен елді бабына түсіріп, ру мен ру арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойын ұсындыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әулетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты. «Жеті жарғы» ел билеуде, әділдік пен адалдықтың үлгісі ретінде танылып, дүниеге көзқарастарының кеңдігімен, білімдарлығымен, туғанға бұрмайтын турашылдығымен аты әйгілі болды. Сондықтан да, Тәуке хан тұсында дала өмірінің заңдары бір жүйеге түсіріліп, тәртіпке келтірілді, қатаң орындалды. Сол себепті де, Жеті жарғыда көрсетілген құқықтық нормалар жиынтығы қазақ даласы бойынша бүкіл Қазақстан көлемінде қолданыс тапты деп батыл айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов .-Алматы: Жеті Жарғы,2005.-Т.5.-б.118, 154
2.Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары/Құр.: З.Кенжалиеа және т.б.
3.-Алматы,1996.- б.176
4.Маймақов Ғ. ҚР-ның саяси құқықтық тарихы.-Алматы,2000
5.Қазақстан тарихы: 5 -Тарау .-Алматы,1999. 460 б.
6.Көркемсуретті Қазақстан тарихы.-Алматы, 2005.-405 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақ халқының Тәуке ханнын «Жеті Жарғысы» және қазіргі уақыттағы құқықтық тәртібін салыстырмалы түрде қарастырады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются и сравниваются свод законов Тауке хана «Жеті Жарғы» и современные правовые нормы РК.

УДК 338.4 У 51

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Умбеталиева А. Д. - аға оқытушы (г. Алматы, КазгосженПУ)

Инновациялық қор өз қызметін мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясат шеңберінде жүзеге асыратын болады. Дамыған индустриялық елдермен салыстырғанда Қазақстандағы ғылымның дамуының қағидатты ерекшеліктері бар. Дамыған елдерде іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландырудың жыл сайын ұлғаюы, ғылымның жеке сектормен ықпалдасуын ынталандыру есебінен жаңа жетістіктерді жеделдете игеру, ғылымның корпоративті секторын құруға және дамытуға жан-жақты жәрдемдесу, маңызды экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге ғылыми-техникалық әлеуетті бағдарлау байқалып отыр. Ұсынылған инновациялық саясатты өнеркәсіпте, демек экономикалық және әлеуметтік жүйеде де іске асыру нәтижесінде жалпы түбегейлі сапалық өзгерістер орын алып, олар экономиканың тұрақты өсуіне, мемлекеттің нәтижелігіне, Қазақстанның әлеуметтік даму мен қоғамның саяси құрылысының сапалық тұрғыдан жаңа бір сатысына шығуына әкеледі.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау тәсілдерінің бірі республика аймағында аймақтық ерекшеліктерін, есепке ала отырып, құрамына инновациялық орталықтар инкубатор, технопарк, оқытушы фирмалар, инновациялық кәсіпорындарды конструкторлық-технологиялық жөніндегі ұйымдар енген, бір тұтас үйлестірілген инновациялық инфрақұрылым құру.

Инфрақұрылымды қалыптастыруда, мемлекет тарабынан аймақтағы оларға құрылған ғылыми–техникалық қызмет объектілері, оны басқарушы, ғылым мен техника сферасымен байланысты барлық субъектілер үшін ортақ болады. Оның өзі, инновациялық даму міндеттерін шешуге ғылыми ұйымдар ұсақ кәсіпкерлік субъектілерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Өндіріс сапасына, өнеркәсіп және жеке меншік құқығын қорғауға ерекше көңіл бөленеді. Ұлттық стандарттар, өнім сапасына, тауар сапасына, қызмет көрсету сапасына ұсынылған талаптар, халықаралық стандарт және өзге елдердің мемлекеттік стандарттарына сәйкес қазіргі ғылым мен технологияның жетістіктеріне жасалады.

Қазақстандық инвестициялық қордың мақсаты, экономиканың шикізаттық емес секторындағы жеке сектор бастамасына қаржылық қолдау көрсету болып табылады. Стратегиядан анықталған мақсаттарға қол жеткізу үшін, жаңадан мемлекеттік даму институттарын құру және әрекет етуші мемлекеттік даму институттарын: әсіресе Қазақстандық ивестициялық қорын, Қазақстан даму банкісін инновациялық қорды, экспортты қамсыздандыру жөніндегі корпарацияларды күшейту.

Қазақстандық инвестициялық қор - жарғылық капиталға үлестік қатысу арқылы мамандандады; инновациялық қор - ғалымдар және мекемелерге гранттар арқылы мамандандады. Мамандану принципі, даму институттарының мамандану төңірегіндегі қызмет түрлерімен, операциялармен ғана айналысады дегенді білдірмейді. Олар өздеріне негізгі болып табылмайтын, өзге де операцияларды жүргізе алады.

Қазақстандық инвестициялық қордың құрудың қажеттігі, қор нарығының дамымағандығымен, отандық компаниялардың төмен капитализациясымен, өндіруші өнеркәсіпке инвестицияның ағылуына мүмкіндік беретін адекватты механизмдердің отандық нарықта жоқтығымен байланысты. Қазақстандық инвестициялық қорды құру, қызмет етудің жаңа сапалы деңгейіне өту қажеттігінде қаржы секторы үшін маңызды табыс болып табылады. Қазақстандық инвестициялық қордың банк және басқа да қаржылық институттармен серіктесуі, жаңа өндіріс пен қор нарығын дамытуда үлкен серпіліс берді. 1993 жылдан 2002 жылға дейін экономикада негізгі капиталға тартылған шетелдік инвестициялардың көлемі 21 млрд. АҚШ доллардан астам болды. Экономикада негізгі капиталға тікелей келген шетелдік инвестициялардың жыл сайынғы үлесі орта есеппен 1/3 артық болды. /1 - 7/ Шетелдік инвестицияларды есепке ала отырып, жалпы алғанда Қазақстандағы инвестициялық ресурстардың өте аз екендігі туралы айтуға болады.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау тәсілдерінің бірі республика аймағында аймақтық ерекшеліктерін, есепке ала отырып, құрамына инновациялық орталықтар инкубатор, технопарк, оқытушы фирмалар, инновациялық кәсіпорындарды конструкторлық-технологиялық жөніндегі ұйымдар енген, бір тұтас үйлестірілген инновациялық инфрақұрылым құру.

Инфрақұрылымды қалыптастыруда, мемлекет тарабынан аймақтағы оларға құрылған ғылыми–техникалық қызмет объектілері, оны басқарушы, ғылым мен техника сферасымен байланысты барлық субъектілер үшін ортақ болады. Оның өзі, инновациялық даму міндеттерін шешуге ғылыми ұйымдар ұсақ кәсіпкерлік субъектілерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Инновациялық қызмет дамуы нормативті құқықтық базаны құруымен жетілдіруімен мүмкін емес.

Қазақстанда ғылыми-техникалық қызметті құқықтық реттеудің негізі, «Қазақстан Республикасындағы ғылым және мемлекеттік ғылыми және техникалық саясат жөніндегі» заң, «авторлық құқық және аралас құқық жөніндегі» заң, «Қазақстан Республикасының потенттік құқық жөніндегі» заңы болып табылады.

Экономиканың инновациялық даму жолына өткен кезеңінде құқықтық қатынастарды қамтамасыз ету мақсатымен инновациялық қызмет жөніндегі «Қазақстан Республикасының заңы қабылданатын болады» және инновациялық жоба мен бағдарламаны құрудың тәртібімен оның жүзеге асыруды реттейтін құқықтық нормативті актілер пакеті қабылданады.

Өндіріс сапасына, өнеркәсіп және жекеменшік құқығын қорғауға ерекше көңіл бөленеді.

Ұлттық стандарттар, өнім сапасына, тауар сапасына, қызмет көрсету сапасына ұсынылған талаптар, халықаралық стандарт және өзге елдердің мемлекеттік стандарттарына сәйкес қазіргі ғылым мен технологияның жетістіктеріне жасалады.

Белсенді мемлекеттік саясат ширегіндегі іскерлік бірлестікті дамыту инициативасы, кәсіпкерлермен келесідей бағыттарда іскерлік байланысты күшейтуге мақсатталуы мүмкін:

- сатып алушылардың маманданған категориясы жаңа нарықтың қуысты қалыптастырады, және өнім стандары бойынша ақпарат көзі болып табылады;

- құрал-жабдықты тасымалдаушылар, тасымалмен бірге, өндіріс тәжірибесінде береді;

- ресурстарды тасымалдаушылар жаңа пікірлер мен өндірудің әдістерінің тууына мүмкіндік береді, ал бәсекелестер жаңа пікірлердің бай көзі болып табылады.

Кооперация принциптерінде жұмыс істеуші фирмалар тобы, сатып алушылар, тасымалдаушылар, салалық ассоциация, құрастырушы бюро, өзге де маманданған ұйымдар бір аймақтың ширегінде бірлесіп қызмет етеді.

Нарық жеткіліксіз дамыған елдерде, нарықты тереңдетудің кумулятивтік процесін іске қосатын, сондай-ақ іскерлік бірлестік дамуын жүзеге асыратын катализатор қажет. (табиғаты бойынша ол мемлекеттік және жеке болуы мүмкін).

Біздің ойымызша, көптеген елдер өздерінің постиндустриалды инновациялық дамуында біршама алдыға жылжыды. Осылайша, бүгін Батыстың көптеген елдерінде қосымша құны жоғары білімді көп қажет ететін және жоғары технологиямен жасалған өнім өндірістері ІЖӨ 30%-ға дейін қамтамасыз етеді. Ол Еуропа мен Азияның көптеген елдерінің негізгі экономикалық сәтті дамуының негізіне айналды. Көрнекті мысал ретінде Оңтүстік Кореяны, Финляндияны, Израильді келтіруге болады. Осы елдердің әрқайсысында экспорттың 50%-дан көбі білімді қажет ететін өнімге келеді. Бүгінгі күні әлемдегі нарықтардағы білімді көп қажет ететін өнімнің үлесі ЕО-35%, АҚШ-25%, Жапония-11%, Сингапурда-7%, Оңтүстік Кореяда-4%, Қытайда-2% құрайды.

Ғылыми-технологиялық тәуелділіктен құтылу үшін, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінен қалыс қалуды жою үшін және постиндустриалды дамуда тең жүру үшін Қазақстан математика және жаратылыстану ғылымдары саласында негізгі ғылымды және табиғи ғылымдарды, білімді көп қажет ететін және жоғары технологияларды дамыту керек, тек қана дамытып қоймай, бүгінгі құрылым мен экономикалық және әлеуметтік құрылымының қалыптасып жатқан тенденциясы сақталып қалмақ.

Әрине, мойындау оңай, бірақ оны шешу әлдеқайда күрделі. Қазіргі кезде әлемдік тәжірибе көрсеткен бірінші жасалған алғашқы қадамдарды ғана атап аламыз. Бұл, бәрінен бұрын, ақпарат пен білімнің өсудің басты экономикалық ресурсына айналуы, ал ғылым қағаз жүзінде ғана емес, шынайы түрде қоғамның басты өндірістік күшіне айналды. Осыдан математика саласында, білім беруді, негізгі ғылыми және қолданбалы зерттеулерді, сондай-ақ білімді көп қажет ететін және жоғары технологияларды жасау, қазақстандық қоғамның жоғарғы артықшылықты постиндустриализация қатарына қосымша құны жоғары инновациялық өнімді ішкі және сыртқы нарықтарда шығару саласында елдің салыстырмалы бәсеке артықшылықтарын құруға немесе құруға көмектесуге тікелей қатысы бар жаратылыстану ғылымдарын дамыту қажеттілігі туындайды. Соған сәйкес ғалымның әлеуметтік мәртебесін және инновациялық технологияларды жасаушыны тиісті деңгейге көтеру. Олардың жаңа деңгейін сапалы дамыту керек және көтеру керек, қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесінің бәсеке қабілеттілігін жоғарлату керек.

Экономиканың инновациялық дамуы, бізге белгілі болғандай, елдердің ҒЗТКЖ жұмсаған, мұнда, барлығынан бұрын білімді көп қажет ететін және жоғары технологиялы салалар мен өндірістерге жұмсалған шығындар деңгейімен анықталады. Бұл ҒЗТКЖ-ның инновациялық экономиканы, салалар мен компанияларды қамтамасыз етумен, жоғары және білімді көп қажет ететін технологияларды игерумен, қосымша құны жоғары нарықтарда бәсекеге қабілетті

өнімдердің жаңа түрлерін шығарумен байланысты, бұл экономикалық тиімділіктің қазіргі заманғы деңгейінің талаптарына жауап береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа қазақстан. 2007 ж. http://www.stat.kz
2.Кенжегузин М.Б. Наука и инновация в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан. – Алматы,2005.-56б.
3.Муканов Д.С. Индустриально-инновационное развитие Казахстана: потенциал и механизмы реализации. – Алматы.-2004.-35б.
4.Мустапаев Р.А. Инновационный механизм повышения конкурентоспособности регионов.-Астана.-2007.б 15.
5.Тұрғынбаева А.С. Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйе қызметіндегі даму институттарының рөлі.//Қоғам және Дәуір.-2007.-3.17 б

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау тәсілдерінің ерекшеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные методы государственной поддержки иновационной деятельности.

ӘОК 330. 190.4

ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ

ЫбышоваС.Т. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ

Уақыт өткен сайын білім саласының әлеуметтік рөлі де нығайып келеді. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі ғылым мен білімнің жетістігін паш ететін еліміздің болашағы жастар десек, жастардың болашағы олардың саналы тәрбиемен, сапалы біліммен қаруландырып, білімі озық елдердің әлемдік озық үлгісін, өнегесін, тәжірибесін үйретететін ұстаздар қауымына жүктелген еңбегіне байланысты болмақ.

Дамыған елдерде экономикалық тәрбиенің бай тәжірибесі бар екені белгілі. Бастауыш мектептің өзінде балаларды экономикалық білім негіздерімен таныстырып, қазіргі заманғы өндіріс пен мамандықтар туралы түсінік береді.

Көптеген елдерде оқушылар жастайынан тек қана ақша табу емес, керісінше кәсіпкерлік пен бизнес әлеміне бағытталған экономикалық әрекеттерге тартылады.

Адамның тұлға қалыптасуы үшін білікті білім мен тәрбиенің рөлі зор. Әрбір адамның іс әрекеті арқылы тұлғалар арасындағы қатынастың қоғамдағы демократиялық жолы тікелей экономикалық тәрбиеге байланысты болатыны бізге мәлім. Тәрбие туралы ғылым нақты бір объектті қамтымайды, бірақ ол өзіндік қасиеттеріне орай қалыптасушы жєне дамушы білім саласына жатады.

Ежелгі грек философы Демокрит тәрбие жөніндегі өз ойын еңбектерінде атап көрсеткен болатын. Мысалы: “табиғат пен тәрбие ұқсас. Адамды қалыптастыратын тәрбие және ол арқылы табиғат дамиды…”.

Қайта өрлеу дәуірінде көптеген ғұлама ойшылдар педагогтар тәртіп пен тәрбиенің тұтас екендігін мойындаған. Яғни бұл экономикалық тәрбиенің қандай қоғам болса да дамитынына көз жеткізеді.

Экономикалық тәрбиенің қоғамдағы рөлі өте маңызды. Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру жаңа көзқараста азамат тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Себебі көкейтесті мәселені шешуде жүйелі түрде экономикалық тәрбие беру арқылы ғана белгілі бір қоғамның саналы азаматын қалыптастыруға болады.

Әрбір азамат экономикалық тәрбиелеуде өзін-өзі жетілдіру арқылы қоғамда беделді орынға ие болады. Қазіргі уақытта экономикалық тәрбие мәселесін дамыту тек мектеп, арнайы оқу орнының немесе жоғары оқу орнының алдына қойған мақсаттары ғана емес, сондай-ақ ол барлық азаматтардың парызы.

Жасөспірім тұлғасын қалыптастыруға тәрбиелік ықпал ететін мектеп, жанұя және қоршаған орта екені анық. Бірақ адамгершілік қасиеттің қалыптасуына жеке тұлғаның белсенділігі негіз болуға тиісті.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері талай экономикалық дағдарыстарды бастан кешірді. Кеңес Одағынан бөлініп шыққанғы, яғни XX ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстан үшін ең күрделі, әрі қиын экономикалық кезең болды деуге үлкен негіз бар. Әрине, аяғынан жаңа тұрып келе жатқан еліміз бүгінде әлем экономикасында маңызды орындарға ие болатын дәрежеге де жетті. Экономикасы дамыған 50 елдің қатарына кіруге талпынысы да осының бір айғағы деуге болады.

Қазіргі таңда экономика – еліміз үшін ең маңызды роль атқаруда. Ақпарат құралдарында «биржа», «бизнес», «нарықтық экономика», «салықтық жоспарлау», «акция» сияқты терминдер жиі қоланысқа ие болды.

Сондықтан да, экономикаға басты назар аудара отырып, келешек ұрпақтарымызға осы заманның талабына сай білім беру қажет. Қоғам алдында жастарды жаңа саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірге даярлау мәселесі тұр. Бұл үшін жоғарғы сыныптар арасында экономикалық оқу-тәрбие процесін дәстүрлі түрде ұйымдастыруға аса назар аударған жөн. Экономикалық тәрбие – оқушыларға бәсекелес орта жағдайында өз бизнесімен айналысуға мүмкіндік беру.

Осы орайда экономикалық тәрбие субъектілердің мінез-құлқымен сипатталатын қоғамдық қатынастар жүйесі, бұл экономикалық байланыстардың реттелу жағдайы, экономикалық заңдылықтардың шынайы қоғамдық қатынастарға айналуының нәтижесі болып табылатынын айта кету керек.

Бірқатар ғалымдар мектеп жасындағы балалаларға экономикалық тәрбие беру қажет деп санайды. Бұл қазіргі заман талабына сай осы елдердегі экономикалық факторлардың өркендеуімен байланыстырады:

- Нарықтық қатынас қазіргі кезде қоғамның барлық азаматтарының экономикалық сауаттылығы мен мәдени деңгейін талап етеді. Бұл процесс ұзақ мерзімді алып, белгілі бір білім жүйесі арқылы іске асады.
- Мектеп жасындағы балалардың экономикалық көзқарастарын қалыптастыру қажет, яғни оқушылар нарықтық қатынастардың мақсаты мен міндеті туралы жақсы хабардар болуы керек, т.б.

Өскелең ұрпаққа экономикалық тәрбие беру мәселесі – жасөспірімдердің экономикалық білімін, іскерлік дағдысын, ойлау түрін, қызығушылықтарын, өз игілігі үшін еңбек ету қажеттілігін қалыптастыру – философтар, экономисттер, социологтар, психологтар мен педагогтардың назарын аударып келеді. Атақты педагогтар мемлекет үшін экономикалық білім беру қажеттігі туралы ой-пікірлерін бірнеше рет білдірген еді. Уақыт өте келе өскелең ұрпаққа экономикалық даярлық көрсету мұқтаждығы күшейе түсті.

К.Р.Ушинский: «...ғасыр ағымындағы өзгеріс жастардың да бет алысын өзгертуді де талап етеді», - деп жазды, яғни экономиакалық даярлық, саяси экономияның заңдарын ұғыну қажеттігін ескертті. Аса көрнекті орыс педагогы

саяси экономия «шаруашылық ғылымы» ретінде қарапайым адамды шыңға жеткізуі тиіс деп есептейді.

Оқушылардың экономика саласынан даярлығын зерттеу бәсекелік негіздегі шаруашылықтың жаңа талаптарына көшуімен байланысты 90-шы жылдары едәуір қарқындай түсті. өскелең ұрпаққа әлеуметтік-экономикалық білім мен тәрбие беруді өркендету тұжырымдамасының авторлары қазіргі заманға сай экономикалық білім кез-келген іс-әрекеттің қажетті атрибуты, шаруашылықтың барлық саласында жемісті еңбек етудің алғы шарттары, жаңа адамның мәдени бейнесінің ажырамас бөлігі болу керектігін айрықша баса айтады. Оның құндылығы, өнегелі мәнділігі күшейді. Экономикалық білім мен тәрбиенің мазмұның жаңартып, сапасын арттыруға қажеттілік, жаңа экономикалық ой, өркениет, іскерлік, бастама көрсету, экономикалық және әлеуметтік әртүрлі жұмыстарда стандарттардан тыс шешім қабылдауға икемділік өсуде.

Экономика саласындағы танымал ғалымдардың пікірлері бойынша экономикалық қатынастың нарықтық түріне адам бейімділігі үшін «экономикалық өркениет» ұғымына біріктірілген білім, іскерлік және жеке басының мінездемесі болуы шарт.

Шынында да, қазіргі кезде экономикаға мәдени факторлардың әсерін көпшілік мойындап отыр. Адамның экономика саласындағы іс-әрекеті жеке тұлға мен қоғамның экономикалық өркениеті құбылысынсыз қызмет жасай алмайды.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған экономикалық мәдениет пен экономикалық білім және тәрбие арасындағы өзара байланыстың экономикалық өркендеуі үшін өз бейнесін табатынын айта кету керек. Дегенмен, кейбір авторлардың ойынша, қазіргі заманғы педагогика көп қырлы, жан-жақты, экономикалық тәрбие процессін ұйымдастыру мақсаты мен мазмұнын көрсететін «экономикалық мәдениет» ұғымын түсінуге енді ғана қадам басып келеді.

Осыған байланысты қазіргі заманғы зерттеушілердің зерттеулерінде қарастырылған экономикалық мәдениет пен экономикалық білім және тәрбие арасындағы өзара байланыстың экономикалық өркендеуі үшін өз бейнесін табатынын айта кету керек. Дегенмен, кейбір авторлардың ойынша, қазіргі заманғы педагогика көп қырлы, жан-жақты, экономикалық тәрбие процессін ұйымдастыру мақсаты мен мазмұнын көрсететін «экономикалық мәдениет» ұғымын түсінуге енді ғана қадам басып келеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «экономикалық тәрбие» категориясының мәніне үш көзқарастан тұратын анықтама беріледі. Зерттеушілердің бірқатары экономикалық тәрбиені экономикалық білімнен құралатын кең ұғым деп есептейді. Экономикалық тәрбие - өндірістен тыс экономикалық қатынастарда қажет жеке тұлғаның белгілі бір қасиеті, мүддесімен қажеттілігі, іскерлігі мен машығы, экономикалық ойлау дәрежесі мен тәлім-тәрбиесін қалыптастыру мақсатындағы әр алуан экономикалық іс-әрекеттерді қамтитын, шаруашылық пен әдеп мөлшеріне сай келетін ойлау стилі мен экономикалық білім қалыптастыруда оқушыларға жүйелі бағытта әсер ететін процесс.

Экономикалық тәрбие процесінде экономикалық біліммен қатар практикалық экономикалық даярлық (экономикалық іс-әрекеттерде оқушылардың белгілі-бір іскерлігі мен машығын туғызу) және әлеуметтік психологиялық даярлық (өз күшіне сеніп, ұдайы кәсіби өсіп отыруға даярлық, экономикалық тәлім мөлшерін бекіту, жеке экономикалық мәні бар қасиет туғызу) қамтылады.

Оқушыларға экономикалық тәрбие берудің құрамдас бөліктерінің бірі экономикалық мәдениет болып табылады. Жеке тұлғаның экономикалық мәдениеттілігінің ядросы – экономикалық сана. Егер педагогикалық ұжымның

күші шаруашылық әрекеттерді игеруге, әрбір оқушының іс-қимыл стилін өзгертуге, экономикалық тәрбие саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені таратуға бағытталса, онда жеке тұлғаның да экономикалық мәдениеттілігі артады.

Бірақ, біздің пікіріміз бойынша, экономикалық тәрбиелік деңгейін ғана қамтып қоймай, адамның қоршаған ортаға әлеуметтік қатынасын, құнды құрылымдар жүйесін, өз ісіне жауапкершілігін көрсететін мәдени бет пердесі де болып табылатын кең ұғым. Экономикалық шаруашылықтың барлық саласында табысты еңбек етудің алғы шарттары мен адамның мәдени бейнесінің құрамдас бөлгі. Адамның экономикалық білімділігі мен тәрбиелік деңгейі экономикалық мәдениеттілікті дамыту деңгейімен айқындалады.

Экономикалық білімнің міндеті – экономикалық ұғымдар, категориялар, заңдардың мазмұнын ашып көрсету, экономикағы құштарлықты дамыту мен білімді ұдайы жаңартып отыруға қажеттілік туындайды.

Психологтар адам қатынасында адамның қоршаған ортамен, басқа адамдармен байланысы, өмір талабын орындау әрекеті мен процесін ажырата білу қажеттігі жөнінде айтады.

Экономикалық тәрбие оқушыларға экономикалық заңдардың сипаты мен әсерін түсінуге мүмкіндік береді. Оқушыларды еңбекке, жеке меншік пен қоғамдық меншікке ұқыптылықпен қарауға, тапсырманы өздігінен жауапкершілікпен орындауды жоспарлай білуге, уақыты мен бюджетін тиімді пайдалануға, экономикалық талдауды қалыптастыруға дағдыландыру керек.

Тәрбие негізі баланың жас кезінен бастап отбасында қалыптастырылады. Одан кейін ол мектепте одан ары қарай дамытылады. Оқушыларға экономикалық тәрбие берудің негізгі мақсаттарының бірі – оларды өз бюджеттерін тиімді пайдалануға дағдаландыру. Кейбір ата-аналар балаларына жұмсауға ақша береді. Әрине, бұл дұрыс емес. Мұндай тәрбие баланы ақшаға үйір етіп, теріс мінездерді қалыптастыруына жол ашады. Ата-аналар отбасы қаржысының қандай еңбекпен табылатынын, ақшаны қалай тиімді жұмсау қажеттілігін балаларына түсіндіріп отыруы тиіс. Ата-ана балаларына жұмсауға ақша бергенде мөлшерлеп жұмсауға тиіс екендігін айтып отырған абзал. Мөлшерден артық ақшасы бар бала оны қалай болса солай жұмсап, ақшаның құнын бағаламай кетуге әдеттене бастайды. Сондықтан оқушы атаналарының еңбегін, тапқан табысын қастерлей білуге дағдыланғаны жөн. Ендеше мұғалім экономикалық тәрбие беру үшін қазіргі нарықтық экономика жайлы заңдылықтарды көбірек біліп, терең түсініп, оны тәрбие барысында пайдалана білуі өте маңызды. Оқушыларға бәсекелес орта жағдайында өз бизнесімен айналысуға мүмкіндік беру керек.

Мектепте жиі өтетін кездесулер, өнеге сағаттары, тәрбие сабақтары, кештер мен зерде дамыту ойындары бала жүрегіне адамгершілік, қайырымдылық, тапқырлық, сыпайылық сияқты ізгі қасиеттерді ұялатары сөзсіз. Экономикалық тәрбие жұмысының басты мақсаты – оқушыларды экономикалық мәдениетпен, қоғамдық экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өндіруге, өзін және өзгелерді рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға қаруландыру.

Оқушыларды экономикалық теорияның ең маңызды білімдерімен қаруландыру, экономикалық мәдениет дағдыларын дарыту, экономикалық жағдайларды өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға және әрекет етуге үйрету мақсатында жыл бойына мектеп оқушылары бизнес-клубтарға қатыстыру арқылы экономикалық тәрбиемен қарулана алады. Оқушылар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады, шаруашылық қамына, экономикаға ден қойып, жұмысты шығын емес, пайда әкелетіндей етіп ұйымдастыруды үйренеді.

Экономикалық тәрбие беру – қоғамдық өндірістің барлық салаларын қамтитын күрделі құбылыс. Экономикалық табыс, елдің және жеке адамның ырысының мол болуы әр адамның белсенді еңбек етуіне, сөйтіп бақытты өмір сүруге ұмтылуына байланысты екендігін оқушы зердесіне қою үшін мектеп ұжымы белсене атсалысып келеді.

Көптеген елдерде оқушылар жастайынан тек қана ақша табуға емес, керісінше кәсіпкерлік пен бизнес әлеміне бағытталған экономикалық әрекеттерге тартылады.

Балалар ерте жастан тірліктің экономикалық мәніне үңіле біледі. Олар ата-аналарымен бірге мемлекеттен жалға алған жеке қожалықтарда жұмыс істейді, ол шаруашылықтар бай және жұмыс қолына өте зәру болады. Балалар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады, шаруашылық қамына, экономикаға ден қойып, жұмысты шығын емес, пайда әкелетіндей етіп ұйымдастыруды үйренеді. Егер балалар жеке қожалықтарынан басқа жерде еңбек етсе, онда олар істеген жұмысы үшін ақша алады. Тапқан ақшаларын өз бетінше жұмсай отырып, өз кірісі мен шығынын жоспарлауды, қажеттіліктерін мүмкіндіктерімен үйлестіруді үйренеді. Ерте жастан еңбекке баулу отбасы мен ел экономикасына үлес қосып жүрген балалардың жеке тұлға ретінде дамуына игі ықпал етеді. Бірқатар елдердің әлеуметтік-экономикалық саясатында өз еңбегінің түпкі нәтижесіне қызығуына мән беріледі. Басты нәрсе – адам мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыру, оларды бір-біріне қарсы қойып алмау. Әрбір жеке азаматы дәулетті болған сайын халық шаруашылығы да бай бола түседі деп есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 гг.,- Астана – 2004.

2.Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учеб. Для вузов./ И.А.Зимняя – М., 1999.

3.Уман А.И. Структур рефлексивной деятельности учащихся в процессе учения / А.И.Уман, М.А.Федорова // Инновации в образовании – М., 2009. - №1 – С.78-88.

4.Асмолов А.Г. Психология личности. Учебник. / А.Г.Асмолов – М.,: Изд-во МГУ, 1990. – 367с.

5.Психология развития: Учеб. Для студ. высш. Психол. Учеб. Заведеий. / Т.Д.Марцинковская и др. – М: Академия, 2005 –528с.

6.Экономические горизонты развития Казахстана и стран СНГ. Сборник работ. – Алматы: ИД «Эксклюзив» - 2008-432 с.

7.Национальный менталитет как решающий фактор в экономической политике Казахстана. / А.Айтбенбетова // Ізденіс – Поиск – 2006. - №4 – С. 13- 19.

8.Экономика Казахстана в условиях глобализации: теории, тенденции, и трансформация. / З.С.Кенжебаева – Алматы: Білім, 2007 – 248 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қоғамның қазіргі даму сатысындағы жастарды экономикалық тәрбиелеудің рөліне арналады. Мақалада экономикалық тәрбие, экономикалық мәдениет, экономикалық сана сияқты ұғымдар жеке-дара қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвещена роли экономического воспитания молодежи на современном этапе развития общества. В статье рассматриваются такие понятие как экономическое воспитание, экономическая культура, экономическое сознание.

ЭКОНОМИКА, ЕСЕП ЖӘНЕ ТУРИЗМ

ӘОК 41 А 17

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАНКТІҢ РӨЛІ

Авгамбаева Н.Н. - оқытушы (Алматы қ.., ҚазмемқызПУ)

Банк – қоғам өміріндегі елеулі орны бар бірегей құрылым. Бұл сала нарықтық экономика қатынасы кезінде жекеменшік тұрпатындағы екінші деңгейлі бизнес көзіне айналып, осы кәсіпке қызыға да, қызғана да қарайтындар көбейді. қаржы ресустарының нақты секторға тиімді бағытталмауын – дағдарыстың пайда болуына әсер еткен факторлардың бірі ретінде қарастыруға болады. Ал, негізінде бұл құбылыс қаржы құралдарының дамуы барысында туынды құралдарының көбейіп кетуінің салдарынан болды. Яғни, опцион, бериватив және тағы басқа құнды қағаздардың көлемі нақты айналымдағы ақша көлемінен бірнеше есе артып кетті. Нақты тауарлармен қамтамасыз етілмеген, өндіріске араласпаған ақшалар ақыры өз құнын жоғалтып, мұның соңы қаржы дағдарысына әкеліп соқтырды.

Ақпан айынан бастап теңгенің бағамын арзандату қарастырылған. Шамамен 20-25 пайыз, яғни, 1 долларға шаққанда 5 теңге – қосу, алумен 150 теңге көлемін таңдап алдық .Қазіргі кезде, бұл шешімнің дұрыс болмағанына көзіміз жетіп отыр. өйткені, тауар мен қызмет түрлеріне бағаның соншалықты шарықтап кеткені байқалған жоқ. Қымбатшылық дер кезінде тоқтатылды. Қазіргі кезде, инфляциялық процестер жіті бақылауға алынған. Биылғы инфляциялық шілде айының соңындағы деңгейі 6,9 пайыз. Бұл өте жаксы көрсеткіш.

Әрине, болып жатқан дағдарыс әр мемлекетке әртүрлі әсер еткені белгілі. Соған байланысты олардың дағдарысқа қарсы қолданып жатқан шаралары да, бөлінген қаражаттары да әр қилы болып отыр.

Біздің елімізде үкімет, ұлттық Банк және Қаржы қадағалау Агенттігінің 2009-2010 жылдарға арналған экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыруға байланысты бірлескен іс-қимыл жоспары жүзеге асырылуда. Ол үшін ұлттық қордан тиісті қаражаттар да бөлінген. Қазір осы дер кезінде қолға алынған іс-шаралар өзінің жемісін бере бастады. Бүгінде елімізде экономикалық кему біршама төмендеп, керісінше, жекелеген салалар бойынша өсу қарқыны байқалады.

Дәл қазіргі уақытта қаржылық жүйедегі жағдай өте күрделі, әрі онда қарама-қайшылықтар көп. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастыныгының деректеріне сүйенсек, банктердің қаржы жөнінен тұрақтық рейтингі 1 шілдедегі жағдай бойынша 2,65 болды. Мұның мәнісі, БТА мен Альянстың деректерін есепке алмағанда, банк секторының жай-күйі қанағаттанарлық деген сөз. Дегенмен, үлкен қолайсыздықтың орын алып отырғанын жасыруға болмайды.

Жалпы, өткен жылы екінші деңгейлі банктер несие қоржының сапасы айтарлықтай нашарлады. Банктер міндеттеу арқылы сақтық қор көлемін жасақтауды молайтты, соған байланысты олардың кейбіреулері сол жыл бойына залал шеккен болып шықты. Әрине, мұның өзі негізгі қарызгерлерге салқынын тигізбей қоймады, өйткені несие алу қиындай түсті. Ағымдағы жылда банктер өз саясатын неғұрлым жоғары сақтықпен қайта қарап шықты. Несиелер бойынша мөлшерлемелер өсті, өйткені сырттан тартылатын ресустардың бағасы артты.

Бұл орайда қарызгерлердің банктерге қатері көбіне-көп шындыққа айналған және несие қоржының әртараптандыруға әсерін тигізгенін айту керек. Сондықтан несие қоржыны сапасының одан әрі нашарлау мүмкіндігі алдан шықты.

Негізгі айта кететін жайт, үкімет тарапынан дағдарысқа қарсы дер кезінде және айтарлықтай қолдау көрсетіледі. Ипотека мен орта және шағын кәсіпкерлікті қайта қаржыландыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ үлескерлер қатысатын объектілерді аяқтау шаралары іске асырылғаннан кейін борышкерлер де, банктерде біраз жеңілденіп қалды.

Қабылдаған бағдарламалардың нәтижесінде құрылыс алаңдарында жұмыстың жанданып, «сақалды құрылыстар» санының азая бастағанын байқап отырмыз. Орта және шағын кәсіпкерлік, әсіресе, қайта қаржыландырылған кәсіпорындарында жақсарып келе жатқаны анық. Ал банктерде сыртқы қарыздарын қайта құрылымдау жалғасуда, мұның өзі борышкерлерге оң әсер етті.

Жалпы банк жүйесін – экономиканың күре тамыры деп қарастыру керек. өйткені, қандай да бір банктің, әсіресе, ірі қаржы ұйымының жабылуы – елдің әлеуметтік, экономикалық ахуалына зор нұқсан келтіреді. Әртүрлі есептеулер бар. Мысалы, бір ірі банктің жабылуы – ішкі жалпы өнімнің 5 пайыздан 20пайызға дейін азаюына әсер етеді екен. Бұл – орасан шығын. Бұдан банк жүйесіне сенімсіздік туады. өздеріңіз білесіздер КСРО құлағанын кейін, халықтың банктерге салған қаржысы құнсызданып, тиын-тебенге айналып кеткен болатын. Мұның ащы сабағын біз әлі ұмыта қойған жоқпыз. Сондықтан, ел экономикасы дұрыс дамып, халықтың әл-ауқаты артуы үшін біз алдымен банктердің банкрот болуына жол бермеуіміз керек.

Осы тұрғыда мемлекет тек 4 жүйе құрушы банкке ғана көмек берумен шектелген жоқ. Дағдарысқа қарсы жүзеге асырылып отырған бағдарламаға көңіл бөлсеңіз, онда қамтылған іс-шаралардың экономикалық мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталғанын байқау қиын емес. Қаржаттарды банк жүйесі арқылы беріп, үкімет бірнеше маңызды міндеттін басын қайырып отыр. Мәселен, банктердің өтімділігі жақсарды, қаржы ұйымдарына деген халық сенімі сақталып қалды, халыққа экономикаға берілетін несие тоқтамай, орта және шағын бизнес пен агроөнеркәсіп кәсіпорындары нақтылы қолдауға ие болады. Осындай тиімді шаралардың арқасында 2009 жылдың қаңтар-шілде айларында банктердегі халық салымдары 10,6 пайызға, ал банктердің экономикаға берген несие көлемі 8,3 пайызға ұлғайған. Иә, капиталына араласу арқылы мемлекет 4 жүйе құрушы банкке көмек көрсетті. өйткені, жүйе құрушы банктің экономикаға қосатын үлесі қомақты. Қазір олар арқылы мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, осы банктердің қызметін пайдаланатын кәсіпорындардың саны өте көп. Олардың бәрі ірі-ірі, біздің салмағымыздың негізгі түсімін қамтамасыз етіп отырған ұйымдар. Әрине, бұл – мемлекеттің қаржысы осы банктерде сол күйі қалып қояды деген сөз емес. Дағдарыстың беті қайтып, стратегиялық инвесторларда пайда болғаннан кейін, мемлекет өз үлесін оларға сатуға дайын. Сондықтан, мемлекеттің аралсауы қаржы тұрақтылығының сақталуына бағытталып отырғандықтан, бұл шешімді дұрыс деп санаймыз.

1-кесте 2007 – 2009 жж банк секторының ағымындағы жағдайларды салыстыру

Банк секторының құрылымы	01.04.2007ж	01.10.2008ж	01.04.2009ж
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	33	35	37
- шетелдің қатысы бар банктер	14	-	-
- жарғылық капиталда мемлекеттің 100 % қатысуы бар - банктер	1	1	1
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	342	378	380

Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1633	2155	2139
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдерінің саны	22	16	15
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдерінің саны	23	30	33
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	32	34	36
Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	11	11

Екінші деңгейлі банктердің саны 2007 жылғы 01 сәуірдегі жағдайы бойынша 33 банк жұмыс істеген болса, 2008 жылдың 01 қазанында өткен жылға қарағанда 2 банк артық, яғни 35 банк жұмыс істеді. Ал, 2009 жылдың 01 сәуіріндегі жағдайы бойынша 2008 жылға қарағанда 2 банк артық, яғни 37 банк жұмыс істеді.

2- кесте Екінші деңгейлі банктердің капитал көрсеткіштері млрд.теңге

Атауы	01.04.2007ж	01.10.2008ж	01.04.2009ж
1-ші деңгейдегі капитал	957,5	1530,8	1497,3
Жарғылық капитал	628,1	985,5	1261,2
Қосымша капитал	3,8	4,8	4,9
2-ші деңгейлі капитал	353,6	524,4	487,4
Реттелген борыш	387,8	543,7	608,2
3-ші деңгейлі капитал	1,2	1,2	1,1
Банктердің инвестициялары	0	73,3	73,3
өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	227,8	0	0
Бөлінбеген таза кіріс	52	0	0
Барлық меншікті капитал	1271	1983,2	1912,4

Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық есептік меншікті капиталының мөлшері 2007 жылдың 1 сәуіріне 1271 млрд.теңгені құраса, бұл көрсеткіш 2008 жылдың 1 қазанына 712,2 млрд.теңгеге өсіп, 1983,2 млрд.теңгені құрап отыр. Ал, 2009 жылдың 1 сәуірінде 1912,4 млрд.теңгені құрап, 2008 жылдың 1 қазанына қарағанда 70,8 млрд.теңгеге азайды.

Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 2007 жылдың сәуіріне 957,5 млрд.теңгені құрайды, ал 2008 жылдың 1 қазанында бұл көрсеткіш 2008 жылға қарағанда 59,8%-ға ұлғайып 1530,8 млрд.теңгені құрайды. өз кезегінде 2009 жылдың 1 сәуірінде капитал 2008 жылмен салыстырғанда 2,2% азайғанын байқап отырмыз.

Екінші деңгейдегі капитал 2007 жылдың сәуіріне 353,6 млрд.теңгені құрайды, ал 2008 жылдың 1 қазанында бұл көрсеткіш 2008 жылға қарағанда 48,3%-ға ұлғайып 524,4 млрд.теңгені құрайды. өз кезегінде 2009 жылдың 1 сәуірінде капитал 2008 жылмен салыстырғанда 7%-ға азайып 487,4 млрд.теңгені құрайтынын байқап отырмыз.

3- кесте Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.04.2007ж	01.10.2008ж	01.04.2009ж
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (к1)	0,10	0,11	0,12
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (к2)	0,14	0,15	0,13
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,19	0,20	0,19
Меншікті капитылдың несие портфелі бойынша құралған провизияларға қатынасы	3,81	2,47	1,23
Есептік меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,42	0,41	0,32
Есептік меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	11,82	6,61	2,80

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк секторының меншікті капиталының көрсеткіштері к1 – 0,10; к2 – 0,14 болды.

2008 жылғы 1 қазанына жағдай бойынша банк секторының меншікті капиталының көрсеткіштері к1 – 0,11; к2 – 0,15 болды.

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк секторының меншікті капиталының көрсеткіштері к1 – 0,12; к2 – 0,113 болды.

4- кесте Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.04.2007ж	01.10.2008ж	01.04.2009ж
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металлдар және корреспонденттік шоттар	821,9	933,50	1102,20
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	355,8	943,2	983,40
Бағалы қағаздар	1254,2	1079,4	1670,70
Банктік зайымдар және "кері РЕПО" операциялары	6573,8	9 094,0	10254,50
Капиталға инвестиция	130,7	279,80	337,90
Резервтер			-1568,00
Басқа активтер	333,8	170,40	1320,2
Негізгі құрал- жабдықтар және материалдық емес активтер	102,6		
Активтердің барлығы	*9572,8*	*12500,3*	*14100,9*

Банктер активтерінің құрылымында банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары, бағалы қағаздар портфелі, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металлдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, басқа банктерге орналастырылған салымдар үлкен үлес алады.

Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары – 2007 жылдың 1 сәуіріне 355,8 млрд.теңгені құрап отыр. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылдың 1 қазанында 38,3%-ға ұлғайып 9094 млрд.теңгені құрады. Ал 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылдың 1 сәуірінде 12,8/%-ға өсіп 10254,50 млрд.теңгені құрайды.

Қолма-қол ақша, тазартылған металлдар және корреспонденттік шоттар – 2007 жылдың 1 сәуіріне 821,9 млрд.теңгені құраса, 2008 жылдың 1 қазанына бұл көрсеткіш 13,6 %-ға ұлғайып 933,5 млрд.теңгенің құрады. Ал 2008 жылдың 1

қазанына қарағанда 2009 жылдың 1 сәуірінде көрсеткіш 18%-ға ұлғайып 1102,20 млрд.теңгені құрап отыр.

Бағалы қағаздар – 2007 жылдың 1 сәуіріне 1254,2 млрд.теңгені құрап отыр. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылдың 1 қазанында 13,9 %-ға азайып 1079,4 млрд.теңгені құрады. Ал 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылдың 1 сәуірінде 54,7 %-ға өсіп 1670,7 млрд.теңгені құрайды.

Басқа банктерге орналастырылған салымдар – 2007 жылдың 1 сәуіріне 355,8 млрд.теңгені құрап отыр. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылдың 1 қазанында 165 %-ға өсіп 943,2 млрд.теңгені құрады. Ал 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылдың 1 сәуірінде 4 %-ға өсіп 983,4 млрд.теңгені құрайды.

Капиталға инвестициялар – 2007 жылдың 1 сәуіріне 130,7 млрд.теңгені құрап отыр. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылдың 1 қазанында 114%-ға өсіп 279,8 млрд.теңгені құрады. Ал 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылдың 1 сәуірінде 20,8 %-ға өсіп 337,9 млрд.теңгені құрайды.

Басқа активтер – 2007 жылдың 1 сәуіріне 333,8 млрд.теңгені құраса, 2008 жылдың 1 қазанына бұл көрсеткіш 48,9 %-ға азайып 170,4 млрд.теңгенің құрады. Ал 2008 жылдың 1 қазанына қарағанда басқа активтер 2009 жылдың 1 сәуірінде 674,8 % -ға өсіп1320,2 млрд.теңгені құрап отыр.

Қорыта келе, банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 2007 жылдың 1 сәуіріне 6572,8 млрд.теңге болды. 2008 жылдың 1 қазанына бұл көрсеткіш 2927,5 млрд.теңгеге немесе 30,6 %-ға өсіп 12500,3 млрд.теңгені құрап отыр. ал 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылдың 1 сәуірінде 1600,6 млрд.теңгеге немесе 12,8%-ға ұлғайып 14100,9 млрд.теңгені құрады.

Қазақстанның банк жүйесі қазір жаңаша сипат алды деуге болады. Жақында ғана банкілер жүйесін құрайтын құрылымдарға қатысты мемелкеттік бақылау шарасы орнатылды. Оның негізінде банктердің тұрақтылығын, сенімділігін және ең бастысы халық мүддесінің мұқалмауын қамтамасыз ететін талаптар жатыр. Ең алдымен ұлттық өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық дағдарыстан аман алып шығудың бүкіл біртұтас жүйесі құрылып, ол жүзеге аса бастады деуге негіз бар. ұлттық «Самрук-Қазына» әл-ауқат қорының экономикаға қатысты жүзеге асырып жатқан қадамдары осының айғағы болса керек. Мәселен еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға республикалық бюджеттен бағытталған шығынның көлемі 2009-2011-жылдары 350 млрд. теңге шамасында болмақ. Бұл дегеніміз 3 миллиардқа жуық АҚШ доллары деген сөз. Мұның сыртында ауылшаруашылық өндірісін тұрақтандыру шаралары шеңберніде «КазАгро» холдингі салаға 1 млрд. көлемінде қаражат жұмсалып отыр. Ал өнеркәсіп кәсіпорындарының деңгейі де бірден төмендеп бара жатыр деп тұқыртудың жөні жоқ. өйткені олардың көпшілігі қалыптасқан инвестициялық-қаржылық мүмкіндіктерін сақтап қалды.

Қазір дағдарысқа қарсы жүргізілген икемді саясаттың бір жарым жылдық мерзімі ішінде ұлттық ақшаның тұрақтылығын сақтай білудің жаңа формулаларын жүзеге асырып, оған Қазақстанның бұл шешімін кейбір елдің сарапшылары ірі жетістік ретінде бағалап отыр. Әрине, 2009 жылы теңгенің бағамын бұрынғыша тежеп отырудың ешбір қисыны болмас еді, өйткені бұл әлемдік экономикалық және қаржылық деңгейдегі сәйкессіздіктерге бәрібір алып келер еді.

Сонымен теңгенің девальвациялануы алғшқы жалпы тұтымынға қатысты біршама қиындықтар әкелгенімен, тұтастай экономикалық даму деңгейіне бәлендей әсер еткен жоқ. Біріншіден, бұл – дағдарыстан шығудың қажетті шарасы, әрі экономиканы тұрақты ұстаудың кілті. Осының негізінде халықтың төмен қабілеті артып, капиталдың көбеюіне жағдай жасалады. өйткені, ұлттық валюта бағамының төмендеуі жағдайында экпортерлер өз кірістерін ұлғайтуға,

долларға шаққандағы өнімінің өзіндік құнын арттыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп экспортердің бәсекелестік қабілеті артады. Яғни девальвация экспорттан түсетін кірістер төмендеуінің орнын толтырады. Екінші жағынан алғанда, импорттың бағамы өседі, оның көлемі азаяды. Сондықтан, валютадағы таразы басын тең ұстаудың ұтқыр тұстары басым болса керек.

үкіметтің девальвацияға жол ашуының өзін экономикадағы ақша рөлін арттыруға бағытталған қадам деп түсінуі қажет. Әсіресе мемлекеттің алатын қорының мүмкіндіктерін сақтап, оның экономикадағы қозғалысын тұрақтандырудың да маңызы зор болса керек. Бір ғана мысал келтіруге тура келеді. Соңғы бір ай ішінде ғана қарамағында жеткілікті алтын қоры болмаған 30-ға жуық ел өз ақшаларын девальвациялады. Мұндай жғдайда Қазақатсанның деңгейі біршама орнықты. Сондықтан үкімет пен ұлттық банкінің теңге бағамын үнемі ұстап отыруы мүмкін де емес еді. Доллардың нығаюы негізінде доллар мен теңге арасындағы айырмашылықты жабуға кететін шығындар, осыған байланысты елдегі алтын қорының шығындары бірте-бірте көбейе бастады. Бір ғана цифрғажүгінелік. Тек қараша айының ішінде ғана еліміздің халықаралық резервтері (ұлттық қордың ақшаларын қоса есептегенде) 3,1 пайызға төмендеп, 45,9 млрд. долларға дейін түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «ҚР-дағы банктер және банктік қызмет туралы» ҚР ЗАҢЫ. 30.08.1995.
3.Мақыш С.Б. Коммерциялық банктердің операциялары. — Алматы: Қазақ университеті, 2002
4. Банковское дело /Под ред. Лаврушина О.И. — М.: Финансы и статистика, 1998.
5. Ақша, несие, банктер. Ғ.С. Сейітқасымовтың жалпы ред. — Алматы: Экономика, 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада екінші деңгейлі банктердің қазіргі жағдайы, дағдарысқа қарсы жүргізілетін саясаттың жаңа формалары, мемлекет тарапынан қазіргі жағдайды бақылау қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблемы банка второгоуровня в антикризисной политике и государственный контроль.

ӘОК .26 А-34

ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ АУДИТІ

Акимбаева Қ.Т. - аға оқытушы, Қойшыбаева М.О. - аға оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Шаруашылықтың ағымдағы міндеттемелеріне, қысқа мерзімге алынған банк несиелері мен банктен тыс мекемелерден алынған қысқа мерзімді займдар, сондай-ақ ұзақ мерзімді несиелердің ағымдағы бөлігі, төленуге тапсырылған шоттар мен вексельдер, алынған аванстар, есепті жылдың салық бойынша қарыздары, төленуге тиісті дивидендтер, негізгі шаруашылық серіктестіктері мен еншілес (тәуелді), бірлесіп бақыланатын серіктестіктер арасындағы өзара берген қарыздары, акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының қарыздары, өзге

де несиелік қарыздар, алдағы кезендердің табыстары, төтенше жағдайларға байланысты төлемдер және шығындарды төлеу жатады.

Аудитор ағымдағы міндеттемелердің элементтерімен танысқаннан кейін, олардың шаруашылықтың қаржы-шаруашылық қызметінде алатын орындарына қарай жеке-жеке қарастыруды жүзеге асыруы керек.

Қысқа мерзімді банк несиелері бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Яғни, есепті жылдың соңына дейін берілетін несиелер жатады, мәселен артылып жөнелтілген өнімдер мен тауарлар үшін, ол нақты құжат айналым уақытына тең болғандықтан, 30 күннен аспауға тиісті. Шаруашылықтың қысқа мерзімге банктен несие алуға ғана емес, сондай-ақ банктен тыс мекемелерден осындай мерзімге займдар алуына да құқық берілген.

Қысқа мерзімді несиелерді, займдарды алуға және оларды өтеуге байланысты есеп айырысу-несиелеу операциялары, ұзақ мерзімді несиелерді (займдарды) алу және оларды өтеу операциялары жұмыс шот жоспарының 3000 «Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері» бөлімшесінің шоттарында тиісті аралық шоттар ашу арқылы жүргізіледі.

Қысқа мерзімді несиелердің, займдардың аналитикалық есебі несиелердің займдардың түрлері оларды берген банктер, мекемелер және басқа да несие берушілермен жүргізіледі.

Банктің сенімді клиенттерге олардың шоттарындағы ақша қаражаттарының қалдығынан жоғары сомаға берілген қысқа мерзімді несие және мерзімінде өтелмеген банк несиелері жеке көрсетеді.

Қысқа мерзімді займдар көбінесе вексельдер түрінде коммерциялық несие және серіктестіктерге берешек қарыз міндеттеме сипатында болады.

Алынған қысқа мерзімді несиелердің және займдардың субъектінің есепті кезеңге жасаған балансында дұрыс көрсетілгендігіне аудит жүргізгенде, аудитор алдымен мынандай мәселелерді анықтап алуға тиісті:

1. Несие қандай мақсатқа жұмсалған және бұл мақсаттардың несие алу шартының талаптарына сәйкестігін;

2. Несиені қамтамасыз етуге немесе кепілдік құрамына енген субъектінің активтерін;

3. Несиенің толық және дер кезінде сөндірілгендігін (банк көшірмесі бойынша);

4. Жасалған шартқа сәйкес несиеге қойылған пайыздардың дұрыс төленгендігін;

5. Несие қойылған пайыздың өнімінің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнына дұрыс ендірілу ережелерінің сақталғандығын;

6. Басқа мекемелерден, ұйымдардан алынған займның заңдылығын және негізділігін, олардың уақтылы толық және дер кезінде өтелгендігін;

7. 3000 «Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері» аралық шот бөлімшесінің шоттары бойынша журнал-ордер №4 және бухгалтерлік баланстағы жазулармен синтетикалық және аналитикалық есептегі жазуларына сәйкес дұрыс жүргізілгендігін.

Аудитор ағымдағы міндеттеменің негізгі бөлігін құрайтын, әрі жиі кездесетін несиелік борыштар операцияларын мұқият тексеруге тиісті.

Несиелік борыш бұл субъектінің заңды тұлғаларға немесе жеке тұлғаларға, азаматтарға төлеуге тиісті міндеттеме (қарыз) сомасы.

Несиелік борыш қарыз сипаты бойынша дұрыс және ақталмаған деп бөлінеді.

Дұрыс несиелік борыштар деп шаруашылықтың бизнес жоспарының орындалу барысымен, сондай-ақ қолданыстағы есеп айырысудың нысандарымен белгіленген бөлігін айтамыз. Оған жататындар, мәселен, төлеу мерзімі жетпеген

жабдықтаушылармен акцептелген есеп айырысу құжаттары бойынша мерзімі өтпеген борыштар.

Ақталмаған несиелік борыштар деп, қаржы органдарымен мерзімі өтіп кеткен борыш, бюджеттен есеп айырысу бойынша шаруашылықтың жұмыскерлеріне еңбек ақы төлеу бойынша жабдықтаушыларға мерзімінде төленбеген есеп айырысу құжаттары және т.б.

Несиелік борыштардың нақтылығын анықтау үшін дебиторлық борыштардың аудитінің әдістемесін қолдану арқылы да жүргізілуі мүмкін.

Несиелік борыштарға аудиторлық тексеру жүргізгенде аудитордың басты міндеттері:

1. Төлем тәртібін сақтау ережелерін, есеп айырысу кезінде қолданылған бағаның (тарифтың) негізділігін, есеп айырысу қаржыларының сақталуын тексеру;

2. Шаруашылықтың балансында көрсетілген несиелік борыш сомасының нақтылығын, заңдылығын және негізділігін тексеру;

3. Есеп айырысуларды ретке келтіру, несиелік борышты төмендету бойынша ұсыныстар жасау.

Несие берушілер мен есеп айырысудың жағдайын бақылауды тиімді ұйымдастыру, келісім және есеп айырысу тәртіптерін нығайтуға, тапсырыс берілген түр-түріне және сапалы өнім сату бойынша міндеттемені орындауға, төлем тәртібін сақтаудың жауапкершілігін арттыруға, несиелік борыштарды қысқартуға және субъектінің қаржы жағдайын жақсартуға ықпал жасайды.

Шаруашылықтың несиелік борышын тексерген кезде, аудитордың басты мақсаты баланста көрсетілген оның көлемінің (шамасының) дәлдігін және дұрыстығын анықтау болып табылады. Бұл үшін, ол баланстағы мәліметтерін Бас кітаптағы, журнал-ордердегі, ведомостардағы және басқа да есеп регистрларындағы, машинажазбалардағы жазуларымен салыстыруы қажет.

Аудитордан несиелік борыштардың жағдайын тексерудің сәйкес құжаттары бойынша шоттарындағы қалдықтарын және көрсетілген сомаларының негізділігін анықтап, мұқият тексеруді талап ететін несие және міндеттеме бойынша есеп айырысуды жабдықтаушылармен, мердігерлермен, жұмысшы кызметкерлермен, бюджетпен және т.б. түгелдеу материалдарынан бастап, қажет болған жағдайда түгелдеу жүргізуді талап етеді. Түгелдеу жүргізген жағдайда аудитор және түгелдеу комиссиясының мүшелері несиелік борыштың пайда болу мерзімін және онын нақтылығын анықтайды.

Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысуды тексеруден бастап аудитор, жоғарыда аталғандай, несие берушілермен өзара салыстыру (түгендеу) жүргізу қажет. өзара салыстыру, есеп айырысудың жағдайы туралы қатынас сауалнама арқылы, оған тексерудегі субъектіге тиісті борыштарға көшірме-түсініктеме тіркеліп жүргізіледі.

Қатынас сауалнамалар, егер шоттарда қомақты сомалар көрсетілсе немесе жабдықтаушылардың сатып алушылардан талап еткен шоттары даулы болган жағдайда растау үшін қолданылады.

Қатынасқа шоттардағы қалдықтары туралы немесе егер олардағы қалдықтары едәуір болса шот-фактуралардағы мәліметтері енгізілуі мүмкін. Қатынас-растау шаруашылықтың бланкісінде толтырылуы мүмкін. Қатынасты алған шаруашылық растаған сомасын ғана көрсетеді. Бұндай қатынас растау жабдықтаушыларға екі дана етіп жіберіліп, бір данасы аудиторға қайтарылады.

Несиелеушілермен есеп айырысуды түгелдеудің нәтижесіне акт толтырады. Актіге келісілмеген несиелік борыштар және талап ету мерзімі біткен несиелік борыштар сомасы көрсетілген. Бұл қарыздардың түрлері бойынша түгелдеу актісіне, несиелеушілердің мекен-жайы, аталуы, борыштар сомасы, не үшін

борыштар екені, қай уақыттан бері және қандай құжаттардың негізінде екені көрсетіліп анықтама тіркелуге тиісті.

Несие берушілермен есеп айырысуды түгелдеу жүргізу ауытқулар, сәйкессіздіктер, түсініксіздіктер анықталған есеп айырысуларға өте мұқият тексеру жүргізуге мүмкіндік береді.

Несиелік борыштың жылдың басындағы және аяғындағы баланстағы қалдықтары мына «Төлеуге тиісті шоттар және вексельдер» бабы бойынша сипатталады. Аудитор баланстың бұл бабын тексерген кезде, оның қалдығын 3310 «Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шоты мына операциялар бойынша есеп айырысуларды жинақтауға арналған:

а) алынған тауарлы материалдық қорларды, айналымнан тыс активтерді орындалған жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді жеткізу шығындары немесе тауарлы-материалдық қорларды қайта өңдеу шығындарын қоса;

б) қабылдау кезінде анықталып, артық немесе кем шыққан, тауарлы-материалдық қорлар және айналымнан тыс активтер.

Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысуларды тексеруді ұйымдастыруды мынандай бағдарлама бойынша жүзеге асырудың маңызы зор:

- сатып алынған тауарлы-материалдық қорлардың қолда барлығын және құжаттарының дұрыс толтырылғандығын тексерудің;

- алынған тауарлы-материалдық қорлардың саны және сапасы бойынша қойылған шағым-талаптың дұрыс дер кезінде құжатталғандығын, оның негізділігін тексерудің;

- құндылықтарды кіріске алудың немесе орындалған жұмыстың /қызмет/ толықтығын және дер кезділігін тексерудің;

- жабдықтаушылармен және мердігерлерге несиелік борыштың дұрыстығын, нақтылығын және заңдылығын тексерудің;

- шоттар корреспонденцияларының дұрыс берілгендігін, аналитикалық есеп мәліметтерінің синтетикалық есеп мәліметтерімен сәйкестігін тексерудің.

Аудитор жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысудың бағдарламасын жасай отырып, осы бағыттағы ішкі аудиттің жұмысына қаншалықты сүйенуге, сенім артуға болатындығына талдау жасап, ішкі бақылаудың тиімділігін және жағдайын анықтауға тиісті. Бұндай жағдайда арнайы тест жүргізу әдісін қолдану қажет. Тест жүргізудің нәтижесінде жинақталған мәліметтер бойынша жабдықтаушылар мен есеп айырысу операцияларының есебінің жағдайы және ішкі бақылауды ұйымдастыру қандай деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік алады.

Аудитор тест сұрақтарын осы аудиторлық іс-әрекет жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей етіп, өзінің іс тәжірибесіне сүйене отырып жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Международные стандарты финансовой отчетности. - М.: Аскери, 1999.
2. Абленов Д.О.. Аудит: теория и практика, Алматы,-Экономика, 2005
3. Подольский Г.Б., Поляк Г.Б., Савин А.А. Аудит. М.: ЮНИТИ, 2001.
4. Скобара В.В. Аудит: методология и организация.-М.: Издательство «Дело и сервис»,1998

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шаруашылықтың ағымдағы міндеттемелерінің аудит ерекшеліктері мен оны жүргізудің әдістемесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены особенности аудита текущих обязательств предприятий и методика его проведения.

ӘОК.474 Б.17

ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДЕГІ ҚАРЖЫ САЯСАТЫ МЕН ҚАРЖЫ МЕХАНИЗІМІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Байділдаева С.Б., Альмуханова З.А., - аға оқытушылар
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қаржы саясаты – мемлекеттің өз міндеттері мен қызметін қаржы саласында іске асыру үшін жүргізетін нысаналы іс – шараларының жиынтығы. Қаржы саясаты – экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі. Қаржы саясаты басқа барлық саясаттар сияқты қондырмаға жатады.

Жалпы алғанда экономикалық саясат сияқты, мемлекет қаржы саясатын да экономикалық заңдардың – қоғамның экономикалық өмірінің құбылыстары мен процестерінің мәндік, ұдайы қайталанып отыратын, объективті байланыстары мен өзара тәукелділіктерінің талаптарын басшылыққа алып әзірлейді.

Қаржы механизмі дегеніміз қаржыны ұйымдастыру, жоспарлау және басқарудың формалары мен әдістерінің жүйесі болып табылады. Қаржы механизмі арқылы шаруашылық жүргізудің әр түрлі деңгейлері мен қызмет салаларында экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын орындауға арналған ақшалай қаражаттардың нысаналы қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қаржы қатынастары басқарылады.

Қазақстан жағдайында *қаржы саясатының міндеті* - экономиканың экономикалық өсудің траекториясына көшіру, ұлттық шаруашылықтың құрылымын одан әрі жетілдіру негізінде шаруашылық өмірді тұрақтандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, мемлекеттік бөліктің үлесін оңтайландыра отырып, меншікті реформалау, сырқы экономикалық қызметті ұлғайтып, жандандыру, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру жөнінде шаралар жасап, оларды қаржы механизмі арқылы іске асыру болып табылады Қаржы механизмі мемлекет белгіленген қаржы шараларын және нақты, мекен – тұрақты шын нәтижелері қайта түрлендіреді, өзгертеді. ұдайы өндіріс нәтижелерінің сан алуандығы экономикалық (шаруашылық) механизмінің формалары мен әдістерінің тиісті сан алуандығын туғызады; қаржы механизмі оның құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржы саясатының мақсаты - қоғам дамуының аса маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру. Экономикалық дағдарыстан шығу және одан әрі серпінді даму мемлекеттің сындарлы және негізгі саясаты арқылы болуы мүмкін. Жүргізіліп отырған қаржы саясатының басты субъектісі мемлекет болып табылады. Ол қоғамның ұзақ перспективаға арналған қаржысын дамытудың басты бағыттарының стратегиясын жасайды және алдағы кезде арналған міндеттерді, қаражаттарды және оған жетудің жолдарын анықтайды. Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны экономикалық заңдылықтардың іс - әрекетін ескере отырып және қоғамның даму міндеттеріне сәйкес қаржыны жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Қоғамдық дамудың әрбір кезеңінде қаржы саясатының өзіне тән белгілері болады, ол экономиканың жай-күйін, қоғамның материалдық және мәдени өмірінің тоғағы жеткен қажеттіліктерін және басқада факторларды ескере отырып, түрлі міндеттерді шешеді.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені ол шаралардың ауқымды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:

1)экономикалық заңдардың әрекеті, экономиканың жай күйі, қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуының перспективалары негізінде елдегі қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу;
2)экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;
3)белгіленген іс-әрекеттерді қаржы механизмі (экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне қарай оны жаңғырта және түзете отырып) арқылы іс жүзінде жүзеге асыру.

Осы негізгі үш буынның бірлігі қаржы саясатының мазмұнын анықтайды. Демек, экономикалық заңдардың іс- әрекетін есепке ала отырып, қоғамды дамытудың міндеттеріне байланысты қаржыны ұымдастыру мен пайдалану мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны болып табылады. Қазіргі кезде қаржы саясатының көмегімен шешілетін басты міндеттердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:
а) елдің дамуының әрбір нақты кезеңінің ерекшеліктері негізінде қаржы ресурстарының неғұрлым мүмкін болатын көлемін жасаудың жағдайларын қамтамасыз ету;
ә) қаржы ресурстарын қоғамдық өндірістің сфералары арасында, ұлттық шаруашылықтың секторлары арасында ұтымды бөлу және пайдалану, ресурстарды белгілі бір мақсаттарға бағыттау;
б) экономикалық дамудың белгіленген бағыттарын орындау үшін тиісті қаржы механизімін жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер кезінде түсіріп отыруға, әлеуметтік - экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Таяудағы мақсат ретінде – мемлекеттік бюджет теңгерімділігіне жету және экономиканы тұрақтандырудың негізінде ұлттық шаруашылықтың қаржы жағдайын сауықтыру проблемасын шешу. Қаржы саясатын жүзеге асырудың негізіне жалпы және жеке (өзгеше) қағидаттардың толып жатқан қатары қойылуы тиіс.

Қаржы саясатын жүргізгенде оның мына *қағидаттарын* жүзеге асырудың зор маңызы бар:

1) қолда бар нақты қаржы ресурстарын негіздей отырып, бюджеттерді жасау, бекіту және атқару кезінде қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының, әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтардың мүдделерін сақтау;

2) қаржы қатнастарының жоспарлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

3) қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;

4) қаржы резервтерін жасау (бюджет жүйесіндегі кірістердің шығыстардан және салалық қаржыларда қаржы резервтерінің асып түсуі);

5) мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу.

Қаржы саясатының тиімділігін қамтамасыз ететін *жалпы қағидаттарға* мыналар жатады:

1) объективті экономикалық заңдардың іс- әрекетін есепке алу;

2) нақты тарихи жағдайларды есепке алу;

3) өткен жылдардың өзіндік тәжірибесін және дүниежүзілік тәжірибені есепке алу.

Жеке қағидаттарға мыналарды жатқызуға болады:

1)қоғамда қаржы жүйесінің ұтымды құрылымын, қаржы қатнастарын жоспарлы ұйымдастыруды және қаржы механизміннің дұрыс құрылуын қамтамасыз ету;

2) қаржы жүйесінің барлық салалары мен буындарындағы кірістер мен шығыстардың тепе - теңдігі;

3)бюджеттегі кірістер мен шығыстардан асып түсетін қаржы резервтерін жасау;

4) салық жүйесін ұтымды құру арқылы экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды бағыттарына қаржы ресурстарын шоғырландыру;

5) негізгі қаржы ресурстарын мемлекет қарамағына жұмылдыру, оларды мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында тиімді бөлу;

6) қаржы және ақша- несие саясатының тепе - теңдігі.

Әрбір экономикалық категорияның өзінің өзгешелігі болады, тиісті қатынастарды білдірудің белгілі бір түрлері, нысандары мен әдістері арқылы көрінеді. Тап осы ұғымдар – *қатынастарды іске асырудың түрлері, нысандары мен әдістері* – экономикалық өмірде тиісті процестерді басқарудың тетіктері, механизмі ретінде болып келеді. Қаржы өзгеше бөлгіштік категория ретінде түрлі мақсатты ақша қорларын жасау және пайдалану арқылы жасалынған өнімді бөлу және қайта бөлуге қатысады. Сондықтан осы процесте қолданылатын механизм - бұл ақшалай табыстар мен қорларды қалыптастырумен байланысты қаржы қатынастары көрінісінің түрлері, нысандары мен әдістері. Қаржы шаруашылық жүргізудің бүкіл жүйесімен және оның жоспарлау, болжау, экономикалық ынталандыру, ұйымдастыру және басқару сияқты құрамды бөліктерімен етене байланысты. Оның үстіне, қаржы қоғамдық қатынастар жүйесінің серпінін (динамикасын) анықтаушы неғұрлым жалпы ұғым ретіндегі әлеуметтік механизмнің ұқсас құрамды бөліктерімен де өзара іс - әрекет етеді.

Қаржы механизмі – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржы қатнастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Ол қаржы қатнастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын қамтиды. Қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржы қатынастарының сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржы механизімі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы механизмі, сондай- ақ мемлекет қаржысының механизмі болып бөлінеді. өз кезегінде, бұл сфералардың әрқайсысы жеке құрылымдық буындарды қамтиды. Мысалы, мемлекет қаржысының механизмі бюджеттік механизм мен бюджеттен тыс ресурстар механизмі болып бөлінеді. Аумақтық бөлініске сәйкес республиканың, биліктің жергілікті органдарының қаржы механизмі деп бөлуге болады.

Жалпы шаруашылық механизмі секілді қаржы механизмінің де өзіне тән ішкі құрлымы бар және ол айтарлықтай күрделі. Оған қаржы қатынастарының әр алуандылығына сәйкес келетін түрлі элементтер кіреді. Қаржы механизмінің экономикалық жүйе шеңберінде қаржы қатынастарының жиынтығын орталықтандырылған ақша қорларын, қаржы жоспарлаудың әдістерін, қаржыны және қаржы жүйесін басқарудың нысандарын, қаржы заңын қамтиды. Қаржылық өзара байланыстардың тап осындай көптігі оларды (элементтері) ұйымдастырудың көптеген түрлерін, нысандарын және әдістерін қолдануды алдын ала анықтайды.

Қаржы механизмінің *қосалқы жүйесі* (бөлігі) оның неғұрлым маңызды қозғаушы күші болып табылады, олар: қаржылық жоспарлау, қаржы тұтқалары, ұйымдық құрылым және қаржы жүйесінің құқықтық режімі, қаржыны ұйымдастыру.

Қаржы механизімінің *блогі* (бұыны) – бұл жалпы мақсатты бағыттылық белгісі бойынша біріккен біркелкі өзара байланысты элементтердің жиынтығы.

Қаржы механизімінің *элементі* – бұл қарапайым шаруашылық нысан, ол арқылы қоғамдық өндіріске қатысушылардың мүдделері айырықша түрде білінеді.

Экономикалық реформалар мен нарықтық қатнастар тұтқаларының іс - әрекетінің жүйесі болып табылатын қаржы механизмінің құралы мен элементтеріне әсер етпей қойған жоқ.

Нарықтық реформалардың тереңдей түсуі жағдайында сапалық жағынан жаңа қаржы механизімі қолданылады. Бұл шаруашылық жүргізуші субъетілер мен халықтың бюджет жүйесі мен, сақтық компанияларымен өзара қарым – қатынастарына қатысты. Қаржы механизмін оның қоғамдық ұдай өндіріске ықпал жасауы тұрғысынан қарағанда оның функционалдық буындары: ресурстарды жұмылдыру, ынталандыру және т. б.

Қаржы механизмінің әрбір сферасы мен жеке бұыны бірыңғай бүтіннің құрамды бөлігі болып табылады. Олар өзара байланысты және өзара тәуелді. Сонымен бірге салалар мен буындар біршама дербес іс - әрекет етеді. Бұл жағдай қаржы механизмі құрамдастарының үнемі қиысуын қажет етеді. Қаржы механизмінің құрамды буындарының іштей үйлесуі оның ұтымдылығының маңызды шарты болып табылады.

Қаржы механизмінің сфералары мен буындары жеке элементтердің күрделілігімен және тарамданушылық дәрежесімен ерекшеленеді . Мысалы, бюджет механизмі салықтардың көп түрінен тұратын жүйе, оған қаржыны пайдаланудың сан алуан бағыттары мен қаржыландыру әдістерінің болуы тән.

Қаржы механизмінің элементтері – қаржы қатынастарын ұйымдастырудың нысандарының, түрлерінің, әдістерінің үйлесуі «қаржы механизмінің конститутциясын» құрайды, ол механизмнің әр бір элементтерінің сандық параметрлерін белгілеу жолымен, яғни алудың мөлшемелері мен нормаларын, қорлардың көлемін, шығындардың деңгейін және басқаларды анықтау арқылы қозғалысқа келтіріледі. Сандық параметрлер мен олардың сан алуан әдістері қаржы механизмінің ең шамдағай бөлігі болып табылады. Олар түзетулерге жиі ұшырайды, өндіріс жағдайлары мен қоғам алдында тұрған міндеттердің өзгерісін сергек сезіп отырады. Қаржы механизмін қалыптастыра отырып, мемлекет сол бір кезеңнің қаржы саясаты талаптарына оның толығырақ сәйкестігін қамтамасыз етуге тырысады, бұл саясаттың мақсаттары міндеттерін толық жүзеге асырудың кепілі болып табылады. Сонымен бірге қаржы механизмі мен оның элементтерін жеке және ұжымдық мүдделермен неғұрлым толық үйлестіруге деген үнемі ұмтылушылық сақталынады, бұл – қаржы механизмі тиімділігінің кепілі.

Қаржы саясатының түбегейлі өзгеруімен байланысты қаржы механизмі қайта құрылуда. Қаржы механизмін қайта құрудың мақсаты- нарықтық қатнастарды дамыту негізінде қоғамдық өндірістің тиімділігіне ықпалын күшейту, қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Қаржы механизмін қайта құрудың негізіне ұлттық шаруашылықта қаржылық өзара байланыстарды ұйымдастыруға деген қағидалы жаңа көзқарас қойылған, ол жұмыстың түпкілікті нәтижелері үшін кәсіпорындардың, ұйымдардың, аймақтардың шаруашылық ынтасы мен жауаптылығын барынша дамытуды қамтамасыз етеді.

Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатымен әлеуметтік сала мекемелері мен ұйымдарында жаңа шаруашылық механизмі енгізілді. Бюджеттен олдрдың қажеттіліктерін қаржыландыру бір тұрғыдан жұмсалынатын әлеуметтік шығындардың есебінен немесе басқа көрсеткішке қарай анықталатын ұзақ мерзімді тұрақты нормативтердің негізінде жүзеге асырылады. Әлеметтік сала мекемелеріне ақылы қызметтер көрсетуге, алған табыстарын өзінше жұмсауға құқық берілген.

Қаржы механизмін құру процесті база жасаумен қосарлана жүргізілуді. Сонғы жылдары Парламент қаржы қызметтерінің құқықтық негізін қалайтын бірқатар заңдар қабылданды. Оларға мемлекетті кәсіпорындар туралы, шаруашылық серіктестіктері туралы, шетелдік инвестициялар туралы, жаңа салық кодексі туралы және басқа заңдарды жатқызуға болады. Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер кезінде түсіріп отыруға, әлеуметтік - экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Қазіргі жағдайда жасалынған қаржы саясаты концепсиясының мақсаты шаруашылықты дамыту, қоғамдық өндіріс тиімділігі барынша арттыру негізінде халық тұрмысының неғұрлым жоғарғы дәрежесіне жету. Қаржы стратегиясының әлеуметтік бағыттылығы халықтың тұрмыс жағдайын арттыруға жұмсалатын қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктерін іздестіруде ғана емес. Сонымен қатар экономикалық саясаттың басты мақсатына деген принципті жаңа көзқараста көрінеді. Тұрмыс дәрежесі енді өндіріс дамуын, қаржы ресурстарының бағыты мен оны пайдалану құрылымын анықтайтын мөлшері болып табылады.

Әлеуметік бағдарламаның орталық пункті шығармашылық және жоғары өнімді еңбек дербестік пен ынтаны көрсету, шынайы кәсіпкерлік үшін жағдайлар жасау болып табылады. Сонымен қатар бір мақсатта бірінші кезекте аз қамтылған азаматтарды (зейнеткерлерді, көп балалы отбасыларын), сондай - ақ табысы тіркелген тұлғаларды (бюджет мекемелері, ғылым денсаулық сақтау, білім беру және басқаларының қызметкелерін) әлеуметтік қорғау жүйесі қарастырылады. Әлеметтік қорғау ең алдымен табыстарды индекстеу арқылы, яғни оларды бюджеттік қаржыландыру есебінен, жеке жағдайларда өтемдер есебінен де тұтыну бағыттарының индексіне сәйкес арттырып отыру жолымен қамтамасыз етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Републикасы үкіметінің актілер жинағы.
2.Берлин С.И. Теория финансов. Учебник пособие. М: Приор, 2000г.
3.«Бюджет жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Астана: 2001ж.
4.«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) – Алматы: ЮРИСТ, 2002ж.
5.Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 2000ж.
6.Дробозина Л. А. Финансы. Учебник для вузов. – М. ЮНИТИ, 2000г.
7.Дюсембаев К.Ш. Анализ финансового положения предприятия. Учебное пособие.- Алматы: Экономика, 1998г.
8.Ынтықбаева С.Ж. Фискальная политика и ее роль в обеспечении устойчивого развития экономики Казахстана. Алматы, Қаржы- Қаражат 2002г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қаржы саясатының нақты шаруашылық өмірде қаржы механизмі арқылы жүзеге асырылуы, міндеттері мен мақсаттары, принциптері, қаржы механизмінің жүйесі мен құрылымы және оны реформалау қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблемы финансов и финансовой системы, ее механизмы и принципы в финансовой политике в целом.

ӘОК 796.50 Б 17

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баймурзаева М.С. - оқытушы, Ботаева А.Т. - оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Отандық туристік қызметтер нарығына жүргізілген талдау көрсеткендей, туристік қызметтер нарығының әрі қарайғы дамуы мен бәсеке қабілетті туристік өнім өндіруі үшін әртүрлі бағыттарды қолдану қажет. Осындай бағыттардың бірі – туристік агенттіктер мен турфирмалар қызметінде маркетингті қолдану болып табылады.

Туристік маркетинг – бұл фирманың маркетингтік қызметінің маңызды аспектісі туристік қызметке баға қалыптастыру болып табылады.

Туристік маркетингтің мынандай ерекшеліктері бар:

2. туристік маркетингте сұранысты ынталандыру міндеті тұтыну тауарлары нарығымен салыстырғанда әлдеқайда аз деңгейде;
3. туристік өнім туралы ақпараттың шынайлылығын қамтамасыз ету қажеттілігі;
4. туристік маркетинг консюмеризм қағидаларын (тұтынушы құқықтарын қорғау) толық түрде қолдануға бағытталған болуы керек;
5. маркетингтің маңызды рөлі маусым аралық кезеңде байқалады, сондықтан диверсификация шараларын жүзеге асыру қажет.

Туризм саласында маркетингті қолдану туристік қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерінің келісілгендігіне мүмкіндік береді. Туристік фирма қызметінің масштабы, турфирма дамуының жалпы стратегиясы мен қызметкерлердің кәсіби мамандану деңгейіне байланысты маркетингті қолдану бағыттары да әртүрлі болуы мүмкін./1/

Маркетингтің мақсаты – фирма ұсынатын қызметтерге нақты және жасырын сұранысты анықтап, фирманың бар ынтасын осы қызметтерді өндіру, қайта бөлу, өткізу және жылжытуға бағыттау. Яғни, туристік маркетинг турфирманың туристік өнімдері мен қызметін өткізу нарығын кеңейту мақсатында турфирма әкімшілігімен жүзеге асырылатын функциялардың жиынтығы болып табылады.

Туризмдегі маркетинг коммерциялық мақсаттағы тұтынушылардың туристік қызметтерге сұранысын, қажеттіліктерін анықтау бойынша стратегиясын қалыптастырады. Сонымен қоса, туристік маркетинг турфирмалар қызметін, туризм саласындағы аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейдегі мемлекет саясатын ұйымдастырады.

Маркетинг үрдісі – бұл нарықты зерттеу арқылы сұраныс пен потенциалды тұтынушыларды анықтау, қажетті қызметтерді қалыптастыру, өндіру, қайта бөлу және тұтынушыларға өткізу сияқты бір – бірімен байланысқан іс - әрекеттер

жүйесі. Маркетинг үрдісін жүзеге асыру үшін маркетингтік технологиялар қолданылады – сұранысты анықтау, қызметтерді өндіруді жоспарлау, баға белгілеу, тауарлар мен қызметтерді жылжыту және өткізуде қолданылатын әдістер./2/

Туризмдегі маркетинг аса маңызды болып табылады, себебі туристік қызметтерге сұраныс өте икемді болып келген және «қанығу феномені» деп аталатын маусымдық ауытқулармен ерекшеленеді.

Әлемдік туристік ұйым туристік маркетингтегі негізгі 3 міндетті бөліп көрсеткен:

1. тұтынушылармен байланыс орнатып, ұсынылып отырған демалыс орны олардың талаптарына сай келетіндігіне сендіру;
2. туристік өнімді өткізуге мүмкідік туғызатын жаңалықтарды ендіру;
3. қызметтерді нарықта жылжыту шаралары қорытындыларын талдау және осы қорытындылар туризм саласындағы мүмкіндіктерді қаншалықты қолданғандығын көрсететіндігін бағалау.

Туристік бизнестегі маркетингтің алар орны ерекше және ол сұранысты мақсатты түрде басқару үшін қолданылатын құралдардың байланысқан жүйесі болып табылады.

Туризмнің әрі қарайғы дамуында маркетингтік қызметтің әсері зор. өкінішке орай, туризмдегі маркетингке қажетті мән берілмейді. Туристік маркетинг белгілі бір міндеттерді шешу үшін қолданатын әдістердің жүйесі болып табылады. Ол психологиялық және әлеуметтік факторлар тұрғысынан қарағанда тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырып, туристік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық жағынан тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді./3/

Туристік нарық субъектілерінің қызметінде маркетингті қолданудың мәні - тұтынушылар және сыртқы ортамен (демографиялық, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік – мәдени, саяси, ғылыми - техникалық) тиімді байланыс орнату арқылы нарықта тұрақты қызмет ету жолдары мен әдістерін іздестіру болып табылады.

Туристік фирманың тиімді қызмет етуі үшін маркетингтің негізгі міндеттері келесідей болуы тиіс: жаңа бизнес – идеяларды қалыптастыру; маркетингтік ақпаратты қолдану және синтездеу; тұтынушылармен (нақты және потенциалды), партнерлармен бизнес – орта динамикасын, өндірістік потенциалын және фирма мүмкіндіктерін ескере отырып фирма шеңберінде және одан тыс жұмыс жасау./4/

Бұл міндеттерді шешуде тиімді іскерлік ұсыныстарды қарастырып, олардың негізінде фирма қызметінің стратегиясын анықтаудың маңызы зор. Осы таңда нарық сегменті тұсындағы әртүрлі туристік өнімнің потенциалды тұтынушыларын іздестіру жұмыстарын жүргізу қажет. Нарық конъюнктурасын талдау (нарық сыйымдылығы; туристік өнім номенклатурасы; тұтынушылардың төлем қабілеттігі; құқықтық, сауда – экономикалық және экологиялық жағдайлар; географиялық орналасу; табиғи орта), туристік өнімді өткізу жүйесін қалыптастыру, фирманың ұйымдық құрылымын ұйымдастыру және нарық нишасының (бір немесе бірнеше) мүмкіндіктерін жүзеге асыру перспективаларын ескере отырып қызметкерлерді жұмысқа алу сияқты сұрақтар актуалды болып табылады.

Отандық турфирмалар қызметін талдау көпшілік турфирмалардың маркетингтік әдістерді жергілікті ғана қолданып, маркетингтік құралдардың жеке дара түрлерімен шектелгендігін көрсетті. Қазіргі кезде турфирмалар ең жиі қолданатын маркетинг құралдары - әртүрлі коммуникация құралдары болып табылады.

Маркетингтік коммуникация құралдары туристік өнімді нарықта жылжытуға мүмкіндік береді. Алайда, турфирмалар жарнаманы басқаларынан

жиі қолданады. Жарнамалық ақпараттың кең таралған тасымалдаушысы баспа құралдары, радио және теледидар болып табылады. Туристік индустриядағы жарнаманың өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар келесідей:

1. туристік жарнамадағы ақпараттың неғұрлым шынайы және нақты болуы үшін жауаптылық;
2. дәстүрлі тауарлар сияқты туристік қызметтердің сапасы, дәмі, пайдалылығы болмайтындықтан, олар жарнаманың ақпаратпен қамтылғандылық және пропаганда сияқты функцияларының дамуын қажет етеді;
3. туристік қызметтер ерекшелігі объектіні неғұрлым кең түрде сипаттайтын құралдарды қолдануды қажет етеді. Сондықтан туристік индустрияда кино, фотоматериалдар, суреттер жиі қолданылады;
4. туристік өнім жарнамасында ерекше сауда ұсынысы болуы керек.

Қазақстанда жоғары табысты және қарқынды түрде дамыған туристік қызметтер нарығын қалыптастыру үшін жалғыз жарнаманы қолдану жеткіліксіз. Ол үшін туристік агенттіктер мен турфирмалар өздері қолданатын маркетинг құралдарының өрісін кеңетуі қажет.

Маркетингті өз қызметін басқару концепциясы ретінде қолдану арқылы турфирма пайдасын максималдап, нарықта тиімді орынды иемденуге мүмкіндік алады.

Туристік қызметтерге тұтынушылар қоятын талаптардың жоғарылауы мен бәсекелестіктің күшеюі туристік ұйымдардың маркетингке бет бұрып, сыртқы орта өзгерулеріне бейімделу және бәсекелестік күрестегі жетістіктерді қамтамасыз ету үшін стратегиялық маркетингтік жоспарларды қалыптастыруына әкелді./6/

Қазіргі таңда Қазақстанда туризм индустриясы қалыптасу кезеңінде және әртүрлі өзгерістерге ұшырауда. Туристік қызметтің барлық сфераларында еңбек бөлінісі, туристік фирмалар қызметінің мамандануы сияқты қызметті ұйымдастырудың жаңа формалары ізделуде.

Туристік нарықтың микродеңгейде дамуы нарық пен сұранысты жан – жақты зерттеуге негізделген маркетинг әдістерін қолдану, турфирма қызметін ұйымдастырумен анықталады./7/

Қазақстанда туризмде маркетингті қолдану баяу қарқынмен өтуде. Тәжірибенің, ғылыми - әдістемелік бағдарламалар, кәсіби мамандардың жетіспеушілігі әрбір фирма мен кәсіпорынның маркетинг сияқты қызметті өз бетімен игеруіне итермеледі.

Еліміздің әлеуметтік – экономикалық жағдайын тұрақтандырудың бірден – бір бағыты ретіндегі туризм дамуының перспективасы, аймақтар экономикасының динамикалық дамуы, валюталық түсімдердің жоғарылауы және т.б. маркетингті микро- және макро деңгейде қолданудың жаңа бағыттарын қалыптастыруды талап етеді.

Маркетинг қызметінде «маркетинг - миксті» қалыптастырудың мәні зор. Туризмдегі «маркетинг - микс» - бұл нақты нарықтық жағдайды ескере отырып, белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған практикалық маркетинг құралдары мен шараларының жиынтығы. Ол тауарлық, баға, өткізу және коммуникациялық саясаттар жиынтығы болып табылады.

Туристік өнім басқа тауарлар мен қызметтер тәрізді өзіндік өмірлік цикліне ие. Ол тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек. Туристік өнімнің нарықтағы жағдайын талдау үшін әртүрлі әдістер қолданады. Мысалы, туристік өнімді оның өмірлік циклы тұсында зерттеу турфирмаға туристік өнімнің «өмірінің» табысты кезеңін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Маркетинг - микс» жүйесінде баға ерекше мәнге ие. өз өнімін өткізу кезінде турфирма икемді баға саясатын жүргізуі керек. Туристік фирма қолданатын бағалар жыл мезгілдеріне байланысты өзгеруі мүмкін.Мысалы, мезгіл аралық кезеңде сұранысты ынталандыру үшін турфирма төмен бағаларды, әртүрлі қосымша қызметтерді қолдана алады. Маркетингтің талаптары тек жоғары сапалы өнімді қалыптастыру және оған нақты баға орнатумен шектелмейді. Сонымен қатар, бұл өнімді тұтынушыға дейін жеткізу қажет. Турфирманың өткізу стратегиясы оның мақсатты нарықтағы тиімді қызметін жүргізуге мүмкіндік береді. өткізу желісін қалыптастыра отырып, турфирма тұтынушылардың туристік қызметтерді сатып алғанға дейінгі және сатып алғаннан кейінгі ыңғайлы жағдайын қамтамасыз етуі керек.

«Маркетинг - микстің» соңғы және маңызды құрамдас бөлігі – маркетингтік коммуникация жүйесі. Туристік қызметтер нарығында бәсекенің өсу жағдайында тұтынушылардың сұранысын ынталандыру үшін жарнамамен қоса, коммуникациялық саясаттың басқа да құралдарын: жеке сатулар, жылжыту стратегиясын, жәрмеңкелер және басқа да ұйымдастыру шараларын қолдану қажет.

Туристік қызметтер нарығында өз орнын тауып, онда белсенді позицияға ие болу үшін нарық талаптарын туристік фирма мүмкіндіктерімен салыстыру керек. Бірде – бір ірі компания бүкіл нарықты қамти алмайды, сондықтан ол нарықтың жеке учаскелері – сегмент тұсында қызмет жасайды. Туристік нарық сегменті – қандай да бір ортақ сипатқа ие тұтынушылар тобы. Тұтынушыларды географиялық, демографиялық сипаттары, табыс деңгейі және т.б. бойынша жіктеуге болады. Яғни сегменттеу – потенциалды тұтынушылардың қажеттіліктеріне сай қызметтерді ұсынуға, нарық сыйымдылығын анықтауға бағытталған, адрестік жарнаманы жүргізуге мүмкіндік беретін мақсатты нарықтарды бөліп қарастыру./8/

Фирманың тиімді маркетингтік қызметінің шарты – туристік нарықты зерттеу, яғни туристік қызметтер сұранысына әсер ететін факторларға жүйелік талдау жүргізу болып табылады. Бұл факторлар әртүрлі болып келеді, бірақ оларды келесідей негізгі топтарға біріктіруге болады: экономикалық, демографиялық, географиялық, әлеуметтік – мәдени, бағалық, мемлекеттік реттеу және бұқаралық ақпарат құралдары. Жоғарыда аталған факторлар сыртқы болап келеді және индивидуалды тұтынушының бақылауынан тыс.

Туристік қызметтің нарықтағы жағдайы нақты және бағаланбалы болуы мүмкін. Нарықтағы үлесті нарық сегменттерін талдау арқылы фирмаға нарықтағы қызметтің алдағы кезеңдердегі жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл туристік қызметтің нақты жағдайы. Бағаланбалы жағдай фирманың қазіргі уақыттағы нарықтағы позициясын анықтау бойынша қорытынды болып табылады. Бәсекелестер қызметін, турфирманың нарықтағы күшті және әлсіз жақтарын зерттеп, оларды жарнамалық қызметте қолдану.

Туристік саладағы жарнаманың өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл ерекшелік коммерциялық жарнаманы үйлестірумен сипатталады, яғни туристік өнімдер мен қызметтерді жылжыту және оны тұтынушыға өткізу, туризм объектісі ретінде таңдалған мемлекетке қызығушылық пен жағымды имиджді қалыптастыруға бағытталған туризм пропагандасы./10/

Туристік фирманың тиімді қызмет етуінде жоғарыда аталған факторлармен қатар, туристік тауарлар мен қызметтерді барынша деңгейде тұтынушыларға қолайлы етуге бағытталған өткізу жүйесі де маңызды рөл атқарады. Қызметтер «қорын» қалыптастыру мүмкіндігінің болмауы оларды өткізудің мәнін арттырады.

Жалпы туристік маркетинг микродеңгейде болсын, кәсіпорын деңгейінде болсын тиімді қызметті қамтамасыз етеді. Туристік маркетинг құралдарын ендіру және оларды қолдану экономикалық тиімділікті арттырып, нарықтағы бәсекелестік күреске төтеп беруге және туристік өндірістегі қоғамдық, жеке мүдделерді басқаруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Алтынбаев Б.А., Смыкова М.Р. «Экономика и организация туризма». - Алматы: КазГАУ, 1999 .
2.Борисова Ю.Н. «Маркетинг в туризме». - М: РМАТ, 1996 .
3.Балабанов И.Т., Балабанов А.И. «Экономика туризма». - М: Финансы и статистика, 2004.
4.Дурович А.П. «Маркетинг в туризме». - Минск: Новое знание, 2006.
5.Кабушкин Н.И., Дурович А.П. «Организация туризма». - М.: Новое знание, 2006.
6.Карпова Г.А. «Экономика современного туризма». – М., 1998.
7.Квартальнов В.А. «Теория и практика туризма» - М.: Финансы и стаистика, 2006.
8. Квартальнов В.А. «Туризм» - М.: Финансы и статистика,2000.
9.Папирян Г.А. «Маркетинг в туризме». – М.: Финансы и статистика, 2000.
10.Сапрунова В.Б. «Туризм: эволюция, структура, маркетинг». – М.: Ось-89, 1999.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада туризм саласында маркетингті қолданудың негізгі ерекшеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные особенности применения маркетинга в туристической отрасли.

ӘОК 657.23 Б21

ИНФЛЯЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бакирова Б.А.,- аға оқытушы, Жақыбаева О.А.,- оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстанның әлемдік экономикаға дендеп енуі отандық компаниялардың қаржылық есептіліктерінің сапалылығы мен шынайылығы мәселелерін көтеруде. Сондықтан республикада бухгалтерлік есеп пен есептілікті дамытуға арналған тұжырымдама қаржылық есептіліктің сапасын көтеруді келешек мақсаттардың негізгі бағыттарының бірі ретінде танылып отыр.

Қаржылық есептілікті қалыптастырудың орталық және неғұрлым күрделі мәселелерінің бірі шешім қабылдау үдерісін толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Қаржылық есептіліктің шынайылығы қабылданатын шешімдердің сапасын, түптеп келгенде, шаруашылық субъектілері қызметінің тиімділігін анықтайды.

Бухгалтерлік есептің ғылым мен тәжірибе тұрғысынан алғандағы ерекшелігі, осы ілімнің дамуы оның қызмет ететін ортасымен анықталып негізделетіндігінде жатыр. Басқаша айтқанда, бухгалтерлік есеп алдына қойған мақсаттарына және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тәуелді. Ал

елдегі экономикалық ахуалды сипаттайтын күрделі және алуан қырлы әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың бірі – инфляция.

Инфляцияның «бағаның өсуі» ретіндегі жалпы ұғымы белгіленіп қойылғанына қарамастан, шын мәнінде «инфляция» ұғымының мазмұнын анықтауға жасалған әртүрлі қадамдар кездеседі. Оларды екі топқа біріктіруге болады – түсініктемелік және функционалдық. Инфляцияның түпкілікті анықтамасын беруге ұмытылмастан, оған жақынырақ бастапқы ұғымдар ретінде төмендегілерді ұсынуға болады:

1. Нысаны бойынша – инфляция ұдайы өндіріс үдерісі мен ақшалай айналымның теңсіздігімен негізделген тауарлар мен қызметтердің бағасының өсуін және соған байланысты ұлттық ақша бірлігінің құнсыздануын білдіреді.

2. Мазмұны бойынша - инфляция үш өзара негізделген үдерістердің - атаулы сұраныс пен ұсыныстың макродеңгейде теңгеруі, қосылған құнды ұдайы өндірістің жекелеген субъектілерінің арасында қайта бөлу және олардың инфляциялық табысты алуы - бірлігін сипаттайды. Бұл қаржылық ресурстардың экономикадағы ұдайы өндірісі барысында инфляциямен үш функцияның - теңгермешілік, қайта бөлу және орнына толтырудың орындалуына ықпал етеді.

Жоғарыда келтірілгендер, инфляция, тауар бағасының өсуімен бірге пайда болғанымен, таза ақша феноменімен теңестіріле алмайды деген қорытынды жасауға болатынын көрсетеді. Бұл халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы ұдайы өндірістің диспропорциясымен туындайтын күрделі көп факторлы үдеріс. Әдетте инфляцияның негізінде бір емес, бірнеше өзара байланысты себептер жатады, әрі олар тек сұраныс (сұраныс инфляциясы) тарапынан ғана емес, ұсыныс (шығын инфляциясы) тарапынан да пайда болады.

Инфляция жағдайындағы шаруашылық қызметін дұрыс жоспарлау үшін инфляциялық үдерістердің күшін ескеру керек. Оларды өлшеудің төрт тәсілі бар: 1) баға индексінің көмегімен өлшеу; 2) бір жылдағы инфляция қарқынын өлшеу; 3) Пааше индексінің көмегімен есептеу; 4) «жетпіс тәртібі» бойынша есептеу.

Тәжірибеде тұтыну бағалары индексі, көтерме бағалар индексі, ЖІө дефляторы және ресурстардың бағасының өзгеруі индекстеріне сүйенеді.

Инфляция жағдайында компанияның мүліктік және қаржылық жағдайы туралы ақпараттың белгісіздігі оның баланстың жеке баптарына айырықша әсерінен көрінеді. өз кезегінде, бұл есептіліктің монетарлық және монетарлық емес баптарына инфляцияның әсерін бағалау мәселесін туындатады.

Инфляция ақшаның сатып алушылық қабілетін төмендету үдерісі ретінде баланстың түрлі баптарын бағалауда әр түрлі әсер етеді. Монетарлық активтер (мысалы, ақша қаражаттары және дебиторлық берешек) құнсызданады, нәтижесінде компания жанама шығындарға ұшырайды, керісінше, кредиторлық берешектің өсуі жанама табысқа әкеледі. Негізгі құралдар мен тауарлы-материалдық құндылықтарға келетін болсақ, инфляция жағдайында олардың нақты нарықтық құны мен сатып алу бағасы бойынша есепте көрсетілуі арасында қарама-қайшылық туады (осы әдістеме дәстүрлі түрде есепте қолданылады).

Егер монетарлық активтер монетарлық пассивтерден артық болса, онда бағаның өсуінде және ақша бірліктерінің сатып алушылық қабілетінің төмендеуі кезінде компания осы активтердің құнсыздануынан қаржылық жоғалтуларға ұшырайды. Және, керісінше, егер монетарлық пассивтер (банк несиесі, кредиторлық берешек, алынған аванстар және басқа да тартылған қаражаттар түрлері) монетарлық активтер сомасынан артық болса, онда инфляцияның себебіне байланысты қарыздардың құнсыздануынан компанияның табысы ұлғаяды.

Әртүрлі көзқарастар мен ой пікірлерді қарастыра келе, инфляцияның монетарлық объектілерге тигізетін әсері бухгалтерлік есептің маңызды мәселесі

болып табылады деп санаймыз, және ол бухгалтерлер тарапынан ешқандай еленбей қалмауы тиіс.

Монетарлық емес объектілерге келсек, яғни негізгі құралдар мен тауарлы-материалдық қорлар, инфляция жағдайында олардың нақты нарықтық құнының тұрақты өсуі және есепте өзгеріссіз бағасымен (бастапқы құны бойынша бағалау) көрсетудің арасында қарама-қайшылықтың бар екендігі айтпаса да түсінікті. Есептілікті жасау сәтіне қалыптасқан баға бойынша бағаланған мүлік, сатып алу бағасымен бағаланған (бастапқы құны) мүлікке қарағанда қымбатырақ тұрады. Бұл мәліметтердің салыстырымсыздығына әкеледі.

Бірақ инфляция тек дебиторлық және кредиторлық берешектер, негізгі құралдар және тауарлы-материалдық құндылықтардың мөлшерін қате есептеуге ғана әкелмейтінін атап көрсету керек. Инфляцияның басқа да салдарлары бар:

- ресурстарды алмастырудың ағымдағы құнымен салыстырғанда сатылған өнімнің өзіндік құнының шамасы төмендейді;
- инфляция жағдайында пайданың сомасы аса көтеріліп кетеді;
- капиталды салу тиімділігін, компанияның рентабельділігін, қаржылық жағдайын сипаттайтын қаржылық коэффициенттерді есептеу нәтижелері бұрмаланады

Инфляцияның тигізетін әсерінің салдарлары компанияның мүліктік және қаржылық жағдайы туралы ақпараттардың белгісіздігін айтарлықтай көтеріп, қаржылық есептіліктің шынайылығын және салыстырмалығын төмендетеді, әрі осындай есептіліктің негізінде дәйекті инвестициялық және басқарушылық шешімдерін қабылдау мүмкіндігін қиындатады.

Жүргізілген талдау, бағаның инфляциялық өзгеруі кез-келген компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген ақпараттың бұрмалануының ең елеулі себептерінің бірі болып табылатынын көрсетеді. Инфляция деңгейі жоғарлаған сайын, бұрмалану деңгейі де жоғарлайды. Қаржылық есептілік көрсетілген ақша бірліктерінің әр түрлі сатып алушылық қабілеті әр түрлі есептік кезеңдерде және тіпті тек сол бір есептік кезеңнің ішіндегі әр түрлі уақыт мезетінде де есептік мәліметтерге сәйкесінше түзетулерді талап етеді. Басқа сөзбен айтқанда, инфляция жағдайында қаржылық есептілік, егер объектілерді ақшалай бағалау есебі есептік күнге ақша бірліктерінің сатып алушылық қабілетін көрсеткен жағдайда ғана тәжірибелік мәні бар болады. Қаржылық есептілік пайдаланушысы шынайы ақпарат алу үшін, онда есептіліктің сәйкесінше баптарының көрсеткіштеріне инфляцияның әсерін көрсету қажет.

Инфляция жағдайында компания есептілігі есеп беру кезеңінде қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері бойынша инфляция қарқынына түзетілген болуы керек. Ақша сатып алушылық қабілетін жоғары қарқында жоғалтатыны сондай, әр түрлі уақытта тіпті бір ғана есеп беру кезеңі шегінде болған операциялар мен оқиғалардан алынған сомаларды салыстыру қаржылық есептілік пайдаланушыларын адастыруға әкеледі деп саналады.

Инфляцияның әсерін есепке алу мәселесі нарықтық экономикасы дамыған елдерде XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап белсенді талқылана бастады. Осы уақыт ішінде белгілі бір жүйелеуді және сыныптауды қажет ететін көптеген ұсыныстар жинақталды. Осыған байланысты, бірінші кезекте, есептілікті түзетуге негізделген әдістерді атап көрсетуге болады: валюта бағамы құбылуы бойынша; тауар бағалары деңгейінің құбылуы бойынша.

Кез келген материалдық және материалдық емес объектілердің алғашқы құжаттарында әрқашан екі бағалау қатысатындықтан - заттай және құндық өлшемдер, ең қарапайым тәсіл құндылықтарды түсіп кеткен валютаның тұрақты валютаға шаққандағы бағам өзгерісі бойынша бағалау болып табылады. Не статистикалық, не динамикалық қайта бағалау жүргізілуі мүмкін.

Тауар бағасы деңгейінің құбылуы бойынша инфляцияның әсерін есепке алудың базалық әдістемесі негізінде капиталдың қаржылық және физикалық табиғаты концепциялары жатыр. Бірінші концепцияда, капитал компанияның активтерінде меншік иелері мүддесі ретінде сипатталады, осы активтердің материалдық-заттық құрылымынан абстракциялауды болжайды. Бұл кезде активтерді есепте көрсету атаулы баға бойынша, не сатып алушылық қабілеті бірдей ақша бірлігіндегі бағаның жалпы индексінің көмегімен көрсетілген баға бойынша жүргізіледі.

Бірінші концепция тұрақты сатып алушылық қабілеті әдісінің негізінде жатыр (CPP). Ол нақты ақшалай бірліктегі есептің мүмкіндігін жоққа шығарады. Ақшаның құны тез түссе, нақты ақша бірліктері де тез өзгеріп, есептің барабар өлшем бірлігі бола алмайды. Сондықтан CPP барлық ақша сомаларын тұрақты сатып алушылық қабілетінің бірліктеріне, олардың пайда болған күніне қарай, айналдыру үшін жалпы сатып алушылық қабілеті индексін пайдаланады. Оны қолдану салыстырмалы түрде қарапайым, өйткені ол бухгалтерлік есеп теориясы негізделетін басты принцип - бастапқы нақты шығындар бойынша есепке алу принципіне жақын.

Бірақ, CPP әдісі бойынша есеп инфляция салдарын толық мөлшерде көрсете алмайды, өйткені ол баға қозғалысы түрлерінің біреуін ғана қамтиды (тұрақты және ағымдағы). CPP айналасында монетарлық емес активтерге салынған салымнан сатып алу қабілеттілігі өзгермейді, ал ол таза монетарлық активтердің сатып алу қабілеттілігінің тек азаюын немесе көбеюін өлшеуге жағдай жасайтынын болжауға болады. Бірақ мұндай болжау, егер барлық компаниялар активтерінің бағасы бағаның жалпы деңгейінің бағытында және сондай жылдамдықпен өзгеретін болса ғана дұрыс. Сонымен бірге мөлшері бойынша тең, бірақ әр түрлі құрылымдағы монетарлық емес активтерге инфляциялық факторлар біркелкі әсер етеді деп ойлау да дұрыс болмас еді.

Екінші концепцияның шеңберінде капитал компания активтерінің жиынтығы ретінде қарастырылады, ал оның өзгерісін, оның ішінде инфляция әсерін, есепке алу үшін не ресурстардың, өнімдердің және қызметтің нақты номенклатурасы бойынша бағаның жеке индексін, болмаса бағаның жеке және жалпы индексін тоқайластыра қолдану болжалданады. Осылайша баға өзгерісінің әсерін есепке алу әдістемесінің мағынасы - капиталдың қаржылық немесе физикалық табиғатын ұстанудың негізгі мақсатына байланысты болады.

Капиталдың физикалық табиғаты концепциясы ағымдағы құнмен бағалауды негіз ретінде қабылдауды талап етеді. Капиталдың қаржылық табиғаты концепциясы бағалаудың қандай да бір нақты негізін қолдануды талап етпейді. Бұл концепцияны қолданған кезде бағалау негізін таңдау компания ұстанатын қаржылық капитал түріне тәуелді.

Екінші концепцияның негізінде ағымдағы құндарды немесе жекелеген бағалардың өзгерістерін есепке алуға арналған және «ағымдағы баға бойынша есепке алу» деп аталатын бухгалтерлік жүйелер құрылған. Олардың құрамына алмастыру бағасы бойынша есепке алу (RPA), ағымдағы құны бойынша есепке алу (CCA), қазіргі құны бойынша үздіксіз есеп (CoCoA), есептен шығару бағасы бойынша есеп (DVA) және келтірілген ағымдағы құны бойынша есепке алу (PVA) кіреді.

Тәжірибе CCA әдісі тауарлы-материалдық қорлардың әртүрлі топтарының бағасы әркелкі қарқынмен әрі бағаның жалпы өсім қарқынынан ерекше өскен жағдайда қолданылатынын көрсетеді. CCA бойынша түзету инфляцияның маңызды салдары ретінде бағаның жалпы өсуін емес, олардың құрылымының өзгерісін тану керек дегенге саяды.

Қарастырылған екі концепция ҚЕХС 15 екі әдістеме түрінде көрсетілген. Бірінші әдістеме «Бухгалтерлік баланс объектілерін бірыңғай сатып алушылық қабілетіндегі ақша бірліктерінде бағалау әдістемесі» (GPL), екінші -«Бухгалтерлік есеп объектілерін ағымдағы құнға қайта бағалау әдістемесі» (ССА) ретінде белгілі.

GPL әдістемесінің мәнісі қысқартылған нұсқада компанияның монетарлық емес активтерін бағаның жалпы индексі көмегімен әлсін-әлсін қайта есептеуден тұрады. Көздердің қайта есептелінуі жасалмайды, ал қайта есептеуден алынған активтің пассивтен арту нәтижелері пассивтік шотта көрсетіледі. Барлық операциялар ағымдағы есепте олардың келісім жасасқан бағасымен көрсетілуі тиіс, бірақ есептілікті жасау кезінде мәліметтер одан әрі түзетіледі. Нәтижесінде уақытша реттілікке қол жетеді – баланстың немесе пайда мен залал туралы есеп берудің әрбір бабының, уақыттың әртүрлі сәттеріне жататын элементтері бір бағада көрсетіледі.

GPL әдістемесінің кемшілігі, ол компания мүлкінің жекелеген түрлерінің, оның жекелеген объектілерінің іс жүзінде әрқилы құнсыздану барысын есепке алуға мүмкіндік бермейтінінде. Сондықтан, GPL әдістемесінің сыншылары талдау жүргізу мақсатында есептілікті қайта есептеу кезінде басқа тәсілдерді, атап айтқанда компанияны қызықтыратын шикізат, материал, қызмет түрлеріне белгіленген бағаның жеке индекстерін және нарықтық ағымдық құнды пайдалану қажеттігін дұрыс деп санайды. Дәл осы тәсіл ССА әдістемесінде жүзеге асырылған.

ССА әдістемесінің мәні активтер ағымдағы бағамен көрсетілетін есептілікті жасауда болып табылады. Ең басты мәселе баланстық баптардың ағымдағы бағасын қалыптастырудың айтарлықтай күрделілігі мен субъективтілігінде жатыр. Сондықтан осы аспектіде ССА әдістемесі көбірек сынға алынады.

GPL әдістемесінде көрсетілген есептеу тәртібінің реттілігі ұқсас, тек бағаның жалпы деңгейі орнына негізгі және айналым қаражаттарының нақты номенклатурасы бойынша баға индекстері пайдаланылады.

Құрамдастырылған әдістеме дегеніміз мағынасы бойынша ССА әдістемесінің бір түрі болып табылады. Ол ССА үлгісінен кәсіпорынның инфляция нәтижесінде алған жанама табыстарын (залалдарын) бөлу тәсілімен ерекшеленеді. Бұл әдістемеде меншікті қаражаттардың көздері бағаның жалпы индексіне (GPL әдістемесіндегідей), активтер – бағаның жеке индекстеріне қайта есептеледі, ал активтер мен пассивтердің қайта есептелген бағаларының арасындағы айырма инфляция әсерінен түскен жанама табыс (залал) деп қарастырылады.

XX ғасырдың басынан көптеген ғалымдар мен тәжірибешілер инфляция жағдайында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жетілдіру мәселесімен айналыса бастады. Соған орай, осы мәселеге қатысты мол ұсыныстар жинақталып, ал көптеген мемлекеттерде белгілі бір тәжірибе қалыптасты.

Инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің әлемдік тәжірибесі эволюциясын келесі түрде көрсетуге болады. 70-ші жылдардың ортасына дейін инфляция жағдайында есеп пен есептілікті жүргізу бойынша ұсыныстар жалпы сатып алушылық қабілеті әдісіне негізделді. Содан соң ағымдағы құн әдісін қолдануға қатысты сұрақ талқылана бастады және 1983 жылы бұрыннан қолданыстағы ҚЕХС 6 ауыстырған ҚЕХС 15 шықты.

ҚЕХС 15 компанияның есептік ақпараттарды бағаның өзгерісін көрсететін есептің әдісін қолдана отырып, ұсынуы тиіс екенін белгілеген. Негізгі екі әдіс (ақшаның жалпы сатып алушылық қабілетіне және ағымдағы шығындарға негізделген) немесе олардың құрамдастырымы қолданылды.

1990 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ҚЕХС 29 (бұл стандарттың елеулі өзгерістерсіз соңғы редакциясы 2003 жылы шықты) қолданысқа түсе бастады. Осы құжатқа сәйкес компаниялардың есепті кезеңдегі және алдыңғы өткен кезеңдердегі қаржылық есептілігі (оның нақты немесе қалпына келтіру құнының қайсысына негізделгеніне қарамастан) осы есептілікті жасау күніне берілген өлшем бірлікте ұсынылуы тиіс.

ҚЕХС 29 негізгі есептік мәліметтерді инфляцияны ескере отырып қайта есептеуді талап етеді. Гиперинфляцияға бейім валютада есеп жүргізетін компаниялардың қаржылық есептіліктері бастапқы немесе ағымдағы құны бойынша бағалау әдісін қолдану кезінде есепті балансты жасау күніне ақшаның тұрақты сатып алушылық қабілетіне қайта есептелуі тиіс. Бұл талап өткен есепті кезеңдердің тиісті көрсеткіштеріне де қатысты. Активтер мен пассивтердің монетарлық баптары бойынша сатып алушылық қабілетінің өсуі не кемуі ағымдағы пайдада көрсетілуі тиіс.

Қазақстанда алдағы уақытта ҚЕХС енгізуді бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дамуы және реформалауында заңды кезең ретінде қарастыру керек. Осыған байланысты қолданыстағы есеп пен есептілік жүйесін ҚЕХС 29 сәйкес келтіру қажеттілігі туындайды. Ол үшін қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері бойынша компанияның есептілігі есеп беру кезеңінде инфляция қарқынына түзетілуі тиіс. ҚЕХС 29 көшу қаржылық есептіліктің барлық баптарын (ақшалай көрсеткіштерді қоса) есептік валютаның кезең соңындағы жағдайы бойынша жалпы сатып алушылық қабілетін ескере отырып қайта есептеуді негіздейді. Аталмыш стандартты қолданудың баланстық есептілікке тигізетін әсері инфляция деңгейіне, компания міндеттемелері талабының арақатынасына тәуелді. Қаржылық есептілікті түзету мәнін сипаттайтын бірден бір қағидалық ерекшелігі бухгалтерлік есеп объектілерін монетарлық және монетарлық емес деп бөлу екені белгіленді. Монетарлық және монетарлық емес объектілерді анықтауда кейбір проблемалар бар.

Белгілі американдық ғалымдар Э. С. Хендриксен и М. Ф. Ван Бреда монетарлық баптардың екі ұғымын бөліп көрсетеді – монетарлық активтер және монетарлық кредиторлық қарыздар. Олардың пікірінше, монетарлық активтер - «бұл жалпы сатып алушылық қабілетін көрсететін ақша бірліктерінің тұрақты бір санына берілетін құқық», ал монетарлық кредиторлық қарыздар – бұл ақша бірлігінің құнымен не болатынына қарамастан, болашақта ақша бірлігінің тұрақты бір санын төлеу міндеттемесі. Осылайша, баптың монетарлық сипаты, ең алдымен, оның ақша қаражаттарының тұрақты бір сомасына ілінісуімен немесе керісінше, баптық монетарлық емес сипаты, ең алдымен, оның шамасы ақша бірлігінің белгілі бір сомасымен тіркелмегендігімен түсіндіріледі.

ҚЕХС-на сәйкес қаржылық есептілікті даярлаудың екі негізгі әдісі бар: қаржылық есептілікті трансформациялау; параллельді есеп (конверсия).

Алғашқы әдіс - ең қарапайым әдіс, алайда, одан 50%-ға дейін қателік айқындалуы мүмкін. Трансформациялау үдерісі (алдыңғы есеп кезеңдерінде түзету әдісі) - бухгалтерлік есептің қазақстандық жүйемен қалыптастырылған ақпаратын ҚЕХС сәйкес келтіру үшін дүркін-дүркін талдайтын және түзететін тәсіл.

Қаржылық есептілікті трансформациялау үдерісі қажет болған жағдайда ғана жүргізіледі және қосарлы жазуды құрумен және жүргізумен байланысы тұрақты үстеме шығыстарды талап етпейді. Сондықтан бұл әдіс компаниялар үшін арзанға түседі. Трансформациялау үдерісінің кемшілігіне мүмкін болатын қателерден басқа, ҚЕХС бойынша дайындалған ақпаратты кезең соңында ғана алуға болады және де трансформацияның негізгі үдерісі аяқталғаннан кейін «қолмен» түзетулер жасау қажет болады.

Бүгінгі таңда көптеген қазақстандық компаниялар үшін (әсіресе шетел инвестициялары барлар үшін) анағұрлым келешегі бар тәсіл - параллель есеп (конверсия) жүргізу болып табылады. Қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкес құру мақсатында операциялардың параллель есебін жүргізу көп пайдалы басқару ақпаратын береді. Есептің бұл әдісі анағұрлым күрделі, бірақ дәл тәсіл болып табылады.

Қорытындылай келе бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін анықтайтын негізгі фактор елдің жалпы экономикалық жағдайы, оның ішінде инфляция болып табылады. Инфляция компания табысының құнсыздануына, оның мүліктері мен өнімнің өзіндік құнының шынайы бағасының төмендеуіне, пайданың жасанды түрде ұлғаюына алып келеді. Инфляцияның әсерін елемеу компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпараттың, капиталды сақтау және өсіру қабілетінің бұрмалануына әкеледі, сол себепті жалпы бизнестің тиімділігін бағалау бұрмаланады.

Инфляция ақшаның сатып алушылық қабілетін төмендететін үдеріс ретінде бухгалтерлік есептің монетарлық және монетарлық емес баптарын бағалауда әр түрлі әсер етеді. Нәтижесінде есептіліктің барлық көрсеткіштері бұрмаланады, ал ол қаржылық есептілікті инфляцияның ықпалына түзетуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Методы учета и анализа финансовой отчетности в соответствии с международными стандартами //Бюллетень Финансы и право.- 2008. - № 43.
2. Особенности финансовой отчетности в условиях инфляции, //Қаржы-Қаражат. – 2008. - № 2-3

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада инфляция жағдайындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негізі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается методологический аппарат бухгалтерского учета и формирования финансовой отчетности условиях инфляции.

ӘОК 796.50 Б 66

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ТУРӨНІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ботаева А.Т. - оқытушы, Баймурзаева М.С. - оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Экономиканың саласы ретінде, туризмнің өзіне тән бірқатар айрықша ерекшеліктері бар, солар арқылы халық шаруашылығының басқа да салаларынан бөлініп тұрады. Туризм индустриясының басты айрықша ерекшелігі өндіріс пен өнімді тарату уақытының бірлестігі. Көлік уақытының жоқтығы, яғни туристік қызметтер (турөнімдер) бұл жерде өндіріледі және бірден қолданылады. Екінші ерекшелігі – оның өнімдері артығынан шығарылып, қоймада сақталмайды. Туристік қызмет көрсетудің келесі бір ерекше айырмашылығы – қызмет өндірісіне дейін өндіріс объектісіне тұтынушыларды тасымалдап, жеткізу. Бұл өз тұрғысында туризмнің басқа да ерекше айырмашылықтарымен байланысты – турист алған өнімдерді «өзімен алып кетеді», яғни жақсарған денсаулық, көңіл күйі, жаңадан толтырылған білім, пікір, ақпарат арқылы.

Туристік қызмет көрсетудің түпкі мәнін түсіну үшін, туристік қызмет көрсету процесінің түрін білу керек. Туристік қызмет көрсету дегеніміз туристерге саяхат кезінде, заттар сатып алған кезде әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, көмектесу. Бұл процестің кешенді түрі келесі анықтауыштар арқылы анықталады:

1.туристерге әртүрлі технологиялық өндіріс пен қызмет көрсетудің түрлі жағдайындағы қызметтер мен тауарлардың ұсынылуы;

2.туристік қызмет көрсету материалдық-техникалық базаларда (қонақ үйлерде, мейрамханада, көлікте, спорттық құрылымдарда, денсаулық сақтау мекемелерінде) орындалады;

3.туристерге ұсынылған тауарлар мен қызметтер әртүрлі іс-әрекет барысында пайда болған. Олардың кейбіреулері арнайы туристік ұйымдарда, екіншілері халық шаруашылығының салаларында: көлік, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, денсаулық сақтауда пайда болған;

4.қызмет әртүрлі кәсіптік дайындықтағы және білім деңгейіндегі адамдармен көрсетіледі./1/

Туризмде ұсынылған қызметтер территория бойынша бөлінеді. Туристерге қызметтердің кейбіреулері тұрғылықты өмір сүретін жерлерінде көрсетіледі (ақпараттық қызмет). Басқаларын турист саяхат кезінде (ақпараттық, көліктік қызметтер) алады. үшіншісін туристер туристік орталықтарда (орналасу, тамақтану, емдеу, көңіл көтеру, іс кездесу) алады.

Қызмет көрсетуді туристерге бағыттап, үлгі бойынша былай бөлуге болады:

1) Қызмет пен тауарларға тарту.

2) Олардың туристік өнімге қызығушылығын тудыру.

3) ұсынылған тауар мен қызметтерді пайдалануға қызығушылықтарын тудыру.

4) Туристік қызмет пен тауарларды пайдалануда тура шешім қабылдауға көмектесу.

Туристік индустрия дегеніміз туристік өнім шығарушылар, солар арқылы халықтың туристік сұранысын өтейді, олар адамдардың рекреациялық қажеттілігінің арқасында құрылады. Туризм индустриясы - әзірге анықталмаған дәрежесі жоқ, елдің экономикасының салалық құрылымында өз орнын таппаған құрылым. Біздің ойымызша, туризм индустриясының дәрежесін анықтатын кез келді.

Жеке туризм индустриясының дәрежесі ауыр әлеуметтік, экологиялық, демографиялық және т.б. мәселелерді шешуге көмектеседі.

Туризм индустриясында табиғи-рекреациялық потенциал белгілі бір сегменттердің бірі болып отыр. Потенциалды шығару оның бағасының әдістеріне тәуелді.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңіндегі туризм индустриясының дамуында иемделгендер көлемін анықтау қиын. Сонда да болса туристік секторларда иемделгендердің санын екі түрлі бағытта бағалауымызға болады: туристік фирма жұмысшылары; қонақ үй мен ресторан қызметкерлері.

Бірінші бағыт бойынша барлық туристік ұйымдар 4 топқа бөлінеді: кіші, орта, ірі, өте ірі. Иемденгендер саны жалпы қызметкерлердің орташа санын ұйымдар санына көбейтеді.

Туризм индустриясының әлеуметтік-экономикалық нәтижелілігі бір көрсеткіштен ғана бағалау мүмкін емес.

Туризм индустриясының дамыту сараптамасында ішкі және сыртқы туризм арасын сәйкестендіруін анықтаудың ең маңызды көрсеткіші. Осы мақсатта туристер айналымының көрсеткішін ұсынамыз:

Сыртқа кеткен туристер саны

Туристік айналым =

Келген туристер саны

Бұл көрсеткіш Қазақстан аймақтарында туристік айналымның тиімді, тиімді еместілігін анықтайды.

Қандай бір фирма болмасын оның нарықтағы табысы шығаратын өнімдерінің тартымдығына байланысты. Бағасы да, нарықтық өтімділігі және жылдам таралуы да соған байланысты./2/

Өнімнің экономикалық категория ретінде терең мазмұны бар, бірақ, осы уақытқа дейін жалпы қабылданған анықтамасы жоқ.

Туризмде өнім болатыны көрсетілетін кешенді қызмет, яғни бір пакетте туристерге сатылатын қызметтер жиынтығы. өндірушілерге қарағанда, туристер туристік өнімді кең түрде ұғынады. Туристік сапарға шыққанда, адамдар өзіне көрсетілетін қызметтерден басқа да ерекшеліктерді іздестіреді. Біреулері ұзақ демалысқа шығып, курортқа барып демалып, денсаулығын түзеп қайтса, басқалары командировкаға барып, іскерлік келіссөздер жүргізіп шартты келісімдер жасайды. Демек, туристер туристік өнімдерге мұқтаж емес, олар жаңа сезімге, қызық оқиғаларға мұқтаж немесе өзінің бизнесін ұлғайтуға мүдделі.

Туристік өнім құрамы жағынан үш бөлімге бөлінеді:

1.тур;

2.қосымша туристік-экскурсиялық қызметтер;

3.тауарлар.

Тур дегеніміз клиентке біртұтас таратылатын және туроператордың еңбегімен өндірілген, белгілі бір маршрутқа және мерзімге арналған бірінші туристік өнімнің бірлігі. Турдың құрамы келесідей болады: 1) туристік пакет және маршрутта көрсетілетін қызметтер кешені. Туристік пакетті туроператорлар ұсынады және маршрутта міндетті түрде көрсетілетін қызметтерден тұрады:

1.туристерді көліктен демалыс орнына апару және алып келу;

2.трансфер;

3.орналастыру және тамақтандыру;

4.міндетті түрдегі экскурсиялық және мәдени бағдарламалар.

Туристік өнімнің туристік пакеттен айырмашылығы – нақтылы міндетті жағдайы. Төрт базалық элементтен тұратын туристік пакетті сатып алып, турист туроператордан едәуір жеңілдікпен басқа да фирманың туристік өнімін алады, туроператордан оны басқа да қызметтер арқылы кеңейтуін сұрай алады немесе оны демалыс орнында өзі де жасай алады.

Туроператор туризмде маңызды роль атқарады. өйткені ол әртүрлі қызметтерді (көлік, туристерді орналастыру, тамақтандыру, көңіл көтеру және т.б.) бір турпакетке жинап, турөнімді шығарады; оны турагент арқылы таратады.

Турагент – туроператордың туристік өнімін іске асыратын, туристік нарықта жұмыс істейтін таратушы. Туроператордан турагенттің айырмашылыға – турагент турдың сапасына жауапты емес. Туристік өнімнің туристік пакеттен айырмашылығы – туристік пакет туристік өнімнің бір бөлігі. Туристік өнім элементтері бойынша туристің шығынын келесідей бөлуге болады:

1.тур - 50%;

2.қосымша туристік-экскурсиялық қызметтер - 30%;

3.тауарлар - 20%.

Қосымша туристік-экскурсиялық қызметтер дегеніміз – бұл жолдамада көрсетілмеген, бірақ, туристерге қажет болса, солардың тілегі бойынша көрсетілетін қызметтер. Бұл қызметтер жолдаманың негізгі бағасына кірмейді. Оған жататындар: резервтік орындар, валюта айырбастау, туристік қызмет көрсету, прокат, телефон, қоғамдық көлік, пошта, тауарлар сақтау орны және т.б. Қосымша қызметтерді туристер бөлекше өз ақшасына алуы керек.Тауарлар дегеніміз туристік өнімнің арнайы бөлігі, оған жататындар: туристік карталар

және қаланың жоспары, сувенирлер, буклеттер, сондай-ақ туристің тұрғылықты елдегі дефицит тауарлар және т.б. /3/

Туристік индустрияда өндірілетін туристік өнім екі әдіспен бағалануы мүмкін:

1.барлық өндірістің шығынының жинағы есебінде;

2.туристердің барлық шығынының жинағы немесе туризмнен түскен кіріс есебінде.

Қандай бір әдіспен бағаланса да, сөз туристік индустрияда өндірілетін туристік өнімдердің жалпы табысы жөнінде болып отыр.Өзінің арналуына қарай туристік қызметтер мен тауарларды үш топқа біріктіруге болады: көлік қызметі; туристердің туристік аудандарда болуымен байланысты қызметтер мен тауарлар (рекреациялық ресурстар, түнеу, тамақтану және т.б.); бір реттік қызмет пен тауарлар (көңіл көтеру, спорт қызметтері, сувенирлер және т.б.). Әрбір туристік қызметтер мен тауарлар тобы тағы да түрлерге жіктеледі. Мысалы, көлік қызметтері көліктің түріне және комфорттылығына қарай жіктеледі.

Туристік сұраныс және ұсыныс туристік құрылыстың экономикалық элементі болып туристік нарықты, яғни туристік қызмет пен тауарларды тарату сферасын құрайды./6/

Туристік нарықтың өзінше ерекшеліктері бар. Егер дүниежүзілік нарықта тауарлардың бағасына экспорт шығыны кірсе, туристік қызметтердің бағасына туристердің көлікке шығыны кіреді. Негізгі туристік нарықтың басқа нарықтардан айырмашылығы, міне, осында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Международные экономические отношения: экономика туризма», Папирян, 2000г. Москва

2.«Экономика и организация туризма» - Алтынбаев Б.А., Смыкова М.Р., 1999г. Алматы.

3.Балабанов И.Т., Балабанов А.И. «Экономика туризма»: учебное пособие.- М.:Финансы и статистика, 2000.- 176 с.

4.Теория и практика туризма Казахстана. А.А. Саипов, Алматы, 1999 г.

5.С.Р. Ердавлетов, «География туризма». Алматы, 2000 г.

6.Биржанов М.Б., Никифоров В.И. Индустрия туризма. Сп-б, 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада туристік қызмет және туризмнің ерекшеліктері қарастырылған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные особенности турпродукта и туристической деятельности в целом.

ӘОК 796.50

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жақсыбекова Д.К.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқаратын, адамның әлем, жер және табиғат туралы көзқарасын, таным көкжиегін кеңейтіп, тұлғаны жан-жақты қалыптастыратын – туризм, бүгінде көптеген елдердің экономикасының өсіп-өркендеуіне үлес қосып келеді. Туризм қандай елдің болмасын экономикасын, мәдени саясатын дамытуда маңызды мәнге ие болып отырған күрделі де көпжақты құбылыс болып табылады. Оның еншісіне біздің планетамыздың ішкі өнімінің он проценті тиеселі. Сондықтан туризмді экономиканың бір саласы ретінде дамыту қоғамдық санаға түбегейлі өзгерістер енгізуді көздейді.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгелі туризм саласының дамуына үлкен үлес қосып, жаңа перспективалық жолдар ашылуда. Қазіргі таңда, туристік сала елімізде қалыптасу жолында. Туризм қарым-қатынастың тұрақтануына, мемлекеттің мәдени, тарихи, табиғи потенциялын сақтап, дамытуға үлкен ықпал етеді.

Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған туризм саласы тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік аймаққа айналуын мүмкіндігін терең ұғынуға болады. Себебі, әр аймақтың өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт-дәстүрі бар. Яғни басқаша айтқада «аймақ туризмін» немесе «туған өлке туризмін» қалыптастыруға мемлекет мығым әлеуетке ие.

Туризмнің ең маңызды өлшемдеріне келер болсақ, ол танысу, үйрену жолында қалыптасып отырған туризм деуге болады. Себебі, туризмнің дамыған жерінде сол ел мен жердің мәдениетімен, салт-дәстүрімен шетелдік немесе жергілікті туристер танысып кетеді. ұлттық сана-сезіміңді, мәдениетіңді насихаттауға жол ашады. Халықаралық татуластыққа, тарихи фактілер мен шындықтарға үңіліп, ұлттық құндылықтарға және мәдени қарым-қатынастардың нығаюына алып келеді. Себебі, өркениеттердің сұхбатына және халықтардың бір қатар өмір сүруіне қосылатын негізгі үлестердің бірі тарихи тәжірбие екені даусыз. Бұл туризмнің экономикалық қаржы табыстардан тыс бір мәселе.

-----ұлттық байлықтарымызды дұрыс қорғап, еліміздегі ішкі туризмді жан-жақты дамыту үшін, халықтың туристік өмір салтын қалыптастыру үшін туристік-өлкетануды мектеп қабырғасынан бастау қажет. Туризм көбінесе жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, салауатты өмір салтының қалыптасуына үлес қосады, яғни ұлттың дамуына тікелей ықпал етеді. Мектеп оқушылары туристік-өлкетану арқылы өз өлкесін танып білуге, оны қастерлеуге тәрбиеленеді және өз өлкесі арқылы бүкіл республикамызды туризмі дамыған аймаққа айналдыруға мүмкіндік алады. Туристік-өлкетану жұмыстарының ғылыми-практикалық маңызы күн санап өсіп келеді. Педагогика мен методикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған туристік-өлкетану жұмыстары оқушыларға білім мен тәрбие беруде жетекші орын алады.

Қандай да болмасын аймақтың жергілікті, ұлттық дәстүрлерін сақтайтын, өз еліне сүйіспеншілікпен қарайтын адамдарды және олардың елі мен жеріне еткен қажырлы еңбегі, сол жердің табиғаты, яғни жануарлар және өсімдіктер әлемі, жергілікті жердің сәулет, ұлттық кәсіп, ауыз және жазба әдебиеті өнерінің көркем

туындылары, музыкалық, бейнелеу өнері, онда өткен тарихи оқиғалар жөнінде білім беруге мүмкіндік беретін өлкетану материалдары мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру құралдарының ішінде өзіндік басылымдылыққа ие. Нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиеті, география, биология, химия және тарих оқу пәндері бойынша оқушылардың білімін жүйелеп, тиянақтауға мүмкіндік туады. Бұл туристік-өлкетану материалдарының, оларды меңгеру нәтижелері ретінде қарастырылатын туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің мектепте берілетін білім сапасын арттырудағы мүмкіндіктерін айғақтайды.

Туристік-өлкетану біліктерді қалыптастыруды көздейтін оқыту үдерісі мақсатты, ұйымдастырушылық-басқарушылық, мазмұндық және оқу-іс-әрекеттік элементтерді қамтиды. Оқу материалдарындағы туристік-өлкетану элементтері көп жағдайда мектептік географиялық білім мазмұнына қатысты болғандықтан оқушыны тұлға ретінде дамытуға бағытталған. ұйымдастырушылық-басқарушылық тұрғыдан алғанда туристік-өлкетану мазмұнындағы оқу материалдары географиялық білім мазмұнында үздіксіз қарастырылады, ал туристік-өлкетану біліктерін қалыптастыру базистік оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқушы компонентіндегі таңдау курстары арқылы төменгі және жоғарғы сыныптарда, ал жоғары сыныптарға арналған базистік оқу жоспарының мектеп компонентінде берілетін қолданбалы курстар арқылы тек жоғарғы сыныптарда, яғни 10-11сыныптарда жүзеге асыруға болады.

Мазмұндық элементтер аймақтың мәдени-әлеуметтік, табиғат ерекшеліктерін қамтиды және оқушылардың жас ерекшеліктеріне, білім мен тәрбие берудің ұстанымдарына сәйкес білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, қоршаған дүние туралы білімді интеграциялау негізінде құрастырылады. Мектепте берілетін географиялық білім мазмұнының туристік-өлкетану компоненті мектеп орналасқан елді-мекеннің табиғатын, ондағы табиғи байлықтарды (әсіресе, жануарлар мен өсімдіктер әлемін), сол жердің мәдени орталықтарын (көне ескерткіштері, демалыс орындары және т.б.), тарихын танып-білудегі оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталады.

Туристік тәрбие үдерісі оқу бағдарламасы көлеміндегі және бағдарламадан тыс құрлымды қамтиды. Оқу бағдарламасы көлемі туристік-өлкетану оқу материалдарын оқып-үйрену міндеттері мен оның мазмұнын сипаттайды, ал бағдарламадан тыс туристік-өлкетану материалдарының көлемі мектептің оқу-тәрбие жоспары арқылы анықталады. Оқу бағдарламасы көлеміндегі туристік-өлкетану оқу және оқудан тыс жұмыстардан тұрады және оған барлық сынып оқушылары қатыстырылады. Мысалы, мектеп алаңындағы практикалық жұмыс немесе оқу топ серуендерін ұйымдастыру кездерінде атқарылатын тәжірбиелік жұмыстар болуы мүмкін. Бағдарламадан тыс туристік-өлкетану оқу іс-әрекеттерінде оқушылар өз еріктерімен қатысады, оған өз өлкелерінде туристік жорықтар, мектеп экспедициялары және т.б. жатады.

Бағдарламадан тыс туристік-өлкетану оқу іс-әрекеттеріндегі негізгі мәселе өз өлкесін оқып үйренуге оқушыларды қызықтыра білу. Оқушыларды қызықтырудың түрлі тәсілдері бар. Оларға қысқаша шолу жасайтын болсақ:

1. өз өлкесін оқып-үйренуге қызықтыруды күнделікті сабақтан да бастауға болады. Барлық сыныптың оқу бағдарламасы сабақты туристік-өлкетану материалдарын байланыстырып өтуді талап етеді. Кез келген ауданның (тіпті алыста жатқан шетелдік аудан болса да) табиғатының жеке компоненттеріне, сол сияқты шаруашылығының жеке салаларына сипаттама бере отырып, оны сол мектеп орналасқан жердің табиғатымен, шаруашылығының жеке түрлерімен салыстыруға болады. Яғни салыстыру немесе байланыстыру арқылы жүзеге асырылады.

2. Әр сыныптың бағдарламасы талап ететін экскурсияда туристік-өлкетануды ұйымдастыруға негіз бола алады. Қандай да бір экскурсия өткізу үшін оған жан-жақты дайындық қажет. Жақсы өткізілген экскурсия оқушыларды қызықтырады, олар экскурсия кезінде көп білуге, мәселені өздері шешуге әрекеттенеді. Осындай экскурсиялардан кейін оқушыларға өздері тұрған жерде де қызықты объектілердің барлығын, оларды зерттеп, оқып үйрену керек екендігін түсіндіру керек. Ал ондай объектілерге жиі экскурсия жасауға бағдарламада көрсетілген сағаттың жетпейті, сондықтан сабақтан тыс уақытта экскурсияға шығып отырса, бұлда туристік-өлкетануға жақсы бастама болады.

3. Жас жеткіншектердің байқаушылық, танымдық қабілеттерін арттыруда да туристік-өлкетану жұмыстары басты орын алады. Мысалы, экскурсияға шыққанда әр түрлі табиғи құбылыстардың болатындығын анық байқауға болады немесе табиғатқа сыртқы күштердің әсері мен адам баласының еңбегі нәтижесінде болған өзгерістерді байқауға болады, солар арқылы олардың сырын ашудың өзі оқушылардың білімін дамытып жоғарыда аталған қабілеттерін ашуға көмектеседі.

4. Сабақта немесе туристік-өлкетану жорықтарында болсын оқушыларға атақты саяхатшылардың экспедициясы, еңбектерінің құндылығы, олардың өмірі туралы қызықтыра айтылған әңгіме жастарды өзінің туған өлкесін терең танып-білуіне жол ашады.

5. Егер мектепке жақын жерлерге ғылыми-зерттеу мекемелері, әр түрлі экспедициялар болса, солармен байланыс жасай отырып, сол мекемелердің жұмысымен оқушыларды таныстырса, ол да оқушылардың қызығушылықтарын арттырудың бір түрі. Оқушылар өз шамасына қарай сондай жұмыстар жүргізуге ынталанатын болады.

6. Викториналық сұрақтар қою, олимпияда ұйымдастыру немесе басқада әдістер арқылы оқушыларға туған өлкелерінің ерекшеліктерін білуге қызықтыру.

Мектеп оқушыларының өздерінің тұрған жерін зерттеп, оған берген сипаттама жұмыстары ғылыми мекемелер үшін өте бағалы, олар мектептегі туристік-өлкетану материалдарын негізге алуы да мүмкін. Сонымен қатар сол мекемелер мектеп оқушыларына туристік-өлкетану жұмысын тереңдете түсуге, оны ғылыми негізде жүргізуге бағыт береді.

Туристік-өлкетанудың ғылыми бағытта болып, жақсы нәтижие беруі үшін оның мүшелері саналы түрде еңбек ету керек, саналы еңбек қызығудан және дағды алудан келіп шығады. Олай болса, туристік-өлкетанудың алғашқы күндерінен жұмыстың қарапайым түрлерін жүргізуден бастап-ақ оқушыларды дұрыс байқай білуге, материалдарды жинай және іріктеп ала білуге дағдыландыру қажет.

Осы айтылғандардан туристік-өлкетануға байланысты жүргізілетін жұмыстардың да, оларды жүзеге асыруға пайдаланылатын әдістердің де әр жақты екендігін көруге болады. Мұндай жергілікті жерді жан-жақты зерттеу жұмыстарын бір-екі жылда аяқтап шығу мүмкін емес, ол бірнеше жылға созылып, жыл сайын толықтырылып отырылады.

Туристік-өлкетануды жеке сынып бойынша да жүргізуге болады. Мысалы, оқу бағдарламасы бесінші сынып оқушыларының жыл бойы географиялық алаңда ауа райына бақылау жүргізіп отыруларын талап етеді. Сондықтанда туристік-өлкетануды осы бағдарламамен ұштастыру керек. Оқушылар бағдарламаның талабына сай күн сайын бақылау жүргізіп, оның қортындысын шығарып отырады. Одан соң әр айдың, маусымында, жылдың қортындысы шығарылады. Ал жоғарғы сынып оқушылары сол жердің халқы мен шаруашылығына байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Яғни бастауыш сыныптан басталатын туристік-өлкетану жұмыстары әр жыл сайын күрделеніп отырылады. Жүйелі түрде

ұйымдастырылған бақылау жұмыстары өлке жайлы нақтылы мағлұмат алуға мүмкіндіктер береді.

Туристік-өлкетануға байланысты жүргізілген жұмыс түрінің қандай болмасын, оны ақырына дейін жеткізіп, қорытындысын шығарып отыру қажет. Сонымен қатар сол қорытындыны талдау және жұртшылыққа жеткізіп отыру керек. өлкетанушылардың белгілі бір объектіні барып көруі, оны зерттеуі, әдебиеттерді оқуы немесе мамандармен әңгімелесуі жұмыстың бастамасығана. Жиналған мәліметтер арқылы сол жердің планын түсіріп, схема, диаграмма тағы басқада жұмыстарды жүргізуге болады.

Мектеп оқу бағдарламаларын туристік-өлкетану негізінде құру арқылы оқушылардың өз бетінше табиғи объектілерге бақылау жасау табиғи және шаруашылық объектілеріне саяхат жасау, олардың практикалық және өз бетінше жұмыс жүргізе алу белсенділіктерін арттыруға болады.

Мектепте туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру бірқатар педгогикалық ұстанымдарға негізделеді:

1. Туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудағы кешенділік тәсіл ұстанымы жергілікті жердің тарихын, табиғатын, шаруашылығы мен оның даму болашағын, этнографиясын, әдебиеті мен мәдениетін жан-жақты оқып үйренуді қамтиды. өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда кешенді тәсілді қолдану Н.Н.Баранский, А.А.Половинкиннің еңбектерінде қарастырылған.
2. Жүйелілік және үздіксіздік ұстанымы туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда белгілі-бір нәтижеге жетуге ықпал етеді. Ол оқушылардың туристік-өлкетану білімдерін кеңейтіп, тереңдетуге бағытталған.
3. Іздену-зерттеушілік ұстанымы туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда оқушылардың қарпайым ғылыми-зерттеу әдістерімен қаруланuына жағдай жасайды, сонымен қатар олардың өз бетінше білім алу біліктерімен дағдыларын қалыптастырады, танымдық белсенділіктерін арттырып, шығармашылық іс-әрекеттерін дамытады.
4. Мамандыққа бағдарлану ұстынымы, мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Туристік-өлкетану жұмыстары арқылы оқушылар көптеген кәсіби еңбек пен мамандықтармен танысып, олардың болашақ мамандықты таңдауларына бағдар береді.

Осы айтылғандардан туристік-өлкетанудың зор ғылыми-практикалық маңызы бар екендігі, сонымен қатар оны жүзеге асырудың өте күрделі екендігі, көрінеді. Олай болса шын мағынасындағы туристік-өлкетануды ұйымдастыру үшін оған бүкіл мектептің, мекемелердің көмегі керек. Туристік-өлкетану мектептің оқу бағдарламасының жұмыс жоспарынан негізгі орын алуы тиіс. Мұны өмірдің өзі талап етіп отыр.

Жоғарыда айтылған бағытта оқушылармен біріге отырып, зерттеу жұмысын жүргізу күрделі жұмыс. Бірақ осындай жұмыстар жүргізу арқылы, ғылыми дағды, пәнді жақсы меңгеру, оқыту, соған байланысты туристік-өлкетану бағытында мақалалар, кітаптар жазып ғылымға үлес қосуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жортанов С. өлкетану және қоғамдық пайдалы еңбек. А.1968.
2. Жақсыбекова Д.К. // Білім әлемінде. №6. 2009.
3. Строев К.Ф. Креведение. М.1974.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқушылардың туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. Туристік-өлкетану жұмыстарын әртүрлі пәндерді оқытуда пайдалану жолдры қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены туристско-краеведческие умения как результат туристско-краеведческой деятельности учащихся, которые дают возможность интегрировать знания по разным учебным предметам.

УДК 33+338.9. Ж 17

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ И ПОВЫШЕНИЯ ЕЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ В НОВОЙ ДЕСЯТИЛЕТНЕЙ ПЕРСПЕКТИВЕ

Жунусов К.Г. – к.э.н., доцент, Жазыкбаева Б.М. – ст. преподаватель
(г. Алматы, КазгосженПУ)

В настоящее время экономика Казахстана получила новый импульс для своего дальнейшего развития. В стране принята новая десятилетняя стратегия развития Казахстана до 2020 года, которая разработана в рамках действующей Стратегии « Казахстана - 2030» чтобы ускорить ее реализацию.

Послание президента РК Н.А. Назарбаева в январе 2010года К народу Казахстана «Новые десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана» предназначено для реализации Стратегии развития Казахстана до 2020г. Перед данной Стратегией был принятый стратегический план до 2010года, над выполнением которого трудилась вся страна и была достигнута довольно высокие результаты так, например, объем ВВП был удвоен, причем это был обеспечен не за десять лет, а восьем лет по сравнению с 2000года и составил к концу десятилетия 15,3 триллион тенге. В 2009 году рост экономически страны по этому показателю несмотря на мировой финансовый кризис составил 1,1% а в промышленности -1,7%. Если посчитать долю одного процента в абсолютной сумме, то она составит 155 млрд тенге. Это огромнная сумма, которая позволила правительству 1 января текущего года повысить пенсии пенсионоров на 25% и передвинуть повышения зарплаты работников госслужбы на 25% с 1 июля на 1 апреля. В целом за десятилетний период среднемесячная зарплата рабочих и служащих выросла в 5 раз, а средний размер пенсии в 3 раза. Такие достижения по реализацию стратегического плана -2010 не предел для нашей страны. Республика Казахстан росполагает огромным ресурсным и человеческим потенциалом, рациональное использование которого позволить добиться еще больших успехов в развитии экономики, значительно поднять жизненный уровень населения.

Намеченные мероприятия в стратегическом плане до 2020года при успешном выполнении приблизить нашу страну к позиции мировых лидеров, не говоря о том, что будем находиться в числе 50- ти конкурентноспособных стран мира. В соответствии с этим планам в стране произоидут крупно масштабные преобразования, направленные на дальнейшее развитие, повышение ее конкурентноспособности на основе ускоренной диверсификации.

Как отметил Президент РК в своем Послании, что правительством разработана государственная программа форсированного индустриально-инновационного развития и детальная карта индустрилизации страны.

На основе этой программы в стране планируется реализовать 162 проекта с общим объемам инвестиции в 6,5 трилионна тенге, что составляет более 40% от ВВП страны. Это значит, что в будущем на такую сумму дополнительно будет создоватся продукция. К тому же в экономике кроется большой резерв

нарашивания общего объема производимой ВВП. Это связано с показателем производителности труда, ее уровнем, что значительно ниже, чем развитых странах рыночной экономики. Поэтому в Послании главы государства указоно, что необходимо повышать производительность труда каждого работника вооружая его труд современной техниткой, внедряя в производство инновации и инновационных технологий. В связи с этим Казахстану на новам этапе своего развития следует обратить основное внимание на использование в производстве промышленной и сельскохозяйственной продукции любые новые изменения в товарах и оказываемых услуг, в технике и технологии изготовления продукции и в условиях ее реализации. Любые новые новшества, заимствованные из-за рубежа, при правильном использовании могут дать возможность отечественным производителям обеспечить свою платежеспособность, финансовую устоичивость и конкурентные позиции на мировом рынке, где ведется жестокая, но достаточно цивилизованная и эффективная конкурентная борьба. Здесь важно подчеркнуть, что конкуренция в рыночной среде является стимулом роста и развития производства, на практике она проявляется в энтузиазме конкурента к обновлению, поиске, выборе продвижении к цели, получении знаний сильных и слабых сторон соперников и даже умении подбирать партнеров по бизнесу. Эти сущностные черты конкуренции, присуще равной степении всем видам конкуренции, как на уровне предприятий, отрасли, региона, так и национальной экономики в целом. Состав и число факторов, оказывающих влияние на их конкурентоспособность могут отличаться, имея разную степень воздействия.

На уровне конкурентоспособности экономики страны основными факторами ее обеспечения являются: внутрениймакроэкономический потенциал; наличие нововведений; степень участия в международном разделением труда, торговле и потоке инвестиции; качество и эффективность финансовой системы; состояние инфраструктуры; квалификация трудовых ресурсов; социально-экономическая и внутриполитическая ситуация в стране. Все эти факторы при установлении конкурентных преимуществ экономики должны учитватся и даже при выборе способов их достижения: либо более низкими издержками, способствующими получению высокой прибыли, либо дифференциацией товаров, обеспечивающей запросы покупателей относительно их качество и после продажного обслуживания. Независимо от выбора одного из этих двух способов важно концентрировать ресурсы для упреждения действий зарубежных конкурентов, удерживания инициативы в конкурентной борьбе, обеспечить достаточно полным ресурсным потенциалом предпринимаемых мер для достижения поставленной цели и разработать гибкую систему планирования рыночной деятельности путем обоснования эффективной стратегии взоимодействия с зарубежными соперниками как внутри страны, так и за пределами.

Поскольку конкурентоспособность экономики страны имеет слагаемый уровень, то в ее повышении болшую роль играет налаживание производства конкурентоспособный продукции, которая способно по своим ценовым и качественным параметрам конкурировать с зарубежными аналогами-товарами. Товар как известно становится крнкурентоспособным, если он соответствует требованием рынка имеет совокупную характеристику, в которой отражается его отличие от товараконкурента как по степени соответствия конкретной общественной потребности, так и по затратам на ее удовлетворение. Иначе говоря, качественные стоимостные характеристики конкурентной продукции должны быть на уровне не ниже требований потребителей. По этому конечной целью производителя является получение конкурентоспособного товара и формирование его необходимых свойств происходит, конечно в процессе производства. Здесь на уровень конкурентоспособности производимой продукции

(товаров, услуг) важнейшее воздействие оказывают научно-технический уровень и степень совершенства технологии производства, использование новейших изобретений и открытий, внедрение современных средств комплексной механизации и автоматизации производственных процессов. Важное значение при этом имеет кластеры, которые позволяют контролировать. Всю цепочку выпуска продукции, начиная от организации производства и заканчивая проблемой реализации произведенной продукции. Создаваемые в городах Курчатове, Приозерске, Степногорске, и поселке Алатау близ города Алматы промышленные кластеры и технопарки имеют хорошую перспективу для решения стоящей задачи перед страной этапе его развития. Опираясь на эти новые структурные формирования Казахстан должен постепенно выходит на мировой рынок с товарами и услугами приоритетных отраслей, какими являются нефтегазовое машиностроение, пищевая-текстильная и химическая промышленность, агропромышленный комплекс, туристическая деятельность, транспортно-логистические услуги, металлургия и строительные материалы. Но для этого нужно сконцентрировать основные усилия и средства на развитии этих отраслей, создавая производство, связанное в первую очередь с глубокой переработкой сырья и материалов, и благоприятные условия развития производственный инфраструктуры и информационных технологий.

В целях развертывания этой работы в стране создается инфраструктура индустриально-инновационнного развития для осуществления технологического прорыва по ряду направлений инновационного развития. Освоение инноваций отечественными товаропроизводителями приносит им определенный эффект от освоения инновации в виде дополнительного выхода продукции, сокращения затрат на единицу этой продукции и получения дополнительного дохода. Однако этот доход часто непокрывает произведенные затраты товаропроизводителями на создание и освоение инновации, в том числе наукоемкой продукции. Они больше всего предпочитают осуществлять быстроокупаемые, менее рискованные и недорогие мероприятия, вместо нововведения, которые дают более значительный, но отдаленный по времени эффект. Это нередко служит причиной их невосприимчивости к результатам научных исследований, что подрывает возможности НТП. Поэтому развитие НТП должно финансироваться преимущественно из государственного бюджета, хотя бы в посткризисный период пока не будет активизировано инвестиционная деятельность предприятий, направленная на инновационно-технологическое развитие их с помощью формируемых кластеров. Разработка и внедрение кластерной технологии в процесс развития выше указанных приоритетных отраслей ускорит осуществление инновационно-технологических преобразований в этих отраслях, чтобы они стали в обозримой перспективе конкурентными преимуществами Казахстана совместно с добывающей промышленностью, которая сейчас в единственном числе обладает ею, занимая порядка 90% всего экспорта страны. В условиях дефицита собственных денежных средств, а также недостаточной государственной поддержки перерабатывающие предприятия вынуждены значительную часть ресурсов использовать на финансирование текущих нужд действующего производства и в редких случаях – на освоение новых технологий и наукоемкой конкурентоспособной продукции. В связи с этим для проведения активной инновационной политики, нужно принять неординарные меры, включающие в себя совершенствование системы государственных инвестиций, кредитной и налоговой политики, а также внебюджетного финансирования. Нужно привлекать в обрабатывающую промышленность также зарубежных инвестиций в форме государственных заимствований, но чтобы не обременять этими инвестициями внешний долг

республики, их следует получать в виде прямых инвестиций под ценные бумаги, как кредиты, лизинговые и т.д. При этом основной акцент в политике привлечения зарубежных капиталовложений должен быть сделан на привлечение частных инвестиций, которые отличие от кредитов и займов не отягощают внешний долг государства, поскольку они вкладываются непосредственно в производство товаров и услуг, в техническое обновление производства. С их помощью может быть обеспеченно более быстрое и эффективное вхождение в зарубежные рынки с конкурентоспособной продукцией. Но в какой бы форме непривлекались иностранные инвестиции в обрабатывающую промышленность необходимо создать в стране блогоприятные условия для их исползования, устранив при этом существующих факторов, препятствующих притоку этих инвестиции и негативно влияющих на инвестиционный климат нашей страны.

На новом этапе развития экономики темпы роста добывающей промышленности, особенно таких ее отраслей, как нефтегазовая и горнометаллургическая, должны сохранится, поскольку она остается еще как основа экономики страны на ближайший период. Но при этом внутри сырьевого сектора следует продолжать проведение диверсификации, чтобы увеличить продукцию не только первых пределов, но и последующих переделов на пути к выпуску готовой конечной продукции.

ЛИТЕРАТУРА

1. «Новое десятилетие-новый экономический подъем-новые возможности Казахстана» Послание Президента Республики Казахстан к народу Казахстана от 30 января 2010г.
2. Потер Майкл. Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей и конкурентов / пер.с англ.-М:Альпена Бизнес Букс, 2005.
3. Н.А. Назарбаев «Казахстанский путь». Астана, 2007.
4. Статистический сборник: Социально-экономическое развитие Республики Казахстан в 2008г. Агентство Республики Казахстан по статистике. Алматы, 2009.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы развития экономики страны и повышение ее конкурентоспособности в свете Послании Президента РК к народу Казахстана /от 30 января 2010г./.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың Казақстан халқына 30 қаңтарда жолдаған Жолдаудың негізінде елдің экономикасының дамуы мен оның бәсекелестік қабілетін арттыру мәселелері қарастырылған.

УДК 338.409.11

МАШИНОСТРОИТЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ – КАК ГЛАВНЫЙ ИСТОЧНИК УКРЕПЛЕНИЯ МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ БАЗЫ АПК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Заманбеков Ш.З.- к.э.н., доцент, Акимбаева К.Т. – старший преподаватель
(г. Алматы, КазгосженПУ)

Агропромышленный комплекс Казахстана обладает огромным потенциалом иявляется наиболее крупной составной частью единого народнохозяйственного комплекса страны.

В условиях централизованной экономики, благодаря мощной государственной поддержке в 1986-1990 гг. удельный вес сельскохозяйственной продукции в общем объеме валового внутреннего продукта Казахстана достиг 34,7%.

Среднегодовой объем производства зерна составил в эти годы 26,4 млн. тонн, мясо - 1,5 млн. тонн в убойном весе, молока - 5,3 млн. тонн, шерсти - 107 тыс. тонн в физическом весе, яиц – 4,1 млрд. штук.

До распада СССР в Казахстане было 2529 крупных сельскохозяйственных формирований, представленных в виде колхозов, совхозов и др., было 6,9 млн. голов крупного рогатого скота, 30 млн. голов овец и коз, 1,1 млн. лошадей, 2,6 млн. голов свиней, 39,9 млн. птиц. Кроме того, существенным производственным потенциалом располагали личные подсобные хозяйства.

В 1991 году в Казахстане насчитывалось 207,3 тыс. тракторов всех модификаций, 119,5 тыс. грузовых автомобилей, 87 тыс. зерноуборочных комбайнов, а к 2000 году их количество составило – 118,6 тыс. тракторов, 55,8 тыс. грузовых автомобилей и 40,1 тыс. зерноуборочных комбайнов, т.е. уменьшилось соответственно на 43, 54 и 55%.

На конец 1998 года на базе бывших колхозов, совхозов и др. образовались около84 тыс. сельскохозяйственных формирований, основанных на частной собственности.

Абсолютное большинство таких хозяйств быстро растеряло свои основные и оборотные средства, за бесценок продали принадлежащие им акций перерабатывающих, обслуживающих организаций, что не позволило реализовать идею участия сельских товаропроизводителей и процесс управления ими.

Многие разрозненные мелкие крестьянские, фермерские хозяйства из-за отсутствия действенных экономических рычагов, способных их объединению технологически и организационно, продолжает работать в одиночку, выпуская неконкурентоспособную продукцию.

Если в 1991 году удельный вес прибыльных хозяйств составил 96,4%, а убыточный –3,6%, то в 2000 году эти показатели составили соответственно 23,4% и 72,4%. Доля аграрного сектора в ВВП снизилась до 9% в 2000 г.

Как мы знаем, что всю систему АПК можно разделить на три функциональные сферы:

1-ая сфера: производство средств производства;

2-ая сфера: сельскохозяйственное производство и рыболовство;

3-я сфера: переработка сельскохозяйственной продукции.

Развитие отрасли первой сферы определяет уровень технического развития и интенсификации производства в АПК. В состав первой сферы входят:

1.тракторное и сельскохозяйственное машиностроение;

2.машиностроение для животноводства и кормопроизводства;

3.машиностроение для легкой и пищевой промышленности;

4.микробиологическое и комбикормовое производство;

5.производство мелиоративной техники и др.

Самая крупная диспропорция в системе АПК Республики Казахстан – отставание в развитии первой сферы, обеспечивающей средствами производства, технологическим оборудованием, средствами механизации и другими средствами труда все остальные отрасли АПК.

В настоящее время по причине неплатежеспособности сельского хозяйства из-за спада производства, идет резкое сокращение потребности продукции предприятий отраслей машиностроения обслуживающих АПК.

В земледелия из-за несоблюдения технологии производства и агротехнических приемов продолжает усиливаться его зависимость от погодных условий, снижается плодородие почвы. Физическая и моральная изношенность технического парка, резкое снижение энерговооруженности хозяйство не позволяет обрабатывать в полном объеме плодородные земли.

В животноводстве допущено резкое снижение численности всех видов скота и соответственно сократились объемы производства продукции. Прекратили свое существование крупные животноводческие комплексы, более половины птицефабрик не работают.

В условиях обострившегося кризиса и в связи с переходом к рынку важно правильно определить приоритетные направления развития АПК республики на ближайшее пятилетие. Рыночные отношения требуют более рационального использования природно-климатического, трудового, производственного потенциала. Выпуску продукции АПК должен быть выгоден для всех товаропроизводителей, новых собственников средств производства и продукта. Для этого необходимо глубокий объективный анализ сложившейся структуры АПК и кардинальные изменения и повышения эффективности использования существующего потенциала на основании организации реальных мероприятий.

Вся сложившая ситуация требует максимально использовать потенциал сельскохозяйственного производства для обеспечения продовольственной безопасности страны, увеличения экспорта сельскохозяйственной продукции и на этой основе повышения занятости населения, оживления деятельности смешанных отраслей АПК.

В целом для устранения сложившихся диспропорций в АПК следует существенно изменить инвестиционную политику, отдать приоритет преодолению «узких мест» в развитии отраслей машиностроительного подкомплекса АПК. Это можно осуществить увеличении быстрыми темпами технических средств производства, и на этой основе мощностей предприятий перерабатывающих отраслей АПК.

Инвестиционная политика в АПК должна исходить, во-первых, из стратегических целей и задач развития комплекса в условиях перехода на рыночные отношения и, во-вторых, учитывать сложившуюся его структуру в целом и отраслей машиностроения обеспечивающих сельское хозяйство и перерабатывающие отрасли средствами производства, т.е. инвестиционная политика должна быть ориентирована на коренное техническое перевооружение предприятий машиностроения. Ухудшение экономического и финансового состояния сельского хозяйства привело к резкому снижению его энерговооруженности. Начиная с 1994 года в сельское хозяйство практически не поставлялась новая техника. Незначительное количество техники, завозимой отдельными коммерческими и посредническими структурами, не оказали существенного влияния на состояние технической оснащенности сельскохозяйственных формирований. Реформирование обслуживающих

отраслей АПК в значительной мере отстало от проводимых реформ в сельском хозяйстве.

Сокращение количества техники, ее физическая и моральная изношенность в настоящее время выступают одним из главных факторов снижения объемов производства в сельском хозяйстве. Разделение бывших крупных колхозов и совхозов на мелки хозяйствующие субъекты, крестьянские и фермерские хозяйства привели и к разделу техники, прекращению деятельности машинно-тракторных мастерских хозяйств.

Нерациональная структура реального сектора экономики, высокая зависимость республики от ввоза сложной продукции производственного назначения ухудшило положение обслуживающих отраслей АПК, особенно машиностроения.

Основной причиной сложившегося положения явилось несовершенство межотраслевого экономического взаимоотношения и нарушение эквивалентности обмена сельхозпродукцией и поставляемыми ресурсами в АПК. При приватизации хозяйств, предприятий АПК по производству и переработке сельхозпродукции не были разработаны мероприятия по материально-техническому обеспечению и их производственно - технологическому обслуживанию. Замкнутость, обособленность многих хозяйств при проведении технической политики при обновлении привела к простою многих отечественных производителей машин.

Резкое уменьшение объемов поставок сельскохозяйственного сырья привело к простою абсолютного большинства предприятий смежных отраслей. Из-за неплатежеспособности сельского хозяйства во многом осталась невостребованной продукция предприятий сельскохозяйственного машиностроения, химической и других отраслей. В земледелии из-за несоблюдения технологии производства и агротехнических приемов продолжает усиливаться его зависимость от погодных условий, ускоренным темпом снижается плодородие почвы. В животноводстве допущено снижение численности всех видов скота.

В запущенном состоянии находится перерабатывающая промышленность и база хранения. На предприятиях этой отрасли растет удельный вес ручного труда, износ технологического оборудования здесь составляет более 50%. Диспропорции в развитии мощностей перерабатывающих предприятий и производства сельскохозяйственной продукции постоянно увеличиваются. Низкий уровень и нарастающие диспропорции в материально-технической базе производства, переработке и хранении продукции приводят к потерям 25-30% зерна, семян масличных культур.

Развитие предприятий и организаций АПК Республики Казахстан не всегда ровно и ритмично. Отдельные отрасли производства опережают в своем развитии другие, некоторые звенья отрасли АПК лучше оснащены техникой, более полно снабжаются другими средствами производства, а другие звенья могут отставать, из-за чего и возникает диспропорция. Все это требует необходимости постоянного контроля и выравнивания уровня технического, технологического и экономического развития отдельных сфер АПК.

В систему использования машин на сегодня ограничились поставки тракторов в 8 раз по сравнению с 1991 годом, из-за высоких цен на машиностроительную продукцию. Импортная сельхозпродукция и техника для АПК породила снижение спроса на отечественную сельхозпродукцию, уменьшила объем посевных площадей и механизированных работ. Происходит интенсивный физический износ и резкое увеличение объемов невосполняемого выбытия, растет моральное старение имеющийся техники.

Алматы, Астана, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей, өскемен және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін автоорталықтардан өзге қалаларға орталықтар ашу жоспарланып отыр. Аймақты автоорталықтарды жергілікті кәсіпкерлер иеленеді және олар бас компанияның франчайзинг жүйесі бойынша жұмыс істейді. ҚМК франчайзингтік пакет береді, оған тауар белгісі, сервисті және басшылықты пайдалану, автосалондар ғимараттарын экстерер және интерерлік ұсыным, тренингтер, орталық жұмысы мен бренд саясаты үшін әртүрлі консультативті қызметтер жиынтығы кіреді. Франчайзер франчайзерлік нұсқасын айқын орындауға, бренд саясатын бұзбауға, дилерлік желі автоорталықтарының халықаралық стандарттарына сай болуына франчайзерден автомобильдерді орталықтандырып сатып алуға міндетті болады. Дилерлерге автомобильдерді жеткізу франчайзер қоймасынан жүргізеді.

"Астана Моторс" ТМД территориясында автомобиль сату секторына франчайзинг жүйесін алғаш енгізгендердің бірі болып саналады.

Соңғы зәрттеулер сәйкес "Астана Моторс" брендінің құны 23 млн долларды құрайды. Байқалып тұрғандай, компания брендті капиталға айналдыруды өте сәтті өткізеді және франчайзинг брендтің материалдық емес құнын жоғарлатуда жақсы тірек болып қызмет етеді.

Франчайзинг Қазақстандық құраушы бизнеске сапалы кіреді, көптеген бірлестіктердің өсуі үшін міндетті атрибуты болып келуде. Процесс барысында франчайзингті түсіндіретін бірқатар мәліметтер пайда болды. Кәсіпкерлік пен қаржылық секторға қызығушылық арта түседі. Франчфйзингтік делдалдан тұратын бірқатар кәсіпорындар, қызметтер пайда болды, бұл сектордың пайдалылығының көрсеткіші болып табылады.

Франчайзингке мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетіледі. Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорында франчайзингті қаржыландыру бағдарламасы пайда болды (ШҚДҚ). Еліміздің көптеген аймақтарында франчайзинг туралы көптеген семинарлар өтті. Оларға деген сұраныс ұсыныстан артып кетті.

2005 жылдың 16 қарашада Алматы қаласында Қазақстан Республикасында алғаш «Франчайзинг в Казахстане 2005» атты көрме ұйымдастырылды. Оның басты ұмыдастырушысы ретінде «БИКО» баспа үй болды. Көрме «Бизнес үшін тауарлар мен қызметтер 2005» III көрме форумы шегінде өтті. Бұл көрменің мақсаты қазақстандық кәсіпкерлердің франчайзинг туралы білім деңгейін көтеруге, Қазақстанда жаңа экономикалық жүйе формаларын дамытуға ықпал жасау болды. Көрмеде қазақстандық және ресей франшизалары болды. Көрмеге көмек көрсетуге ҚР-ның индустрия мен сауда министрлігі, Қазақстандық Франчайзинг Ассоциациясы, Алматы қаласының әкімі, ҚР-ның кәсіпкерлер одағы және т.б. болды. Франчайзингті мемлекеттік қолдау шаралары кәсіпкерлікті дамыту көптеген бағдарламаларында жазылады.

2003-2007 уақыт ароалығында франчайзинг жүйесінің саны 2,5 есеге дейін өсті. Франчайзингтің орта жылдық айналымы тіпті 3 есеге дейін өсті. Франчайзинг кәсіпорындарымен арнайы құрылған жұмыс орындары өсті, сектор көріністері әр түрліленді.

Шамалап айтқанда, елде 120 шамасында франчайзингтік жүйе мен 1000 дай франчайз нүктелері қызмет жасап отыр. 2007 жылы жүйедегі жұмысшылар саны шамамен 14000 адамды құрайды. Елдің қоныстануының масштабындағы жетерліктей сенімді саны. Нарықтың анықсыздығына байланысты франчайзингтің жылдық айналымын анық, нақты бағалау өте қиын. Бірақ, франчайзинг секторындағы жыл сайынғы айналым шамамен 500 млн. доллар.

Қазақстандық франчайзинг статистикасы өте күшті. Экономиканың жылдам өсуі, елдің ЖІө-дегі шағын және орта бизнестің үлесінің ұлғаюы, бизнестің берілетін технологияларына сұраныстың ұлғаюына және тағы басқа бірқатар факторлар сектордың статистикалық мәліметтерінің көп сатылы ұлғаюы жақын арада білуге мүмкіндік береді.

Франчайзингтің елде дамуын тежейтін кейбір жағымсыз факторларға назар аудармауға болмайды.

Франчайзингтік секторға мемлекеттік жеңілдіктер мен преференциялардың жоқтығы;

Интеллектуалды жекеменшік қорғанысының жетіспеушілігі;

«Қол жетпес ақшаға» кәсіпкерлердің қол жеткізу мүмкіндіктерінің болмауы;

Отандық кәсіпкерліктің анықсыздығы;

Франчайзинг туралы ақпараттың әлсіздігі, кәсіпкерлік арақатынасының пайдалы формасы сияқты;

2000-2007 жылдар аралығындағы ақша массасы ағынының нәтижесінде жылжымайтын мүлікке бағаның ұшқыр инфляциялық өсімі. Жылжымайтын мүлік бағасының жоғарылығы франчайзинг нүктелерінің ашылуына өсім бермейді, бұл тұтастай франчайзингтің өсуі үшін өмірлік күресі болып табылады.

Елде қомақты ақша массасы жинақталды. Бірақ инвестициялау нысаны жоқ. Нақтырақ айтқанда отандық инвестицияларды өндіріс салаларын дамытуға тартылмауы.

Халыққа осы ресурстарды инвестициялаудың қайнар көзі ретінде пайдалануға нарық қорының жетілмеуі кедергі жасайды. Нәтижесінде, инвестициялар негізінен жылжымайтын мүлікке бағытталады, бұл инфляцияны итермелейді.

Қазақстанда әліде өнеркәсіп ақпараттылығының деңгейі төмен, слабая вовлеченность негативного населения в предпринимательскую активность. Кәсіпкерліктегі халықтың жұмысбастылығы әлемдік статистикамен салыстырғанда онша жоғары емес ("халықтың өзіндік жұмысбатылығы" ресми кәсіпкерлікке қатысы жоқ.) Бұл алғашқы кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын жетілдіру туралы айтады.

Қазақстан нарығында шетелдік франшизаның үлесі жоғары. Бірақ соңғы кездері отандық бірлестіктер қатары көбеюде, бұлар франчайзинг жүйесі арқылы белсенді өсіп келе жатыр. Франчайзингтің өсу жолында көршіміз Қытайдың рөлі өте жоғары, себебі олардың өнімдерінің өзіндік құны жағынан бізге бәсекелес болады, бұл даусыз. Бұндай жағдайда, қайталанбайтын, өзіндік ерекшелігі бар және сапалы қызметтер көрсете алатын кәсіпорындар ғана бәсекеге қабілетті бола алады.

Егер Қазақстандағы франчайзинг түрлерін қарастыратын болсақ, елде дистрибьюторлық сауда франчайзинг көптеп жеткізілген, осы уақытта батыс елдерінде дәстүрлі түрде іскерлік пішім үлесі сауда үлесінген жоғары.

Қазақстандағы франчайзингтің артықшылығы ол-сублицензиялық. Халықаралық франчайзерлер Қазақстанмен тікелей жұмыс істеуге әлі асықпайды. Тікелей классикалық қарым-қатынас өте аз: франчайзер-франчайзи. Халықаралық франчайзерлер Қазақстанда тек өздеренің ресейлік немесе түрік шеберфранчайзилері арқылы ғана жұмыс істегенді жөн көреді. (субфранчайзерлер), Қазақстандық кәсіпорындар өзінің кезегінде субфранчайзер ретінде болады (сублицензиаты). Мұндай жағдайдың себебі өте көп: мүмкін, Ресейлік және жергілікті тұтынушылардың бірдей тілдік салты (шетелдік франшиза бейімделуді қажет етпейді), нарықты өткізудің және халық тығыздығының жетіспеушілігі, жергілікті кәсіпкерлердің халықаралық франчайзинг нарығындағы белсенділігінің төмендігі және тағы басқалары.

Бірақ Қазақстан шетелдік франчайзерлер үшін Орта Азия нарығына шығатын есік болуы мүмкін. Бұл біздің отандық және шетелдік франчайзингті дамытуға мүмкіндігіміздің зор екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Франчайзинг в Казахстане. Алматы, 2007
2. Жерар Дельтей. Франчайзинг. Санкт-Петербург, 2003
3.Д.Н. Земляков, М.О. Макашев. Франчайзинг. Интегрированные формы организации бизнеса. Москва, 2003

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы франчайзингтің қазіргі жағдайы және оны дамыту мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрено состояние и проблема развития франчайзинга в настоящее время в Казахстане.

УДК 631.21 (274)

КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА: ОЦЕНКА И ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ

Калганбаев Н.А., к.э.н., доцент, Бакирова Б.А.- ст.преподаватель
(г. Алматы, КазгосженПУ)

Современный уровень развития мировой экономики, характеризующиеся всеобщей интеграцией и глобализацией, высоким уровнем технологичности и наукоемкости производства, привел к росту взаимозависимости национальных экономических систем, к их взаимному проникновению, стиранию границ национального рынка и как следствие к снижению уровня защищенности национального производителя. Также столь глубокий уровень интеграции и

взаимопереплетенности национальных хозяйств породили острую необходимость в создании такого уровня конкурентоспособности национальных производителей и экономики в целом, который бы отвечал требованиям мирового рынка. Конкурентоспособность национальной экономической системы в условиях современного мирового хозяйства - обязательное и единственное свойство, способствующее прогрессивному развитию и выживанию в условиях ужесточения конкуренции.

Актуальность проблемы оценки и повышения конкурентоспособности экономики Казахстана очевидна. Так Казахстан занимает 66 место среди 131 оцениваемых стран в рейтинге конкурентоспособности, что недостойно для страны такого уровня.

Глобальный индекс конкурентоспособности национальных экономических систем рассчитывается по 110 индикаторам, из них 32 рассчитываются по данным статистики, остальные по оценкам лидеров бизнеса. Из них выводятся 12 принципов, разделенные на три блока: базовые условия для бизнеса (вес в итоговом показателе 40%), эффективность (50%) и инновационные факторы (10%) /1/.

Индекс глобальной конкурентоспособности оценивается по семибальной шкале. Так, в опубликованном Всемирным экономическим форумом 8 октября 2009 года ежегодном отчете "The Global Competitiveness Report 2008-2009", Казахстану дана общая оценка конкурентоспособности за 2009 г. - 4,1 балла. Наиболее благоприятным для республики является раздел «Базовые требования» (4,3), особенно такие его показатели, как “Макроэкономическая стабильность” (4,9), а также “Здоровье и начальное образование” (5,3). Кроме того, положительную оценку получили «Факторы эффективности» (4,1), в том числе «Эффективность рынка труда” (5,0), “Высшее и профессиональное образование” (4,1), “Эффективность рынка товаров и услуг” (41,) и “Размер рынка” (4,1). Наиболее слабыми звеньями казахстанской экономики являются инновации (3,2), технологический уровень (3,2), развитие инфраструктуры (3,3), институтов (3,7), финансового рынка (3,8) и уровень конкурентоспособности компаний (3,8). Именно эти показатели определили снижение конкурентоспособности Казахстана по сравнению с предыдущим годом /2/.

В мировой практике существует 3 основных центра по изучению конкурентоспособности стран:

- Институт стратегии конкурентоспособности при Гарвардском университете (США)- изучает конкурентоспособность преимущественно в корпоративной плоскости;

- Всемирный экономический форум (ВЭФ) (в г.Женева);

- Международный институт развития и управления (г.Лозанна) под эгидой ВЭФ – свои исследования переводит в сферу более широкую - составляет рейтинги конкурентоспособности стран и регионов. При составлении рейтинга используется 2 типа данных:

- отчёты МВФ, Всемирного банка реконструкции и развития;

- обзорная информация из данных опроса ВЭФ, совместно действующего с рядом международных организаций.

В 2009 году индекс глобальной конкурентоспособности (GCI) был усовершенствован на основании тестирования и консультаций с ведущими экспертами. Так, например, 6-й принцип “Эффективность рынка” определяется по двум критериям: “эффективность товарного рынка” и “Эффективность рынка труда”. Введены 2 новых принципа, такие как, “Развитость финансового рынка” и “Размер рынка”. Таким образом, индекс 2008-2009 года составлен из 12 принципов конкурентоспособности, которые детально характеризуют

конкурентоспособность стран мира, находящихся на разных уровнях экономического развития.

В целом по итогам рейтинга, отражающего докризисное состояние экономики, Казахстан можно охарактеризовать как страну со стабильной макроэкономической ситуацией, довольно высоким человеческим потенциалом и относительно развитым потребительским рынком, но низким инфраструктурно-институциональным и инновационно-технологическим уровнем развития, а также недостаточно конкурентоспособным бизнесом.

Позитивные факторы конкурентоспособности:

- наличие богатого потенциала природных ресурсов;
- снижение процентной ставки;
- высокий творческий потенциал населения и т.д.

Факторы, препятствующие успешной реализации рыночных реформ в республике:

- наличие многочисленных торговых барьеров;
- коррупция;
- затруднение реализаций деловых проектов;
- недостаточный уровень квалификации местной рабочей силы, квалифицированный / образовательный уровень государственных служащих;
- показатели в области здравоохранения (детская смертность – 100 место);
- высокий рейтинг «утечки мозгов» из страны (69 место)

В Казахстане реализуется курс на улучшение конкурентоспособности национальной экономики, где главное место занимают задачи активизации внутренних инвестиционных ресурсов.

Во-первых, это добывающий сектор, в котором ведущее место занимает нефтегазовая промышленность. В глобальном отчёте конкурентоспособности подчёркивается, что рейтинг республики обусловлен высокими поступлениями в бюджет нефтяных доходов. Доля нефтегазового сектора в обеспечении роста ВВП Казахстана составляет 49,5 % (в 2001 году- 25,4%). В общем экспорте республики- 50%. Прогнозируется, что к 2015 году Казахстан войдёт в первую 10-ку нефтедобывающих стран. Разрабатывается порядка 80% месторождений углеводородного сырья. «КазМунайГаз» принимает активное участие в развитии морских операций по добыче нефти в казахстанском секторе Каспийского моря. Финансирование будет осуществляться в форме открытия невозобновляемой кредитной линии на сумму 35,6 млн. долларов США. Срок действия кредита – 10 лет.

Большое внимание уделено развитию металлургии. Речь идет о создание национальной горно-металлургической компании в составе национального фонда благосостояния (НФБ) «Самрук-Казына». А это значит эффективное развитие и повышение конкурентоспособности горно-металлургической отрасли. Это важно для обеспечения выхода на международный рынок с готовой продукцией, с высокой долей добавленной стоимости. Для Казахстана одним из приоритетных направлений развития в XXI веке является развитие редкометальной и редкоземельной отрасли цветной металлургии.

Во-вторых, опережающее инфраструктурное обеспечение. Конкурентоспособность экономики государства оценивается уровнем энергопотребления и степенью энергоёмкости производства. За последние 3 года объём потребляемого топлива в Японии и Франции увеличился на 1,5 %, в Дании при росте ВВП на 50%, суммированное энергопотребление в течение 20 лет остаётся почти на одном и том же уровне, в Германии снизился на 2%. В Казахстане энергоёмкость экономики в среднем в 3-5 раз выше, чем в развитых странах. Актуальным становится развитие и внедрение энергосберегающих и

экологически чистых технологий. По нашей стране установлено 18 ветроагрегатов для возможности обеспечения электроэнергией сельских районов.

Республика Казахстан обладает значительным потенциалом развития атомной энергетики. Имеется развитая урановая промышленность, производство топлива для атомных энергетических реакторов и другой урановой продукции, проводится широкий круг исследований в Национальном ядерном центре. Одно из стратегических направлений развития энергетики и экономики Казахстана - экспорт электроэнергии. Центральноазиатский регион с возможным включением в него третьих стран может стать весьма емким рынком электроэнергии, на который может экспортироваться в крупных размерах электроэнергия из Казахстана. Среди первоочередных задач по обеспечению экономики и населения электроэнергией Президентом было названо строительство Балхашской ТЭС.

В-третьих, Программа 30 корпоративных лидеров - её реализация способствует практическому развитию несырьевого сектора экономики.

Решение проблемы несырьевого сектора решит следующие задачи: занятость населения, расширение налоговой базы, развитие отечественных товаров. В условиях кризиса из 200 предложенных прорывных проектов, НФБ «Самрук-Казына» одобрено порядка 60-ти проектов.

В- четвёртых, огромный экспортный потенциал имеет и животноводческая отрасль. Объём валовой сельскохозяйственной продукции за последние 2 года увеличился в раза, а приток инвестиций в 2,5 раза. Благодаря государственным субсидиям по программе поддержания животноводства отмечается наращивание производства животноводческой продукции на 40-50%, объёмы субсидий в 2008 году возросли на 64%.

На перерабатывающих предприятиях внедряются системы менеджмента качества по ИСО. По сведениям журнала «Менеджмент качества» в Казахстане в настоящее время системы менеджмента внедрили 1400 организаций, из которых 115 по ИСО. Международная организация по стандартам 15 ноября 2009 года принят новый стандарт ИСО 9001:2009. Новый стандарт не вводит никаких новых требований, он лишь даёт разъяснение к уже существующим. Благодаря ИСО 9001:2009, другие мировые стандарты становятся более комплементарными друг к другу. Важно сосредоточить усилия на тех секторах сельского хозяйства, которые поставляют продукцию на экспорт, в частности, надо расширять экспортные каналы зерна через порты Каспийского и Черного морей и в направлении Китая.

Экономическому благосостоянию будет способствовать активная инвестиционная политика. По объёмам инвестиций Казахстан является наиболее привлекательной в Центральной Азии (80 млрд.долл. США). Снижение налоговой нагрузки на экономику, в частности, на сырьевой сектор окажет серьезное позитивное воздействие на уровень конкуренции. С этой целью возможно и целесообразно значительное снижение налоговых ставок: подоходного налога для физических лиц до 12-14%, социального налога до 10-12%, корпоративного до 20%,НДС до 12%. Во-первых: эта мера, повысит конкурентоспособность казахстанской экономики, во-вторых: высвободит часть доходов предпринимателей для инвестирования производства.

В свете последних событий на мировых финансовых рынках необходимо владение методами управления в кризисных ситуациях. Нарастание кризисных явлений в глобальной экономике требует соответствующей реакции. И очень важно правильно оценить природу и причины кризисных ситуаций, понять какие из них последствие и влияние мирового финансового кризиса, а какие - результат внутренних недоработок. По нашему мнению, то, что сегодня произошло в строительной отрасли, в большей мере, имеет внутреннюю природу - это

результат неквалифицированного финансового и производственного менеджмента, низкой ответственности при выполнении договорных обязательств, нецелевого использования финансовых ресурсов для спекулятивных операций с земельными участками и недвижимостью.

Необходим квалифицированный менеджмент в условиях кризиса. Например, из общего числа сертифицированных, наиболее компетентных и квалифицированных кризисных менеджеров 3867 работают в США, 318 - в Германии, 267 - в Японии, 187 - в Канаде, 74 - Китае, 18 - в Индии и т.д. В Европе начало действовать 18 проектных семинара по подготовке кризисных менеджеров и экспертов для различных секторов экономики.

Вхождение в ВТО для Казахстана влечет за собой создание благоприятных условий для экономического роста за счет осуществления внешней торговли и коренной перестройки внутренних условий производства товаров и услуг в соответствии с нормами, правилами, принятыми в этой организации. В ее рамках Казахстану посредством торговой политики предстоит решить основные задачи, такие как: осуществление разработанных действенных мер по стимулированию экспорта, в том числе за счет страхования рисков при реализации экспортных операций; формирование региональных интеграционных процессов в рамках ЕврАзЭС и СНГ; предупреждение международного казахстанского экспорта и многое другое.

Таким образом, устранение вышеуказанных недостатков и последовательное решение ряда отмеченных проблем на различных уровнях могут привести к повышению конкурентоспособности казахстанской экономики в ближайшем будущем.

ЛИТЕРАТУРА

1.Тулепбекова А.А., Биляшева М.Х. Использование рейтингов конкурентоспособности ВЭФ для выработки рекомендации в сфере экономической политики // Экономический вестник РосГУ, 2008 г., том 6, №2

2. Сабден О. Конкурентоспособность экономики Казахстана как фактор стабильного развития стран СНГ // www.ia-centr.ru

РЕЗЮМЕ

В статье дана оценка конкурентоспособности экономики Казахстана на основе исследований международных институтов. Проанализированы реализуемые меры и обоснованы пути повышения конкурентоспособности национальной экономики.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада халықаралық институттардың зерттеулері негізінде Қазақстан экономикасының бәсеке қабілеттілігіне баға берілген. Іске асырылып жатқан шаралар талданылып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жолдары негізделіп ұсынылған.

ӘОК 331.2 М 64

ЕҢБЕКАҚЫ ЕСЕБІНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

Модынова Г.К.- оқытушы,(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еңбекақы еңбек қызметін ынталандырудың ең маңызды құралы болып табылады. Мемлекет минималды еңбекақы мөлшерін белгілей отырып, кәсіпорындарда еңбекақыны ұйымдастыруға тікелей араласпай-ақ, оның деңгейі мен динамикасына қажетті түрде ықпал етеді.

Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңына, жеке және ұжымдық еңбек шартына сәйкес қызметтерге еңбегі үшін төлем төлеуге міндетті. /5/

Еңбекақы – істелінген жұмыстың нақты көлемі үшін сыйақы нысаны.

Бухгалтерлік есептің шоттары *аналитикалық* (талдамалы) және *синтетикалық* (жинақтамалы) болып бөлінеді. Шаруашылық қорларын немесе олардың көздерін жалпылама түрде көрсетуге арналған шоттар *жинақтамалы шоттар* деп аталады. Осындай шоттармен жүргізілетін есеп жинақтамалы есеп болып табылады. Жинақтамалы есептің ерекшелігі – ол тек ақшалай бірлікпен жүргізіледі және кәсіпорында бар материалдық құндылықтардың, берешектің сомасы қандай екендігін көрсетеді. Жинақтамалы шоттар бухгалтерлік балансты жасау үшін қажет. /2/ Алайда кәсіпорынды басқару және қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық ету үшін, бәсекелес кәсіпорындармен есеп айырысуды ұйымдастыру, нарықтық экономикада оның орнын бағалау үшін материалдарды жеткізушілердің әрқайсысы бойынша, әрбір сатып алу бойынша және т.с.с деректер болу қажет. Яғни фирманың қаржы-шаруашылық қызметінің барлық жақтарына тек ақшалай түрде ғана емес, сондай-ақ натуралды түрде де сипаттама беретін нақты, жеке мәліметтер талап етіледі.

Мүліктер мен олардың қорлану көздерінің жекелеген түрлерінің құрамдас бөліктерін есепке алуға арналған шоттар талдамалы шоттар, ал осы шоттардың көмегімен жүргізілетін есеп талдамалы есеп деп аталады. Бұл шоттарда есеп тек ақшалай өлшеуіштермен ғана емес, сондай-ақ натуралды өлшеуіштермен де жүргізіледі. Талдамалы шоттардағы ақпарат жинақтамалы шоттардағы мәліметтерге қарағанда неғұрлым толық болады. Оларда операцияның қысқаша мазмұны, құжаттың нөмірі және жедел басқаруға қажетті бірқатар басқа да деректер келтіріледі.

Субшоттар тиісті жинақтамалы шоттың шегінде талдамалы шоттарды аралық топтастыру болып табылады. Жинақтамалы шоттар I реттегі шоттар, субшоттар – II реттегі шоттар, талдамалы шоттар – III, IV және т.б. реттегі шоттар болып есептелінеді. Мұның өзі тиісті басқару шешімдерін әзірлеу, негіздеу және қабылдаумен байланысты, алға қойған мақсаттарға немесе кәсіпорынның нарықтағы жағдайын, ол өндіретін және сататын өнімдердің бәсекеге қабілеттігін анықтауға тәуелді.

Бухгалтерлік есептің жинақтамалы және талдамалы шоттары өзара байланысты, өйткені жинақтамалы шоттарда көрсетілген сол мүліктердің түрлері мен олардың қалыптасу көздері, шаруашылық операциялары талдамалы шоттарда көрініс табады, бірақ экономикалық топтарға бөлінген түрде көрсетіледі. Бұл түптеп келгенде, талдамалы шоттың деректері тиісті жинақтамалы шоттың жиынтық мәліметтеріне тең болуға тиіс:

Жинақтамалы шоттар сальдосы талдамалы шоттар сальдосына тең;

Жинақтамалы шоттар бойынша дебеттік айналым талдамалы айналым шоттар бойынша дебеттік айналым сомасына тең;

Жинақтамалы шоттар бойынша кредиттік айналым сомасы талдамалы шоттар бойынша кредиттік айналым сомасына тең.

Серіктестікте бухгалтерлік есеп автоматтандырылған формада, «1С: Бухгалтерия» бағдарламалық өнім негізінде жүзеге асырылады. Аналитикалық және синтетикалық шоттарды жүргізу үшін әрбір сәйкес шоттарға және субшоттарға карточкалар ашылады. Бухгалтерлік есептің ақпараттары ақпараттық тасушыларда сақталады. Бухгалтерия компьютердегі бухгалтерлік мәліметтерді әр ай сайын қағазға шығарып, олар рәсімделеді.

Еңбекақы бойынша есеп айырысу 3350 «Қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысу» шотында жүргізіледі. Осы шот бойынша талдамалы есебі әр бір жұмысшы бойынша жүргізілуі тиіс.

Еңбекақыны есептегенде 3350 шоты кредиттеледі де, мына шоттар дебеттеледі:

- 2930 шоты «Аяқталмаған құрылыс» күрделі құрылыспен шұғылданатын және сонда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек төлемінің сомаларына;
- 7110 шоты «Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі шығындар» өнім өткізумен, жұмыстар мен қызметтер көрсетулерді жүзеге асырумен шұғылданантын қызметкерлерге есептелген еңбек төлемінің соммаларына;
- 7210 шоты «Жалпы және әкімшілік шығындар» жалпы шаруашылық және әкімшілік-басқармашылық қызметкерлеріне есептелген еңбек төлемінің соммаларына;
- 8010 шоты «өндірістегі жұмысшылардың еңбек ақысы» негізгі өндірістегі жұмысшыларға есептелген еңбек төлемінің сомаларына;
- 8030 шоты «Қызметкерлердің еңбек ақысы» қосалқы өндірістердің қызметкерлеріне есептелген еңбек төлемінің сомаларына;
- 8042 шоты «Қызметкерлердің еңбек ақысы» цехтағы (жалпы өндірістегі) қызметкерлерге есептелген төлемінің сомаларына;

Жалақыны жұмысшылар мен қызметкерлерге төлеу 3350 шотының кредитінен және 1010 «Кассадағы ұлтық валютамен қолға берілетін ақша» шотының дебетіне жазылады.

Басшы органдардағы тұлғалармен есеп айырысудың есебі. Басшылықтағы тұлғалармен есеп айырысу 3350 «Басшылықтағы тұлғалардың қарызы» шоты арналған, онда мынадай тұлғалармен есептеседі (басқарма мүшесі мен төрағасы, бақылау кеңесінің мүшесі және ревизиондық комиссиясының мүшесі және т.б.). Басшылықтағы адамдарға есептелген еңбек төлемінің сомалары 7210 шоты «Жалпы және әкімшілік шығындар» дебеттеледі де, ал оны төлеген кезде 3350 шоты дебеттеліп, 1010 шоты кредиттеледі.

Кәсіпорынның қызметкерлеріне есептелген еңбекақыны тарату. 3350 шотының кредитінен, басқа шоттардың дебетіне (8010, 8030, 2930, 7210 т.б.) жатқызылған сомасы есеп объектілеріне, тапсырыстарына сәйкес баптарына жазылуы керек, яғни талдамалық бап талап етіледі. Бұл мақсаттар үшін «Жалақыны тарату» деп аталатын әзірлік кестесін пайдаланады, оған жазбаларды бастапқы құжаттардан түсіреді.

Жалақыны тарату 3350 шотының кредитінен мына шоттардың дебетіне жазылады: 2930, 7110, 7210, 8010, 8030, 8042.

Сондай–ақ, жалақы «Материалдар» шотына, «Болашақ кезеңнің шығыстарына» жатқызылуы мүмкін, яғни аталған шоттар дебеттеледі де, 3350 шоты кредиттеледі.

Қызметкерлерге аванс ретінде және өткен ай үшін түпкілікті есеп айырысу ретінде төленген еңбек төлемінің сомалары 1010 және 1040 шоттарының кредитінен 3350 шоттың дебетіне көшіріледі.

Ағымдағы айдың еңбек төлемі бойынша есеп айырысу үшін және жұмыс істеп жүрген адамның өткен кезеңдердегі жалақысы туралы мәліметтер алу үшін бухгалтерия әрбір қызметкерге «дербес шот» немесе «бет есеп» толтырады. Дербес шот немесе бет есебі өткен кезеңдердегі еңбек төлемі туралы мәліметтер, өнімдер мен орындалған жұмыстардың және төлемнің әр алуан түрлеріне арналған құжаттардың негізінде қалыптасады.

Қызметкерлермен (персоналдармен) еңбек ақысының төлемі бойынша есеп айырысу жөніндегі деректердің жиынтығы әрбір кәсіпорында ай сайын бірнеше есеп айырысу төлем тізімдері жасалады, оларды жинақтап түйістіру керек. Бұл үшін «Қызметкерлермен еңбек ақысының төлемі бойынша есеп айырысу жөніндегі деректерінің жиынтығы» деп аталатын әзірлік кестесін пайдаланады. Онда қызметкерлермен есеп айырысу бойынша ай бойындағы мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру және т.б. қаражаттар есебінен берілетін төлемдердің сомаларын жинақтау; еңбек төлемінен алынатын ұсталымдар бойынша қорытынды деректерді алу; депоненттелген жалақыны дер кезінде, әрі толық бақылау, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есеп беруді жасау; мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру органдарына және зейнетақы қорына тоқсан сайын беріліп отыратын әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыруға бөлінетін қаражат бойынша есеп беру; әлеуметтік салығы бойынша деклорациясын алу үшін жинақ есебі падаланылады.

Еңбек ақы төлеу есебі еңбектің өнімділігінің өсуіне және өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне және еңбек тәртібінің мықты болуына көмектеседі. Шаруашылық әрекеттері жұмысшыларды жұмысқа алу, жұмыстан босату, қызметшілер санын өзгертіп, жұмысшыларды жұмысқа орналастыру.

Жұмысқа жаңадан алған кезде алғашқы құжаттар толтырылады (өтініш, дипломның көшірмесі, автобиография т.б.) Кадрлар бөлімінде әрбір жұмысшыға арнайы карточкалар толтырылады.

Бухгалтерияда еңбек есебі бұйрық келіп түскеннен басталады. Әр жұмысшыға арнайы немесе жеке шот ашылады, ол құжатта: қай күннен бастап жұмысқа алынғаны (ай, күні), жалақысы, ай сайын есептелінген жалақы, одан ұсталымдар және кассадан берілген қолма-қол ақша көлемі.

Қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысу корреспонденциясы

1 №	Операция	Шоттар корреспонденциясы		Негіздеуші құжаттар
1	**2**	**3**		**4**
		Дебет	Кредит	
1	Еңбекақы есептелінді: А) негізгі өндірістегі жұмысшыларға	8010	3350	Жұмыс уақытын есептеу табелі,нарядтар, штаттық кесте
	Б) қосалқы өндірістердің қызметкерлеріне	8030	3350	
	В) жалпы өндірістегі қызметкерлерге	8042	3350	
	Г) әкімшілік – басқармашылық қызметкерлеріне	7210	3350	
	Д) жұмыстар мен қызметтер көрсетулерді жүзеге асырумен шұғылданатын қызметкерлерге	7110	3350	
2	Жеке тұлғалардың жалақысынан алынатын табыс салығы есептелінді	3350	3120	Жалақы бойынша кітапшасы, есептесу ведом-ры
1	**2**	**3**		**4**

3	Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша, екіқабат және босану бойынша жәрдемақы есептелінді	7210	3350	Справкалар, келісім шарт, аурулық куәлік, еңбекке жарамсыздық қағазы
4	Еңбекақыдан ұсталынды: А) жеке табыс салығы	3350	3120	Сот шешімі; Аванстық есеп; өкім.
	Б) атқарушы құжаттар бойынша (алименттер)	3350	3370	
	В) аванстың пайдаланылмаған қалдығы есепті тұлғаның жалақысынан	3350	1252	
	Г) келтірілген мүліктік зиянын өтеу үшін	3350	1255 1430 6280	
5	Есептелінді: А) әлеуметтік салық	7110 7210 8013	3150	Есептесу ведомосттары
	Б) әлеуметтік ұсталымдар	8033 8043 7110	3210	
	В) 10% жинақтаушы зейнетақы қорына	7210 8013 8033 8043 3350	3220	
6	Кәсіпорын қызметкерлеріне кассадан жалақы, сыйақы берілді	3350	1010	Есеп айырысу тәртіптеріне сәйкес
7	Еңбекақыны натуралды түрде (ТМҚ) төлеу	3350	2180	
8	Жеке табыс салығын, әлеуметтік салығын және жинақтаушы зейнетақы қорына төлемдер жасау	3120 3150 3220	1040	

Еңбек ақыны төлеу бухгалтерияның ең маңызды бөлімі және өнімнің өзіндік құнын анықтауда негізгі шығыны болады.

Жалақы негізгі және қосымша болып екіге бөлінеді:

Негізгі жалақы - бұл жалақы жұмысшыларға нақты жұмыс істегені үшін төленеді, оның жұмыс істеген саны мен сапасына немесе өндірген өнімнің бағалауына байланысты;

Қосымша жалақы - жұмысшыға еңбек заңына сәйкес кәсіпорындағы істемеген жұмысқа, болмаған уақытына төленеді. Осыған кезекті демалыс ақысы, уақытша мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындауға кеткен уақытқа төленеді.

Еңбекақыны төлеу негізінде тарифтік қойылымдар жатыр, ол экономиканың барлық салаларда, барлық кәсіпорындарда меншігінің түріне қарамастан бекітіледі.

Еңбекақы *ақшалай немесе натуралды* түрде бөлінуі және төленуі мүмкін.

Жалақы төлеудің екі түрі бар: уақытша және атқарылған жұмыс көлемі бойынша. Уақытша төлеу дегеніміз жұмысшының жұмыстағы уақытына төленеді. Атқарған жұмысы үшін төлеу - жұмысшының көрсететін қызметі, атқарған жұмысы және материалды жасаған көлемі мен орындаған сағаттары бойынша есептелінеді.

Негізгі жалақыны есептеу. Мысалы: Исаева Марал жұмысқа 10.01.2009 жылы кірді. Бір айдағы жалақы 20 000 теңге. Уақыт бойынша жұмыс істейді. Негізгі жалақыны есептеуге бір айдағы жалақыны сол айдың жұмыс күндеріне бөлуі қажет. Әр айдағы жұмыс күні былай анықталады.

31- 6 =25 жұмыс күні

20000/25=800 теңге

800 теңге – бір күнгі жалақы

20 жұмыс күні * 800 теңге = 16000 теңге.

Мысалы: бір детальді орындауға 1сағ. 30 мин. керек,

1сағ жұмыс істегені үшін - 40 теңге.

Бұл айда 70 деталь жасалынуы керек.

1 деталь = 1,5 сағ *40 теңге =60 теңге.

70 деталь *60 теңге =4200 теңге.

Қосымша жалақыны есептеу. Қосымша жалақыны есептеу 2000 жылдан бастап барлық жұмысшылар 12 ай жұмыс істегеннен кейін керекті демалысқа шығуға тиіс. Мысалы: жұмысшы 2008 жылы 1 қазаннан – 2009 жылдын 1 қазанына дейін 1 жыл жұмыс істейді. 2009 жылдың 3 қазанынан бастап жұмыс күніне кезекті демалыс беріледі. Қосымша жалақыны есептеу керек, ол үшін 12 айға есептелінген жалақы алынады.

Есептелінген жалақы дегеніміз салық ұсталынбаған жалақы.

Мысалы: жалақы - 20000 теңге

20000-2000=18000 теңге (10% - міндетті түрде зейнетақы қорларына бөлінеді).

18 000 теңге - жұмыс істеген үшін алынған кірістер (жалақы).

18000- 10515=7485 теңге - осы жалақыдан жеке табыс салығы ұсталынады.

I-VI айлар 2009 жыл; қаңтардан маусымға дейін 20000 теңге=120000 теңге.

VII ,VIII ,IX ,X айлар – 12000*4 =48000 теңге

XI XII 2009 жыл – 20000*2=40000 теңге

208 000 теңге - бір жылдағы жалақы. Бір жылдағы тапқандағы табысты 232 жұмыс сағатына бөлеміз.

208000/232=896,5 – орташа күнгі жалақы.

896,5 теңге*24=21517,2 теңге – есептелген қосымша жалақы немесе демалыс сомасы.

Уақытша жұмысқа жарамағандығы кезінде көмек төлеу.

Жұмысқа жарамаған кезде, заңды құжат болып ауырған кездегі құжат табылады. Ауырған кездегі төлемдер орташа күнгі жалақы мөлшерін жұмыс күндеріне көбейту арқылы анықталады.

Мысалы: Жұмысшы ұйымда 4 ай жұмыс істейді. Ол 2008 жылдың 21 сәуірден 27 сәуірге дейін ауру болғандықтан, 5 жұмыс күнін өткізді. Орташа күндік жалақы 1370 тенгені құрайды.

1370 теңге*5 жұмыс күні = 6850 теңге.

Жалақыны төлеудің синтетикалық есебі балансқа қарағанда пассивті шотта жүргізіледі. Бұл шоттың кредиттік сальдосы – есептелген жалақы, фирманың жұмысшыларының алдындағы қарыздары. Кредиттік айналымы – осы кезеңдегі есептелінген жалақы, ал дебеттік айналымы - жалақыдан ұсталымдар (зейнетақы қорларына, жеке табыс салығы, жалақыдан ұсталымдар) және кассадан берілген ақшалай қолма-қол қаражаттар.

Жалақының аналитикалық есебі бухгалтерияда кадрлар бөлімінен бұйрық келгеннен басталады. Әрбір жұмысшыға арнайы шот толтырады. Бұл құжатта жұмысшының аты-жөні, әр айдағы алатын жалақысы, қай кезеңнен бастап жұмысқа кіреді, атқаратын жұмысы, мамандығы, кассадан алатын табыс т.б.

Аналитикалық есебін ұйымдастыруда табель жұмыс көлемін есептеу үшін толтырылады.

ҚР жалақы түрінде алатын кірістер шектелмеген, олар жеке табыс салығы негізінде реттеледі. Табыс салығы Қаржы министрлігінің және салық инспекциясының бекіткен нормасы, құқықтық актілері бойынша ұсталынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеулимжаев Қ.К. «Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері» Алматы, «Экономика» 2006
2. Назарова В.Л. «Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп»: Оқулық, Алматы: Экономика, 2005ж-310б.
3. Сейдахметова Ф.С. «Современный бухгалтерский учет». Алматы 2000 ж. 335с.
4. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» Заңы. 28.02.2007 жыл.
5. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі N251 15.05.2007 жыл.
6. ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң №209 12.06.2001 ж.
7. ҚР «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы №136 20.06.1998 ж.
8. Бухгалтерлік есептің типтік жоспары, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Алматы 2008ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қызметкерлердің еңбекақысының аналитикалық және синтетикалық есебі мен оларды ұйымдастыру жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается синтетический и аналитический учет по организации заработной платы.

ӘОК 356 (Н-57)

АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Нәдіров М.Н. э.ғ.к., доцент., Отарбаева А.Б.- оқытушы
(Алматы, ҚазмемқызПУ)

Ғаламдық қаржы дағдарысы қоғамдық өміріміздің қай саласына болса да, өзінің кері әсерін тигізіп жатқаны мәлім. Экономикаға, әсіресе, банк жүйесіне ықпалы, бұрыннан қалыптасқан үрдістердің кібіртіктеуі күн құрғатпай шешетін мәселелерді алға тартып отырғаны сөзсіз. Қазір осындайлық қуатты әлемдік катаклизмді туындатқан жүйенің терең ақаулықтарын анықтауға, ең бастысы оларды толық жою жолдарын іздестіруге жұмылу маңыздырақ. Бұл үшін біздің түбегейлі жаңа, әлімдік экономиканың, саясаттың және жаһандық қауіпсіздіктің басқаша құрылған моделін жасау шегінде тұрғанымызды мойындаудың батылдығы болуы керек.

«Мен Назарбаевтың әлемдік валюта туралы пікірімен келісемін. Бұл ұсынысқа көп назар салынады деп үміттенемін»,- Нобель сыйлығының лауреаты Роберт Манделл II-ші Астана форумында сөйлеген сөзінде. Ол егер «бұл идеяны іске асыру формуласын ойлап тапса, оның жақсы идея екендігін» екшеледі. Сонымен бірге ол Назарбаевтың әлемдік валюта туралы айтқанымен,

мемлекеттерді ұлттық валюталарынан бас тартуға шақырмайтынын еске салды. «Мен барлық елдердің төл валюталарынан бас тартып, ортақ валютаға ауысуы саяси тұрғыдан мүмкін деп санаймын. Президент Назарбаев дәл осыны ұынып тұр деп ойлаймын. Ол әлемдік деңгейде сөзсіз жұмыс істейтін ортақ валюта механизмін ұсынуда», - деді Манделл.

Біздің ойымыз бойынша, осы дағдарыс бүкіләлемдік тарихтың бетбұрыс оқиғасына айналды. Әлемді дағдарыстан кейінгі дамытудың мынадай трендтері барынша айқын болып табылады.

Әлемдік валюта жүйесінің трансформациясы. Бүкіләлемнің сарапшы топтарында айтарлықтай қызығушылық туғызған «*Дағдарыстан шығу кілті*» және «*Бесінші жол*» атты мақалалар болатын. Жаһандық дағдарыс себептерінің бірі қазіргі әлемдік қаржы жүйесінің ақаулығы болып табылады. Ол соңғы елу жылда іс жүзінде ауыстырылған жоқ және әлемдік дамудан қалып қойды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «*Дағдарыстан шығу кілті*» атты мақаласында әлемдік валюта жүйесін өзгерту жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Олар:

Жаңа әлемдік ұлттықтан жоғары валютаны жария етіп, оның мемлекетаралық мәртебесін әлемнің көптеген парламенттері ратификациялаған Әлемдік заң арқылы заң тұрғысында қаттау, сондай-ақ, бүкіләлемдік Эмиссия орталығы оның эмиссиясы қағидаттарын әзірлеуі керек.

Әлемдік валюта туралы заң осы валютаның эмиссиясын демократиялық басқару органдары іске асыратын демократиялық рәсімдер арқылы жаңа әлемдік валютаны пайдаланушы субъектілердің құқықтарын қорғауы тиіс.

Арнаулы қадағалау органы, мәселен, Бүкіләлемдік монополияға қарсы валюта комитеті бақылайтын, сондай-ақ әлемдік валютаның кез-келген эмитенттеріне немесе сатушыларына қандай да бір артықшылық беруді үзілді-кесілді жоққа шығаруға тиіс. Бүкіләлемдік нарық еркіндігі комитеті жетекшілік жасайтын әлемдік валютаның бәсекелі нарығының қағидаттарын әзірлеу туралы.

Әлемдік валютаның өркениетті Рыногы барлық қатысушылардың – сатушылар мен сатып алушылардың Ортақ шарты негізінде белгіленеді.

Әлемдік валютаны пайдаланушы ұжымдық (елдер, компаниялар) және жеке (азаматтар) субъектілерінің биліктің үш тармағы заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары арқылы әлемдік валюта туралы заң аясында белгіленген эмиссиялар жүйесін бақылау мүмкіндігі болуы тиіс.

Әлемдік валюта туралы заң негізінде қалыптастырылатын Бүкіләлемдік валюта арбитражы жария және заңды эмитенттердің әлемдік қоғамдастық алдындағы әлемдік валютаның туындатылуы және эмиссиясы үшін әрекеті үшін жауапкершілік шегін белгілеуі тиіс.

Жаңа әлемдік валюта жүйесінің тетігі ғасырдың болашақ сынақтары мен болашақты болжаудағы оза жүнетір мониторингтің арнаулы жүйесі негізінде құрылуы тиіс.

Мәселен, 2010 жылдың 1 қаңтарынан Америка үшін Боливар Альянсы елдерінің ұлт үстілік электрондық есеп айырысу төлем бірлігі – «сукренің» айналымға енгізілуі жоспарланған.

Бразилия мен Аргентина МЕРКОСУР ұйымы аясында өңірлік валюта құруды ұсынуда. АСЕАН елдері өңірлік валюталар себетіне байланған валюта бірлігін ұсынады.

Дағдарыстан кейінгі сценарийлердің бірі бойынша әлемдік экономика энергетикалық байланыстар мен туризмді ғана сақтай отырып, өңіршілдік соққысынан ыдырап түсуі мүмкін.

Біздің ойымызша сайып келгенде әлем адамзат тарихындағы тұңғыш заңды және жария біріңғай жаңа әлемдік валютаны жасауға келетін болады.

Бұл идея әлемде барған сайын белсенді таралуда. Көптеген саясатшылар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар оған қолдау білдіруде.

Ал «Бесінші жол» атты мақаласы: қағидаттық тұрғыда жаңа санаттағы ұлт үстілік есеп айырысу төлем бірлігін әзірлеу және айналымға ендіру жөніндегі жақын ниеттес елдер тобының күш жігерін біріктіруден тұрады.

Бұл жолдың түбегейлі жаңалығы құнды иллюзиялық бағалаудың ескі валюталық бірлігіне тауарлар мен қызметтердің шынайы құндылығын нақты бағалаудың жаңа құралдарына саналы да мақсаткерлікпен көшуде болып отыр.

Ескі валюталардың орнын басуға келетін өңірлік және әлемдік қаржы құралдарының жаңа санатының әлдеқайда кең анықтамасы мынадай жеті өлшемді қамтиды:

Біріншіден, бұл ескі, заңға дейінгі немесе тіпті заңсыз резервтік валютаға қарағанда жаңа заңды әлемдік валюта болады.

Екіншіден, бұл бір елдің қаржы орталығы адамдардың шағын тобының мүддесі үшін эмитациялайтын ескі тоталитарлық валютаға қарағанда бүкіл адамзаттың мүддесі үшін жаңа демократиялық эмиссиялық орталық эмитациялайтын жаңа демократиялық валюта болады.

үшіншіден, бұл жалған құнды ескі құралдарына қарағанда шынайы құнды нақты өлшеудің құралы.

Төртіншіден, бұл бақылаусыз қорланудың ескі құралдарына қарағанда пайда өндірісін бақылаудың жаңа қаржылық құралы.

Бесіншіден, бұл өзімшілдікке, дүниеқорлыққа және ашкөздікке қызмет ететін бәсекелестік пен пайда табудың емес, елдердің, халықтардың, әлем мен адамзаттың біртұтас ұзақ мерзімді даму мақсаттарына қызмет ететін бәсекелестік пен пайда табудың тұтас, мүдделес, жаңа қаржылық құралы.

Алтыншыдан, бұл барлық арқаулық дәстүрлі құндылықтарды қирататын құндылықтардан тыс бәсекелестік пен пайда табу емес, елдердің, халықтардың, әлем мен адазмзаттың дамуының ортақ құндылықтарын нығайтуға түсетін мақсатқа бағытталған бәсекелестік пен пайда табудың жаңа қаржылық құралы.

Жетіншіден, бұл мән мағынасыз дүние жиюшылық пен тұтынушылықтың ескірген құралдарына қарсы тұратын, елдер мен халықтардың, әлем мен адамзаттың дамуының асқақ мұраттарына толық пайымдалған пайда табудың, бәсекелестік пен дамудың жаңа қаржылық құралы.

Қағидатты түрде осындай жаңа сапаға ие валютаны ойластыру мен енгізу адамзатты жаһандық дағдарыстан кепілді түрде алып шығудың айқын да сенімді жолы болып табылатындығы талас тудырмаса керек. Мұндай жол әлемдік валюта қаржы жүйесінің гендік кодының өзін түбегейлі түрде өзгертеді әрі осы дағдарыстың терең себеп салдарларын жоюға кепілдік береді.

Жаңа тұрпатты валютаны ойластыру мен енгізу кезегі жеткен, нақты жүзеге асыруға болатын әрі прагматикалық міндет. Адамзат мұнан да күрделі міндеттерді табысты шешкен болатын. Әуел баста осы жаңа валютаны болашақта қолданушылардың ниеті мен ерік жігері жетіп жатыр.

Жалпы әлемдік валюта туралы идея дұрыс болғанымен, оның тағдыры әлемдегі негізгі дамыған 20 елдің саяси шешіміне тәуелді екендігін айтады қаржыгер Ғалым Байназаров. Ол бұл ретте Еуропа елдерінің еуроны қабылдау үшін 20-30 жыл бойы толассыз пікірталас өткізгендерін еске салады. Егер қаутты ел басшылары саяси шешім қабылдап жатса, ортақ валютаны енгізу қиын емес. Бірақ әлемдік валюта әр елдің ұлттық валютасын сақтай отырып, халықаралық есеп айырысу валютасына айналуы керек. Оның салмағы, бағамы, оны қамтамасыз ететін тірегі болуы тиіс. «Жылдам дамитын елдерді ұзақ кезеңде алып

қарастырсақ, олардың айырбастау бағамы жылдам өседі. Нобель сыйлығының лауреаты Самуэльсонның баланс теориясының мәнісі - осында». Сондықтан, бір ортақ валютаны ел өзінің жеке ақша-несие саяатына қолдануға мүмкіндігі болмай, мемлекеттік экономикалық арсеналы жойылса, онда оның жағымды жағынан гөрі кері әсері молырақ болады.

Жаңа әлемнің валютасы әлемнің көптеген елдерінің басшылары қол қойып, әлемнің көптеген парламенттері ратификациялайтын Әлемдік валюта туралы бүкіләлемдік заңның негізінде жүзеге асуы тиіс. Бұл ретте әлемдік валюта ретінде әлемнің кез келген мемлекетінің ұлттық валютасын пайдалану нәтижесіз болады. Жаңа әлемдік валюта эмитенттерінің іс-әрекеті әлем мен адамзатты дамытудың шешуші мақсаттары мен құндылықтарына әбден сай келуі тиіс. Жаңа әлемдік валюта жұмысының іс жүзінде нәтижесі де толық мәнінде тұрақты даму мен өркендеудің жоғары мақсаттары мен міндеттеріне сай келуі тиіс. Бұл қағидаттар заң бойынша жаңа әлемдік валютаның бүкіл жүйесінің негізіне де, сонымен бірге оның тиімділігін жүйелі өлшеу мен түзетудің жүйесіне де алынуы тиіс.

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің мүлдем жаңа әлемдік қаржы жүйесін құру туралы ұсыныстарын «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласында көрсеткен. Президент әлемдік валютаны «еураз» немесе «еуразия» деп атауды ұынып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана – «Новое десятилетие новый экономический подъем – новые возможности Казахстана». – Казправда 30 января 2010 года №21.
2. К.Масимов: Реализация поручений Президента – наш главный приоритет.- Казправда 5 февраля 2010г. №25-26.
3. Р.Алшанов «Кризис глобальной экономики: «Американские горки».- Казправда, 12 февраля №31.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әлемдік қаржы жүйесін құру және жаңа әлемдік валюта туралы идея ұсынылып, жаңа тұрпатты валютаны ойластыру мен енгізудегі кездесетін проблемлар мен оны шешу жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются идеи и предложения по формированию новой финансовой системы и введения мировой валюты, проблемы и пути их решения.

ӘОК 386.2 С - 86

БАНКТЕРДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сихимбаева Б.Н.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Асылханқызы А. - магистрант (Абай атындағы ҚҰПУ)

Тәуекел адам іс-әрекетінің кез-келген саласында көрініс табатын объективті оқиға болып табылады. Ол кәсіпкерліктің барлық саласында кездесетін көп аспектілі категория. өзінің табиғаты бойынша тәуекел жағымсыз оқиғаның болуымен сипатталады. Яғни, тәуекелге ұшырау барысында кәсіпорын экономикалық немесе басқа да шығындарды шегеді. Тәуекелдің тұжырымдамасы адамзатқа ежелден-ақ таныс. өйткені тәуекел біздің өміріміздің ажырамас бөлігі болып келеді. Тәуекел деп оқиғаның болу немесе болмау мүмкіндігін жүз проценттік нақтылықпен болжай алмауын айтамыз. Кез келген адам тәуекел

деңгейін төмендетуге тырысады. өйткені жағымсыз оқиғаның болу жағдайында тәуекелге ұшыраған адам шығын шегеді. Тәуекел деңгейін төмендету мақсатында біз екі немесе одан да көп баламалардың бар болуын қалаймыз. Яғни, таңдау құқығына ие болғымыз келеді. Тәуекел деңгейі мен табыстылық деңгейі өзара пропорционал болып келеді. Яғни, тәуекел деңгейі неғұрлым жоғары болса, табыстылық деңгейі де соғұрлым жоғары болады. Керісінше тәуекел деңгейі төмен болса, табыс та төмен болады. Сондықтан кез-келген кәсіпорын табыс пен тәуекел деңгейлерінің арасынан ең тиімді немесе альтернативті арақатынасты таңдайды.

Соңғы жылдары Қазақстанның екінші деңгейлі банктері үшін ‘тәуекел’ категориясының мәні мен мазмұны артуда. Қазақстан өз тәуелділігін алған күннен бастап бүгінгі таңға дейін көптеген коммерциялық банктер тәуекелді дұрыс басқармау нәтижесінде банкроттыққа ұшырады. Осыған орай, қазіргі кезде тәуекелді басқару мен бағалаудың жеткілікті әдістері мен тәсілдері қалыптасқан.

Кез келген кәсіпкерлік іс тәуекелмен байланысты, әсіресе банктер үшін тәуекелді басқарудың маңызы жоғары болып келеді. өйткені, банктер нарықтағы конъюнктуралық өзгерістерді бірден қабылдайтын сегмент.

Бүгінгі таңда банктер операциялардың көптеген жаңа түрлерін атқаруда. Ол операциялардың әрқайсысы белгілі бір деңгейде тәуекелмен байланысты болып келеді. Осы шешімдерді өз мойнына алу банк ісінің негізі болып табылады. Тәуекелдер міндетті түрде реттелуі керек және банктің қаржылық мүмкіндігінің шегінде орналасуы керек. Осы мақсаттарға жету үшін банктер тарапынан тәуекелдерді басқарудың саясаты қалыптастырылады.

Нарықтық жағдайда банктік тәуекелдер жоғары деңгейде болады. Сондықтан банктер қосымша капиталды қажет етеді. Банктік қызметтер тәуекелсіз жүруі мүмкін емес, өйткені банктің кез-келген опрециясы тәуекелмен байланысты болып келеді. Банк ісінің тарихында тәуекелдерді дұрыс басқармауына байланысты көптеген банктердің банкроттыққа ұшырағанына көз жеткізуге болады.

Банк үшін тәуекелдерді басқару өте маңызды болып келеді. Стратегиялық басқару мен жоспарлау болып табылады. Осы арқылы банк өзіндегі бар ресурстар мен мақсаттардың сәйкестігін қамтамасыз етеді. Стратегиялық жоспарлау мен басқарудың негізгі мақсаты – операциялардың көлемін, табыс деңгейін жоғарлату, акциялардың нарықтық құнын жоғарлату мақсатында банктік қызметтердің жаңа түрін енгізу.өйткені кез-келген банктің қалыптасу процесінен бастап бүкіл қызмет ету уақтысында банктің іс-әрекеті көптеген тәуекелдерге тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан банктің болашақта банкроттыққа ұшырауы немесе ұшырамауы банктің тәуекелді басқаруымен байланысты.

